

302(574)(075,8)  
Б20

Ж.М. Байнағов, Ж.К. Таймаганбетов,  
М. Жемісбаев

# Қазақстан археологиясы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

К. М. Байпақов, Ж. Қ. Таймағамбетов,  
Т. Жұмағанбетов

# ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі жөнінде оқу  
орындарының студенттеріне арналған оқу күралы  
ретінде бекіткен*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2006

902(574)(075.8)  
Б 20

ББК 63.5(5каз)  
Б 18

*Оқу құралы КР Білім жөне ғылым министрлігінің  
оку әдебиеттерін дайындау, шыгару жөне сатып алу жөніндегі  
ашиқ конкурсының қорытындылары бойынша шыгарылды*

**Пікір жазған**

тарих ғылымдарының кандидаты **Ж.К.Күрманқұлов**

**Жалпы редакциясын басқарған**  
тарих ғылымдарының кандидаты Д.С.Байгунаков

**Б 18** **Байпаков К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., Жұмаганбетов Т.**  
Қазақстан археологиясы: Оқу құралы/Жалпы ред. басқ.  
Д.С.Байгунаков. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 294 б.  
ISBN 9965-29-027-X

Жоғары оқу орындарының студенттерінә арналған бұл оқу қуралында археология пәннің бір саласы ретінде Қазақстан археологиялық ескерткіштері жан-жакты сипатталының. Мұндай бай казынаны білу әрбір сапаны азamatтың, болашак тарихши-мамандардың міндеті болғандыктан, КР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен 1993 ж. орыс тілінде басылып шыққан "Археология Казахстана" осы оқу құралы авторларының сабегі казақ тіліне аударылды. Үйкемділік аударылған бұл оқу қуралының басты мақсаты – студенттерді отансыз археология тарихына, хабарлар сту, оларға әрбір тарихи-модени кезеңдер ескерткіштерінің жай-куйнен молімет беру, жекелеген археологиялық нысандардың өзинде ерекшеліктерімен таныстыру.

**Б** 0504000000-022  
460(05)-06

**ББК 63.5(5каз)**

ISBN 9965-29-027-X

© Байпаков К. М., Таймағамбетов Ж. Қ., Жұмаганбетов Т., 2006  
© Ол-Фараби атындағы ҚазУУ, 2006

602 481

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін өзінің мынжылдықтар  
кійнауына кететін тарихын терендетіп, жан-жакты талдау жасауга  
мүдделі. Әсіресе атамыш өңірді ежелгі және ортағасырларда  
мекендерген халықтардың өлемдік өркениетке қосқан үлесін анық-  
тау, сондай-ақ қазақ ұлты мәдениетінің бастауын, мемлекеттіліктің  
қалыптасуын, қазақ этносының құралуын анықтаудың маңызы зор  
бодын қала бермек.

Осы жерде көптеген зерттеушілердің еңбектері мен Қазақстан  
Республикасының барлық аудандарына жол тартқан археология-  
лық экспедициялар арқасында деректанулық қор құрылғандығын  
айтқан жөн.

Мұндай оқу құралы Қазақстан тарихнамасында бұрын да  
болған: 1979 жылы “Мектеп” баспасынан К.А.Ақышев пен  
К.М.Байпақовтың “Вопросы археологии Казахстана” атты еңбегі,  
1993 ж. осы еңбек авторларының “Археология Казахстана” атты  
жұмысы жарық көрді. Соңғы оқу құралы алғашқы еңбектегі  
ғылыми дәстүрді жалғастырды. Алайда пайдаланылған материал-  
дар шенбері мен қарастырылған проблемалар аясы оған қараганда  
көнірек еді. Бұл түсінікті де. Себебі арада өткен он бес жылдай  
уақыт ішінде археологиялық ізденістер өз жалғасын тауып,  
ауқымы кеңең түскен болатын. Сан алуан палеолиттік ескерткіш-  
терде, қола мен ерте темір дәүірлері қорымдары мен қоныстарында,  
ортагасырлық қалаларда стационарлық қазба жұмыстары жур-  
гізілді. Бұл уақыт аралығында жекелеген ескерткіштерге, бүтін бір  
өнірлерге арналған көптеген мақалалар мен монографиялар жарық  
көрді.

Тагы да бір жайтты айта кеткен жөн. Егер бұрынғы оқу құралы КСРО археологиясына қатысты оқулықтар мен оқу бағдарламаларына қосымша ретінде пайдаланылса, бұл басылым Қазақстан археологиясы бойынша негізгі құрал болып табылады. Оның негізінде оқулық шығару да жоспарда бар.

Қазақстан археологиясының барлық маңызды проблемалары түбекейлі де түпкілікті шешіле қойған жоқ. Археологиялық мәліметтерге негізделген қоғамдар, шешімдер мен пікірлер әлі де пікірталастар тудырып келеді.

Ол басылым қазіргі таңда сирек кездесетін еңбектердің біріне айналды. Оның жарыққа шыққанына біршама уақыт еткенімен кезіндегі материалдары әлі де өз құндылығын жоғалта қойған жоқ. Сол себепті де бұл оқу құралы қазақ тіліне аударылып отыр. Тек еңбектің соңғы жағында карталарға орыс тілінде берілді. 1993 жылы жарық көрген “Қазақстан тарихы”, 1996 жылы баспадан шықкан “Қазақстан тарихының” 1-томының мәтіндері пайдаланылды. Мәтіні аздал қыскартылып әрі ықшамдалып берілгенімен, ұсынылып отырган осы оқу құралының еткенді қастерлеуде маңызы зор екендігі анық.

## ҚАЗАҚСТАНДА АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫң ДАМУЫ

XIX-XX ғасырларда ғана қалыптасқан археология ғылымы біршама жас саналады. Соңғы кездерге дейін оның негізгі принциптері мен бағыттары толық айқын болмай, ол түрлі білім саласына, әдетте биология ғылымдарына, өнертануға жатқызылып келді. Бірақ археологияның шашаш да жылдам түрде кол жеткізген табыстары оның қоғамдық ғылымдар арасындағы орын айқындалап берді. Тарихи уақылардың бүтіндегі беліктегі, тараулары археологиялық мағлұматтар негізінде өрбітілді. Айтальық, осыдан екі ғасыр бүрүн ғана адамзат тарихы шамамен 3000 жылды қамтыды. Тіпті бұл кезеңнің алғашқы жартысы Альп, Иудея таулары және Сахарамен ғана байланысты болған еді. Археологияның арқасында адамзаттың жас мөлшері бірнеше ғасырлар қойнауына жылжыды, қазіргі уақытта біз оның 1-2 млн жылдық дамуын сез етудеміз. Бұғынгі таңда бүкіл әлем бірегей Грекия мен Римнің көне өркениетінен, Мысырдағы пергауындар дәуірінің мәдениетінен, Тигр мен Ефрат сынды қос өзен анғарындағы Бабыл мен Ассирия секілді мемлекеттер тарихынан, скифтер мен сактардың өнерінен көнінен хабардар.

Археология тарих ғылымында зор төңкөріс жасады, оның таным көкжиегін көнектіп, өткен заман көрінісін жүз ессе айқындалап көрсетті.

Қазақстандық археологияның қайнар бастауында орыстың В.В.Бартольд, В.В.Радлов, П.И.Лерх секілді шығыстанушылары мен тарихшылары, сондай-ақ алдыңғы қатарлы орыс зиялы қауымының өкілдері тұрды. Орыс халқынан шыққан көрнекті өкілдер арасында кейбір азаматтардың қазақ халқының тарихы мен

мәдени мұрасына деген ықыласы, ынгасы өте жоғары болды. Мысалы, XIX ғасырдағы белгілі мәденист тарихшысы В.В.Стасов қазақстандық археологиялық ескерткіштер көне Рим құландаларынан кем еместігін атап кеткен болатын. Ол еңбектерінің бірінде: «Неліктен Жанкент маңындағы көне қала жүртіна (Сырдариядағы Қазалы төңірегіндегі қала қирандылары) біздің Помпей болмасқа» деп жазған еді. Мезгілінен, уақытынан бұрын айтылған бұл сөуегейлік сөздер қазіргі таңда растала түсken. Бүгінгі күні әлем қазақстандық археологтардың Отырар мен Таразадағы қазба жұмыстары жайлы, Есік обасынан табылған бірегей олжалар туралы біледі.

Республикада археология ғылымының қалыптасуында академик М.Е.Массон, профессорлар С.П.Толстов, А.Н.Бернштам, М.П.Грязнов, С.С.Черников, Л.М.Левина сынды галымдарын рөлі орасан зор. Бірақ Қазақстан қоғамтану ғылымдары арасындағы дербес ғылыми бағыт ретінде археология Қазақ КСР FA құрамында Тарих, археология және этнография институты құрылғаннан кейін гана қалыптаса бастады.

Республикалық археология ғылымының дамуын бірнеше кезеңдерге бөлуге болады, олардың әрқайсысы оның қалыптасуы мен дамуына өзіндік үлесі мен күш-жігерін косқан ғалымдар есімімен тығыз байланысты.

Соғысқа дейінгі уақыт пен 60-жылдар соңындағы (XX ғ.- ред.) кезең ірі экспедициялардың жасакталуымен, тың және тыңайған жерлер аймағында жұмыс жүргізумен, Бесшатырды қазумен, Орталық Қазақстанда қола дәүірінің қорымдарын зерттеумен сипатталынады. Бұл кездері өз ізденістерін Ә.Х.Марғұлан, А.Г.Максимова, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, Т.Н. Сенигова, К.А.Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, Х.А.Алпысбаев бастаған болатын.

70-жылдардан бастап археология ғылымы үйымдастыруышың жағынан өрлең, соның ішінде жаңа болімдер – археологиялық технология лабораториясы, орта ғасырлық археология белімі, Археология музейі ашылды. 1989 жылы олар ҚазКСР FA Тарих, археология және этнография институты құрамындағы Археологиялық орталыққа бірікті, ал 1991 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясында дербес Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты үйымдастырылады. Бұл уақыт ішінде ғылымға Б.Н.Нұрмұханбетов, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, Р.З.Бурнашева, М.С.Мерщиев, Ә.К.Ақышев, Ж.Қ.Таймагамбетов, З.С.Самашев, Е.А.Смагұлов, Т.В.Савельева, А.Н.Марьяшев, Ж.Қ.Құрманқұлов келген болатын. Осы жылдары Отырар, Құйрықтөбе, Қекмардан

қалашықтарында қазба жұмыстарын атқарған және Сырдария аңгары мен Қаратай беткейлерінде зерттеу жүргізген Онтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы үйымдастырылған еді. Аталмыш уақытта Шығыс Қазақстан мен Жетісуда сақ және усунь ескерткіштері, байыргы жартас сурет өнері зерттелді, Орталық Қазакстанда кола және ерте темір дауірлерінің түрлі кезеңдерін қамттын ескерткіштерде қазба жұмыстары жүргізілді. Бұл кезеңдегі маңызды құбылыстардың бірі Ғылым академиясындағы Археологиялық орталыктан басқа университеттерде, педагогикалық жоғары оқу орындарында, музейлерде жана орталықтар ашылған болатын. Іскер зерттеушілер ұжымы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі ҚазҰУ – ред.) археология және этнология кафедрасында, Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінде, Шымкент, Петропавл және Қостанай педагогикалық институттарында, Қарағанды және Петропавл облыстық музейлерінде қалыптасты. Зерттеушілер отряды В.Ф.Зайберт, Н.П.Подушкин, М.Е.Елеуов, В.В.Евдокимов, Г.Б.Зданович секілді жаңа есімдермен толықты.

Жарты ғасырдай уақыт ішінде Тарих, археология және этнография институты кұрамында болған қазақстандық археология өлемдік ғылымды сан алуан табыстарымен байытып кана қойған жок, ол сонымен қатар ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстандағы қоғам дамуының негізгі кезеңдерін айқындауға мүмкіндік берді.

Оның ең маңызды жетістіктерінің арасында Қазақстан аумағын бұдан бір миллион жылдай уақыт бұрын алғашқы адамдар конистанғандығын дәлелдейтін ежелгі палеолиттік тұрактардың анылұын айтуға болады. Қазақстан мен Еуразия төменгі палеолитіндегі ортақ нышандар, Қазақстан төменгі палеолит мәдениеті біргұтас жалпы адамзат мәдениетінің жалпы тізбегіндегі буындардың бірі екендігіне күо бола алады. Еуразия қола дәүіріндегі тайпалардың палеоэкономикасының дамуындағы қазақстандық металлургиялық орталықтың рөлі анықталды.

Бүгінгі күні Қазақстанның малышы-егінші тайпаларының ертедегі көшпелілерге айналу үрдістерін өткерген өнірлердің бірі ретінде танылғандығын анықтау мүмкін болып отыр. Жаңа археологиялық мәліметтер, өсірсек Иле жагалаулары мен Сырдарияның төменгі ағысындағы сақ обаларында жүргізілген қазба жұмыстары Қазақстанды сақ тайпаларының маңызды орталығы болған деуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық археологтардың ірі табыстарының бірі – урбанизациялық үрдістердің серпінділігін (қозғалысын), отырык-

шылық және қалалық мәдениеттің дамуын анықтау болды. Қазақстан аумағы арқылы, дүниежүзілік өркениеттің жарқын жетістіктеріңің бірі – Ұлы жібек жолы еткендігі анықталған.

Археологиялық материалдар Қазақстан мәдениеттерінің сан қырлылығын анықтап отыр. Оның қалыптасуына Қытаймен, Тау және Орта Шығыспен, Орта Азиямен, Еділ бойымен, Орал маңымен, Сібірмен орнатылған саяси, экономикалық және мәдени байланыстар орасан зор ықпалын тигізді. Тұрлі мәдениеттердің, өркілі мәдени аймақтардың өзара әрекеттестігі мен сан қырлы ықпалы этногенездік үрдістердің дамуында маңызды факторлардың бірі болды. Орталықтары Қазақстан аумағын алғын жатқан Батыс Түрік қaganаты, одан кейін Тұргеш, Қарлук қaganаттары және кейінректегі Қарахан мемлекеті өз мәдениетінде тұрлі этникалық дәстүрлерді жасампаздықпен түйістірген ортағасырлық мемлекеттік күрылымдар болғандығы анықталды.

Қазақ мемлекеттілігі, Қазақ хандығының мәдениеті Отырар, Кедер, Тараз, Түркістан, Сарайшық, Тальхир қала жүрттарындағы археологиялық ізденістер көрсеткендей, көне түріктердің қарахандықтардың, қыпшақтардың мемлекеттілігі мен мәдениетінен бастау алады. Қошпелі және отырықшы өркениеттерді зерттеу ісі тұрлі халықтар мәдениетінің өзара әрекеттестігі мен өзара байытылуы әлемдік дамудың куре жолы болғандығын көрсетіп берді. Мұндай әрекеттестік қойнауында Қазақстан мен Орта Азия қазіргі халықтарына тән этногенез бастаулары жатыр.

Алматыда бірқатар халықаралық ғылыми конференциялардың өткізуі Қазақстандық археологиялық мектептің табыстары халықаралық деңгейде танылғанын айғақтайды. Өз кезегінде республика археологтары баяндама және хабарлама жасауға, дөріс окуға Вашингтонға, Парижге, Токиоға, Сеулге шақырылды.

Қазіргі таңда қазақстандық археологтар ЮНЕСКО-ның «Ұлы жібек жолы – мәдениеттер диалогының жолы» атты халықаралық жобасын өзірлеуге белсene араласуда. 1991 ж. ЮНЕСКО-ның халықаралық экспедициясы Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі керуен жолдары арқылы жүріп отті. Оның құрамында 20-дан астам елдердің, соның ішінде КСРО, АҚШ, Жапония, Канада, Корея, Түркія, Монголия, Қытай, Иран, Филиппин, Франция, Англия мемлекеттерінің әкілдері болды. Экспедиция жұмысы кезінде ЮНЕСКО мен КазКСР FA Тарих, археология және этнография институтының үйімдастыруымен Алматыда ғылыми семинар өткізілді. Ол Жібек жолы бойындағы қошпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара әрекеттестігін, байланысын зерттеуге арналды.

КР FA-ның Археология музейі – археологиялық ілім-білім мен Қазақстан ғылыминың жеткен жетістіктерін насихаттауда, халықтың тарихи жадын жандандыруда негізгі куралдардың біріне айналды. 1973 ж. құрылған бұл музейге 1946-1990 жж. ғалымдар жинастырған жөдігерлер қойылды. Олардың арасында бүкіл олемдік және ғылыми маңызы жоғары болып саналатын қазба кезінде қола дәуірінің қорымдарынан алынған материалдар, сакусун дәуірлеріне жататын алтыннан жасалған өшекейлер, Отырар, Тараз, Түркістан секілді орта гасырлық қалалардан табылған ете сирек ұшырасатын заттар бар. Есік обасынан табылған алтын бүйімдар кешені де осы музейде. Алтыннан жасалған бұл бүйімдар тенденсі жоқ көркем және ғылыми құндылық, сонымен қатар ол ғалымдар тарарапынан үнемі зерттеу мысандын айналып отыр. Есік обасындағы туынды артын алынғанин бері ежелгі Қазақстаниң әнері, идеологиясы мен мәдениеті жайлы үш ғылыми монография мен отыз шақты мақалалардың жарияланғандығын айтсақ та жеткілікті.

Қазіргі кездегі ғылыми зерттеулердің объективті ерекшеліктерінің бірі теориялық мәселелер мәнінің көтерілуі болып табылады. Бұл жағдайларда зерттеушілердің өздерінін философиялық дайындығы, бұрынғы философиялық үстанымға түйікталмаған және де дүниежүзілік мәдениетті ұғынған методологиялық ойлау мәдениетті басты орынға көтеріледі. Басты ізденістер аясына адам мен адамзат қоғамының шығу тегі, малшылық пен егіншілік секілді өнім өндіру шаруашылықтарының дамуы, ертедегі көшпелі мемлекеттердегі көшпенділік пен заттай және рухани мәдениеттің тарихы, отырықшылық және кала мәдениеті, Қазақстан мен Орталық Азия шеңберіндегі көшпелі мәдениеттер мен отырықшылық өркениеттердің өзара ықпалы, қазактар этногенезінің сауалдары қойылуы қажет. Археологиялық материалдар негізінде халықтың рухани мәдениетінің сауалдары, музикалық шығармашылықтың, ойын-сауық көріністерінің, ұлттық киімдердің қайнар көздері мен бастаулары қарастырылуы керек.

Қазақстан археологтарының алдында тұрган маңызды міндеттердің бірі көп томдық Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын басып шығару болып табылады. Бұл ғылыми-энциклопедиялық сипаттагы басылым ескерткіштердің жүйелену мен корғауда, сонымен қатар халықты патриоттық және интернационалдық рухта төрбислеуде маңызды рөл атқаруы тиіс, ойткені Жинақтың маңызды міндеттерінің бірі барлық халықтардың дүниежүзілік мәдениет қазынасына қосқан үлесін анықтап береді. Жинақ, сондай-ақ,

археология мен мәдениет тарихының стратегиялық міндеттерін шешетін негізгі ірге іспеттес.

Тәжірибелер шексіз жасалатын лабораториялық ізденістерге караганда, кез келген қазба жұмыстары ескерткіштің толық немесе ішінара бұзылуына алып келеді. Сол себепті де далалық құжаттарды толыққанды толтыру, фотолық бекіту, ескерткіш көлемін өлшеу мен архитектуралық жұмыстар жүргізу соңғы ғылыми жетістіктерге негізделіп отыруы тиіс. Археологиялық қазба жұмыстарынан кейін ескерткішті бұзылудан сактау, қалпына келтіру мән музейлерге айналдыру әрекеттері іске асуы керек.

Споралы-тозанды талдау, флотация, радиокарбонды мерзімдеу әдісі секілді қазіргі құнғы жаратылыстану ғылымдарының әдістерін кеңінен қолдану керек. ЭМ комегімен барлық ақпараттарды ондеп, мағлұматтар банкін құрастыру қажет.

Ғылыми ізденістерді қарқынды дамыту үшін ірі проблемалар төңірегіне зерттеулерді шоғырландыра түсken абыз. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Археология институты археологияның басты бағыттарындағы жұмыстарға басылық жасап, бұл жұмыстарға университеттерді, педагогикалық жоғары оку орындарын, музейлерді, Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамдарын тартуы қажет. Қазақстан мән Орта Азия халықтарының этногенезін барлық ортаазиялық республикалар ғалымдарымен бірлесіп шешу қажеттілігі белгілі жайт.

Қазақстан археология ғылымының алдында турған ірі мәселеілер мен міндеттер туралы айта отырып, соңғы онжылдықта осы ғылым саласын үйімдастырудагы қездескен киыншылықтарға тоқталмаса болмайды. Қазақстан – аумагы жағынан түрлі табиги аймактарды қамтыған өте үлкен республика. Оның территориясында мыңдаған ескерткіштер бар. Алдын ала есептеулер бойынша 19 облыста (қазіргі 14 облыста - ред.) олардың саны 25 мыннан кем емес. Жазба дерек қөздерінің аздығынан немесе тіптен жоқтығынан, олар ежелгі және орта ғасырлық тарих беттерін қайта қалпына келтіруде жалғыз ғана дерек қөзі болып табылады.

Археологиялық зерттеулерді тиісті дөрежеге көтеру мамандардың жетіспеушілігінен кемшін қалып келеді. Конгрен педагогикалық жоғары оку орындарында, музейлерде археологтар тіптен жоқ. Мұның езі республиканың батыс, шығыс және солтүстік облыстарында археологиялық зерттеулердің жүргізілмеуіне себепкер болып отыр. Ежелгі мәдениеттер қорығы саналатын Маңыстау жері әлі күнге дейін белгілі бір дөрежеде актандак болып келеді. Сондай-ақ, қарқынды шаруашылық құрылыштарының салы-

нұы нәтижесінде электростанциялық қондырғылар, магистралды каналдар, суландыру жүйелері, игеріліп жатқан жерлер аймақтарында жүздеген ескерткіштер кирап, үлттық мәдени қоры талантаражға түсіп жатыр.

Бүгінгі күні археология ғылымы озгерістер кезеңін бастан кешіріп отыр. Археология институтының үйымдастырылуы – отандық тарих пен мәдениеттің іргелі мәселелерін, үлттық мәдени мұраны сактау мен зерттеуде үлкен көмек көрсете алады деген үміттеміз.

## ҚАЗАҚСТАНДА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН

Казакстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәдіметтер ортағасырлардағы ғалымдар мен тарихшылар, географтар мен саяхатшылардың әңбектерінде кездеседі. Олар өз әңбектерінде өздері тікелей көзімен көрген немесе өздеріне айту бойынша мәлім болған әдеттен тыс заттар, бейнелер, өз замандарынан көп бүрын болған қалалар мен қоныстардың жүрттарын, оқигаларды айтып кеткен.

Казакстанның өткендегісін ғылыми зерттеуде I Петрдің көне мұраларға ұқыпты қарауға, оларды суреттеу мен жинауга Әмір берген жарлықтары, сондай-ақ оның бастамасы бойынша Сібірді жөне Ресейге іргелес жатқан Қазақстан жерін зерттеу мақсатымен қолданылған шаралар маңызды рөл атқарды. Осы әрекеттер нәтижесінде 1707 жылы Тобыл боярының ұлы С.Ремезов жазған “Чертежная книга Сибири” (“Сібірдің сыйба кітабы”) жарық көрді. Онда географиялық деректермен қатар, қазақ сахарасының археологиялық ескерткіштері туралы мәдіметтер жинақталған. “Ремезов атласында” Торғайдың он сағасы мен Қараталдың он жагалауында “қаңырап қалған кала”, Есілдің сол жагалауындағы “тас қала”, Сарысу езенінде атсыз “мешіт”, т.б. ежелгі қалалар мен құрылыш орындары аталауды.

Келесі археологиялық қызықты мәдіметтер 1733 жылы Сібірге академик Г.Ф.Миллердің басқаруымен жасалған бірінші академиялық экспедицияның есептерінде көлтіріледі. Экспедиция құрамында белгілі ғалымдар Л.Делаклоер, И.Фишер, геодезистер И.А.Красильников, А.Иванов, М.Ушаков жұмыс істеді.

1768-1774 жылдары Еділ бойы, Орал, Сібір мен Қазақстан

халықтарының тарихын, географиясы мен этнографиясын зерттеу мақсатымен үйімдастырылған екінші академиялық экспедиция Қазақстанда археологиялық зерттеу ісін жалғастырды. Экспедиция жұмыстарына өз заманының аса көрнекті ғалымдары П.С.Паллас, И.П.Фальк, И.Г.Георги, П.И.Рычков, Х.Барданес қатысты. Бұл ғалымдардың есептері мен енбектерінде қазақ халқының ілкі замандардағы ескерткіштері туралы мол мәліметтер сақталған. Мысалы, П.И.Рычков өзінің «Топография Оренбургская» атты іргелі шығармасында өзіне ұшырасқан көне кен өндіретін жерлерді, мыс, қорғасын және қалайы корытатын орындарды сипаттап кетті.

1771 жылы Н.П. Рычковтың Торғай мен Еіл далаларына жасаған сапарында жазған құнделігінде қызықты материалдар ұшырасады. Ол Қараторғай өзені аңғарындағы алып обалардың кескініне таң-тамаша болып: «ежелгі халықтардың бейіті жай топырақпен үйіліп, 15 саженьнен асатындағы биіктікке көтерілген, қоршауы 135-тей саженьге жетеді» деп жазған. Н.П.Рычков: «обалар скиф патшасы немесе батырының құрметіне тұргызылған» деп жорамал жасады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейде Орталық және Шығыс Қазақстанның табиги байлықтарына қызыгуышылық күшіне бастады. Геологтар, кен инженерлері жол-жөнекей көненің көздеріне де назар аударып, оларды сипаттап, жазып отырды, сейтіп бұл аудандардың ескерткіштері туралы мәліметтер қорын молайта берді. Кен инженерлері Г.Генс, Б.Ф.Герман, И.П.Шангин табылған көненің көздерін тек көңіл қойып қана қоймай, олардың тарихи сипаттамасын жасауга тырысты. 1822 жылдан 1841 жылдары далада сол кездегі аса көрнекті ғалымдар А.Гумбольд, Г.Розе, Г.С.Карелин, А.И.Шренк болып қайтты.

Сөйтіп, XIX ғасырдың орта шеніне қарағай негізінен Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан бойынша едөуір материал жинақталды.

Әлбеттә, сол кезеңге қараған, археологиялық ескерткіштердің шын мәніндегі ғылыми зерттелуі жөнінде айтуға болмайды. Мақсатты зерттеулер нәтижесінде смес, көбіне кездейсок, жол-жөнекей алынған мәліметтердің бастапқы жинақталу фактісін ғана атап кетуге болады. Қазба жұмыстары жайлы да байсалды сөз айтуға болмайды. Кейбір ғалымдар обаны қазып көруге өрекет жасап көргенімен, қазба жұмыстарының әдістемесін менгермегендіктен, алдарына нақты мақсат-міндеттер қоймай, тек заттарды жинаумен шектелді. Дегенмен, ескерткіштерді тіркеу, олардың

картасын жасау, белгілеу фактілерінің атқарылғандығы белгілі, олар істеген жұмыстың күндылығы да міне осында. Бұл салада сол кезде атқарылған жұмыстардың көпшілігі әлі маңызын жоғалтқан жоқ.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласындағы қоненің көздеріне Археологиялық комиссияның, Тарих музейінің, Мәскеу археологиялық қоғамы мен орталықтары басқа да ғылыми мекемелердің назары ауа бастады. Құрамына Сырдария (Түркістан) және Жетісу облыстары кірген Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуына байланысты жаңа өлкеге, соның ішінде оның өткеніне ден қою қүшеше түсті.

Ш.Ш.Уәлиханов Талгар қаласының орнын, Шенгелдінің қиранған үйіндісін сипаттап, Жетісу археологиялық ескерткіштері мен тарихы туралы маңызды жазбалар қалдырды.

1862 жылы Қазақстанда В.В.Радлов археологиялық жұмыстар жүргізе бастады, Семей төңірегінде қола ғасыры комбелерін алғаш рет ғылыми негізде қазу жұмыстарын жүргізу ісі соның есімімен байланысты. 1866 жылы ол Павлодар маңында, 1869 жылы Жетісудағы Түрген ауылы ауданында қазба жұмыстарын жүргізді. В.В.Радлов солтүстік-шығыс Қазақстан мен Сібірдегі ертедегі ескерткіштерді тоptау және кезеңге бөлуді ұсынды. Бұл аудандар мәдениетінің тарихын ол мыс және қола ғасыры, көне темір ғасыры, жаңа темір ғасыры мен ертедегі орта ғасырлар кезеңдеріне бөлді. Фалымның сәбектері Қазақстан археологиясының дамуындағы ілгері басқан үлкен қадам болды.

1867 жылы Археологиялық комиссияның тапсыруымен орыстың белгілі шығыстанушысы П.И.Лерх Түркістан өлкесін зерттеді. Ол Сырдария бойындағы Сауран, Сығанақ қалаларының қирандыларын қарап шықты, Талас алқабының бірқатар қалаларының орындарында болды, Жанкент қалашығында қазба жүргізді. Озі кездестірген ескерткіштерді тіркеумен, мұқият сипаттаумен қатар, ол жазбаша хабарларды ірікеп, олар туралы үзінділерді талдады және түсініктеме беріп кетті. Жазбаша дерек көздерін өзі тапқан археологиялық олжалармен салыстырып, қираган орындарды нақты тарихи қалалармен баламалады.

Археологиялық комиссияның рұқсатымен 1884 жылы Ф.Д.Нефедов Торғай даласында, 1889 жылы Э.Ю.Петри мен С.Н.Назаров Солтүстік Қазақстанда, А.Н.Харузин Батыс Қазақстанда, Н.Н.Пантусов Жетісуда, Е.Ф.Каль Талас ангарында қазба жұмыстарын жүргізеді.

1893-1894 жылдары В.В.Бартольдтың осы аймаққа іссапармен келуі археология мен шығыстану ісін дамытуда зор рөл атқарған

оқиға болды. Ол Шу мен Талас алқабының, Ыстыққөл қазаншүнкыры мен Іле өзені алқабының ескерткіштерін көріп шығады. Оның «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью» («Ғылыми мақсатпен Орта Азияға сапар туралы есеп») еңбегі осы кезге дейін тарихи акпараттың ғаламат үлгісі болып қалып отыр. Көптеген жазба дерек көздеріне сүйеніп В.В.Бартольд осы ауданның тарихи-топографиясын суреттеді, археологиялық жағынан болашақтағы мәні зор ескерткіштерді анықтады және оларды ортағасырлық белгілі қалалармен сойкестендірді. Соның ішінде, ол Таразды Әулиеата (Жамбыл) орнымен сойкестендірді. В.В.Бартольдтың материалдары Қазақстанның онгустігі мен Қыргызстан халықтарының откен тарихының бет-пердесін ашып берді. 1895 жылы Ташкентте құрылыш, жергілікті зияялардың өлкенің өткеніне, оның тарихына, сәулет және өнер ескерткіштеріне дең қоятын өкілдерін, әскери адамдарды, шенеуніктерді, өткенге қызығушылық танытатындарды біріктірген Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің үйімдастырылуы соның есімімен байланысты. 1904 жылы Түркістан үйірмесінің мүшелері К.А.Кларе мен А.А.Черкасов Отырар қалашығында қазба жұмыстарын жүргізді, мұны олар сол замандағы озық әдістемелік деңгейде атқарды: жұмыс ең алдымен шағын қазбага және көне бұйымдарды сипаттауға негізделді.

Орыс географиялық қоғамының XX ғасырдың басында құрылған Батыс Сібір, Семей және Орынбор болімдері, Орынбор ғылыми архив комиссиясы Орталық, Солтүстік-шығыс Қазақстанды археологиялық тұрғыдан зерттеуде орасан зор рөл атқарды.

Нәтижесінде XIX-XX ғасыр бас кезінде нақтылы, мол материал жинақталды, бірсынша дәрежеде олар жүйеге келтірілді. Қоненің көздерін қорғау жөнінде де іс-шаралар жүргізілді. Сол кездегі көбісі қазір жойылып, қиратылып жіберілген, тек алғашқы зерттеушілердің ынта-жігерінің арқасындаған бүгінгі тандағы ғылымда олар туралы мәліметтер бар.

Тәңкерістен кейін археологиялық зерттеулер жалғастырылды, бірақ олар мемлекеттік негізде жүргізілді. 1919 жылы Материалдық мәдениет тарихы академиясы, ал 1920 жылы Музей ісі мен көне ескерткіштерді, өнер мен табиғатты қорғаумен шұғылданатын Түркістан комитеті құрылды. В.В.Бартольдтың ұсынысы бойынша, комитеттің ең таяудағы міндегі археологиялық карта жасау болды. Сөйтіп, ежелгі ескерткіштерді есепке алушын, зерттеудің, сактаудың негізі қаланды.

Тәңкерістен кейінгі алғашқы жылдардағы еңбектер ішінен

археологтар П.П.Ивановтың Сайрамда және В.Д.Городецкийдің Жетісуда, Қазақстанның оңтүстігінде жүргізген ізденістерін, Орта Азияның ертедегі тарихының ен ірі зерттеушісі М.Е.Массонның Сайрам қалашығы мен Түркістандағы Ахмет Яссуи кесенесі туралы мақалаларын атауга болады. Батыс Қазақстанда 1926 жылы М.П.Грязновтың Киргильд-1 және Киргильд-2 кабірлерін, Оралсай мен Құнанбай-сайды ашып, қазба жұмыстарын жүргізуі бай материалдар берді және андронов мәдениеті тек Батыс Сібірге төн деп орнығып келген тұжырымдаманы түбірімен өзгертті.

30-жылдары бірқатар ірі экспедициялардың зерттеулері республиканың көптеген аудандарын қамтыды. Археология біржолата тарих ғылымының дербес бір беліміне айналды.

1933 жылы Орталық Қазақстанның қола дәүірі мәдениетін зерттеу үшін Материалдық мәдениет тарихы академиясы жасақталған, П.С.Рыков жетекшілік еткен Нұра экспедициясы (құрамында болғандар – М.П.Грязнов, М.И.Артамонов, И.В.Синицын, М.Н.Комарова, Н.К.Арзютов, А.Н.Рогачев) Нұра, Шерубай-Нұра, Жақсы және Жаман Сарысу өзендері алқабында барлау және қазба жұмыстарын жүргізді. Энеолит заманына жататын тұрактар, қола дәүірінің корымдары, ерте темір дәүірінің обалары, қазактардың молалары үстіне койылған белгілер зерттелінді. Экспедиция жұмыстарының маңызды қорытындыларының бірі Дәндібай ауылы маңындағы №11 обадагы қазба жұмыстары болды. Обадагы тас плиталармен түргызылған жерлеу камерасынан бай қабір аршылды. Одан түркы шар тәрізді және ернеуі тік, карасук мәдениеттің ыдыстарына үксас бўйымдар табылды.

1930-1939 жылдары археолог О.А.Кривцова-Гракова Қостанай маңындағы Алексеев қонысы мен қорымында қазба жұмыстарын жүргізді. Андронов мәдениеттің баспанасы мен қорымын тұнғыш рет кешенді түрде зерттеу қола дәүірі тайпаларының шаруашылығы, тұрмысы мен діни нағым-сенімдері туралы мағлұматтарды толықтырды.

1935-1937 жылдары археолог С.С.Черников Қалба және Нарым сілемдерінен қалайы, мыс пен алтын өндірген 16 ежелгі кен игерген орындарды зерттеді. Ол металл өндірудің өр кили түрлерін бөліп көрсетті, кен алу техникасы мен ежелгі кеншілердің күралдарын суреттеп жазды. Ежелгі кен өндірген орындардың көшілігін от қола дәүіріне жатқызды.

Қазақстан ғылыми мекемелерінің осы жылдарда қызметі жандана тусти. Қазақстанның Орталық музейі ескерткіштерді тіркеу, кездейсоқ табылған олжалардың есебін алу ісін және шағын

қазба жұмыстарын жүргізеді. Баспасөзде Көксу өзеніндегі қалашық орны туралы және Жетісудағы ескерткіштер жайлы мақалалар шығады. 30-жылдардағы археологиялық жұмыстарда Материалдық мәдениет тарихы институты (КСРО FA ММТИ) мен Фылым академиясының Қазақ филиалы үйімдастырыған А.Н.Бернштам басшылық еткен Жетісу мен Қазақстанның онтүстігіндегі экспедициялық зерттеулер жетекші орынға шықты. Соғыс алдында далада өткізілген төрт жылдық зерттеу маусымы аралығында (1936-1940 ж.) Жетісу археологиялық экспедициясы бірқатар қалалардың орнына кең көлемде барлау және тұрақты қазба жұмыстарын жүргізді. Ортағасырлық Тараз қаласы орнында жүргізілген кең ауқымды қазба жұмыстарының және оның округіндегі ескерткіштерді зерттеудің нәтижелері бойынша осы ауданның археологиялық материалдарын көзөндеге бөлу үсініліп, қала дамуының негізгі салындары белгіленді, оның округінің қалыптасу жолдары аныкталды. Қазақстан археологиясы үшін бұл ортағасырлық қаланды кешенді түрде тарихи-археологиялық түрғыдан зерттеудің алғашкы тәжірибесі еди.

Экспедиция Тараздан басқа ортағасырлық Луговое, Аспара, Меркі, сондай-ақ Жетісудың киыр солтүстік-шығыс бөлігіндегі қалалар мен қоныстардан Талғар және Дүнгенені зерттеді. Сонымен қатар ол Берікқара атты ғаламат корымда зерттеу жұмыстарын баставы, оған бейіт устіндегі түрлі құрылыштар (топыракпен үйілген обалар, жалпақ та дөңгелек қоршаулар, төрт бұрышты қоршаулар) тән еди. Іле алқабындағы Жуантебе бейітіндегі қазба жұмыстарының негізі қаланды.

А.Н.Бернштамның мақалаларында жаңа материалдар жарияланып қана қоймай, сонымен бірге ортағасырлық қала тарихының, Қазақстанның онтүстігі мен Жетісудың отырықшы және қөшпелі халықтарының өзара әрекетінің аса маңызды проблемалары, қаланды қалыптасу мәселелері мен оның мәдени-тарихи байланыстары, сондай-ақ тарихи топографиясы белгіленіп, ішінде шешілді.

Тараздың мәдениеті мен Жетісудың онтүстік-батыс болігіндегі қалаларды зерттеуде 1938 жылы құрылған Жамбыл археологиялық пункті және Жамбыл облыстық музейі айрықша рөл аткарды.

Улы Отан соғысы жылдары археологиялық жұмыстар уақытша тоқтатылды.

1946 жылы Қазақстанда Фылым академиясының құрылудына байланысты археологиялық жұмыстардың қөпшілігін Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археология бөлімі жүргізді. Бұл уақыттағы археологиялық зерттеулердің

ауыртпалығының орталығы Алматыға аудасады, казақстандық археологиялық мектеп қалыптасады. Жалпы алғанда, 1946 жыл Қазақстан археологиясының дамуындағы жаңа кезеңің басы болды. Құрылған болімнің алғаш үйымдастырылған археологиялық экспедициясы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАӘ) болды, оны сол кезде академик Ә.Х.Марғұлан басқарған еді. Күні бүгінге дейін бұл экспедиция Сарыарқадағы қоненің көздерін үнемі іздестіріп, зерттең келеді.

Ә.Х.Марғұлан экспедициясының жұмысы жер аумағымен ғана емес, сонымен катар зерттелетін ескерткіштердің хронологиялық диапазонының кеңдігімен де ерекшеленеді. Экспедиция неолит және энеолит дәүірлерінің тұрактарын, андронов және дәндібай-бегазы мәдениеттерінің коньстары мен зираттарын, б.з.б. VII-І гасырлардағы жерлеу ғимараттарын, түрік заманы обаларын, ортағасырлық қалалар мен қоныстарды тауып, зерттеді және казу жұмыстарын жүргізді. Ә.Х.Марғұлан орта гасырларда Орталық Қазақстанның көшпелілер елі ғана емес, сонымен катар отырықшы және қала мәдениеті орталыктарының бірі болғанын дәлелдей берді. Мұнда Нұра және Сарысу алқаптарында, Ұлығтау етегінен қолөнердің, сауда мен егіншіліктің орталыктары болған ортағасырлық коньстар мен қалалардың қалдықтары табылды. Олар түрлі-түсті металдар – мыс, қалайы, күміс ендіріп, балқыту орындары ретінде ерекше маңызға ие болды. Бұкіл Шығыска күміс жеткізген Гарбиан кендерінің данкы шықты. Қасынан ортағасырлық коньстар табылып, зерттелен Жезқазған кендері мыс өндірудің ірі орталыктарына айналды.

1946-1950 жылдардағы зерттеулерде көшпелілік дәстүр кен қанат жайған аудандардағы отырықшы коньстар мен қалалардың қалыптасуы мен дамуына басты назар аударылды.

Соғыстан кейінгі А.Н.Бернштам мен Е.И.Агеева басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы екінші ірі экспедиция болды. Оның жұмысының корытындысы Отырар шұраттарындағы, Шу-Талас өзендері аралығындағы, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі, Сырдария алқабындағы қалалар мен коньстар орындарының үлкен тобын зерттеу, картага түсіру болған еді. Қала топографиясын зерттеу мен қыш ыдыстарды топтау мәдениет-тариҳи кезендерді түйіндеуге, колонер мен сауданың даму деңгейін анықтауга, яғни Оңтүстік Қазақстан қала мәдениетінің деңгейін саралауга мүмкіндік берді.

Бұл экспедицияның қызықты бастамалағының бірі деп Жуантөбе қалашығы мен Арыстың орта ағысындағы Бөріжар қорымындағы кешенді зерттеулерді айтуга болады, себебі нақты археоло-

гиялық материалдар негізінде қала мен дағаның қарым-қатынасы туралы сауалларды қойған еді.

1953-1959 жылдары Е.И.Агеева басқарған ОҚАЭ Қаратрудың соғыстік беткейлеріндегі археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Тұрақты қазба жұмыстарының негізгі нысаны болып Бабаата қалашығы таңдал алынды. Онда жүргізілген қазба жұмыстары бекіністі қоныс-жай түріндегі отырыкшы қоныстың бірте-бірте ортагасырлық қалаға айналу үрдісін аныктап берді.

Орталық (ОҚАЭ) және Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияларымен (ОҚАЭ) қатар 1945 жылдан бастап КСРО ФА-ның С.П.Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Қызылорда облысында археологиялық зерттеулер жүргізді. Бөбіш-молда мен Шірік-рабат қалашықтарындағы қазба жұмыстарынан басқа экспедиция археологиялық ескерткіштерге барлау және қазба жұмыстарын жүргізді, оларды тіркеумен айналысты. 1948 жылы Алтынасар қалашығында және Жетіасар қонысында қазба жұмыстары басталып, екі түрлі құрылым кезеңін анықтады, көлемді керамикалық материалдар, металл мен сүйек бүйімдары, сан алуан өшекейлер жинастырылды.

1947 жылдан бастап Мәскеу мен Алматының ғылыми мекемелері бірлесіп үйімдастырыған, С.С.Черников басшылық жасаған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс істеді. Экспедицияның негізгі міндетіне Өскемен мен Бұқтырма ГЭС-терінің салынуына байланысты су астында қалатын аймакта орналасқан ескерткіштерді анықтау және зерттеу кірді. Бұл жерден неолит дәуірінен орта ғасырларға дейінгі көптеген ескерткіштер тіркеліп, Шығыс Қазақстанның еткен тарихын сипаттайтын материал алынды.

Келесі жылы Садчиков ауылы маңындағы андронов қонысында О.А.Кривцова-Гракова жетекшілік еткен Мемлекеттік тарихи музей экспедициясы жұмыстарын бастайды. Бұл жерден алынған кола дәуірі материалы кейінірек талданып, түсіндірілді.

1948 жылдан бастап Қазақстанның батыс аудандарында И.В.Синицын жетекшілік еткен Саратов мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы жұмыстарын қайтадан бастайды. Зерттелінген ескерткіштер диапазоны кең еді - неолит дәуірінен алтынордалық кезеңге дейінгі аралықты қамтыды.

1954-1956 жылдары республиканың 10 облысын қамтыған тың және тыңайған жерлер игерілген аудандарда зерттеулер жүргізілді. Республика ескерткіштерінің тізіміне көне тарихтың түрлі кезеңдеріне жататын жүзделеген жаңа нысандар енгізілді. Қазылған

600 обалар қомакты археологиялық және антропологиялық материалдар берді.

1954 жылы Тарих, археология және этнография институты болашақта Қалыңай ГЭС-нің суы астында қалатын аймақты зерттеу мақсатында К.А.Акышев басқарған Іле археологиялық экспедициясын үйімдастырды. Алғашқы бір маусымның өзінде-ақ экспедиция сақтар мен усундер (үйсіндер) дәүірі обаларының үлкен тобын тапты.

1955 жылдан бастап Ақтөбе облысында В.С.Сорокин басқарған КСРО FA Материалдық мәдениет тарихы институтының Батыс Қазақстан отряды жұмыстарын бастады. Тасты-Бұтак корымындағы және осы аттас қоныста жүргізілген қазба жұмыстары көп ретте қола дәүірі ескерткіштерін кешенді түрде зерттеудің өншеуіш үлгісі іспеттес болып келеді.

Сол жылы мәскеулік археолог А.В.Виноградов Арал маңындағы энеолит пен неолитті зерттеуін бастады. 1956 жылы Жетісу археологиялық экспедициясының А.Г.Максимова басқарған отрядтарының бірі Шу-Іле тауларындағы Қарақұдық қонысынан қола дәүірінің корымын қазды және Тамғалы-Тас қойнауынан жартас суреттерінің үлкен шогырын тапты. Суреттер бірден өлемдік петроглифтік ғаламат ескерткіштердің қатарына кірді.

Қазақстан археологиясының 50-жылдардың орта шеніндегі аса жарқын жаңаңықтарының бірі Оңтүстік Қазақстандағы Қаратрудай ежелгі палеолиттік тұрғын-жайлардың табылуы болды. Оларды геолог Г.Я.Ярмак пен Караптау палеолиттік отрядын басқарған археолог Х.А.Алпысбаев тапқан еді. Бұл жаңаңық қазақстандық археологияның жаңа бағытын – палеолитті зерттеудің негізін қалады.

1957 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы зерттеулерін бастайды. Сак-усун ескерткіштерін, ортағасырлық қала мәдениетін зерттеу оның негізгі міндеттеріне айналған еді.

1959 жылдан бастап Сырдариядағы Шардара ГЭС-і күрылышы аймагында Шардара археологиялық экспедициясы өз зерттеулерін жүргізеді. Ол Ақтөбе және Шәушікүм қоныстарында, кангой заманы корымдарында қазба жұмыстарын жүргізеді.

Жалпы алғанда, 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдар археологиялық зерттеулердің кең өрістетілуімен ерекшеленді. Олар Қазақстанның барлық өңірлерін қамтыды да, жұмыс аясына өр түрлі хронологиялық ауқымдағы ескерткіштерді енгізді. Бұл жылдардағы маңызды жаңаңықтар арасында Қазақстанның өнтустігіндегі палеолит ескерткіштері, Іле өзені аңғарындағы сақтар мен

үйсіндердің обалары, Таңбалыгас шатқалындағы суреттер бар еді. Іле өзеніндегі Бесшатыр қорымын, Сырдарияда, Шардара шатқалындағы үңгіме жерлеу (катакомба) орындарын қазу сол кезде басталып, Баба-Ата ішкі қамалындағы (цитадельдегі) қазба жұмыстары аяқталды.

Археологтарға жергілікті өлкетанушылар Л.Ф.Семенов, М.Д.Бирюков, геологтар Г.Я.Яншин, В.Ф.Петрунь, Г.Я.Ярмак, зоологтар Н.И.Суворов, П.И.Мариковский көп көмек көрсетті.

Қазақстандық ғалымдармен бірге ескерткіштерді зерттеумен Мәскеу мен Ленинградтың (Санкт-Петербург - авт.) белгілі археологтары С.П.Толстов, А.Н.Бернштам, С.С.Черников, В.С.Сорокин айналысты. 1946 жылы басталған Қазақстан археологиясының дамуындағы бұл кезеңді 1960 жылы жарық көрген «Археологическая карта Казахстана» жинағы өзінше бір қорытындылап етті, ол көп жылдарға созылған кең ауқымды археологиялық жұмыстардың қорытындысын жасады және оның ең перспективалы бағыттарын белгілеуге мүмкіндік берді.

Қазақстан археологиясының келесі даму кезеңі 60-70 жылдарды камтиды. Оған археология ғылымын үйімдастыру үшін жасалған елеулі құрылымдық өзгерістер тән. Тарих, археология және этнография институтында археологиялық технология лабораториясы, орта ғасырлар археология белімі мен музей секілді археологиялық құрылымдар құрылыш, жұмыс істей бастады.

1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетті (казіргі ҚазҰУ) тарих факультетінде археология және этнография кафедрасы үйімдастырылды; кәсіпқой археологтар Алматы, Петропавловск, Шымкент, Өскемен, Орал, Қостанай педагогикалық институттарындағы, Қарағанды мемлекеттік университетіндегі жұмыстарға кірісіл кетті. Жаңа ескерткіштерді анықтап, оларды алғаш суреттеуге байланысты зерттеулерді кенейтіп қана қоймай, ұзак жылдар бойы стационарлық қазба жұмыстарын үйімдастыру арқылы терендете тұсу үрдісі жүріп жатты. Ә.Х.Марғұлан, ал одан соң М.Қ.Қадыраев, С.М.Ақынжанов бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы бүрынғысынша қола және ерте темір дәуірлері ескерткіштерін зерттеуді өзінің басты міндеті деп білді.

70-жылдары Ертіс-Қарғанды каналы трассасының бойында орналасқан ескерткіштерде кең ауқымды қазба жұмыстары жүргізілді. Тасмола мәдениетінің қорымдары, Тасмола және Нұрманбай шатқалдарындағы андронов ескерткіштері зерттелді. Осы жылдары қола дәуірінің 30 қонысы зерттелген болатын.

Олардың арасында Атасу, Ортау, Бұғылы, Аксу-Аюлы, Байбала, Жамантас, Тағыбай-Бұлақ, т.б. бар.

Бетпақдаланың солгүстігінен Ақсай, Сартабан қорымдары, Атасу аңгарынан Қараөзек қорымы, сондай-ақ кең орындары зерттелінді. Қарқаралы және Баянауыл тауларының аудандарынан көптеген андрон ескерткіштері табылып, зерттелді. Шағалалы консындағы узақ жылдар бойы зерттеулер нәтижесі Ә.Х.Марғұлан, М.Қ.Қадырбаев, К.А.Ақышев, Ә.М.Оразбаев дайындаған еki монография болды (1966 ж.). Ә.Х.Марғұланның бегазы-дәндібай мәдениетіне арналған жұмысы іргелілігімен ерекшелінеді, оны ғалым андронов мәденистінің жалғасы деп санады.

Қазақстанның орталық және солгүстік аудандарын Қарағанды мемлекеттік университеті мен Петропавловск педагогикалық институтының археологтары қола дауірі ескерткіштеріне табысты зерттеулер жүргізді. Айталық, Солгүстік Қазақстандағы кең колемді қазба жұмыстары, сондай-ақ алынған материалдарға мүқият талдау жүргізу Г.Б.Здановичке жана кезеңдестіру мен хронологияны ұсынуға мүмкіндік берді. Мол мағлұмат жинастырған В.В.Евдокимов қола дауіріндегі Орталық Қазақстан тұрғындарының экономикасы мен демографиясын зерттеумен шүгілданды.

Осы уақыттарда Қазақстанмен көршілес аумақтарда – Сібірде, Аral маңында да андрон мәдени қауымдастығы белсенді түрде зерттелініп жатты (Т.М.Потемкина, Н.А.Аванесова, Е.Е.Кузьмина, В.С.Стоколос).

Қазақстанның онтүстігінде, Сырдария алабында тас ғасыры ескерткіштерін қарқынды түрде зерттеу ісін Х.А.Алпысбаев жүргізді. 1979 жылы жарық көрген монография осы жұмыстардың қорытындысы еді, онда Бөріқазған, Кемер, Қызылрысбек, Токалы, Дарбаза және т.б. палеолиттік тұрактардың материалдары жарияланды. Солгүстік Балқаш маңының орталық белгіліндегі палеолиттік тұрактарды А.Г.Медоев жетекшілік еткен отряд зерттеді. Нәтижесінде Балқаш-Ертіс су айрығының шығыс төлімдерінен палеолиттік және неолиттік дәуірлердің ашық жатқан 73 тұрагы табылды.

Сарыарқадағы палеолиттік мәдениеттер кеңістігі Қарағанды облысында зерттеу жүргізген М.Н.Клапчук ізденістері арқасында кеңеңе түсті. Ол Қосмола, Қызылжар, Батпақ сыйнды мусте ескерткіштерін тауып, зерттеген болатын.

Бұл жылдары тас дауірінің тұрактары Батыс Қазақстанда, Маңғыстауда ашылып, зерттелінді. Ертіс тоңірегінде, Павлодар

облысында неолит ескерткіштеріне жүйелі түрде қазба жүргізу мен зерттеу ісі басталған-ды. Бұлар көл маңына орналасқан Пенеки тұрақтары еді.

60-жылдары Жетісудагы сактар мен усундердің ескерткіштерін зерттеу жөніндегі жұмыстар (Жетісу археологиялық экспедициясы) одан әрі жалғастырылды. Иле алқабы сактары мен усундерінің мәдениетіне арналған монографияда К.А.Ақышев сактар мен сактар мәдениетінің шығу сауалдарын қарастырып, жебе үштарын хронологиялық жағынан топтастыrsa, Г.А.Кушаев Жетісудагы усун мәдениетінің кезеңдестірілу сатыларын белгіледі. Қазақстан археологиясында дүниежүзілік маңызы бар даңқты оқиға “Есік” обасының ашылуы болды, одан табылған олжалар сактар мәдениетін, олардың мифологиясын, өнерін, жазуын, әлеуметтік құрылсын зерттеуге тың серпін берді.

Орталық Қазақстандағы “тасмола мәдениеті” дең атальық кеткен сақ мәдениетінің ескерткіштерін М.Қ.Қадырбаев зерттеді. Ғалым бұл мәдениеттің ерекшеліктерін ашып көрсетті, кезеңдестірілу сауалдарын шешті, оны калдырған ежелгі тайпалар шаруашылығына талдау жасады. Сармат заманының аса құнды олжалары Батыс Қазақстандағы Лебедев корымынан табылды (Г.И.Багриков, Т.Н.Сеникова зерттеген).

Өткен кезеңдерде Шардара ГЭС-і аймағында басталған зерттеулер табысты түрде жалғасын тапты, тарихи тұрғыдан қантойлермен байланыстырылатын қауыншы мәдениетінің мол материалы жинастырылды. Сырдария алабын, оның орта ағысын мекендеген ежелгі тайпалардың архитектурасы, құрылым өнері, қолөнері, жерлеу ғұрпы мен діні туралы мәліметтер алынды. Бұл мәліметтер негізінде казакстандық археологтар Е.И.Агеева, А.Г.Максимова, М.С.Мершиев және мәскеулік зерттеушілер Б.И.Вайнберг пен Л.М.Левин монография дайындалды.

Сырдарияның томенгі ағысында, Жосалы ауданында жетіасар мәдениетінің ескерткіштерін Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының отрядтарының бірі зерттеді. Коныстар мен корымдар ашылған Жетіасар шатқалында жұмыстар жалғасын тапты. Жаңа мәліметтер мен бүрүнгі жылдар материалдары негізінде б.з. I-мыңжылдығындағы Сырдария керамикасына арналған кітап дайындалды.

60-70 жылдары Н.П.Подушкин Арыс алабында, ал М.С.Мершиев Талас алқабында ерте жер өндешілер коныстарын зерттеді. Олардың арасында Карапылтөбе, Шөлтөбе, Қызыл-Қайнартөбе, т.б. бар.

70-жылдары Қазақстан археологиясының тагы бір бағыты –

петроглифтерді зерттеу айқындалды. Егер бұрын осы археологиялық дерек көздерін зерттеу ретсіз және жүйесіз түрде жүргізіліп келсе, енді олар М.К.Қадырбаевтың, А.Н.Марьяшевтің, А.Г.Медоевтың арнайы зерттеу нысанына айналды. Қаратай, Маңғыстау және басқа аймактардағы жартас суреттеріне арналған қорытындылаушы еңбектер солардың есімдерімен байланысты.

Қазақстан археологиясының дәстүрлі бағыттарының бірі ортағасырлық қалаларды, қала мәдениетін және қоғамдағы урбанизацияны зерттеумен байланысты болды. 60-жылдары қолемі жағынан аса ірі қазба жұмыстары Қазақстанның көне қалаларының бірі Тараз қалашығы аумағында жүргізілді. Қалашықтың хронологиясы нақтыланды, қыш ыдыстар, шынылар, металл бүйімдар кешені жинастырылды, түрғын-үйлер жөнінде мәлімет алынды. Бұл материалдарды талдау негізінде Т.Н.Сенигованың ортағасырлық Тараз туралы монографиясы (1971 ж.) және бірқатар мақалалары жарияланды.

Жетісу археологиялық экспедициясы құрамында ортағасырлық қалаларды зерттеумен шұғылданатын отряд жасақталды. Ол Жоңғар Алатауынан, Балқаш маңынан ортағасырлық қалашықтардың үлкен тобын ашып, зерттеу мүмкіндігіне ие болды. Стационарлық қазба жұмыстары ортағасырлық Антоновское (Қойлық – авт.), Сүмбе, Талғар, Жақсылық, Құлан қалашықтарында жүргізілді. Алғаш рет монгол және монголдардан кейінгі кезеңдер қалалары – Аспара, Созакта зерттеулер басталды.

1969 жылы – Отыра, ал 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы үйимдастырылды. Олар Отыра шұраттарындағы Отыра, Қостөбе, Кек-Мардан, Мардан-Күйік, Құйрықтөбені, Туркістанды, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Раң және Құлтөбе қалашықтарын көп жылдық тұракты қазба жұмыстарына негізгі нысан етіп алды. Қалалар мен қоныстардың орындарына қоса, экспедиция мүшелері түрлі дәуірдің обаларын, соның ішінде белгілі және бұрын зерттелген Бөріжар обасын, Шағаны, Кек-Марданды зерттеді. Отыра тәбе қаласының орында кен қолемді қазу жұмысы үйимдастырылды, XVI-XVIII ғасырлар қабаттарының деңгейінде көптеген тұрғын махаллалары, қыш және кірпіш күйдіру шеберханалары, қоғамдық құрылыштар – мешіттер, кесенелер, моншалар қазылып аршилды. Ауқымды қазба жұмыстары б.з. 1-мыңжылдықтың бірінші жартысындағы Кек-Мардан қонысында да жүргізілді, одан да тұрғын махаллалар, үйлер мен гибадатханалар аршилған.

Құйрыктөбе қалашығының ішкі камалында VI-IX ғасырлар деңгейінен сарай құрылышы аршилды, оның салтанатты залынан

кудайлардың бейнелері мен аксүйектер көрінісі қашап жасалған бірегей тақталар табылды. Қалашық шахристанынан VI-VIII ғғ., IX-XI ғ., XII ғ. құрылыстар кешені, XIII-XIV ғ. темір соғатын шеберханалар және X-XI ғ. алқалы мешіт арышын алтынды.

Бөріжар корымын қазған кезде жерлеу ғұрпына және ертедегі, орта ғасырлардағы тұргындардың діни көзқарастарын көрсететін қызықты материалдар алынды. Экспедиция тобы Отырар шұраттарында, Қаратаудың онгустік және солтүстік беткейлерінде, Сауран маңында ирригациялық зерттеу жүргізді (жетекші - В.А.Грошев), кейінгі орта ғасырлардағы көріздер жүйесін тапты.

Солармен қатар палеоэтнографиялық зерттеулер, атап айтқанда, қазақтардың отырықшылану үрдістерін анықтау максатында қазақ қыстауларын қазу жұмыстары жүргізілді (С.Жолдасбаев).

60-жылдардың орта шенінде қазақстандық нумизматика дами бастайды. Отырарды, Күйректебені қазу барысында ауқымды мөнегтік (монеталық) материалдар жинақталды. Бұл бірен-сарапан алқаларғана емес, көмбे қоймалар да болатын. Мөнегтер тарихи мерзімді анықтайтын материал ретінде, сондай-ақ орта ғасырлардағы Қазақстанның саяси және экономикалық тарихын, оның сауда және мәдени байланыстарын зерттеуге арналған дерек көзі ретінде де зерделенді. Нәтижесінде, Қазақстандағы Отырар, Испиджаб, Түркістан, Женд, Сығанак, Тараз қалаларында мәнет сарайларының жұмыс істегендігі анықталды (Р.З.Бурнашева, В.Н.Настич).

Сейтіп, Онгустік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы республикалық археологияны сапа жағынан жаңа акпараттық деңгейге көтерді, соның нәтижесінде бірқатар жаңа ғылыми бағыттар белгіленді. Экспедиция жұмыстарының корытындысы бойынша бес монография жарық көрді.

Бұл жылдары Ақтөбе қалашығында У.Х.Шәлекенов басқарған Қазақ мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы жұмыс істеді. Оның жұмыстарында тек ортағасырлық қала мәдениетіне ғана емес, ортағасырлық қошпелілер ескерткіштеріне дең қойылды. Бұл саладагы археологиялық ауқымды материалдарды Ертіс маңынан Ф.Х.Арсланова басқарған Өскемен педагогикалық институтының экспедициясы жинастыруды. Археологиялық бағыттың бірі петроглифтерді зерттеу ісі зор табыстарға кол жеткізді (А.Н.Марьяшев, З.С. Самашев).

Екінші кезеңдегі археологиялық жұмыстардың корытындысы бес томдық “Қазақ ССР тарихының” екі томының шығарылуы болды (1977, 1979 жок.), онда археологиялық дерек көздеріне талдау жасалынып, ертедегі және орта ғасырлардағы Қазақстанның тарихи үрдісі көрсетілді.

Қазақстан археологиясының жаңа (соғыстар кейінгі үшінші) кезеңі 80-жылдары басталды. Бұл – археологиядағы үйымдық өзгерістермен, облыстарда археологиялық мектептердің қалыптасуымен, археологиялық жұмыстардың қеңеоімен, және де ең бастысы, ірі теориялық талдамалы зерттеулердің пайда болуымен сипатталынады.

Республиканың Ғылым академиясындағы Тарих, археология және этнография институтында қазактар этногенезін, археологиялық мәліметтер бойынша Қазақстан палеоэкономикасын, атап айтқанда, мал шаруашылығының, металл өндірудің қалыптасуы сауалдарын зерттеуге байланысты ірі проблемалар талдан шешіле бастады. Республика аумағындағы барлық ескерткіштердің ғылыми тізімдемесін – Қазақстан тарихы мен мәдениеті ескерткіштерінің Жинағын жасау оның негізгі міндеттеріне айналды. Олардың арасындағы археологиялық ескерткіштер 70-80%-тен кем емес. Мұндай энциклопедиялық басылым археология саласындағы стратегиялық зерттеулерге негіз болуға, сондай-ақ мәдени мұрамы сақтау ісін жақсартуға қызмет етуі тиіс еді.

Көшпелілік тақырыбы, егіншілік және көшпелілік мәдениеттердің өзара әрекеттестігі негізгі зерттеу тақырыптарының біріне айналды. 1988 ж. Қазақстан ЮНЕСКО-ның «Ұлы жібек жолы – мәдениеттер диалогының жолы» атты халықаралық бағдарламасына кірді.

Жұмысты үйымдастыру жағынан да өзгерістер болды. Тарих, археология және этнография институтында жаңа құрылыштарда жұмыс істейтін бөлім күрылды. 1989 ж. барлық археологиялық бөлімдер Археология орталығына бірікті, ал 1991 ж. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті мен республика Ғылым академиясы Алқасының шешімімен Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты құрылады.

Петропавловск, Караганды, Шымкент, Қостанай қалаларындағы археологиялық орталықтар табысты жұмыстар жүргізіп жатты.

80-жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Атасу қонысын қазуды жалғастырып, металл балқытатын орындарды, ертедегі металургиялық пештердің орындарын талты. Жаңа деректерге сәйкес, соның ішінде Орталық Қазақстанның қола және темір дөуіріндегі палеоэкономикасы бойынша мал шаруашылығы, кен ісі және ертедегі металургия, қыш өндірісі жәннідегі материалдарға талдау жасалды. Бұл жылдары Қазақстанның далалық өнірінде жарқын жаналықтар ашылды. Мөселен, В.Ф.Зайберттің бастауымен петропавлдық археологтар Ботай қонысын ашып, энеолит дөуіріне жататын ертедегі Ботай жылқы шаруашылығын беліп көрсетті. Қазақстан мен Орал сыртында ертедегі байырғы қала түріндегі

кешендер – Арқайым, Кент қоныстары ашылып, кола дәуіріндегі мал шаруашылық және малшы-егіншілік өркениетінің негізdemесін көңітуге және терендегуге мүмкіндік алынды.

Қазақстанның түрлі аудандарында, атап айтқанда Шығыс Қазақстандағы Шұлбі ГЭС-і аймағында тас дәуірі ескерткіштерін зерттеу жалғастырылды. Ж.Қ.Таймағамбетов басқарған палеолиттік отряды Семей облысында Шұлбі (Шульбинка) палеолиттік тұрағында стационарлық зерттеулер жүргізді. Қазба барысында алынған материалдар негізінде ол б.з.б. 30-25 мыңжылдықтарға жатқызылды. Ертістің оң жағалауындағы су басқан аймақта неолит дәуірінің тұрақтары табылып, зерттелді. Жезқазған облысынан (қазіргі Қарағанды – авт.) Ж.Қ.Таймағамбетов мұстөе дәуіріне жататын тұрақтарды зерттеді. А.Г.Медоев пен М.Н.Клапчук бастаған Сарыарқа аумағындағы кең колемді ізденістерді В.С.Волошин жалғастырды. Атап айтқанда ол кейінгі палеолиттік Вишиевка тұрағында қазба жұмыстарын жүргізді. Маңыстаудағы А.Г.Медоевтың ғылыми ізденістерін Ж.Қ.Таймағамбетов қайтадан жаңғыртты. Ол палеолиттік ескерткіштердің үлгілі өлшеуіші болып табылатын көп қабатты Ш.Ш.Үәлиханов атындағы тұрақ материалдарын талдап корытып, жариялады. Фалым тұрақтары қазба жұмыстары мен оны одан ары жалғастыру палеолитті, төрттік кезеңдегі антропоген қабаттарын зерттеу үшін де зор ғылыми мәні бар екендігін жан-жақты дәлелдеп берді.

80-жылдары Жетісу археологиялық экспедициясы жұмыстарын кайта жалғастырды және Б.Н.Нұрмұханбетов басқарған Алматы археологиялық экспедициясы өз жұмысын бастады. Біріншісінің жұмыс ауқымы кең болды, ол Балқаш төңірегіндегі неолит, Қапал ауданындағы кола дәуірі ескерткіштерін, Жонғар Алатауындағы петроглифтерді зерттеді. Екіншісі өз жұмыстарын жаңадан салынатын күрылыш орындары мен қираган ескерткіштерде, сондай-ақ Есік қорымы мен Талғар қалашығында жүргізді.

1983-1987 жылдары К.М.Байпақов басқарған Тараз археологиялық экспедициясы мен Археологиялық ескерткіштер Жинағының экспедициясы ғылыми жұмыстарын жүргізді. Соңғысының міндеттіне Жамбыл облысының ескерткіштері Жинағын құрастыру және Жетітебе сақ қорымы, Талас алқабындағы Төртқұлтөбе мен Қостөбе қалашықтары, Шу алқабындағы Өрнек қалашығы секілді түрлі кезеңдерді қамтыған ескерткіштерде ішінара қазба жұмыстарын жүргізу кірді.

Қазақстанның оңтүстігінде Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (ОҚҚАӘ) өз зерттеулерін жалғастырды. Оның отрядтары Отырарда, Құйрыктөбе мен Алтынтөбе қала-

шықтарында, Қаратаудағы ерте темір және кейінгі орта ғасырлар дауірлеріндегі қошпелілер корымдарында қазба жұмыстарын жүргізді. Арыс алқабында А.Н.Подушкин жетекшілік еткен Шымкент педагогикалық институтының археологиялық экспедициясы белсендегі жұмыстар жүргізді. Алтынтөбе, Төлебайтөбе қоныстарындағы, осы қалашықтар маңындағы қорымдарда жүргізілген қазба жұмыстары мол материал берді, олар Көк-Марданнан алынған мәліметтермен бірге Оңтүстік Қазақстаның мал шаруашылық – егіншілік мәдениеттері туралы монографияға негіз болды (К.М.Байпақов, А.Н.Подушкин).

Шұлбі ГЭС-і құрылышы аймағында 1980-1983 жж. А.Г.Максимова, ал 1981 жылдан бастап С.М.Ақынжанов жетекшілік еткен Шұлбі археологиялық экспедициясы жұмыс істеді. Кен ауқымды археологиялық ізденістер тас, қола, ерте темір, ортағасырлық қошпелілер ескерткіштеріндегі қазба жұмыстарын, петроглифтерді зерттеу ісін қамтыды.

Арал маңында, Жетіасар шатқалында Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы ізденістерін жалғастырды (Л.М.Левина). 1989 жылдан бастап Батыс Қазақстанда З.С.Самашев басқаратын Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс істеп келеді. Оның зерттеу нысандарының катарында сармат қорымдары мен гибадатханалары, ортағасырлық Ақтөбе мен Сарайың қалашықтары, Маңғыстаудың петроглифтері бар.

Қазіргі таңда Қазақстан аумағында Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан кешенді, Батыс Қазақстан, Жетісу, Новостроечная, Археологиялық ескерткіштер жинағы секілді ірі археологиялық экспедициялар, Қазақ мемлекеттік университеті, Қарағанды мемлекеттік университеті, Петропавл, Қостанай, Шымкент педагогикалық институттарының экспедициялары жұмыс істеуде (1992 жылғы ақпарат – авт.) олар ескерткіштерді тауып, онда қазба жүргізумен айналысады, бірінші кезекте қирай бастаған және жанадан салынатын құрылыш аймағында орналасқан нысандарға назар аударады.

Жаңа материалдардың шоғырлану үрдісі жүріп жатыр. Оларды жүйелесу, талдау жаңа материалдардың шығуымен катар жүруде, бұлардың авторлары К.А.Ақышев, Ә.К.Ақышев, К.М.Байпақов, С.М.Ақынжанов, Л.Б.Ерзакович, В.А.Грошев, З.С.Самашев, Ж.Құрманқұлов, Э.Ф.Кузнецова, В.Ф.Зайберт, т.б. археологтар.

## ТАС ДӘУІРІ

Алғашқы қауым адамы өмір сүрген төрттік (антропоген) кезеңі 2 млн. жылдан астам уақыт бұрын басталды. Антропоген дөүірін оған дейінгі неогенмен бөлген өзіндік табиги шекаралар ірі палеографиялық өзгерістер болған еді. Бұл уақытта Қазақстан аумағында тау түзілу үрдістері зор қарқынмен жүріп, Тянь-Шань, Алтай, Тарбагатай, Сауыр және Жонғар Алатауы қалыптасады. Жер қыртысының тіке қозғалысы Қазақстан ұсақ шоқысының қазіргі рельефін қалыптастырды. Оның жекелеген телімдері жазықтық пен үстірттер қалыптастырып біршама көтерілсе, баскалары төмен түсіп, ойпаттар мен қазаншұңқыларға айналды. Әлбетте, олардың қуан аймақта (аридная зона) орналасуы ежелгі гоминидтер тіршілік жағдайының әркелкілігіне және де сонымен қатар үқсастығына себепкер болды. Қуаңшылық аймақтарға аумакты алғашқы игерудің ұзаққа созылуы, сондай-ақ гоминидтердің қалыптасуы мен дамуының өзгешеліктері тән болып келеді. Бірақ барлық рельеф түрлеріне ашық (жер бетінде) үлгідегі тұрактардың абсолютті басымдылығы тән. Олардың көпшілігі кешенді түрде болып табылады, сонымен қатар ежелгі гоминидтердің бір және сол геоморфологиялық ауданда өте ұзақ уақыт (кейде бірнеше жұз мыңжылдыктар бойына) орналасқандығының іздерін сақтаган.

Өзінің қуаң өңірдегі жағдайына, жер аумағының кеңдігіне және табиги-ландшаftyқ өнірінің алуан түрлі, жер бедері үлгілерінің көп мөлшерде болуына қарай Қазақстан Еуразияның қуан өңірінің палеолитін зерттеуге үлгі-әрнек (модель) бола алады. Мұнда мынадай ірі өңірлер бар: Тұран және Каспий маңы шәлдері; Сарыарқа, Шығыс Қазақстан жазықтары мен ұсақ шоқысы (Н.Г.Кассин, Г.Ц.Медоев, т.б. пайымдауынша Торғайдың бүгілген жерінен шығыска қарай жатқан барлық аумак); Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстан ойпаттың жазықтығы – Батыс Сібір ойпатының қазақстандық белігі.

Бұл өнірлердегі палеолиттің даму тарихы, тұрақтар саны және олардың шоғырлануы біркелкі емес, мұндағы геологиялық-геоморфологиялық өмір сүру жағдайлары, палеогеографиялық жағдайлардың тұрақтылығы немесе өзгерістерге үшырауы және де климаттагы өзгерістер не болмаса ландшафттың ауысуына байланысты қоныс аудару (маусымдық және миграцияның өзге түрлері) мүмкіндігі де өр кіледі.

Ылғалды мұхит ауасының өтуіне кедергі келтірген таулардың осуі және су алаптарының азаюы Қазақстан аумағындағы климатты құрғақ ете түсті. Бірақ оны төрттік кезенде бірнеше рет ылғалды климат алмастыруды, кейде тауларды мұздық басты.

Жер шарының кейбір аудандарында антропоген дәүірін бөліп көрсету мұздықтар кезені мен мұздықаралық сатылардың ауысуына байланысты палеоклиматтық принципке негізделген. Әсіресе Еуропадағы мұздықтардың алыпілік сыйбасы жан-жақты зерттеліп, кенинен колданылып келеді. Қазақстан мен Орта Азия аумағы мұз жамылғысы баспаған аудандар қатарына кіргенімен, мұнда мұздықтардың сұық лебі сезіліп тұрды. Төрттік мұздықтар негізінен таулы аймақтарды қамтыды. Олардың саны мен ұзактығы галамдық жайттар тұғызған тек климаттагы құбылуларға ғана емес, қалыптасқан тау жүйесінің биқтігінде де тікелей байланысты болды. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, Қазақстандағы мұздықтардың саны, уақыты мен ұзактығы әрбір тау сілемдері үшін өр кіледі болуы ықтимал.

Плиоценнің аяғындағы апат пен төрттік кезең хал-ахуалды өзгергіті. Гиндукуш пен Гималай, Қаракорым, Тянь-Шань мен Алтай мұссондардың откізбейтін бөгет (кедергі) қана емес, олар тіпті құллі ландшафтты да толық өзгертіп жіберді де, бірте-бірте қазіргі кескін-кейпіне әкеле берді. Мұзарт күрсауында осіп келе жатқан тау қыраттары, уақыт өткен сайын бұрынғыдан бетер көтеріле түсетін кең көлемдегі жаңа жерлер, тегі, палеолит ареалындағы аумактар өрнегін күн ілгері аныктап қойғанға үқсайды. Мұссондар мен циклондар қозғалысының өзгеруі, қуан аймақтарғы климаттың қыттымырланып қатая түсін едөүр мол аумақтың құлақынан, шөлге айналуына себепкер болды.

Қазақстанның өр өңіріне болып жатқан өзгерістер бірдей әсер ете койған жоқ. Тұран мен Каспий маңы шөлдері аймағының жағдайы тұрақты болған. Каспий теңізі жағалаулары мен Устірт қыратында палеолиттің ерте кездерінен бастап неолитке дейінгі тұрақты палеогеографиялық жағдайлардың болғандығы (колайлы климат, аңышылық нысандары мен тұратын жерлердің көптігі),

шикізаттың молдығы, ауыз судың шығып жатуы көптеген палеолит пен неолит тұрактарының сақталғандығынан да аңгарылады. Сақталған тұрактар топографиясы геологтардың жағалаулық сыйбаның бірнеше рет өзгерістерге үшірағандығын көрсеткен мәліметтерін нақтылай түседі.

Ұсақ шоқылар мен жазықтардың үштасуы тән, тубі жайпақ кең аңгарлы Сарыарқа геоморфологиялық жағдайлары жағынан мейлінше тұракты аймак болған және болып та отыр. Мұнда палеолиттің эволюциясы ашельдің едәуір соңғы кезеңінен басталып, кейінгі палеолитке дейін созылады. Неолитке дейінгі үзаққа созылған хиатус гидрожелілердің (гидросеть) өзгерістерге үшірауына байланысты қалыптасқан еді.

Тас гасыры тұрактары топографиясының өзіндік ерекшеліктері ежелгі адамдардың Сарыарқаның негізгі су айырымының бойымен етіп, одан соң Солтүстік Балқаш өніріне коныстануы мүмкін екенін көрсетеді. Палеогеографиялық жағдайлардың тұрактылығы, көшікон жолдарының қалыпта келуі және тегінде, олардың өзгермеуі, сол сияқты жануарлардың (аңышылық нысандары) тіршілік ететін жерлері мен құстар жолының да бір қалпында қалуы, жақсы шикізат корының жер бетіне шығып жатуы және тиянақты су көзінің болуы палеолиттің әртүрлі мәдениетін бойына дарытқан алғашқы ұжымдардың бір тұрактарда, шығарылған шлейф конусында, терец шүнейітті өзен жағасында немесе суы тұщы бұлақтар жанында ұзақ уақыт тіршілік етуіне мүмкіндік берген. Тек жоғарғы плейстоценнің аяғында ете сүйк әрі құрғак, болған кезде су жүйелері біржолата бұзылды. Ұзак жылдарға созылған тонданудың өрістеуі жағдайында Сарыарқаның көптеген аудандарында сол аймақты мекендейтін жануарлар мен бір кезде осы өлкеде дәстүрлі тіршілік етіп, кейін біржолата кетіп қалған гоминидтердің қалыптасқан байланысы үзіледі. Тек өтпелі аймактарда, Сарыарқаның шетіндегі Ертіс өніріндеған эволюция неолитке дейін толастамады.

Өтпелі аймақтардың бірі Қаратай сілемдері (Сырдария маңы) болды. Оның географиялық жағдайының өзіндік ерекшелігі мынада: ол, бір жағынан, Солтүстік Тянь-Шань жоталарының сілемі болып табылады және соларға тән биіктік белдеуі бар, ал ең сүйк дәуірлерде, сірә, мұнда мұздық (мұзарт) орналасса керек. Екінші жағынан, ол екі ірі аймақты – Орта Азияның құмды даласы мен Бетпақдаланың саздақты даласын шектеп, беліп түр. Климаты жағынан Қаратай жотасының жағдайы ерекше қолайлы. Мұндай жағдай ұзақ уақыт бойы, кем дегенде жоғарғы плиоценнен бастап сақталып келген.

Шөлді аймақта орналасу сол арадан қалың құм қатпарлары (шеттерінде) мен борпылдақ (немесе сары) топыракты (лесс) кабаттардың құрылуына себепші болған еді. Қаратай жотасындағы көшілік аудандардың геологиялық құрылымы, мұнда көттеген жануарлар үйірлерінің үнемі тіршілік етуіне қолайлы жағдай жасады.

Сол себепті де осының бәрі ежелгі гоминидтің осы араны мекендеуіне жол ашқандығына таң қалуга болмайды, олар бұл маңнан қоректі де, су көздерін де, сондай-ақ өзендер жағалауы мен үнгірлерден, бортопыракты аудандардан тұракқа қажет жақсы орындар тапты. Алайда, шамасы, өтпелі (шекаралық) аудандардың бір ерекшелігі – үақыгалар мен құбылыстардың үзік-үзік және өртүрлі болып келетіні. Мысалы, Қаратай жотасының палеолиті кем дегендеге екі эволюциясызығымен сипатталыныады. Оның біріншісіне Кіші Қаратаудың күзст аудандары тән және ол зілмен кара шакпактастарға (Боріқазған, Төңірқазған) негізделген. Ең ежелгі тұрақтар пенипленнің бір кездегі үстіндегі мүйісті-қыратты биіктіріне байланысты. Негұрлым қейінгі – ашельдік, мустъелік және кейінгі палеолиттік тұрақтар күзсттердің баурайында орналасқан және де ерте палеолиттік орындармен улкен хронологиялық айырмашылықта.

Екінші бағыт жақсы физикалық қасиеттері бар ашық-сұргылт түсті шакпактас негізінде дамыды және дайындаладан (заготовка) негұрлым сапалы жарықшақ алуға негізделді. Мұның негізгі ескерткіші Ш.Уәлиханов атындағы тұрак болып табылады. Оның бірегейлігі мынада: бұл тұрақтың құллі тіршілігі өзен арналары тоздырыған, өзі борпылдақ сары топыракпен астасып, шеткі аймақтары кайназой шөгінділерімен ұласып жатқан үстірт тарихымен тығыз байланысты. Бәлкім, бұл палеолиттік тұрақтың эволюциясы Буденый (қазіргі Арыстанды – авт.) кенті маңындағы конгломераттарынан шықкан, А.Г.Медоев «арыстанды мәдениеті» деп көрсеткен палеолиттен бастау алатын шығар.

Дамудың ушиншісі, шөгінді жыныстар бағыты да байқалады. Геолог Б.Ж. Әубекеров мәліметі бойынша, Ш.Уәлиханов тұрагы ауданынан және өзге орындардан кейінгі палеолиттің бірнеше үлгілері табылған, олар өзінің типологиялық ерекшелігі жағынан Сарыарқадағы саяк мәдениетін еске түсіреді.

Әзірге Қазақстанның таулы аудандары жеткілікті зерттелмей келеді. Мұнда палеолит тұрақтарын іздестірудің қыншылықтары жауын-шашынның мол жиналу ерекшеліктерімен және жер бедерінің тез өзгеруімен анықталады. Егер торттік кезеңдегі шөгінділердің жиналудың күнгірт айтқанда Сарыарқада шамамен 10-

20 м болса (И.Н.Костенко, Б.Ж.Әубекеров, т.б. мәліметтері), онда таулада төрттік шөгінділер қалындығы километрмен өлшенеді. Осында жылдамдықпен рельефтің дұрыс формалары (терраса, т.б.) да бұзылады. Дегенмен ашель (?) мен мусте артефактілерінің Шарын өзені каньондарынан, Жоңғар Алатауының онтүстік беткейлерінен табылуы болашақта Қазақстан таулы аймастарын зерттеу перспективасының бар екендігіне үміт арттырады.

Қазақстан төрттік шөгінділері стратиграфиясын дайындаған<sup>7</sup> геолог Н.Н.Костенко антропоген дәуірін төменгі, ортағы, жоғарғы және қазіргі антропоген деген төрт ірі белімдерге жіктейді. Антропогеннің алғашқы екі белімі өз кезегінде төменгі және жоғарғы қабаттарға, ал жоғарғы және қазіргі антропоген – тиісінше үшке болінді. Палеогеографиялық жағынан төменгі антропогеннің ерте кезеңі жылы, бірақ неогенге қарағанда онша ылғалды емес климаттеп, тау жүйелерінің белсенді түрде көтерілуімен, ландшафтты аймағардың қалыптасуы, біртіндеп саванналық өсімдіктерді далалық және жартылай шолейттегі түрлердің ығыстыруымен сипатталынады.

Төменгі антропогенге сай келетін хайуанаттар негізінен іле фауналық кешеніне кірді, олар - оверн мастодонты, онтүстік орман пілі, Стенон жылқысы, т.б.

Төменгі антропогеннің екінші кезеңінің бас кезінде климаттық жағдайлар алдыңғы уақыттардағыдан айтарлықтай өзгерे қоймады. Бірақ оның сонында күн сұытты, оған Қазақстан аумағының шығыс және онтүстік аудандарындағы жартылай мұзарттардың дамуы өсерін тигізді. Төменгі антропогеннің жоғарғы қабаты Шығыс Еуропа тирасполь фаунасы мен Пескин маңындағы Чжоукуюдянь үнгіріндегі синантроп фаунасына жақын қошкорған фауналық кешенімен тығыз байланысты.

Шымкент облысындағы (ОҚО – ауд.) шартты түрде негізгі олжалар табылған жер атаяуымен аталған бұл уақыттағы қазынды фауна құрамына орман мен қалың тал-шілік өскен өзендердің көң алқаптарын мекендеген орман пілі кірді. Өзендер бойындағы тогайлар мен биік бұталы дала - ежелгі бизон мен ебедейсіз дала мүйізтүмсығы-эласмотерийдің, көң майдайлы бұлан мен бұғымаралдың ең ұнамды жерлері болды. Дарада жабайы жылқылардың екі түрі: зебр тәрізді белгілері бар зюссенборней және кейіннен колға үйретілген мосбах жылқылары өмір сүрген. Шөлді аудандарда мұнда іле фауналық кешенімен белгілі ежелгі түйелер әлі де тіршілік етіп жатты.

Орта антропогеннің бас кезімен климаттың жылу және ылғал-

дану фазасы тығыз байланысты, оны кейіннен екі рет таулы аймактағы мұздықтар ауыстырды және күн сүйтты. Бұл кезеңге хазар фауналық кешені сойкес келеді.

Ортаантропогендік уақытта Қазақстан тауларында белсенді тектоникалық қозғалыстар да жүріп жатты. Тау түзілу үрдістері де жүрді. Таулы аймактардағы бірінен кейін бірі болған екі мұздық басуынан соң өзендер мен көлдердегі су режимі бұзылды, гидрографиялық желі (сеть) өзгерді. Қазақстан аумағында қазіргі үлкенлі-кішілі өзен арналары қалыптаса бастады. Сырдария Қызылқұм ойпатындағы қақтар арқылы өзіне жол салды, Нарым-Бұқтырма өзендері аралығының жарылуынан және Ертіс алабы ішінара су жүргенниен соң Зайсаннан ағынды су акты, ал Қапшағай үстіртінің тектоникалық көтерілуі нәтижесінде байыргы Іле өзінің орта ағысында көл қалыптастырды. Мұздықтардың еруі нотижесінде Солтүстік Каспий маңы ойпатын Каспий теңізінің сularы басып қалды, ал ортаантропогендік дәуір сонында теңіздің көлемі кішірейді.

Қазақстанның жазықты аймактарында (Ертіс маңы, Балқаш төңірегі) негізінен орманалы-далалы және далалы, ал онтүстігінде жусанды шөлейт басым болды. Тянь-Шань және басқа да тау сілемдерінде қарағай, шырша, қайың, жеке, қызыл қайың (граб), ольха есті.

Ортаантропоген дәуірінде хазар фауналық кешені аталатын жануарлар кеңінен тарады. Бұталы далалар мен шалғындарда трогонтериев пілдері, ірі және олармен бірге қыска аяқты жануарлар, тықыр жұнді мамонттар өріп журді. Мол корек беретін шалғындарда және далаларда ұзын мүйізді бизондар мен үлкен мүйізді бұғылар жайылды.

Жоғарғы антропогенде сұқыттық сақталып тұрды, климат қазіргі уақытқа қарағанда әлдеқайда сұқы болды. Бұл кезеңнен бізге мамонттық фаунаның немесе жоғарғы палеолиттік фауна қалдықтары жетті. Сонында, голоценде (қазіргі антропоген) осы күнгі климат және қазіргі уақыттағы фауналық кешен қалыптасты.

Антропоген дәуірінің геологиялық стратиграфиясымен палеолиттің археологиялық жіктелуі де жасалады. Төменгі антропоген-нің ерте кезеңіне төменгі палеолиттік дошелль (олдувэй) және шелль, екінші немесе төменгі антропоген-нің жоғарғы қабатына кейінгі шелль мен ерте ашель сай келеді деп жорамалданады. Орта антропоген кейінгі ашельге сойкес келеді. Жоғарғы антропоген-нің кейінгі (жоғарғы) палеолиттен аракатыстылығы бар, ал қазіргі антропоген жаңа тас ғасырынан бастап барлық кейінгі дәуірлерді қамтыды.

Қазақстан аумағында ежелгі гоминидтер пайда болуының алғышарттарын адамзат тарихындағы өтпелі жөне ең маңызды кезеңдегі геологиялық-географиялық жағдайларды негізге ала отырып іздестіру қажет, ал ондай кезең плиоценниң екінші жартысы болып табылады. Ең ертедегі гоминидтердің Африка құрылғынан бастап қазіргі куаң оңір мен Сібір аумағына дейінгі кең-байтақ жерде анықталған іздері алғашқы адамдардың өте ауқымды кеңістікте қолданғанын дәлелдейді. Қазір бір нәрсе айқын: 1,6 – 1 млн. жылдар аралығында-ак Каспий маңы ойпатының ашық кеңістіктерінде, Түран далаларында, Монголия мен Солтүстік Қытайда гоминидтердің тұрақтары болған. Плиоценниң палеогеографиялық жағдайлары таулары біршама алса жөне климаты қолайлы Азия жазықтарын ежелгі адамдардың алыс солтүстікке қоюы аударуына жөрдемдесе алды деп санауга мүмкіндік береді. Әсілі, ол кезде Қазақстан, Монголия мен Солтүстік Қытай Еуразияны қоныстанудың алғашқы кезеңдері үшін ең солтүстік аудандар болса керек.

## Ежелгі палеолит

Палеолит дәуірі (ежелгі тас) адамзат тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Біздің ілкідегі ата-бабаларымыздың тік жүргүте көшуі және қолдарының еңбек ету үшін босауы, алғашқы дерекі өндөлген еңбек құралдарының жасалуы адамзат қоғамының қалыптасуының бастамасы еді. Кейінгі бірнеше мыңжылдықтар дәуірі адамның биологиялық түр ретінде (*Homo sapiens*) біртіндеп қалыптасу, оның еңбек құралдары мен өмір сүру салтының жетілу, қоғамдық үйымдасуының үдейі дами түсінің уақыты болды.

Жердің әр килем түкпірлерінде адамның қалыптасуы мен даму тарихында, оның еңбек қызыметінде үқсастықтар өте көп жөне олар езара тығыз байланысты болып келеді. Бұған қарағанда, Қазақстан аумағындағы адам эволюциясын әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі деп қарастыруға болады.

Қазіргі кезде біздің аргы бабаларымыздың тұрмысы туралы осы заманғы түсініктер олардың тұрған жерлеріне, адам еңбектерінің қалдықтары - тас құралдарына, оларды жасағанда қалған өндіріс қалдықтарына, жан-жануарлар сүйектері түріндегі тағам қалдықтарына негізделеді. Сондай-ақ, бүгінде даму деңгейі артта қалған

деп атала тын халықтар өмірінен алғынған этнографиялық мәліметтердің де маңызы аз емес. Бұлар ежелгі адамзаттың заттай және рухани мәдениетінің кейбір қырларын мейлінше нақты түсінуге мүмкіндік береді. Бірақ, ең басты ақпаратты алғашқы қоғамның негізгі материалы болып табылатын – тастан жасалған еңбек құралдары береді.

Ежелгі адам өзінің дамуында бірінен соң бірі келген бірнеше кезеңдерден өтті. Бұлардың негізінде тасты өңдеу техникасының жетілуі және осыған байланысты еңбек өнімділігінің, заттай және рухани мәдениеттің өсуі жатыр.

Фылымдағы қазіргі класификация бойынша, ежелгі тас гасыры үзак-үзақ үш хронологиялық дәуірлерді: ежелгі, орта және кейінгі (жоғарғы) палеолитті қамтиды. Батыс Еуропа материалдарына негізделген ежелгі палеолит классикалық үлгі бойынша үш дәуірге; дошелль, шелль, ашель; орта палеолит – кейінгі ашель мен мусте; кейінгі палеолит – ориньяқ, солютре мен мадлен болып болінеді. Соңғы жылдары бұл үлгіге бірқатар түзетулер енгізілді. Бірқатар авторлар мусте мен кейінгі палеолитті межеге алып, палеолитті ежелгі және кейінгі деп бөледі. Қобінесе Африкан табылған жаңа мағлұматтар негізінде, дошелльді қамтитын адамзат өмірінің ерте кезі бұл кунде олдувэй дәуірі деп белгіленеді.

Төменгі палеолиттің дошелль немесе олдувэй мәдениеті деп атала тын ең ежелгі кезі шамамен 2,5 млн. жылдардан 800 мыңжылдықтарға дейін созылды. Ежелгі палеолиттің кейінгі екі дәуірі – шелль мен ашель 800 мың жылдан 140 мың жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Конгреген зерттеушілер орта палеолитті (кейінгі ашель мен мусте) б.з.б. 140 - 40 мыңжылдықтарға жатқызады. Кейінгі палеолит 40 – 10 мыңжылдықтарға сай келеді.

Ежелгі тас дәуірі – адамның және оның шаруашылығының қалыптасу уақыты өндіргіш күштердің тәмен деңгейімен сипатталады. Долбарлы шаруашылық мәні табиғаттан дайын өнім алу: жабайы дәнді-дақылдарды, жемістер мен жидектерді жинау, андарды аулау сынды іс-әрекеттерден тұрды. Адамдардың қарым-қатынасы үжым мүшелеңінің экономикалық тенденстігіне, еңбектің табиғи түрде жыныс-жас жағына қарай бөлінуіне қарай құрылды және өзіндік бір сипаты жағынан үжымшылдықта болды.

Адамдардың палеолит дәуіріндегі қоғамдық үйімі курделі де үзақ даму жолынан өтті. Оның бастапқы кезеңі – бірігіп корғану мен шабуылдау, аң аулау мен терімшілікпен айналысу үшін құрылған – тобыр болды. Руга дейінгі бұл әлеуметтік құрылым – түбірсіздігімен, қоғамдық қатынастардың дамымауымен, қауым-

дық-отбасылық шаруашылыктың жоқтығымен ерекшеленді, сонымен қатар оған некелік қатынастардың кейбір қырынан реттелуі тән еді. Алғашқы қауымдық тобырдың өмір сүрген уақытына тәменгі палеолиттің ең ерте сатылары – дошель мен шелль кезеңдері жатқызылады.

Ашель заманында біртіндеп жаңа өлеуметтік құрылым – алғашқы қауымдық құрылыштың алғы шарттары пісіп жетіле бастайды. Ал мұстөье дәүірінде отырықшылық орнықты, жыныс пен жас мөлшеріне қарай еңбек болінді, қауымның алғашқы түрпаттары байқалды. Кейінгі палеолиттегі адам үжымы өлеуметтік жағынан алғашқы рулық қауымның кемеліне жеткен қатынастарымен сипатталынады. Бұл сапалық секірім, көптеген зерттеушілердің пайымдауынша неандертальдықтардың осы замандағыдан дене бітімі бар адамға (*Homo sapiens*) айналуымен тұстас келген.

*Homo* түрінің нақты ежелгі өкілдері бұдан 2,5 млн. жыл бұрын пайда болды. Бұл уақытта австролопитектер өмір сүргендігі туралы пікірлер бар. Қазір 1959-1963 ж. Олдувэй шатқалынан (Шығыс Африка) дөрекі шапқы құралдарымен (чоппер) бірге сүйек қалдықтары да табылған презинжантроп Жер шарындағы ең ежелгі еңбек етуге қабілеттілер ретінде саналады. Бұл ежелгі гоминидке ғалымдар «*Homo habilis*» («шебер адам») деген атау берді. Оның калий-аргон әдісі бойынша алынған абсолюттік жасы - 1 млн. 750 мың жыл.

*Homo habilismi* ми көлемі (652 см<sup>3</sup>) антропоид маймылдар миынан біраз асады. Басқа бірқатар мәліметтер де, мысалы, тік жүргендікті айқындайтын, айқын білінетін табан имектігі, бұл тіршілік иесінің адам тәрізді маймылдардан ежелгі адамды бөлген шектен әлдеқашан етіп кеткендігін көрсетеді.

Адам эволюциясының келесі қадамы *Homo erectus* («стурегелген адам») сатысымен байланысты. Бұл түрдің өкілдері тас ғасырында шелль-ашель мәдениеттерін қалдырған – питекантроп пен синантроп болды. Ява аралынан табылған питекантроптың ми көлемі 950 см<sup>3</sup>, ал Пекин маңындағы Чжоукоудянь үңгірінен алғаш рет қазып алынған синантроп миы 1075 см<sup>3</sup> еді. Есте қаларлығы, синантроп сүйектерімен бірге түрлі түрпаттағы (формадағы) дөрекі тас құралдары, қатты отқа күйген тастар және тәменгі антропоген фаунасындағы жануарлар сүйектерінің үлкен көлемде жатқан-ды.

Қазіргі уақытта осы заманғы адамның ең ежелгі түпкі отаны (ата мекені) мен расалық түрлердің тегі туралы бірыңғай пікір жоқ. Екі ғылыми болжам: көпорталық (полицентрлік) және бірорталық (моноцентрлік) кең тараган. Біріншісі бойынша, осы заманғы адам

планетаның Еуропа, Азия, Африка, Австралия секілді бірнеше боліктерінде калыптасқан; бір-бірінен біршама болек (окшау) түрлі қарқынмен еуропа текстес (еуропеоид), монгол текстес (монголоид), зәңгі текстес (негроид), австралия текстес (австралоид) үлкен расалардың калыптасу үрдісі (процесс) жүрген. Бірорталық (моноцентрлік) ғылыми болжамын жақтаушылар, барлық расалық түрлер алғашқыда Солтүстік-Шығыс Африканың, Алдыңғы және Оңтүстік Азияның орасан зор аумағын мекендеген бір аргы атабабалардан тараган деп есептейді. Бұл алғашқы адамдарда осы заманғы расалардың бірде-бірінің нышандары болған жок, тек қана адам топтарының Жер шарының түрлі өнірлеріне мүмкіндігінше таралуымен сонда тұрақтан қалуына орай, біртіндеп сол немесе басқа расалық түрлер қалыптасқан.

Сонғы уақытта галымдар тараپынан адамның Солтүстік-Шығыс және Оңтүстік-Батыс Азия сияқты екі облыста калыптасуы жөніндегі теория ұсынылды. Дөл осы, экватордан солтүстікке қарай орналасқан тропикалық аймақтан ежелгі адамдардың казба калдықтары көп табылған-ды.

Кейінгі ашель мен мустең уақытында тас құралдарын жасау технологиясында және ежелгі адамның өмір сүру бейнесінде түбекейлі өзгерістер болып етті. Бұлар неандертальдық аталатын адамның жана, жоғарғы дәрежедегі эволюциясы салдарынан өзгерген еді.

Жалпылама түрде палеантроптар аталатын ашель-мустең дәуірінің адамдары, Жер шарының кейбір боліктерін мұздық басқан, климаттың біршама сұытқан жағдайында өмір сүрді. Төменгі палеолиттің бұл ақырғы кезеңінде қазіргі адамдар түрінің ата-бабаларының сыртқы кескін ерекшеліктері түпкілікті орнықты.

Мәндайы көлбеу, касының үсті доға тәрізді, бас сүйегінің аласа болуы, бет сүйегінің шомбалдылығы, тістері өте ірі, иек сүйегінің болмауы немесе нашар дамуы неандертальдықтардың басты өзгешелік белгісі болып табылады. Омыртқасындағы онша байқалмайтын бүгіліс пен аяғындағы тізесінің әлсіз түзулігі неандертальдықтардың жүрісі ебседейсіз болғандығын көрсетеді. Олар аласа бойлы (150-160 см) болды, енді бірақ та ми қауашағының қолемі 1300 – 1400 см<sup>2</sup>-ге жетті.

Кейінгі ашель мен мустең заманы палеолит адамы мен оның мәдениетінің дамуындағы жана кезең болды. Өндірістік қатынастарда ол дамыған тас өңдеу техникасына отумен басталды. Мұның мәнісі сол, тас дайындаудың қысқа жағы бір немесе екі тегіс аланқайша алу үшін шағылды. Бұл үшін сүйектен, ағаштан, мүйізден

жасалған цилиндр төрізді шой балға пайдаланылды. Соңан соң тегіс аланқайшадан ұзынча зілмен тас тілікшелері шағып алынды. Тас өндеудің бұл жаңа тәсілі леваллау техникасы деген атап алды.

Ашель заманында пайда болған дөңгелек өзектастардан күралдар жасау тәсілі де бұрынғыдай дами берді. Мұндай дайындаамалардан тас тіліктерін дөңгелек өзектастың шетінен орта тұсына бірнеше соккы бағыттай отырып дайындаады. Мұстъеде күралдардың негізгі түрі үшкір тас пен қырғыш болды. Үшкір тас - пышак ретінде және сабы ағаш наиза, сұнгі ұшына пайдаланылса керек. Қырғыштар ағаш өндеу, аң терілерін сұтыру, т.б. жұмыстарға пайдаланылды.

Бірақ, күрал-сайман жиынтығы бұл екі қүрал түрлерімен шектелген жоқ. Олармен қатар алдынғы дәуірлердегі тас күралдарының клектон және «жалған» клектон түріндегі жаңкалар, бифастар, унифастар, т.б. болды және дамытыла берді.

Мұстъе уақытындағы түрлі өнірлердегі ескерткіштерден өркелкі күралдар түрлері мен оларды дайындаудың техникалық тәсілдері анық байқалады. Соңғысы бәлкім ашель кезеңінде, соңдай-ақ албетте мұстъе уақытында ежелі адамдар тобы мәдениетінде жергілікті (фациальды) ерекшеліктер болғандығы жайлы ойға жетелейді. Мұндай ерекшеліктер Қазақстан аумағына да тән.

Тас күралдарын дайындаудың техникалық-типологиялық өзгешеліктері сол немесе басқа ұжымды коршаған табиги орта, тас өндеуде қалыптасқан дәстүр, шикізат ресурстары секілді түрлі себептер бойынша анықталды. Мұстъе адамының ірі жетістігі отты тұтатудың өр килем жолдарын: ағашты ағашқа үйкелеу (ағаш таяқшасының үшкірленген жағын жұмсақ ағаштың ойығына салып, айналдыруған) мен кентас минералдарына шаклак, тасты үрш үшқын алу болды. Отты игеру жануарлар еті мен майын нөрлі де женіл қорытылатын тағамға айналдыруға мүмкіндік берді.

Ежелгі палеолиттің кейінгі кезі ескерткіштердің көп түрлілігі мен ерекшеленеді. Бізге жар астында немесе үндірге кіре беріс тұста тұракты ошағы бар қарапайым баспаналар, тұрақ-шеберханалар, шеберхана-тасқашау орны, маусымдық аңышылық қоныстары, аңышылық уақытша лагерлер жеткен.

Неандерталь адамы климаттың ылғалдылығы мен күнийң сұту жағдайында күрке түріндегі баспананы тұргызды, ол шағын дөңгелек жертөле қазып, бұлардың қабыргасын жерге қазылған жануарлар сүйектерімен бекітті, жануарлар сүйектерінен ірі баспаналар көтерді. Ұзақ уақытқа арналған баспаналардың тұрғызылуы

— адамдардың тұрмыс салты мен қоғамдық үйымдасуында елеулі өзгерістер болғандығын көрсетеді. Сол заманда-ақ жартылай отырықшылық тұрмыс салты қалыптасқандығы жайлы айтуға негіз бар. Терімшілікпен айналысқан адамдар ұжымының бір бөлігі (әйелдер, балалар, қарт кіслер) тұрақты баспанада тұрды, ал келесі бір бөлігі – аңшылар тобына немесе отрядтарына біріккен ер адамдар, - олжа ізден қошіп жүрді және аңды қаумалап үстaugа ыңғайлы орындарда уақытша лагерь тікті.

Тас қазатын жерлерден шикізат алу, аң аулау құралдарын дайындау, баспана тұргызу, аңшылар өкелген олжаларды үқсатып, тағам дайындау сияқты енбек үрдістерінің сан алуандығы табиғи түрде (жынысына және жасына қарай) еңбек болінісіне жеткізді.

Қоғамның негізгі үясы жергілікті топ немесе аңшылар қауымы болды. Бәлкім, бұл қауымдарда сол кезде-ақ ру құрылымының қайсыбір қарапайым белгілері туралы, рухани мәдениеттің бастамалары жайлы айтуға мүмкіндік беретін қарапайым генеалогиялық байланыстар болған шығар. Ашель-мұстөье дәуірі палеоантроптардың біршама кең тарап қоныстанған уақыты болды; іс жүзінде бұрынғы КСРО-ның онтүстік аудандарының бәрі неандерталь түрпітті адамның мекендеғен аймагына енді.

Қазақстан аумағында ежелгі палеолиттің скінші жартысына жататын көптеген ескерткіштер белгілі. Олардың біршама біркелкі таралуы мынаны көрсетеді: мұстөье дәуіріндегі адам Қазақстан аумағының онтүстікте Қаратай жотасынан, солтүстікте Есіл өзенінің басталар жеріне дейінгі және батыста Сарысудың орта шенінен, шығыста Ертістің басталар жеріне дейінгі аудандардың көпшілігін игерген.

Қазірдің өзінде екі ірі мәдени аймақты – онтүстік және солтүстік аймақты атауға болады.

Ежелгі тас ғасырының қазақстандық археологиясында өзірге достүрлі түрде палеолит дәуірін ежелгі, орта және кейінгі кезендерге бөлөрлікте өлшемдер жок. Сондықтан Қазақстанның көне тарихының ескерткіштері жөнінде сипаттама екі – ежелгі палеолит пен кейінгі палеолит жайында берілген.

**Шелль-ашель уақытының ескерткіштері.** Қазақстан аумағынан ежелгі адамның қазынды қалдықтары өзірге табылған жок. Алайда Қазақстанның онтүстік аудандарындағы палеогеографиялық жағдай ежелгі адамның өмір сүруі үшін қолайлы болды. Мұны Онтүстік Қазақстанда табылған, Онтүстік-Шығыс Азия мен Африканың шелль-ашель уақытындағы түрлайы құралдарына

ұксас ежелгі тас құралдар, Чжоукоудянь үңгірінен синантроптен бірге табылған фаунаға жақын ежелгі жануарлардың түр құрамы да көрсетеді.

Қазақстан аумағында ең ежелгі адамдардың мекендеуі үшін қолайлы аудандардың бірі Қаратай жотасы болды. Бұл жотаның маңайында және оған жақын аудандарда төрттік дәуірдегі мұздадың ешқандай ізі болған жок. Біршама ылғалды, жылы климат. Ылғалды жерде қаурай өсікен өсімдік, әр килемінде мұнда көне палеолит дәуіріндегі адамның өмір сүруіне қажетті алғы шарттар жасады.

Мұндағы ең көне еңбек құралдарының қатарына жататындар – Қаратай жотасының онтүстік-батыс беткейіндегі Арыстандың езенінің төменгі төрттік, ең жоғарғы жайылма сөрсөн күрайтын жентектелген қосындылардың ішінде Кеңірдек елді мекенінен табылған ауыр, тік бұрышты шақпақ тастар. Клектон түрпаттас деп аталатын бұл ең ежелгі құралдардың одан анағұрлым кейінгілерден айырмасы – олардың согатын кыр алаңқайшасы тым үлкен, ол тіпті бүкіл сынық көлемінің жартысына көбірек. Олармен бірге бұл тас жаңқалары сыйнырылып алынған үлкен шақпақ тас дайындалмалары, үра-өзектастар да болды.

Кіші Қаратай жотасының солтүстік-шығыс болігіндегі ежелгі адам, шамасы, көбінесе оқшау қыраттарда (останцаларда), аласалау тобелерде немесе мүйістерде (куэстерде), көне замандағы қурал жасалатын негізгі зат болып табылатын шақпақ тастары көп жерлерде тұрды. Мұнда, мәселен, радиусы 5-10 км жерден 12 палеолиттік тұрактар табылған, шақпақ тастан жасалған 5 мыңнан астам құрал жиналған. Қаратауда табылған шелль-ашель дәуіріне жататын неғұрлым дең коярлық олжалар Шабакты, Төнірқазған, Боріқазған, Аққол-1, Қазанған қоныстарынан алынды.

Шабакты қонысында көлбей жатқан қыраттың тегіс бетінен, клектон түрпатты деп аталатын, арыстанды тас жаңқаларына ұксас екі шапқы табылды. Біріншісі үш бұрыш пішіндес, сүреңтіл-жасыл шақпақ тасты өктастан жасалынған; оның жұқартылған екі қырлы жұмыс шетінен имек жүз шығарылған. Шомбал қырғышты еске түсіретін екінші шапқының түрі сопактау; бұл уақытқа төн тагы екі құрал табылған. Мұның бірі ірі малта тастан дайыналған жүзі жалпақ африкалық чоппингті еске түсіреді. Оның имек келген жұмыска пайдаланылатын белгі екі жағынан ірі жарықшақтармен өндөлгендейді, қурал дөрекі шапқы іспеттес болып шықкан.

Боріқазған мен Төнірқазған қойнауларындағы тұрактар шелль-

ашель дәүіріне жатады. Мұнда накпа-нақ анықталған мәдени қалдықтар шыққан жерден төрт түрлі бұйымдар тобы табылған. Бұлар – шеті не бір жағынан, не екі жағынан жуқартылған дөрекі шапқы құралдар, жүзі мейлінше өткіленген ашельдік түрпатты шапқылар, клектон түрпатты зілмен тас жанқалары, түрпайы ірі үра-өзектастар. Бәрі де желден жеміріліп, әбден көнерген. Мұндай тас құралдар жиынтығы Ақкөл-І тұрагына да тән.

Шелль-ашель уақытына жататын тағы бір ескерткіш Бетпак-далада, Шу өзенінің оң жақ жағасынан табылды. Шу өзенінің сөнгі жағары көне төрттік сересінің бетінде, Қазанғап қойнауында табылған заттардың жатқан жерінің геологиялық жағдайлары олардың жасының тәменгі палеолитпен тұстас келетінін көрсетеді. Жұқа қабат тығыз құмдақтың астында коміліп қалған тұрактан 300-дей әр қылыштардың бұйымдары аршылды. Олар карбонмен шамалас қоңыр сары шақпақ тастан жасалған. Табылған заттардың негізгілері – клектон түрпатты тас жанқалары. Шақпақ заттардан көп кездесетіндері – екі жақты (бифас) және бір жақты (унифас) шапқы құралдар, қырғыштардың азды-кемді пайызы, қол шапқылар, өзектастар және басқа да құралдар.

Каратай тас құралдарының түрпаттары және олардың өндеу тәсілдерінің Африкада, Үндістанда, Пәкістанда, Қытайда табылған ежелгі заттарға типологиялық жағынан ұқсастығы Оңтүстік Қазақстанның аумағын адам сонау шелль-ашель дәүірінде мекендеген деуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның ежелгі тұргындары питекантроп пен синантроптың замандастары болған, бұлар эволюциялық дамуында *Homo erectus* кезеңіне сай келеді. Каратайдың алғашқы тұргындары от жағын, оны сөндірмей ұстай білген, ірілі-уақты хайуандарды аулаумен, осімдік тағамдарын жинаумен шұғылданған.

Оңтүстік Қазақстанда анықталған ашель-мустең дәүіріндегі тұрактар жана түрпаттағы құралдардың бұдан бұрынғы уақыттағы ежелгі заттармен етene үштасуымен сипатталынады. Осындай ескерткіштер қатарына Көктал өзенінің шығыс жағындағы Тоқалы қойнауынан табылған үш кешен жатады. Тоқалы (1-3) тас құралдарының орналасу жағдайлары Бөріқазған мен Тәңірқазғанда табылған заттардың орналасуына өте ұқсас. Аталған жерлерден 300-ден астам тас бұйымдары жинастырылған, олардың басым бөлігін дөрекі имек жүзді малта тас құралдары мен көне зілмен қырғыштар қурайды.

Келесі бір тұрақ – Қызылрысбек, ол Ақкөл көлінен оңтүстікке қарай 20 км жердегі күйестің қыратының бетінен табылды. Қурал

жасау үшін пайдаланылған материал үсек түйіршікті шакпак тастардың табиғи жыныстары мен шақпақ малта тас болды. Бірнеше рет дәлдеп жарылғаннан кейін тастар тұрпайы кол шапқыларына немесе тас балтасын ізбасары болып табылатын колун тұрпатты құралдарға айналдырылатын болған. 20 шаршы метр жерде құралдардың бірнеше түрі – екі жақты шапқылар, өзектас төрізіл шапқылар, дөңгелек өзектастардан шағылым алынған қырғыштар мен тас жанқалары теріліп алынды.

Ашель-мұстє дәүіріндегі адамдардың бірқатар тұрақтары Боралдай өзенінің биік жайылма сөрелерінен шықты. Мұнда ежелгі тұрпаттағы ірі ауыр тас жанқаларынан басқа дөңгелек өзектастар, үшкіл тас тіліктері, арқа түсы кең, қырлы тас тіліктері, сопақша қырғыштар, кара сұр үшкіл үлкен тас жанқадан жасалған үшкіртас табылды. Бұл арада пайдаланылатын тастардың жоқтығы, тас саймандардың аздығы және өзгешелігі Боралдай тұрақтарын аныштардың шағын тобының аз уақыт болған жері деп есептеуге мүмкіндік береді.

Арыстанды өзенінің он жағасында, Қарасу қойнауында зерттелген ескерткіштің түрі мүлде басқаша. Ш.Ш.Уәлиханов есімі берілген, бірнеше кабатты палеолиттік тұрақ Арыстанды өзенінің үшінші жайылма сөресінде болған. Бұл манда, 10 мың шаршы метрден асатын жерде шақпақ және халцедон заттардың мол жиынтығы табылды.

Тас құралдардан басқа жабайы жануарлар сүйектерінің сыйықтары мен ағаш көмірі бар материалдық мәдениеттің іздері көлбеу жатқан және алты қабатта болған; қабаттар сары топырак арқылы бөлінген; сойтіп, үш стратиграфиялық белдеу жасаған. Тұрақтары заттар мұстє пішиңді. Олардың ішінде дөңгелек өзектастар, сыйықтар, үшкір тастар, екі жағынан өндөлген шапқы құралдар, қырғыштар, жонғыш-қырғыштар, кескіштер бар. Оның үстіне қырғыштар мей кескіштер сонау мұстє заманында пайда болып, сол кезде көп кездесетін жұмыс аспаптарымен қатар колданылған.

Мәдени қатпарлардың 7 метрдей қалындығы он мындаған жылдар бойы алғашқы адамдардың мекені болған тұрақтардың орналасу жагдайларының ете-мөте колайлы болғанын көрсетеді. Екінші және үшінші стратиграфиялық белдеулердің арасынан алынған құмдактың тегін талдау мұстє заманындағы тұрақтың маңы ашық дала болғанын дәлелдейді. Ирі дөн үрігі табылғаны назар аудараптық; мұның өзі колдан есірілген дәндердің ұрығына ұқсас. Тау шатқалдарында, Қаратая бөктерлерінде, Арыстан-

ды өзенінің жағалары мен жайылмаларында көделі-бұтальы алқаптар ойдым-ойдым ормандармен аралас болған; бұлардың ішінде қарағай, қайың, шегіршін, үйенкі, грек жаңғағы, алма, тал, қызыл қайың, емен, жөке сияқты ағаш түрлері өсken.

Тұрақты мекендеушілердің негізгі қосібі бизон, бұғы, киік, жылқы аулау болды. Шақпақ тас пен халцедон корының жақындығы тұргындардың еңбек құралдарын жасауга қажетті шикізат-пен қамтамасыз етті. Тас заттарды өндөу үшін сүйектен, муйизден істелген құралдар – тестер, тас жарғыштар қолданылды.

Мұстє мәдениетінің іздері Арыстанды өзенінің он жағалауындағы Шақпақ қазаншұнқырынан да табылды. Бұлар – дәңгелек өзектастар, олардан алынған тас жаңқалары, тегіс қалақтар, ондаган басқаша сыйықтар. Шақпақ заттардың беттерін сарғылт тат басқан және типылданған. Құралдар жасайтын материал ретінде жартылай мөлдір сүргылт боз шақпақ тастар пайдаланылған.

Қарасу поселкесінің маңында, Арыстанды өзеніне құятын Аңысай, Шөлтогай, Майбулақ, Қаратас сайдарының шағын мүйістері мен жайылмаларының бетінде адамның қолымен сыйндырылған ақ жоне боз сүр жартылай мөлдір шақпақ тастардың біразы табылды.

Негізінде құралдар дәңгелек өзектастардың үшкіл сыйықтарынан және қос қырлы ұзынша тас тіліктерінен жасалды. Тас тіліктері дәңгелек өзектастардан емес, бітімі жағынан призмага үқсас катар қырлы өзектастардан шағылып алынды. Бұл тұрақтан табылған құралдардың ішінде кішкене шапқылар, қырғыштар, шеті түзетілген үшкіртастар бар.

Оңтүстік Қазақстанның басқа жерлерінде де мұстєлік аңшылардың бірқатар қызықты тұрактары табылды. Бұлардың катарайнда Алғабас, Үшбұлақ, Шабақты, Бұркітті, Шалсай тұрактарын атауга болады.

Алғабас тұрағы Шаян өзенінің жайылмасындағы үшінші сөреде орналасқан. Тас бұйымдардың көпшілігі – қысқа жалпақ тас жаңқалары мен ауыр үшкіл тіліктер; бұлар ақ және көгілдір акшыл тығыз шақпақ тастан жасалған.

Ушбұлақ<sup>✓</sup> қойнауында (Қаратату қаласынан солтүстік-батысқа қарай 36 км) аңшылардың шағын топтарының қыска мерзімді тұрактарының ізі сақталған. Лагерь суватқа келетін андарды андуға ыңғайлы бұлақ түбіне салынған. Әсіресе, алтынши бұлақ (Үшбұлақ-6) түбіндегі көмбелер тас бұйымдардың сипатын негұрлым толық қөрсетеді. Мұнда, бұлактың басынан 3 м биікті, 1,6 метрдей терендікте, сарғылт сүр күмдектүң арасында жалпағынан

түсті шакпак тастан жасалған шағын дөңгелек өзектас пен тас жанқа табылған.

Ежелгі палеолиттің аяқ кезіндегі тас заттардың үлкен коллекциясы Есіл өзенінің жоғарғы бойынан, Қарағандыдан солтүстікке қарай Батыл-8 және 12 қойнауынан жиналған. Плиоцен-теменгі плейстоцен деуірлеріндегі күмдәк бетінен шакпак – темір текті тастан жасалған 2000-иан аса зат табылды. Тастан сапасыздығынан тек көлемі шағын және өндөлуі дөрекі өнімдер шығарылған. Табылған заттардың ішінде бір жақты шапқы, дөңгелек өзектастар сынықтары, шеттері қатарлас қысқа тас тіліктері, негізі шомбал үшкіл жарықшактар мен тас жанқалары бар.

Орталық Қазақстан оңай астам мұстөе мен кейінгі палеолит уақыттарының жүрг-орындары мен тұрактары, соның ішінде екі мәдени қабаттан тұратын Вишневка және Өгізтау-1, 2 тұрактары табылған. Соңғылары Жезқазған облысы (Қарағанды облысы – ред.) Агадыр ауданы аумағында шоғырланған. Мұндагы палеолит пішінді тас бүйімдары Өгізтау тауының етегіндегі бұлак манынан анықталған. Арасында жонғыш, қырғыш, бифас, үшкірлі тас, чоппер және чоппинг төрізді, сондай-ақ ойықты құралдар бар.

Өгізтау-1, 2 тұрактарында дөңгелек және протопризма өзектастарының аралас жатуы, сонымен қатар үшкіл тас жанқалары мен шеті бірдей тас тіліктерінің болуы, олардағы соққы аланқайынын тегістігі тас өңдеу техникасындағы өзгерістерді айғақтайты, мұның езі тұрақ коллекциясын ерте мұстөе уақытына, бәлкім ашель дәуіріне де жатқызуға мүмкіндік береді.

Кейінгі жылдарды тұрлі уақыттардың қамтитын палеолит ескерткіштері көп табылған Орталық Қазақстан аумағын Қазакстанның ежелгі тас ғасырын зерттеу ісіндегі неғұрлым келешегі зор аудан ретінде санауға болады.

Балқаштың солтүстік тоңірегі мен Ыртістің сол жағалауындағы тас дауірінің ең көп тараған ескерткіштері – тұрактар, шеберханалар мен тас қашайтын орындар. Егер Сарысу аңгарында тас индустріясы сыйдырып жуқарту техникасына негізделсе, Балқаштың солтүстік тоңірегінің және оған іргелес аудандардың ескерткіштерінде жарықшак-дайындаға өндірісі леваллау техникасының үзақ уақыт болуымен сипатталады, мұның езі соңғы палеолите де манызын сактады. Мұнда ол неғұрлым жетілген және кемелденген түрде мәлім.

Бұл аудандардағы заттардың негізгі үлгілері — заттың ұзына бойына қарай арнағы қисайтылған алаңы бар өзектастар. Әдетте, мұндай өзектастардан алынатын тас тіліктері радиалдық (шетінен

ортасына қарай) опыру техникасы арқылы бір жағынан ғана алынды. Жарықшактар мен тас тіліктер түрпаты өзектастың бұрышты және ұзынша үш бұрышты бітімдеріне сай келеді. Тас тіліктері мен жарықшактардың кескіш жұздері әдетте қосымша түрде түзетілмейтін еді.

Тас құралдарын жасауда леваллуа техникасы дамуды аңғартады. Ол бірақ, Орталық Қазақстанның барлық аудандарында бірдей тарамаған еді, ойткені, тас индустрисының сипаты әрбір жағдайда шикізат көзіне байланысты болды. Мәселен, Балқаштың солтүстік төңірегінде негізгі іске асар материал такта сыныктар түріндегі қара, сұрғылт жасыл түсті, шакиакты девон алевролит болса, Балқаштың солтүстік-батыс төңірегіндегі Бөле тауындағы ежелгі адам порфиритті пайдаланды, ал Ертістің сол жағалауында сұр түсті, тығыз жентектелген кварцит құмтас негізгі шикізат болды. Оның үстіне, Орталық Қазақстанның ежелгі тұрғын-арының леваллуа техникасы тас өндеудің негүрлым ертедегі дәстүрлерімен – кластондық және дөңгелек етіп жасайтын жарықшак-дайындағы өндірісінің жүйелерімен қатар жүрді.

Балқаштың солтүстік төңірегіндегі тұрактардың көпшилігінде тас құралдар бүркелмеген және үстін топырақ баспаған күйде кездеседі және ашель дауірінен бастап коса есептегендеге кейінгі палеолитке дейін тас дауірінің әр түрлі кезеңдеріне катысты болып келеді. Мұның себебі былай тусіндіріледі - орта және соңғы антропоген дәуірлерінде Балқаштың солтүстік төңірегінің климатында күрт өзгерістер болған жоқ, сондықтан бір замандары адамдардың алғашкы үжымдары қобінесе өздерінің арғы бабаларының таңдал алған негүрлым ыңғайлы жерлерін мекендеді. Әдетте, әр түрлі дәуірлердің ескерткіштерін мәдени қабаттаңа каратай айырады, ал бұл аудандарда мәдени қабаттың қалыптасуына су мен желдің күшті әрекеті қедергі болды. Кейінгі палеолиттің ақырғы кезеңінде ғана ксеротермикалық климаттың басталуына байланысты адамдар Балқаштың солтүстік төңірегінің бір кездегі сулы, жасыл алқаптарынан кетуге мәжбүр болды.

Алайда Орталық Қазақстанның шығыс аудандарындағы палеолиттік ескерткіштердің бәрі бірдей аралас коллекциялармен сипатталмайды. Олардың кейбіреулерінде ашель-мустье дәуіріндегі құралдар “таза” күйінде кездеседі. Бұған Орталық Қазақстанның солтүстік-шығыс жақ шетіндегі Құдайқөл көлінің жағасындағы тұрак-шеберхана мысал бола алады.

Ежелгі адамдар көлдің жарқабагындағы палеоген тегінен құралған сөре алаңқайра орта антропогеннің басында, климат жылы және

ылғалды болған дәуірде қоныстанған. Ал бұл қоныстарынан олар Сібірдің мейлінше (самарлық) мұздануы заманында кетті; бұл кезде Батыс Сібір мен Алтайдың мұзды аймақтарының арасында түрган Ертістің сол жағалауында күргөз және сұық климат бастады.

Құдайкөл тұрағындағы құралдар тығыз жентектелген кварцы күмтастан жасалған. Олардың арасында үшкіл және тілік секілді сиңіктардан жасалған 16 қол шапқы, жогары жағы шағып түсірілген жаңқадан дайындалған 5 ауыр жонғыш бар. Алайда коллекцияның деңін тік бұрышты және үшкіл түрпatty бір алаңқайлы өзектастар (70 дана), соңдай түрпatty жарықшактар мен тас тілістері қурайды. Заттардың бүкіл кешені тас ондеудін леваллуалық дәстүрінде жасалған.

Мустельктердің болған іздері Жоғарғы Ертіс өнірінен де табылды. Қанай ауылы маңында Нарым жотасына онтүстіктен жіппек деловийлік-проловийлік алаңқай жалғасады. Палеолиттік құралдар алаңқайды 10 метрдей тескен осы заманғы карьерден және оның айналасынан жиналды. Мұжілуі, жасалу техникасы және бітімдері жағынан бұл құралдар үш топқа болінеді. Ең ежелгі топқа жататын құралдарға мейлінше таттанып, мұжілген, үшкіл де көлемді тас жаңқасынан істелінген, соғар шеті барынша түзетілген үшкіртастар, дөңгелек өзектастар және долбарлан түзетілген үшкіл тас жаңқалары жатады. Осындай тас жаңқалардың бірі карьердің кабыргасын тазартқанда 5 м терендіктен табылды; мұның езі бұл топтың тым ерте кезге жататынын көрсетеді.

Құралдардың басқа екі тобы уақыты жағынан кейінірек жасалған. Бұларды жасау үшін пайдаланылған материал қара және жасыл малта тас болған.

Нарым өзенінің құйылсызына жақын жерде, жағадағы малта тасты тұнбадан біраз заттар жиналды. Олардың ішінде бұрыс қырлы өзектастар, үлкен-үлкен қырғыштар, үшкіртастар, дөңгелек құралдар, көне тас жаңқалар бар.

Қанай тас құралдарының бір тобымен бірге табылған плейстоцендік жануарлардың сүйектерінің абсолюттік жасы 132-104 мың жыл деп белгілентен; мұның езі палеолиттің археологиялық түрғыдан дауір-дауірге болінуімен өбден үйлеседі. Алдыңғы Азия жөнінде белгіленуі бойынша мустең дәуірі будан шамамен 40 мың жыл бұрын аяқталған, ал оның ұзактығы 50-60 мың жыл болуы өбден мүмкін.

Шығыс Қазакстанда өзірше си ертедегі құралдар мустельк түрпattагы құралдар болғандықтан, Ертістің жоғарғы жағын адам алғаш рет мустең дәуірінде игерген деп топшылаған жән.

## Кейінгі палеолит

Дене бітімі қазіргі кездегідей адамның (*Homo sapiens*) пайда болуы кейінгі палеолит доуірімен байланысты. Осы уақыттан бастап гоминидтердің эволюциясында шешуші өзгеріс болады және нағыз адамзат тарихына біржолата көшу басталады.

Алғашқы *Homo sapiens* өкілдерінің пайда болуы әдетте б.з.б. 50-45 мың жыл бұрын болған делінеді. Оған төн белгілер 1868 ж. Франциядағы Кро-Маньон үңгірінде табылған бес қанқаны зерттеу негізінде анықталды. Кроманьондық адамның сүйектері Еуропа-ның басқа географиялық аймақтарынан да табылды.

Кроманьондық адамның түрпательнда осы заманғы адамдарға тән ерекшеліктер айқын бітінеді; мәңдайы жазық, ніліцкі қас, сүйегі (көздің үстіндегі шығындық сүйектің орнына), бас сүйегі сопак, иегі шығындық, мұрны жіңішкелеу, көз шұңқыры кішкене, т. т. Кроманьондықтарға тән нарсе – басының сопақтығына қарай мәндайы кең, беті өте жалпақ, жағы тікше және ми қауағы кең (1500-1800 см<sup>3</sup>), бойы биік (168-194 см), сүйектердегі бұлшық ет бедері айқын қорінеді. Салыстыра зерттеу мынаны көрсетті: *Homo sapiens* ми қабығындағы адамның нақ қоғамдық өмірінे тығыз байланысты бөліктегі ерекше дамыған, бұлар оның жаңуарлық пигылдары мен түйсіктерін тежеу ролін атқарды. Адамдар алдарындағы міндеттерді шешкендес органдар табигат жағдайына бейімделу жолымен ғана емес, көбінесе ұжымдық жұмыс процес-сіндегі өндірістік жетістіктерді жүзеге асыру жолымен де шешті.

Кейінгі палеолит дәуірі – Жер шарының барлық климаттық аймақтарына адамның кеңінен тарай коныстанған уақыты және нәсілдер мен нәсілдік топтардың қалыптасу уақыты.

Қазақстан аумағынан табылған жоғарғы палеолиттік адамның сүйек қалдықтары толық емес, кейбір сүйектер ғана бар, алайда едәуір үлесін Қазақстан алып жатқан Еуразияның ішкегін сонау аргы заманда протоевропеондтік нәсіл түріндегі адамдар мекендереген дең топшылауга өбден болады.

Ақыл-ойлы адамның шығуы мен кейінгі палеолит дәуіріндегі адамзат қоғамының материалдық және рухани мәдениеттің одан әрі дамуы арасында тікелей байланыс бар, рулық қауымның қалыптасу үрдісімен, адам ұжымының қоғамдық үйымдастының өзіне тән алғашқы түрпаты ретіндегі рудың шығуымен тікелей байланысты. Рулық үйым барлық жерлерде ана текстес және шеше жағынан топтасты, ал әйелдер қауымын да үстем жағдайда болды дең

топшыланады. Сонымен, аналық ру өзара қандас туыстығы арқылы біріккен және шешелері жағынан шыккан тегі бір адамдардың экзогамиялық тобы болды. Сондай-ақ әйелдердің қоғамдық өмірдегі жоғары дарежесі де қауымдық үй шаруашылығының взгешелігінен, руды өрбітуші ретіндегі әйелдің отбасындағы ролінен туындалы. Ежелгі адамдардың идеологиялық үгымдарында ру бағыты және ошақ иесі ретіндегі әйелге табынуышылықтың пайда болуы кездейсоқ емес.

Кейінгі палеолит дәуіріндегі адамның дүниетанымы курделенс түсті. Аңшылар магиясына табыну күлті кең тарады; мұның негізінде жануарларға билік етуге оның бейнесі арқылы жетуге болады деген сенім жатты. Магияның әмбебап түрі сол кезде пайда болған алғашқы өнердің жарқын туындылары деп топшыланады. Оның басты тақырыбы - әр түрлі жануарлардың суретін салып, бітім-түрншатын, мұсінін жасап бейнелеу еді. Сүйектен ойып немесе жұмсақ тастан қашап жасалған әйел мұсіндері жердің құнарлығының, аналық қасиетті бейнеледі.

Адамның жаңы туралы, жердегі тіршіліктің жалғасы сиякты о дүниедегі өмірі туралы үгымдар күрделі әдет-ғұрыптық рәсімдердің пайда болуына өкелді. Өлген адамның денесіне қызыл жоса себілді, оның қеудесіне тесілген кабыршақтардан, жыртқыш аңдардың тістерінен жасалған алқа тағылды, аяғына мамонттың азуынан жасалған білезік кигізілді, киіміне моншақ тігілді. Өліктің касына шакпақ тастан, мүйізден жасалған заттар қойылды.

**Табиғат пен шаруашылық.** Қалыптасып келе жатқан адам өмірі ерістеген табиғат жағдайлары өзгермелі болды. Бұл кез мұз дәуірінің аяғы еді. Қазақстанның көптеген таулы аудандарын соңғы мұздану басты. Оның іздері таулардың етегі мен белдеулеріндегі құлама тастар түрінде осы уақытқа дейін сақталған. Ресейдің еуропалық бөлігінің солтүстігінде мұз қабатының кейін еруі және Кавказ жотасының солтүстік тарамдарының жана тектоникалық көтерілуі Каспий теңізінің деңгейін жоғарылатты, сейтіп, бүкіл Каспий төнірегі ойпатын қайтадан теңі суы басты. Жоғарғы антропоген басталған кезде тау жоталары едәуір көтерілді (жонғар кезеңі) және осы уақытта климат ылғалдана түсті. Мұздықтар ерігенде судың молаюы, Сырдария мен Әмудария арналарының езгеруі шэтикесінде Араз теңізі пайда болды.

Климаттың бірсыныра сұып, жалпы ылғалдануына қарамастан, ол замандағы есімдіктер мен жануарлар дүниесі осы заманғыдан бай болды. Тянь-Шяньда, Орталық және Солтүстік Қазақстанда емен,

қайың ормандары әлі де өсетін, дегенмен, бул кезде жалпы алғанда орман азайып, оның орнына мол бұталы, көделі жайылым көбейді.

Еуразияның ұлангайыр жазығында мамонттық кешен деп аталатын өзинше бір үлгідегі фауналық кешен қалыптасты. Бұл кешеннің көп өкілдерінің қазынды қалдықтары Қазақстанның әр түрлі аудандарында да табылды. Оның негізгі түрлері мамонт, жұндес мүйізтұмсық, түр-бұка, ұсак бизон, ұнғір аюы және жолбарыска да, арыстанға да үқсас жыртқыш ан болды. Олармен бірге жазық далада, тау шалғынында киік, аркар, бұғы-марал, елік және басқа іріл-уакты хайуандар жайылып жүрді. Сол дәуірдің аяғында Алтай тауларында мамонттық кешеннің өзгерген бір нұсқасы қалыптасты. Мұнда негізгі хайуандармен қатар байкалдық қодас пен бүркімүйіз бөкен тарады; мұның өзі осы ауданның фаунасының Байкалдың сыртқы жағын қоса есептегендегі Орталық Азияның хайуанат дүниесімен үқастығын көрсетеді.

Жоғарғы антропогеннің екінші жартысында слеулі-слеулі табиғи-климаттық өзгерістер болды. Азияның басқа жерлеріндегі сияқты, Қазақстанның аумағында да климат құрғап, жылына бастады. Өсімдіктердің азаюы, шөлдің ұлғаюы бәрінен бұрын шөп қоректі ірі жануарлардың тіршілік жағдайларына әсерін тигізді. Мамонттар мен жұндес мүйізтұмсықтар қырылып бітуге тиіс болды, олар біздің заманымыздан X мың жылдан бұрын өліп бітті. Жайық өзенінің сол жағасындағы ең соңғы мамонттардың бірі шамасы бұдан 8000 жыл бұрын өлді.

Палеолит дәуірінде ірі жануарларды аулау адам қорегінің басты негізі болды; ал ірі жануарлардың құруы адамның тұрмыс жағдайларын өзгертті. Енді орташа және ұсак андарды аулау үшін неғұрлым жетілдірілген жана құралдар қажет еді. Аңызылар топтары кейде тамақ ізден ұзак сапар шекті. Кезіп жүрген топ-топ аңызылар тұрақтарының негізгі түрі женіл құркелер мен ашық далада от жағылған уақытша қостар бола бастады.

Өзектастардан тас тіліктерін жарып алу техникасы жетілдірілді; мұның өзі тасты дәл өңдеуге алып келді. Мустең дәуіріндегі дөңгелек және үшкіл өзектастарды призма секілді өзектастар алмастыра бастады. Осындағы бір өзектастан бұрынғы уақыттарынан екі-үш тас тіліктерін емес, ондаған жұқа тас тіліктері алынды, олар жүзі қайта өндөлмей-ақ іске жаратылды; ал кейбір құралдар қысып түзету арқылы өндөлді. Осындағы техника арқылы, сыйықтың жүзін қатты нөрсемен (таспен, сүйекпен, мүйізбен) басу арқылы көне замандағы шеберлер бітімі әр қылы құралдар жасай білді.

Құралдарды жасағанда адам отты шебер пайдаланды. Тасты бірте-бірте қыздырып, кейін сұту оның құрылымын өзгертті; мұның өзі құралдарды қысып түзету техникасы арқылы өндөуді жеңілдettі.

Әр түрлі іске қолданылатын енбек құралдары пайда болды. Кейінгі палеолитте жонғыштар, сүйір және дөгал шетті қырғыштар, екі шеті жұқартылған тас тіліктегі, бүйірлі және ортаңғы жұзді кескіштер, наиза мен сұнгінің үштари, шұнқырлы тас тіліктегі, тескіштер секілді әр килем құралдардың саны оннан асып кетті. Эсіресе тас тіліктегі мен жаңқаларынан дайындаған кескіш құралдар көп еді, олардың үшкір бұрыштары кесе-қолденең келетін шетіндегі тас тілігінің жазықтығына орналасып, кесетін жұз жасап омырылды.

Кескіштердің көп болуы сүйек өндөудің рөлі өсеп түскенін көрсетеді. Бул материалдан шақшак жұзді және сүйек салты құрама құралдар, қилем бүргелар, тескіштер, ауланған жануарлардың терісін өндейтін қырғыштар, наизалар мен сұнгілердің сүйек үштари, шанышқылар, лақтырылатын наизалар жасалды. Сүйек инелер пайда болып, адам теріден киім тігуді үйренді.

Аң аулау шаруашылықта бұрынғыдай жетекші рөл атқара берді. Бірақ аңшылық құралдарының әр қилем болуы, аң аулаудың, жана әдістері (отты қолданып аңды камау, оны ұсташа үшін қамба казу, арканга байлап тас лақтыру, аран жасау) шаруашылық кәсіптің бұл түрінің өңімділігін арттырды. Алғашкы адамдар ынғайлы жерлерде шанышқыларды, қыска істік сүйектен жасалған долбарлы қармактарды пайдаланып, балық аулады.

Адам бұрынғыша әр түрлі өсімдік тағамдарын: жабайы жанғақ, жидек, жабайы сәбіз, қымыздық, жуа және кейір өсімдіктердің түйнектерін теруді кәсіп етті.

Кейінгі палеолитте, әсіресе, оның климат сүйеган бірінші жартысында, адамдардың қоныстары кішігірім қырдың төбесіне жақсырап салынған баспаңалар болды; булардың орынан археологтар баспаңалардың тіреуіштері қазылып орнатылған көптеген шұнқырларды және көп от жағылған жерлерді тауып жүр.

Жоғарғы палеолиттік адамның материалдық мәдениеті жер жүзінің әр түрлі аудандарында әр уақытта қалыптасты, сондықтан оның тарихи даму жолдары бірдей болған жоқ. Сірә, көбінесе тас құралдарды өндесу техникасы жағынан айырмасы бар екі үлкен аймақ болды. Еуропа мен Алдыңғы Азияда ежелгі адам призмалық өзектасты өндөудің жаңа техникасын өте ерте игерді. Африкада

және Қазақстанның, Орта Азияның іргелес аудандарын қоса Орталық Азияда индустрияның негізгі формасы өлі көп уақытқа дейін тасты бөлшектеудің ескі левалуаулық техникасы болып қала берді. Мұнда тек кейінгі палеолиттің соңғы кезеңдерінде, мезолитке жуықтағанда гана жаңа призмалық техникаға көшу басталады.

**Тұрактар мен жекелей табылған заттар.** Қазақстан аумағында кейінгі палеолиттің толық зерттелген ескерткіштері көп емес. Жоғарғы палеолиттік түрпаттармен бірге Қазақстандағы тас құралдардың негізгі көшілігінде тұтас ұзыниша малта тастардан жасалған ежелігі шапқы қуралдар, жұзі шығыңқы немесе имек ауыр қырғыштар, дөңгелек өзектастардан алынған үшкіл тас тіліктері ✓ бұрынғыша басты орын алады.

Көне замандарда тас өндедің жергілікті қазақстандық-ортаазиялық әдістері соңғы палеолитте Алтай мен Сібірді мекендеушілердің арасында кеңінен тарады.

Балқаштың солтүстік төнірегінің жоғарғы-палеолиттік ескерткіштерінің соңғы шекарасы осы заманғы антропогеннің басталуымен немесе геологиялық голоценнің басталуымен тұстас келеді. Нақ осы уақытта құрғақ климаттың басталуына байланысты ірі сұт қоректілердің аулайтын аңшылар тайпалары кеүіп қалған шалғын алқаптардан кетуге және мамонттардың, бизондардың сонынан ере отырып, солтүстікке қарай ылғалы мол аймақтарға қоныс аударуга мәжбүр болды. Олар <sup>Т</sup>оранғы өзенінің аңғарындағы, Тұлқілі мен Семізбұғы тауларының бектеріндегі көптеген тұрактарда талай тас заттар: сына тәрізді өзектастар, өзектас-қырғыштар, шомбал дөңгелек тас жаңқалары мен пышақ тәрізді тас тіліктеге негізделген қырғыштар, органды қыры кесетін кескіштер, мұстьелік бітімді үшкіртастар, “сібірлік” түрлітті ауыр қырғыштар қалдырды. Орталық Қазақстанның басқа жерлерінен, мысалы, Батпақ-7, Қарабас-3, Ангренсор-2 жүрт-орындарынан да тас құралдар табылды.

Мұстьелік Батпақ-8 ескерткішінің қасындағы бірінші тұрақтың қалың мәдени қабаты бар. Онда мамонт фаунасына жататын сұт қоректілердің сүйектері табылған. Заттардың ішінен үш бұрышты және трапеция тәрізді жасалған өрі жан-жағынан жарылып алынған екі ірі тас тілігі ерекше көзге түседі.

Қарабас-3 жүрт-орынан (Қарғандының оңтүстік-батыс жағында) 172 порфириттен жасалынған бүйім жиналды. Олардың ішінде дөрекі тас жаңқалар, екі дөңгелек өзектас, тас жаңқалары шағып алынған із байқалатын алты үра-тас, үш дөрекі тас тілігі, шапқы құралдар және сұнгі ұшының сыйныбы бар.

Ушінші тұрақ Орталық Қазақстанның шығыс жақ шетінде (Екібастұз қаласының оңтүстік жағында), Ангренсор көлі солтүстікten орап жатқан шоқының оңтүстік баурайына орналасқан. Бұл жерден яшмадан жасалған 1000-нан аса бүйім жиналды. Олар - көп алаңды дөңгелекше келген сүйір өзектастар, соқла қыры жақсы аңғарылатын қысқа және жалпақ тас жаңқалар, тас тіліктері, жонғыштар, шапқы тәрізді құралдар, қырғыштар, кескіш-тескіштер, сұнгінің жапырақ тәрізді үштегілер сыйнұктары.

Шығыс Қазақстан ескерткіштерінің ішіндегі ең көрнектілері үш жерден табылған тұрактар.

Бірінші тұрақ Бұқтырма өзенінің құйылсынына жақын жердегі кішігірім әкті үңгірге кіре берісте орналасқан. Батыс жағынан кіретін аузы бар үңгір екі үңгіме қуыстан тұрады; бұлар екеуіне ортақ кең және биік жаппа арқылы біріккен. Мәдени қабатты үш жыл бойы қазғанда жер ошақ қалдықтары, еңбек құралдары, жабайы андардың сүйектері табылды. Жоғарғы-палеолиттік адамның аулаған аңдары Бұқтырма үңгірінде плейстоцендік және осы заманғы фаунаның ерекше назар аударарлық қоспасы болып шықты. Онда мамонт пен жүндес зубр, арқар, марал, үңгір коркауы, коныр аю, құлан, қасқыр, Кноблох түйесі, елік, т.б. аңдар сүйектері бар.

Коллекцияда тас тіліктерінен жасалған қырғыштар бар, олардың бірі жалпақ дөңгелек тастан жасалып, айналдырыла түзетілген; шеттері түзетілген және үшы дөңгелек етіп жасалынған пышақ тәрізді шомбал тас тілігі, пирамида пішінді шағын өзектас, призма секілді өзектастан алынған тас тіліктері, екі шетінде де жұмыс ізі бар порфириттен жасалған тоқпакша бар. Бұлармен бірге малта тастан істелген шапқы құрал, жалпақ тас жаңқасынан жасалған қырғыш және түзетілмеген тас жаңқалары табылды.

Ертістің оң жақ жағалаудағы Новоникольское турагынан табылған тас құралдар 0,9-1 м терендікten шыққан. Бұл заттар кешені Қазақстан аумагындағы жоғарғы-палеолиттік кезеңдегі мәдениетке тән. Мұнда үлкен тас жаңқадан дайындалған жұмыс шеті шығыңқы үш бұрышты түрпітті қырғыш, үшкіртас түрінде түзетілген құрал, призма тәрізді өзектастар және олардан шағып алған тас тіліктері, ақырында, тұтас малта тастан жасалған ауыр шапқы құрал бар.

Ушінші қоныс – Шұлбі, Семей облысы (Шығыс Қазақстан – ред.), Новошульба ауданы Старая Шульба кентінен шығысқа карай 3 км жерде. Ескерткіш Ертіс өзенінің оң жағасындағы, Ертіс

өзенінің оң тармагы болып табылатын Шүлбі өзені сағасына жақын жердегі 35-40 метрлік сореде орналасқан. Сөре құрылымы оте күрделі. Табандығы шақпақты сланецтерден, шоғырлы болігі – күм мен балшықты топырақтан тұрады. Кей жерлерінде оны қішігірім жыралар кесіп отеді.

Мұнда аңшы-адам үзак турактагандығын тас бұйымдары мен шағын ошақтар айқындайды. Тас бұйымдары барлық үш горизонттардан шыққан, бірақ олардың ен көбі 5000-нан астамы үшіншіден жинастырылған. Тас бұйымдар коллекциясында сүйір, сына, призма сипатты өзектастар, жонғыштар мен қырғыштар, үшкіртастар, тескінтер мен шой-балгалар ерекше көзге түседі. Малта тастан жасалған бұйымдар оте ірі көлемді, олардың қайсыбірі, әсіресе өзектастар дәңгелек өрі тығыз. Үшінші горизонттың еденін тазалау кезінде әрқайсының диаметрі 15 см-ден кем емес 6 дәңгелек келген қара дақ аныкталды. Бәлкім, бул баспананың төбесін тіреп тұрган ағаш бағаналардың ізі болар. Одан басқа, малта тастандардан соғылған 2 ошақ орны, диаметрі 25 см от орындары аршылған.

Олжатардың горизонттар бойынша біркелкі көлемде болмауы, жоғарғы горизонтта шағын түрліліктерден шығындырылған. Алардың көлемдерінің – тәменгі қабаттарда кездесуі – туракты мекен еткен адамдардың палеолит пен неолитте өмір сүргендігін көрсетеді.

Шығыс Қазақстанда тас құралдар табылған жүрт-орындар Алтай мен Сібірдің Сростки, Бирюса, Афонтова гора-2, Кокорево-2 жоғарғы-палеолиттік ескерткіштеріне үқас.

Оңтүстік Қазақстанда кейінгі палеолиттік ескерткіштер онша көп емес. Олардың арасынан Аңшысай турагы зор қызыгуышылық туғызды. Оның қалдықтары Тұрлан өзенінің (Терісақкан, Шолак-корған кенттің батысында) биік сол жақ алапқайында. Алапқайдың суректен туратын жарының астыңғы қабатында күмдақ пен күм басып қалған 5-6 метр құлама және малта тас қабат бар; одан жоғары 12-14 м қалыңғы саздақты, ол қалыңдығы 0,3-0,4 м жіктерден кураңған. Саздақ қабат сөре төрізді алапқайдың бетінен 10 метр терең қазылғанда ашылды.

Жер бетінен 7,5-7,8 м терендікте мөдени қабат аршилды. Онда 15 от орны бар болып шықты; бұлардың жаңында хайуандардың (бизон, тау койы, жабайы жылқы) уатылған сүйектері және өр түрлі шақпақ тас бұйымдары табылды. Аңшысай турагының алғашқы аңшыларының қалдырған құралдары арасында қырғыштар, үшкіртастар, пышақ төрізді тас тіліктері, тескіштер бар. Сонымен

қатар призма және сүйір пішінді өзектастар, өндірістің көптеген қалдықтары табылды.

Соркөл көлі (Байқадам ауылының шығысында) қазаншұңқырының екінші сөре тәрізді биікшесіндегі екі жерден тас бүйымдардың тағы бір коллекциясы табылды; ондағы бүйымдарды жасауға шакпақ тас пайдаланылған - арқа тусы кең бұрыс қырлы тас жаңқалары мен тіліктері, призма және сүйір тәрізді өзектастар, қырғыштар.

Ақырында, бірқатар кейінгі палеолиттік көрнекі құралдары Үсіктас өзенінің үшінші алаңқайтың жарқабагынан ашылды. Шағын алаңқадағы қырышық тастанар мен малта тастанар қабатынан шакпақ тас бүйымдары шықты. Тас жаңқаның бірі талай рет омырылған белгілер мен айнала түзетілген іздерді сактаған. Басқа ондаған шакпақ тас бүйымдарының арасынан алдын ала талай рет өнделген белгілері бар, үзын пышак тәрізді жалпақ тас тіліктері ерекше көзге түседі.

Қазақстанның кейінгі палеолиттік замандағы ескерткіштері жете зерттелмеген, ал Батыс және Солтүстік Қазақстан сияқты кейбір аймақтарда олар белгісіз дерлік. Бірақ қолда бар мәліметтер адамның және оның мәдениетінің прогресі жалғаса берді деген корытынды жасау үшін өбден жеткілікті (республика аумагынан археолог Д.Байгунаковтың есептеуінше 450-ге жуық палеолиттік ескерткіштер табылған – ред.). Қазақстан аумагында адамзат қоғамы дамуының үздіксіз болғанын неолит заманының табылған көптеген заттары далаледеп береді, ал бұл заманды біз тас ғасырының кемелденген дәүірі деп атайды.

## Неолит

Тас дәуірінің тарихында Қазақстан аумагында мезолит пен неолит заманы б.з.б. XII-X және III мың жылдықтардың арасындағы уақытты қамтиды. Жаңа тас дәуірінен металлдарды кеңінен пайдалануға бет алған етпелі дәуір әдетте энеолит немесе мысты-тас дәуірі деп аталады. Аңшылар мен балықшылар тайпаларында бұл дәуір археологиялық материалдар бойынша өр уақытта бірдей жеткілікті айқын түрде бейнелеңбекен, сондықтан Қазақстанның энеолиті неолитпен бірге қарастырылады. Уақыты жағынан біршама қысқа осы заманда өндірістің және адам өмірінің көп салаларында маңызды-маңызды өзгерістер болды.

Ол заманда табиғи орта осы заманғы бейнеде болды. Жануарлар дүниесінің түрлік құрамы өзгерді: енді аңшылардың аулау нысаны көбінесе бизон мен жылқы, жабайы ешкі мен киік, қоян мен үйрек болды. Аңшылықтың жаңа құралдары ойлап шыгарылды. Андарды бірлесе куалап, қамап ұсташа әдісімен қатар жеке-жеке аулау зор маныз алды; балықшылық кәсібі өрістеді.

Мезолит заманында ірі-ірі екі оқиға болды: садақ пен жебе ойлап шыгарылды және микролиттер – үш бұрыш, ромб, трапеция, сегмент тәрізді шағын тас тілкішелері пайда болды. Неолит дәуірінде микролиттік индустрія ерекше көнінен өрістеді. Микролиттер негізінде жебенің үштары мен қыстырма құралдар жасауға жұмысалды: сүйек немесе ағаш саптың ұзына бойындағы құystарына ондаған ұсақ микролиттер тығылды; нақ осылар құралдың өткір жүзі болып шықты. Желім ретінде тау балаузызы, кара май, битум пайдаланылды.

Б.3.б. В мың жылдықта басталған неолит тастың пайдалы қасиеттері барынша пайдаланылған дәуір болды. Еңбек құралдарын өндіру барған сайын мамандандырылды. Қысып түзету техникасының жетілдірілуімен қатар тас өндеудің тегістеу, бұргылау, арамен кесу сияқты жаңа технологиялық әдістері шықты, бірте-бірте қын өнділетін тастар пайдаланылды, тас балталар, кеппендер, дөнүк-кіштер, келілер, келісаптар жасала бастады.

Дәуірдің аса маңызды белгісі мал өсіру мен егіншілік, яғни өндіруші шаруашылық деп аталатын шаруашылық туды; бұл өндіруші шаруашылық табиғаттың дайын өнімдерін иемдену орнына — жынын-терін мен аң аулаудың орнына келді.

Шаруашылықтың жаңа түрлерінің шығуның адамзат қоғамының дамуы үшін орасан зор манызы болды, адамның еңбек кәсібінің саласын кеңейтті, сонымен қатар оның сипаттың сапа жағынан өзгертті. Адамның экономикалық қызметінің одан кейін талай мың жылдарға созылған бүкіл тарихының дені шаруашылықтың осы екі формасының даму, жетілу тарихы болып табылады.

Неолит дәуірінде алғашқы халықтың қолы жеткен өндіргіш күштер дамуының деңгейі басқа да мәдени-тұрмыстық жаңалықтардың шығуына себепші болды. Қазақстанның ежелгі халқында кен кәсібі мен тоқымашылықтың бастамалары шықты, оған керамикалық ыдыс белгілі болды.

Әлеуметтік жағынан алғанда неолит дәуірі рулық қауым дәуірі болды; онда ұжымдық еңбек және өндіріс құрал-жабдықтарына ортақ мешік үстем болды. Сонымен бірге мұның өзі қоғамның үйимдасу формаларының негұрлым жоғары дамыған уақыты

болды: тайпалар немесе тайпалық бірлестіктер күрүлді. Тайпалар қандас-туысқандық байланысына қарай және шаруашылығының біртекті сипатына қарай біріккен бірнеше (саны азды-көлті) рулық қауымдардан күрүлді.

Қазақстан аумағындағы өуелті неолиттің ескерткіштері өзірше аз зерттелген. Алайда күмәнсyz жай сол, қазақстандық неолит бұрынғы КСРО аумағында жана тас дәуірінде болған тарихи-мәдени үрдістердің басты-басты бағыттарында дамыды. Бұл үрдіс неолиттік мәдениеттердің сан алуандығымен, Еуразияның табиги-климаттық жағынан әр түрлі өлкелерінде ірі-ірі тарихи-мәдениеттік аймақтардың қалыптасуымен сипатталады; ал бұл аймақтар біргекті шаруашылық көсіп арқылы, материалдық және рухани мәдениеттің үқас түптері арқылы бірікті.

Халықтың “мәдени қауымдастық” деген үгым біріктіретін тарихи түрғыдан қалыптасқан осындай топтарының біріне неолит дәуіріндегі ежелгі Қазақстанның тайпалары да енді. Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл қауымның шекаралары өте кең болған. Олар Қазақстан мен Орал маңынан басқа Батыс Сібірдің далалық аудандарын, Алтайды және Орта Азияның солтүстік аудандарын қамтыған. Бұл қауымға енген тайпалардың көпшілігі аңышылыққа, балық аулауға, жиын-терінге негізделген үқас шаруашылықпен шұғылданды, ал кейінірек оларда мал өсірудің, егіншіліктің және кен кәсібінің бастамалары пайда болды.

Қазір Қазақстан аумағында 600-ден аса неолиттік және энеолиттік ескерткіштердің барлығы мәлім (1980 жылдардағы есکі мәғлұмат, археолог Досбоя Байгунаковтың есептеуінше неолиттік ескерткіштер саны 800-дей – ред.), алайда олардың, басым көпшілігі іріктеліп қана зерттелді. Неолиттік тұрақтар орналасу сипатына қарай – бұлактық, өзендік, көлдік, үнгірлік тұрақ деп төрт түрге болінеді. Әдетте өзендік тұрақтарда, сондай-ақ көлдік тұрақтарда едеуір көп заттар табылады; мұның өзі бұл жерлерде адамның түпкілікті немесе үзак уақыт тұрғанын көрсетеді. Мұндай тұрақтардағы негізгі құрал-саймандар – пышақ тәрізді тас тіліктері және солардан жасалған бүйімдар.

Қазақстан аумағында бұлактық тұрақтар негұрлым көп тараған, ейткені шөл және шөлейт аймақтарда өзендер аз болады. Бұлактардың жаңындағы тұрақтар – көбінесе кезбе аңышылардың уақытыша, маусымда тұрған жерлері. Қазақстанның шөл даласындағы неолиттік ескерткіштердің бір ерекшелігі сол, олардың көпшілігі – ашық (жер бетіндегі) тұрақтар.

Барлық тұрактарда жергілікті материалдардан жасалған тас құралдар – жебелер мен найзалардың үштәре, балталар, қашаулар, пышақтар, қырғыштар табылды. Белгілі бір карулады жасау үшін тастардың түрлері сараланып, ірітеліп алынатын болды. Шикізаттың әр алуандығы оны үқсатудың әр түрлі техникалық тәсілдерін дамытып, жетілдіруге себепкер болды. Қазақстанның неолиттік ескерткіштері бірнеше аумақтық топ құрайды, бұл топтардың мәдениет жағынан бір-біріне жақын, туыс тайпалардың мекендеғен аудандарына сай келуі ықтимал.

**Қаратай жотасының ескерткіштері.** Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе, Қаратай жотасының солтүстік жөне оңтүстік бөктерлөрінде, жаға тас дәуірінің көп ескерткіштері ашылды. Бүркітті өзенінің жағасындағы алаңқайларын зерттегендеге мезолит дәуіріне жататын тас индустріясының үлгілері жиналды. Өзеннің оң жағасында малта тас қабатында көптеген мезолиттік шакпак тас бүйімдары: жергілікті ұсақ түйіршікті шакпак тастан дайындалған призмалық өзектастар, пышақ тәрізді тас тіліктері жөне олардың сыйықтары табылды.

Халцедондық 140 бүйімнан тұратын ендігі бір коллекция Бүркітті өзенінің жайылма үстіндегі Қойтас қойнауының солтүстік жағындағы екінші алаңқайын тазартқанда жиналды. Тас бүйімдардың ішінде пышақ тәрізді тас тілігінен жасалған бір қырлы мезолиттік трапеция ерекше көзге түседі; оның бүйір қырлары мен үстіндегі жағы тігінен түзетілген.

Мезолит дәуіріне жататын заттардың үшінші ірі тобы Ақтау тауының етегіндегі Үшбұлақ бұлағының ариасынан балшық қабатынан табылды. Қара және ақ майда шакпақтан жасалған бүйімдар жиынтығының ішінде қалам тәрізді, сүйір тәрізді, ұзындығы 3-6 см-дей призмалық өзектастар, шағын тас тілікшелері, тескіштер, трапециялар, қырғыштар бар.

Қаратай жотасының оңтүстік бөктерінде (Шымкент қаласының солтүстік-шығыс жағында) Қараңгір өзенінің оң жағасына орналасқан Қараңгір неолиттік үңгір тұрагын қазғанда неолит дәуіріне қатысты ең көп те көрнекі материал жинастырылды. Мұнда қалың мәдени қабат сакталған; оның жоғарғы белігі соңғы мезолиттен коса есептегендеге неолитке дейінгі уақытты қамтиды. Жер ошақтар мен от орындарының жағынан хайуандардың көптеген сүйек қалдықтары табылды. Ежелгі қараңгірліктердің аулағаны аю, бұғы, жабайы бұқа, қабан, арқар, коян, борсық болған. Үңгірді мекендеушілердің ацишылық корегінде бұлардан

басқа, қыргауыл, қекілік, тасбака болды. Сірө, хайуандарды қолға үйрету басталса керек; мұны қолда ұсталған бұқа мен жер ошақтың қасындағы иттің сүйектері де дәлелдейді.

Қоныс түрғындарының еңбек және аңшылық құралдары жұмырланған ұзынша қырғыштар, призма және қалам тәрізді өзектастар, бүйрлері ойылған және шеттері мұқалған тас тіліктері, тескіштер, садақ ұштары, шот-балталар, тас келісаптар, т. т. болды. Жүздері өндөлгені бар, өндөлмегені бар микролиттік тас тіліктері ете көп; бұлар құралдардың сүйектен немесе ағаштан жасалған сабына орнықтырылатын қыстырма ретінде қызмет еткен. Қоңтеген сүйек заттар – біздер, тескіштер, осы заманғы иненің ежелгі түрі – көзі бар инелер, тегістегіш-жонғыштар табылды, хайуандардың жауырындарынан жасалған құралдар да болды. Бұлар хайуандардың терісін үқсату үшін қолданылды. Әсемдігі жағынан сирек кездесетін заттар – сүйектен істелген, сызықшалары бар өлшеуіш, тесілген кауашақтардан, сызықша өрнегі бар азулардан, сүйек салпыншақтар мен моншақтардан құралған сөндік бұйымдар, хайуандардың топайларынан жонып жасалған мүсіндер шықты.

Қараңгір үнгірінің түрғындары керамикалық ыдыстарды қолмен жапсырып жасау әдісін игерген. Балшық ыдыстардың түбі дөнгелек етіп жасалды, ал олардың сырты кейде қызыл бояумен боялды. Кебінесе ыдыстардың жоғарғы жартысы тісті қалыптен түсірілген сызықшалар, ойықтар, мүсіндер түріндегі өрнекпен ажарландырылды.

Тарихи-мәдени жағынан алғанда Қараңгір Орта Азиядагы “келтеминар” аталағын мәдениет ескерткіштеріне жақын.

**Арал маңынан табылған заттар.** Неолиттік ескерткіштердің жергілікті неолиттік мәдениетін құрайтын келесі бір тобы Сырдарияның көне құйылмасынан белгілі болып отыр. Олардың көбі Сырдарияның ежелгі сағасы болып табылатын Іңкөрдарияның құрғақ арнасынан, ірі құм жалдарын жел айдал өкетіп жататын қазаншұңқырлардан табылды. Тарихи-мәдени жағынан алғанда бұл ауданның ескерткіштері Орта Азияның солтүстік далалық аймактары мен Оралдың сыртқы жағының неолиті ортасындағы аралық қалыпта бола отырып, келтеминарлық мәдениетке де, Оралдың сыртқы онтүстігі мен Аралдың шығыс өңірінің неолиттік мәдениетіне де үқсас келеді.

Мұндағы Жалпақ қойнауынан алты турақ табылды; олардан жапсырылған керамиканың сыйықтары және кварциттен жасалған құралдар жинастырылды. Балшықтан жасалған ыдыстардан көбі -

мойны анық шыгарылып жасалған ірі қыш құмыралар мен дөңгелек тостағандар. Бұлардың екеуінің де түбі томпак немесе жайпак. Ыдыстардың сырты тісті қалыптен басылған және сзып жасалған қарапайым өрнекпен ажарландырылған. Кварциттік бүйімдардың ішінде үсті мұқалған және шеті қисайтылған қыстырмалар, тас тілікшелері немесе тас жанқаларынан жасалынған тескіштер көп.

Қосмола-4 және Қосмола-5 тұрақтарында шакпак тас пен ақ кварциттен жасалған құралдар, өндемеген пышақ тәрізді тас тілікшелер және балшықтан жасалған өзінше бір үлгідегі ыдыс жиналды. Бұл ыдыс бүтіндей ірі құм қосылған балшықтан жасалған, жұка, әжептоуір жақсы күйдірілген, тегістелген, майдаланған; өрнегі жоқ дерлік, мұның өзі неолит үшін сирек күбылыс. Қыш құмыраның жиегі ғана қамыспен батырылып түсірілген ойықтармен, сзықшалармен сөнделген, ал оның сыртына біреуінде көлденеңнен қатар-қатар қамысты батырып ізі түсірілген, екіншісінде терең шұнқырлы және ирек сзықты өрнек салынған. Құмыралар бітімдеріне назар аударуга болады. Дөңгелек тостағандар мен кейде ішіне қарай иілген мойны шығындық құмыралардан басқа, тұрақта төрт-бес науаның фрагменттері кездесті. Осыған үқсас кешен Эмударияның онтүстігіндегі Ақшадария құймасынан, келтеминар мәдениетінің Дингильдже-6 және Кават-7 тұрақтарынан табылды. Олар б. з. б. III мың жылдықтың бірінші жартысына – орта шеніне жатады. Егер Қосмола-4 және Қосмола-5 тұрақтарын сол уақытқа жаткызысак, онда бұлар Сырдария өзенінің көне алқабындағы қазіргі кезде белгілі ескерткіштердің ішіндегі ең ежелгі ескерткіштер болып шыгады.

Арал төңірегінен табылған неолиттік ескерткіштер екі хронологиялық дәүірге – неолит пен энеолитке жатады. Сексуіл-1, Ақеспе неолиттік тұрақтарынан табылған заттардың ішінде екі жағы өнделген жебе мен сұңғі үштари жоқ, бірақ оның есесіне трапеция түрпатындағы қыстырмалар, көптеген ұсақ, дұрыс қырланған, пышақ тәрізді тас тілікшелер бар; ыдыстардың сынықтарында тісті қалыптың таңбасы қалған немесе түтел көлденең ирек сзықтар сзызылған. Ал Сексуіл-2 тұрағындағы жебелердің үштари екі жағынан қысып түзету арқылы мұқият өнделген; олар ойықтау сағалы, қалакша бітімді келеді; сондай-ақ, найзалардың, сұңгілердің үштари, көлемі мен бітімі әр түрлі қырғыштар бар.

Керамикалық ыдыстар — негізінде ұсақ, түбі жайпак және

дөнгелек; мойны дұрыс шығарылып, үстіңгі жағы жалпайтылған. Құмыраларға өрнек салу тәсілдері мейлінше әр алудан: сыйыкты (тік сыйыкты және ирек сыйыкты) тісті қалыптың таңбасын түсіру, әр түрлі геометриялық фигураштар болып шығатын ойықшалар салу болып келеді.

**Орталық және Батыс Қазақстанның ескерткіштері.** Орталық Қазақстанның аумағы неолит пен энеолит дәуірінің тұрақтарына бай. Олар Қарағанды облысында және Қараторғай өзенінің аңғарында негұрлым көп.

Орталық Қазақстанның неолиттік тұрақтарын мекендеушілер садақ пен жебені қолданып, тағы жануарларды аулаумен тіршілік етті. Жебелерінің бітімі жапырақ немесе үшкіл тәрізді, ал сагасы ойық болды. Аңшылар садақ пен жебелерден басқа наизалардың үштарын да көптеп пайдаланды. Қалған барлық саймандар – қыстырмалар мен тас тілікшелер түріндегі микролиттер. Коныстардың деңінде қырғыштар көп кездеседі. Мұнда мезолиттік техниканың дәстүрлери айқын бейнеленген микролиттік кешендер үстемдігі анық байқалды.

Батыс Қазақстан мен Орталық Қазақстанның шекарасында орналасқан Қараторғай тұрақтар тобы Батыс Қазақстандағы тұрақтарға ұксас. Сонымен бірге оның материалы одан әрі шығыска қарай таралатын және Орталық Қазақстанның түгел дерлік қамтины жаңа техникалық тәсілдерді бейнелейді.

Балқаштың солтүстік-шығыс төнірегіндегі неолиттік ескерткіштер бұлактарға жақын және кәдімгі бұлактың қоныстар болып келеді. Мұнда құралдар дайындау үшін пайдаланылған негізгі шикізат – яшмалар, кварциттер және түсі әр түрлі яшмалы кварциттер болған; жылтыр сары опалдар және анда-санда порфирилтер мен коңыр түсті порфирлер кездеседі.

Жардың жайпак төбесіндегі кварцитті тас қашалған орын өзіне қатты назар қудартады; жардың етегінде бұлак орналасқан, онда аздаған шақпақ сайман шықты. Бұлардың көбі (1000 данадан аса) тас қазылған жерден табылды. Мұнда тас жанқалар, өзектас тәрізді сыйықшалар, долбарлы жарықшактар жиналды; бұлар алғашқы ондеудің осы жерде жүргізілгенін көрсетеді.

Жезқазған маңайынан табылған заттар соңғы неолит пен энеолитке жатады. Мұнда тастан жасалған көптеген балгалар, балталар табылды. Басқа саймандар - ірі көлемді тас жаңқалары.

Иманборлық тұрағы (бұрынғы Көкшетау облысы) осы аттас өзенінің сол жағасында орналасқан. Оның жарынан сүйектер, кө-

мір, ұсақ шақпақ бүйымдар, ірі құралдар және керамика жатқан қабаты айқын көрінеді. Мұнда қырғыштар мен сыйырғыштар, балталар мен шоттар, тақтатастан жасалған құралдар мен токпақшалар, найзаларап мен сұнгілердің ұштары табылды. Пышақтардың, оның ішінде орақ тәрізді пышақтардың көптігі шаруашылықтың негізін аңғартады. Жебелердің ұштары қысып түзету арқылы екі жағынан жүқартылған. Ирі шапқы құралдардың ішінен көзге түсетеңдері – сланец тастан жасалған балталар; бұлар ірі сыйықшалар арқылы екі жағынан жүқартылған. Бұл жерден күрзі тәрізді жалтырата тегістелген және бүрғыланған бүйимның фрагменті де табылды; мұның өзі тас өндөудің ерекше техникалық тәсілдері қолданылғанын көрсетеді. Бұның бітімі бір-біріне қосылған екі жарты шар сияқты. Қосылған жерінде ені 1,5 см-дей жайпақ белдік бар, ал бүйимның өзінің диаметрі 10,5 см. Сондай-ақ ара тәрізді, ірі қабыргалардан жасалған үш бүйим табылды; бұлар қысық пышаққа немесе ораққа ұқсас ішкі имегінде көптеген тістері бар.

Қыш ыдысты Иманборлық-2 тұрағының түргындары тасна өдісімен жапсырып жасаған. Сірә, жасалған ыдыстар отқа күйдірілсе керек. Үйдистар әр түрлі: параболоид турпатты; ернеуі илген және бүйірі шығыңқы; жиегі тік, мойны біраз ұзын және бірте-бірте кесі беретін бүйіріне жалғасады. Өрнек салудың негізгі техникалық тәсілдері: – әр түрлі тарақ тәрізді қалыптармен жасалған ойықтар және сзықшалар. Бұған қоса ыдыстардың беті көрпешелермен және шұңқыршалармен сөнделетін болған. Өрнек салу өдісі мен сурет композициясы жағынан алғанда бұл қыш кешен Орал ескерткіштерінің тобына ете үксас.

Иманборлық-2 тұрағының қыш ыдыстары мен Батыс Қазақстандағы тұрақтардың қыш ыдыстарының техникалық тәсілдері мен өрнек композициясының ортақтығы бұл өнірлерде шығыс шекарасына Наурызым қорығы енетін біртұтас этникалық мәдени ареалдың болуы ықтимал екенін көрсетеді. Иманборлық-2 тұрағында, Солтүстік Қазақстандағы тұрақтар мен Оңтүстік Оралдағы коныстарда нақ бір құрамдағы жануарлардың (жылқының, сиыр мен қой-ешкінің) сүйектері табылды.

Батыс Қазақстан аумағында негізінен өзендік және көлдік типтегі тұрақтар көп тараған.

Үстіргіт қыратындағы қыска мерзімді тұрақтар ерте заманға жатады. Мұнда табылған саймандар әр алуандығымен ерекшеленбейді: трапеция тәрізді құралдар, кескіштер ғана; қыш ыдыстар жоқ.

Батыс Қазақстанда келтеминар мәдениетінің кезінде С.П.Толстов үсынған бір ғана нұсқасы бар. Келтеминар мәдениеті б. з. б. IV мың жылдық аяғы мен б. з. б. II мың жылдық бас кезімен мерзімделінеді және Қазақстан мен Орта Азияның үлкен аумағын қамтиды. Тас индустріясы орташа және шағын қолемдегі тас тілікшелер түріндегі дайындалармен, тас тіліктепе сиыншылдар мен жаңқаларымен сипатталынағы. 1989-1990 жылдары Гурьев облысынан (қазіргі Атырау облысы – ред.) Шатпакөл, Құлсары-1-5, Шандыауыл, Қызметшек, Қайнар, Жыланқабак, Қойқара, Сарықамыс, Шаянды, т. б. тұрактар мен жүрт-орындар табылған. Шатпакөл жүрт-орны Ембі ауданындағы Шокпартогай ауылынан 12 км солтүстікке қарай орналаскан. Тас бүйімдарынан пышақ тәрізді тас тіліктепе мен жаңқалары бар. Қыш ыдыстар сиыншылдар бұлак жаңындағы шағын баурайдан табылған. Құлсары-1-5 тұрактары Құлсары ауылы маңында шоғырланған. Олардың барлығы жол құрылышы мен газ құбырларын салу жұмыстарының нәтижесінде бүлінген. Қөптеген тас заттар арасынан түзетілген немесе түзетілмеген пышақ тәрізді тас тіліктепе, тас жаңқа мен тіліктерден даярланған қырғыштар, кескіштер, екі жағы өндөлгөн сапты жебелер, бүйірі ойықты (анкош) құралы, өзектас пішіндес жарықшактар және призма бітімді өзектастар айқын байқалады. Қыш ыдыстардың көпшілігі орнексіз, тек кейбірінде ғана қолденен-цинен түсін сызықтар бар, бұлардан тік немесе жоғары қарай сызықтар тартылған.

Шандыауыл Құлсары ауылынан солтүстік-шығыска қарай 22 км жерде. Тас бүйімдары кейінгі уақыттағы Аққызытогай моласынан онша ұзак емес жерден табылған. Бұлар – тас тілікті қырғыштар, екі шетті қырғыштар, тас жаңқалары мен қыш ыдыстары.

Қызметшек жүрт-орны Иманқара таулары маңынан, Жантерек темір жол станциясынан оңтүстікке – оңтүстік-шығыска қарай 37 км жерден табылған. Тау үстінен призма тәрізді түрпаттағы өзектастар, үстіндегі қырлары түзетілген тас тіліктепе және қыш ыдыстар сиыншылдары жинастырылған. Осындай артефактілер Қайнар өзенінің биік жарларынан да табылған.

Жыланқабак пен Қойқара жүрт-орындарына “шырша” және майда “тарақ” өрнектер салынған қыш ыдыстар тән. Тас бүйімдары жоғарыда аталған индустріяларға үкссас.

Сарықамыс және Шаянды тұрактары Гурев (Атырау – ред.) облысы Ембі ауданындағы Сарықамыс ауылынан оңтүстікке қарай 3 км жердегі құм тобелерінен табылған. Бұдан пайдаға асырыл-

ғандықтың ізі байқалмайтын пышақ тәрізді тас тіліктерінің үлкен белігі, үсті түзетілген бірнеше тас тіліктері, тас тіліктері мен жаңқаларына негізделген ойықты құралдар жинастырылған. Қыш ыдыстар бөлшектерінде басылған қигаш оюлар, көлденең сзық пен үш бұрыш тәрізді геометриялық фигуralар анықталды. Боялған қыш ыдыстар жок.

Жалпы алғанда, тұрақтар мен жүрт-орындардағы индустрія өнделуі мен жарықшақсануы бойынша жакын, олар: шеттері түзетілген, бір және екі шетті, үсті доғал және омырылған немесе шетті бір не екі жағынан тік тас тіліктері кеңінен тараған, шетті қырғыштар, тас жаңқа мен тіліктерге негізделген ойыбы бар қырғыштар.

Шақпак тас саймандары кей жағдайда Қараұнгір (Оңтүстік Қазақстан) үнгірі мен Өзбекстан жер өңдеуші неолиттік тас бұйымдарымен үндеседі. Мұның негізінде келтеминар мәдениетінің жергілікті нұсқасын батыс-қазақстандық ретінде бөлу заңды да.

Солтүстік-батыс Қазақстанның тұрақтары уақыты жағынан негұрлым бертініректегі тұрақтар болып табылады; оларды мекендеушіләр пышақ тәрізді тас тіліктерді кеңінен пайдаланды, бұлардан барлық тас құралдарды – қыстырма құралдардың жүздерін, жебелердің үштарын, қырғыштарды жасады. Қыш ыдыстар бітімі жағынан да, өрнектелуі жағынан да ерекше; ирек сзықты немесе геометриялық тарап тәрізді өрнек, не болмаса осы екеуінің қиоласуы тән болып келеді.

Бұл ауданың неолиттік тайпаларының мәдениеті Оңтүстік Оралдың, Солтүстік Қазақстанның және Арад маңының неолит мәдениетіне үқсас; мұның өзі, сірә, ол дәуірде Солтүстік-батыс Қазақстанда құрделі тарихи үрдістер болғанын көрсететін болса керек.

Ыргыз өзені бойындағы тұрақтар тобы одан да горі сонғы уақытқа жатады. Бұл тұрақтардың тұрғындары бұйымдардың көпшілігін тас тіліктерден жасады.

Ыргыз ыдыстарындағы өрнектер тарап торізді ірі қалыптен түсірілген. Мұнда өрнектелмеген ыдыстар да көп.

Осы белгілердің бәрі ырғыздық тұрақтар тобын Батыс Қазақстанның басқа неолиттік ескерткіштерімен жақындастырады.

**Жоғарғы Ертіс өңірінің қоныстары.** Шығыс Қазақстанның неолиттік тайпаларының ең ірі қоныстары Ертістің жоғарғы өңірін табылып, зерттелді. Бұларга негізінен Усть-Нарым мен Мало-Красноярка деревняларының жанындағы ескерткіштер жатады.

Усть-Нарым қонысынан  $800 \text{ m}^2$  алаң аршылды. Шыққан заттардың басым белігі, сондай-ақ баспаналар, жер ошақтар және шаруашылық шұнқырларының іздері 2,5-2,8 м терендіктен шыкты.

Қоныстың мәдени қабаты жұқа күм қабат арқылы екі беддеуге бөлінеді. Усть-Нарымда 25 жер ошақ пен от орны, көптеген тас құралдар табылды. Қоңа замандағы аңшылар мен балықшылар мүнда ағаштан жасалған жеңіл құркелерде және есігі өзен жақта қарайтын чумдарда тұрған. Қоныстан жабайы бұқаның, маралдың, еліктің, қабанның, құндыздың, тұлқинің, сұйырдың сүйектері табылды. Сол жерден сүйектері шықкан кой-ешкі, сірө, қолға үйретілген болса керек.

Шығыс Қазакстан неолитінің Оралдың сырты, Батыс және Оңтүстік Қазақстан неолитінен өзіне тән ерекше бір белгісі сол, ондағы шақпақ тастан жасалған енбек құралдарының ішінде геометриялық түрпілдік заттар – трапециялар, сегменттер, тағысын тағылар мүлде жок. Мүндагы құралдар көлемі әр түрлі пышақ тәрізді тас тіліктегі мен жанқалардан жасалған. Саны он бес мыңдан асатын шақпақ тас бүйімдарының ішінде бір немесе екі жағынан түзетілген тас тіліктегі, тас тіліктегірә немесе тас жанқаларына негізделген әр түрлі қыргыштар, жонғыштар, сағасында ойығы бар жебе үштары, ауыр тас тіліктегірәндеңі имек жүзді пышақтар, наизалардың үштары, кескіш, тескіш құралдардың, орактардың қыстырмалары, балталар, шоттар, қашаулар, тоқпақшалар, балық аулайтын қармактардың бөлшектері бар.

Сүйек заттар аз. Бұлар — біздер, көзі бар инелер, ірі құстың сүйегінен жасалған, шырша тәрізді өрнегі бар ине қап, т.б. Ойма өрнекпен сәнделген, сабының жоғарғы жағында ойық тесігі бар қыстырмалы сүйек қанжар ерекше назар аударады. Қанжардың жүзінде түзетілген ете жұқа шақпақ тас тілішелері сақталған.

Тас саймандар көршілес сібірлік-алтайлық неолиттік тайпалардың заттарына әжептөүір үқсас. Осының өзінде Усть-Нарым қыш ыдыстары Оңтүстік-Батыс Қазақстанның қыш ыдыстарына және Орта Азияның көлтемениар мәденистіне үқсас. Ішісінде бүйірі түгел өрнекпен сәнделген. Өрнектердің ішінде тарақ тәрізді және жұмсак қалыптен көлденең түсірілген таңбалар көбірек кездеседі.

Усть-Нарым қонысының қыш ыдысы “андроновтан бұрынғы” түрде және сірө, б.з.б. III мың жылдықтың екінші жартысындағы адамдардан қалса керек; ол кезде Шығыс Қазақстан тайпаларында егін егу мен мал есіру шыға бастаған болатын.

Мало-Красноярка деревнясы жанындағы неолиттік қоныс жасы жағынан біраз үлкен және б.з.б. III мың жылдықтың бірінші жартысында қалыптасқан. Атаң айтқанда, қыш ыдысының өзгеши силаты, сағасы дөңгелек және тік келген жебе үштарының негұрлым ертедегі тұрлері, тас пышақтардың ежелгі бітімі осыны

көрсетеді. Қоныстан 200-ден аса тас бүйымдар (тас тіліктер, қырғыштар, жебелердің үштари, тескіштер, өзектастар, пышактар) және саз балшық ыдыстардың сыйнұктары жиналды.

Семейдің жаңында, Ертістің күмайт алаңқайындағы кездейсок жинауда көптеген әр түрлі тас құралдар, қыш ыдыстар сыйнұктары шықты. Неолит заманына жататын олжалар Семей облысы (Шығыс Қазақстан) Белокаменка ауылынан 2-2,5 км жердегі адамдар тастан кеткен Сатшықызы ауылы маңындағы Қызылсу өзенінің оң жағалауындағы екінші середен шыққан. Бұл жерде сөрөні шақпақты сланецштер мен кварттар жыныстары кесіп етеді. Тұрак бнігірек телімде, кішігірім бұлак үстінде орналасқан. Жаңынан, өзен арнасымен катар терең жыра етеді, оның түбінен бүйір шеті түзетілген үшкіл тас тілігі мен қара-шашпақты жыныстан алынған тас жаңқа табылды. Тас бүйымдары (олардың саны 100-ден асады) жер бетінен терілген. Заттардың таралған аланы 900 шаршы метрді құрайды. Екі жерден түсірілген, аумагы 1 X 0,5м тікқазба (шурф) мынадай стратиграфияны анықтады: қалындығы 0,05 м шым, ұсақ тастан аралас сур-сары құмдак, ұсақ қойтастар мен ірі түйіршікті құмды малта тас. Көтеріліп алынған материал коллекциясын өзектастар, садақ үштари, қырғыштар, пышак тәрізді тас тіліктепері, шағын тас тақталары мен өндіріс қалдықтары құрайды. Өзектастар призма бітімді, аморфты, кішігірім көлемді келген. Жұмыс шеті додал келген тас тіліктеперінен жасалған шетті қырғыштар басым. Кейбіреулерінің бүйір жағы түзетілген. Жоғарғы түрпатты қырғыштар да бар.

Жебе үштари екі жағынан өндөлген, онша үлкен емес. Олардың дайындалмалары да үшірасады. Кейбір бүйымдар көлемі аса үлкен емес, екі немесе бір жағынан өндөлген жүзі додал тас тіліктеперіне негізделген. Бүйымдар материалы, негізінен, яшма, халцедон, опал.

**Солтүстік Қазақстандағы тұрақтар мен жерлеу орындары.** Солтүстік Қазақстанның көптеген тұрақтарының ішіндегі ең назар аударатындары Ертістің Павлодар өніріндегі көлдік типтегі тұрақтар болып табылады.

Табылған заттардың ең ертедегі кешені Пеньки-1 тұрагынан шықты. Мұнда пышак тәрізді тас тіліктепері көп, олардан әр киң қырғыштар, бүргілар, жонғыштар, құрама құралдардың қыстырмалары, пышактар, жебелердің үштари жасалатын болған. Жебе үштариның негізгі түрлері: үш бүршішты, сағасында ойығы бар немесе ойығы жоқ, көлемі кішкене, ішінәра немесе екі жағынан түзетіліп өндөлген. Қыстырмалардың ішінде геометриялық түрдегі, трапеция бітімді бүйымдар ерекше көзге туседі. Ондай трапециялар батыс және Онтүстік Қазақстанның, Онтүстік-батыс Қаракұмның

тұрактарынан табылған. Әдетте, мұндай заттар мезолиттік немесе ерте неолиттік кешендерге тән болып келеді.

Тұрактағы қыш ыдыс – бүйірі тікше, түбі дөңгелек немесе сүйір ыдыстар. Олар күм қосылған саз балшықтан жасалған. Үйдыстардың бүкіл сыртына айқын өрнектер салынған; оларда аралары шұнқыраша ойықтармен белінген кезектесіп келген тұра сызықтар, буран немесе ирек сызықтар басым болып келеді. Пеньки-1 тұрагының ыдысы Орталық және Батыс Қазақстанның ыдысынан мұлде өзгеше, бірақ Орал және Батыс Сібір ескерткіштерінің, бәрінен бұрын Есіл мен Орта Ертіс аңғарларынан шықкан ескерткіштердің қыш ыдыстарына жақын. Материалдарды салыстыра талдау Солтүстік Қазақстандағы неолиттік кешендердің мынадай маңызды ерекшелігін айқындауга мүмкіндік берді: егер шакпақ сайман онтүстік аудандардың материалдарына үксас болса, балшық ыдыстың бітімі мен өрнегі Батыс Сібір ескерткіштеріндегі ыдыспен бірдейлігін аңғартады.

Пеньки-2 деген ендігі бір тұрақ неолиттің соңғы жағына (энеолитке) жатады. Оның тас құрал-сайманы Пеньки-1 неолит тұрагында қолданылған тас өндеу техникасындағы дәстүрлермен сабактастырын көрсетеді. Сонымен қатар ол уақыты жағынан едәуір кейін шықкан: құралдардың тұрпаттарының өзі өзгерген, тас тіліктерінің проценті ғана емес, олардан жасалған бүйымдардың проценті де азайды. Құралдар көбінесе әмбебап сипатта болып келеді, оларды өндеудегі мүкияттық та төмөндеген. Жебелердің үштары негұрлым сүйір болады; олардың қыры екі жағынан онделген; сағасындағы ойықтары терендедеу; сағасына келгенде бұл қырлар шығыңқы еткір тістер болып шығады. Қоныстан көптеген балталар мен шоттар табылды.

Жалпақ тас мұсін ете қызық; онда аузын ашып тұрған бұланның басы мен мойны бейнеленген; козі ойылған шұнқыраша тәрізді, құлағы жымпітілген жасалған. Ол, сірә, ғұрыптық міндет атқарған болса керек.

Пеньки-2 тұрагының қыш ыдысы бірінші тұрактың ыдысына үксас. Бірақ мұндағы ыдыстардың қабырғасы қалың, түбі жайпақ. Өрнек те өзгерген. Үйдыстар тарап тәрізді қалыптен түсірілген үш бұрыштар мен шұнқыршалардан тұратын күрделі композициямен сөнделген. Мұндай өрнектер қола дөүрінде андронов мәдениетінің ескерткіштерінде көнінен тараған.

Пеньки-1 тұрагында жердің үстіндегі тік бұрышты баспаналар ашылды. Сірә, үйдің камыспен жабылған ағаш қанқасы болса керек. Үйлер қоныс-мекенинің шетіне айналған; ортада бір

қатар болып тізілген ашық жер ошақтары бар алан болған. Оларда жазғы уақытта тамақ дайындалған. Үйдің ішінде үш жер ошақ болды (бірі ортада, басқа екеуі екі жакта); мұның өзі үйде екі отбасы тұрған деп топшылауға мүмкіндік береді.

Қазақстан аумагында өзірге бірнеше неолиттік жерлеу орны ашылды, олар негізінен Солтүстік Қазақстанда. Жер бетінде жерлеу орнының ешқандай сыртқы белгісі жоқ. Барлық молалардан сүйектермен бірге жебелердің үштари шықты; мұның өзі біздің арғы бабаларымыздың аң аулау көсібімен одан әрі шұғылданғанын гана емес, сонымен қатар олардың жиі-жіе согыс жанжалына катысканын да көрсетеді. Молаларда қыш ыдыстар өте аз, ал кейбіреулерінде мүлде жоқ.

Неолит дәуіріндегі жерлеу ғүрпі туралы Железинка ауылы (Пеньки тұрагынан 100 км жерде) жаңындағы молаға қарап негұрлым толық пікірге келуге болады. Мола, сірө, рулық үйымдагы ерекше дәрежеге ие болған әйелдікі болса керек. Сондік заттардың, еңбек құралдарының көптігі, оның үстіне жерлеудің күнге табынуға байланысты ерекше ғүрпі осыны көрсетеді. Ондай әдет бойынша өлік кремацияланатын болған. Бұл жолы өлік толық өрттелмеген; будан кейін денесінің қалдығы өлген адамның заттарымен бірге молаға көмілген; ол заттардың ішінде бас киімге тағылған, шеті ұсақ көртпешелермен сәндеплек, орақ тәрізді сүйек қаптырма, жыртқыш андардың тістері, қауашақтан жасалған ірі моншақтар тізілген алқа бар. Мейлінше сәндеплек киіммен бірге молаға еңбек құралдары (шот, сүйек біз), аңшылық құралдары (найзалардың, жебелердің тастан және сүйектен жасалған үштари) және саз балшықтан жасалған, күты тәріздес, түбі домалак, кішкене үш ыдыс салыныпты. Сол жерден құланның екі топайы табылды; бұлар қызыл жосамен боялған, бұл түс, ежелгі адамдардың үгымынша, өртеу, отқа табыну рәсімін білдірген.

Қазақстанда мезолит пен неолит дәуірі жеткілікті зерттелмегеніне қарамастан, өзіне тән көптеген белгілері қазірдің өзінде-ак мәлім. Ол дәуір дала аңшыларының мәдениеті дамыған уақыт еді; бул аңшылар көшіп-конып жүрді және қолайлы табигат жағдайында – өзендер мен көлдердің жағасында балық аулаумен де шұғылданды.

Аңшылар мен балықшылар дүниесі шеңберінде болған тығыз мәдени-шаруашылық байланыстар археологиялық материалдардан айқын көрінеді. Мұндай байланыстарды Орта Азияның солтүстік аймақтарын мекендеген келтеминар мәдениетінің немесе келтеминар мәдени қауымдастырының тайпалары жөнінде негұрлым анық анғаруға болады. Ол байланыстар бәрінен де ғөрі Оңтүстік

Қазақстанның және өсіреке Батыс Қазақстанның тайпаларында анық көрінді. Ежелгі байланыстар тізбегі сонау алыс солтүстік пен солтүстік-батыстағы Орал өңірі мен Батыс Сібірге жетіп жатыр. Солтүстік және Шығыс Қазақстан тайпаларының мәдениеті Орта Азия халқының мәдениетіне үқсас белгілерін аңғартта отырып, сонымен бірге жана тас дәуіріндегі Алтай мен Байкал өңірі тайпаларына иегұрлым жақын болды. Сонымен, Қазақстанның неолиттік тайпалары мәдени дәстүрлерінің ерекшелігі мен өзгешелігін сактай отырып, көршілес аймактар мен аудандардың тайпаларымен тығыз байланыста дамыды.

## ҚОЛА ГАСЫРЫ

Қазақстан аумағын қола гасырында мекендереген тайпалар андронов мәдениетіне жататын археологиялық ескерткіштер (коныстар, қорымдар, кен орындары, жартас суреттері) қалдырыды. Бұл атау шартты түрде Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласының жаңындағы Андроново селосы маңындағы бірінші рет қазылған корым орындарына байланысты таңдал алғынған. Қазба жұмыстарын 1913 ж. Б.А.Андріанов жүргізген, ал 1927 ж. археолог М.П.Грязнов Батыс Қазақстанин осындай жерлеу орындарын табады да, андронов мәдениеттерінің ескерткіштері - шығыста Минусиннен батыста Оралға дейінгі орасан зор аймақта таралғандығын анықтайды. Кейін андронов ескерткіштерін Қазақстанның онтүстігі мен Жетісудан да табудын сөті түсти.

Андронов мәдениетін зерттеуге байланысты күрделі сауалдардың бірі хронологиясын, оның біргұтас дамуындағы уақыт шенберін анықтау, сондай-ақ қазба жүргізілген ескерткіштер мерзімін айқындау болып келеді.

Қазір зерттеушілердің көпшілігі андронов мәдениетінің уақытын үш кезеңге бөледі: ерте қола – б.з.б. XVIII-XVI ғғ.; орта – б.з.б. XV-XII ғғ; соңғы – б.з.б. XII – VIII ғ. бас кезі. Ескерткіштердің аталуына байланысты, ерте кезі – федоров; орта – алакөл, соңғысы - замараев аталады. Құні кешеге дейін булаңдан андронов мәдениетінің дамуындағы түрлі кезеңдер көрініс танты деп есептеліп келді. Соңынан, федоров ескерткіштері ерте емес, орта қоламен мерзімделинетіндігі анықталды және де андронов мәдениетінің үйлесімді даму суреті бұзылған еді. Кейіннен федоров ескерткіштері – ерте және соңғы болып болынетіндігін анықтаудың сәті түсти. Бірінші топ б.з.б. XV-XIV гасырларға, екіншісі – б.з.б. XIII-XII гасырларға жатады. Егер ерте уақыттағы ескерткіштер Орталық Қазақстан мен Оралдан белгіленсе, кейінгілері – оте кең аумактан: Батыс Сібірден, Қазақстанның онтүстігі мен онтүстік-шығысъынан, Орта Азиядан жи үшірасқан. Федоров тайпаларының қоныстанған негізгі орталығы

Қазакстан болған сияқты. Бұл жерден оларды Орталық Қазақстанға батыстан келген алакөл тайпалары ығыстырган.

Сонымен, алакөл және федоров тайпалары бір уақытта өмір сүрді, және де, олар қалдырыған ескерткіштері де бұған сойкес келеді. Тайпалардың араласуы нәтижесінде аралас түрдегі ескерткіштер қалыптасады: Жетісуда – жетісулық тип, батыста – қожамбәрді.

Андронов мәдениеті біртұтас емес еді деуге болады: онда бұрын өмір сүрген тайпалар мәдениетін сипаттайтын қоғтеген нұсқалар бар. Сондықтан қазір бір-біріне жақын үнді-иран тайпаларын біріктірген андронов мәдени қауымдастыры жайлыш сез ербіткен жөн.

## Тайпалардың қоныстануы

Далалық жайылымдары, өзен аңғарлары, шүйгін жайылмасы мен кентастарға бай Орталық Қазақстан андронов қауымдастығына кірген тайпалардың негізгі және ірі аудандарының бірі болды. Бұл онірдің батыстағы шекарасы Жезқазған-Ұлытау, Арганаты, Теріс-аққан өзенінің жоғары ағысына етті, шығыста ол Ергістің сол жақ жағалауына дейін жетті, онтүстікте – Бетпақдаланың солтүстік жиектеріне шейін созылды. Нұра, Шерубай-Нұра, Атасу, Сарысу өзендерінің алантары, Бұғылы, Бегазы, Қызыларай, Кент тауаралық алантары, Ұлытау, Қарқарағы, Баянауыл және Кекшетау тауларының беткейлері негұрлым жақсы игерілген аудандар болды. Бұл жерлерден қоғтеген қоныстар, корымдар, ежелгі кен орындары, гүрыптық орындар мен жартас суреттері – петроглифтер табылған. Қазіргі уақытта бұл аумақтан табылған 30-дан астам қоныстар мен 150-ден астам корымдар белгілі.

Андронов мәдениетіне бейіт күрілістарын салуда көрнектілік пен күрделілік, тасты өндеге байланысты дамыған күріліс техникасы тән.

Ерте кезең, немесе нұра кезеңіндегі жерлеу ғүрпіна елікті ортеу (кремация) тән. Өлікті молага кою ғүрпі да кездеседі. Молалар - шағын, үйілген топырактардан тұрады, тас тақталардан тұратын дәңгелек немесе тік бұрышты қоршаулармен қоршалған. Қоршау ішінде қабір орналасты, ол тік бұрышты шұнқыр, немесе шеті тас тақталармен қаланған шұнқыр (циста), не болмаса тас жашик еді. Жерлеу ғүрпі жасалғаннан кейін шұнқыр тас тақталармен жабылды. Бұғылы-1, Ақсу-Аюлы корымдарында осындай бірнеше ондаған қоршаулар бар.

Қыштан жасалған ыдыстар ою-өрнектермен әшекейленген. Ою-орнекте үш бұрыштар мен меандр, катарлас басу үйлескен. Үйдистардың тек жоғарғы бөліктері ғана әшекейленген. Дөңгелек қола айна, қола моншак табылған. Молалардан және олардың жанынан үй жануарларының сүйектері табылған-ды.

Келесі атасу кезеңінде, игерілген аумак үлкейе түсті, сонын ішінде далалық және жартылай шөлейтті аудандар игерілді. Тау-кен ісінің де көлемі үлгайғандығына көптеген кен орындары күө бола алады.

Былқылдақ, Қарасай, Темірастау, Қарабие, Елшібек, Беласар қорымдары жақсы зерттелген. Атасу өзені бойынан молалар мен қоныстардың үлкен тобы табылған. Қоршау ішінде, бұрынғыдай шұңқырлар, жәшіктер мен цисталар болды. Өлікті қырынан қойып жерлеу ғұрпы басым бола бастайды.

Қоныстар өзіндік жоспарымен ерекшеленеді: баспаналар (олар 10-нан 80-ге дейін болады) ортада ішкі алаң қалдырылып айналдырыла салынды, ал ортасы мал қамауға арналды. Баспаналар негізін қазылған шұңқыр құрады, олардың кабыргасы тақтатастармен шегенделді. Жан-жакты зерттелген Атасу қонысының ауданы 1500 шаршы м болды және ол 35 жертолелер мен шаруашылық құрылыштарынан тұрды. Кейбір баспаналар ұзынша жолдармен жалғасты. Қоныстарда мыс қорытқан баспанашеберханалар болды. Қорыту пештері мен олардың жанынан мыс кесектері, күл-калдық, қую қалыптарының сынықтары, кентасты уатуга арналған құралдар аршып алынған.

Осы уақыттарда “ғұрыптық құрылыштар” (“құрбан шалатын орындар”) пайда бола бастайды. Олар біктеу жерлерде, қоныстардан тыңқары орналасты және дөңгелек немесе сопак бітімді, жалпағынан қойылған шомбал тастардан тұрды. Қазу барысында олардан көмір мен күл қабаттары, еңбек құралдары, қыш ыдыстар шыққан.

Қоныстар мен молалардан қоладан жасалған құралдар, кару-жарактар, әшекей бүйымдары көптеп табылған.

Зерттеушілердің топшылауынша, Орталық Қазақстандағы қоланың кейінгі кезеңі дондібай-бегазы атапталын жана мәдениеттің қалыптасуымен сипатталынады. Оған андроновтық дәстүрлердің сакталуы мен жаңа элементтердің – қабір үстіндегі ерекше түрдегі құрылыштардың, саз ыдыстардың жаңаша түрпаттарының шығуы тән еді. Сонымен қатар, бұрынғы аяқ-қолын жинап қырынан жатқызып жерлеу ғұрпымен бірге ұзынның арқасымен қою да үшірасады.

Бұл мәдениеттің ерте кезеңіне Қарағандыдан онтүстікке қарай орналасқан Ақсу-Аюлы-2 корымы жатады. Ең үлкен обаның биіктігі 2 м, диаметрі 30 м. Топырак үйіндінің астынан тарамдала орналасқан үш тас коршау болған. Бірінші, сыртқысы, жерге кіргізілген ірі гранит тақталардан жасалынған. Екінші қоршаудың тас тақталары жоғары қарай күмбез төріздес етіп курастырылған. Үшінші қоршау тас тақталардан курастырылған, оның екеуі қабірді жауып тұратын тас тақтаға тіреуіш ретінде пайдаланылған. Аланы 4 шаршы м жерлеу шұңқыры 1,5 м терендікте қазылған. Мұндағы тас жәшіктегі ұзындынан қойылған адам қаңқасы орналасқан.

Дамыған кезеңге Бегазы, Айбас-Дарасы, Аққойтас, Дәндібай, Ортау, Санғыру қорымдары, Ұлытау, Шортандыбулақ, Қаркаралы коныстары жатады.

Бегазы-дәндібай зираттарындағы жерлеу құрылыштарының құрылымы ерекше. Шаршы түрпatty бір немесе екі камералы бегазы құрылыштарын “кесене” деп атауға да болады. Қабыргалары орасан зор гранит тақталардан жасалған; олар жерге кіріп тұрган. Кейбіреулері 3 тоннаға дейін жетеді. Бұрыштарындағы тақтатастар, осындаірі тақталардан тұратын шатырды бекітіп тұрады.

Осындаі “кесенелердің” бірінің ауданы сыртынан 9,6x9,6 м, шикі жағынан 6x6 м. Тақталардың биіктігі 2,1 м, мұның 1,3 метрі жерге кіріп тұрган. Екінші, сыртқы қабырганың биіктігі 1,3 м. Қабыргалар арасындағы кеңістік тастар мен саз балшықпен толтырылған. Үсті ірі тақта тастанмен жабылды. “Кесенеге” кірер есік шығыс жағында орналасты, ол қабыргалары таспен орілген ұзындығы 9 м, ені 4 м дәлізben жалғасты. Кесенелер ішінде сөре төрізді жасалынған “мехрап” бар, оларға қыш ыдыстарды, қару-жеке тастар, әшекейлер, құрбандыққа шалынған мал еттерін қойған.

Бұл уақытта қабыргалары тастан қаланған баспа налар тарада бастады. Тағыбайбулак конысында алты тік бұрышты баспа налар болды. Үйлердің қабыргалары қаз-қатар жерге қазылып кіргізілген тақта тастандан тұрғызылды, олардың аралары топырақ аралас майда тастанмен толтырылған. Орталық Қазақстаның таулы аудандарындағы баспа налар құрылышында ағаштар кеңінен пайдаланылды. Жертөлелер қабыргасы ағаш кеспелтекпен жабылды, ал төбесі ағаш бағаналар жүйесіне тірелді.

Дәндібай-бегазы (бегазы – дәндібай) мәдениеттің кейінгі кезеңдерінде дамуында кесенелердің орнын қарапайым жерлеу құрылыштары – қоршаусыз тас жәшіктер басты.

Қыши ыдыстар алдыңғы уақыттағы кескіндерді сақтады, бірақ

ыдыстардың жаңа кешені пайда болды. Бұлар мойыны қысқа өрі ернеуі жапсырылған, дөңгелек келген ыдыстар. Өрнегі қисық сыйык, айқыш, шырша түрінде түсірілген. Үйдыстардың мойынын таяқ үшімен басылып алынған щығыңқы дөңгелек-маржандар ажарландырады.

Мәдениеттің дамуында металды алу және қую үлкен рөл атқарды. Өз кезегінде, орталық-қазақстандық палеометалл орталығы Алтай, Сібір, солтүстік пен солтүстік-батыстағы Орал өнірі секілді көршілес аудандардағы мәдениеттерге әсерін тигізгендігі даусыз.

Солтүстік және Батыс Қазақстанда археологтардың күшімен көптеген андроновтық ескерткіштер анылып зерттелген, олардың арасынан Алексеевское және Садчиковское секілді коныстар, Тастыбұтақ қорымығылымда көзінен танымал.

Орманды-далалы аймақтарға топырақпен үйілген обалардан, дөңгелек және тік бұрышты коршаулардан тұратын молалар тән. Батыс аудандарда сақина тәрізді тас коршаулар мен обалар кең тараган. Бұл ауданинан барлығы 80-нен астам коныс және 90-дай қорымдар анылған. Ерте қола кезеңіне өлікті өртөу ғұрпы сақталған топырақтан тұрғызылған мола тән.

Петропавл қаласы маңындағы Вишневка конысынан қызықты мәліметтер алынған. Бұл жерден ауданы 126 шаршы м тік бұрышты баспаңа аршылған. Оның төбесі ағашпен жабылып, ағаш бөрене – тіреулерге бескіліген.

Осы кезеңге, бірақ оның сонына (XVIII-XVI ғғ.) Петровка, Новоникольское, Боголюбово коныстары жатады. Олар жалмен және ормен қоршалған. Жалдың үстіне ағаш шарбактар орнатылған. Коныс ішіне кіру үшін орда өтетін жер қалдырылған, ал жаңда сін кең, арба еркін өтетіндегі қакпа тұрғызылан.

Осы уақыттарда ежелгі қалалардың негізі регінде (прототип) саналатын коныстар пайда бола бастайды. Солардың бірі – Арқайым (қазба жұмыстарын Челябинск археологтары жүргізіп жатыр) қазіргі Челябинск пен Қостанай облыстарының шекарасында орналасты.

Орта колага үй құрылыштарындағы, коныстарды үйимдастыруды, жерлеу қабірі мен ғурпындағы айтарлықтай өзгерістер тән. Коныстар енді бурынғыдай күштейтілмеді, сірә, даладағы жағдай бейбіт сипатта болған сияқты. Баспаналар ұзынша-тікбұрышты түрпаттағы, ауданы 140-тан 200-ге дейінгі шаршы метрге жететін жартылай жертөлелер еді. Олар екі бөлікке болінеді, ал еденінде бірден сегізге дейін ошак орындары бар. Мұндай баспаналар Явленка, Тастыбұтақ коныстарынан аршылған.

Ағаш – орманды-далалы аймактағы, ал тас – батыс, далалық өңірлердегі үй күрылсынында кенінен пайдаланылды.

Корымдардағы қабір шұнқырларынан, жәшіктер мен цисталардан жағыз қойылған мүрделер табылды, косарлап қойылғандары (еркек пен әйел, әйел мен бала) сирек. Есіл өзені бойындағы Семипалатинское қорымында балалар шеткерірек жерленген. Мүрдені өртемей жерлеу ғұрлымен қатар оны өртеу салты да орын алған. Кремация (мүрдені өртеу) қабір шұнқырларынан тысқарырак, арнайы болінген жерде өткізді.

Қабірге қойылған ыдыстар саны 1-ден 6-ға шейін барады. Мүрделермен бірге қола пышактар, қола білезіктер, сүйектен жасалған жебе үштәрі, моншактар мен қабыршақтар қоса қойылды. Биік төбе үстінде орналасқан құрбандық шалатын жерлер де табылды. Бұлар құрбандық тағам салынған бір-екі ыдысы бар шұнқырлар еді. Бәлкім, Тобылдағы Алексеев конысы маңындағы құрбандық шалатын орында бұрын жер бетіне салынған құрылых түрінде гибадатхана болған шыгар.

Кейінгі қола дәуірінің бас кезінде Солтүстік Қазақстан тайпалары Орал маңындағы, ал Батыс Қазақстан тұрғындары Еділ бойындағы қима мәдениетінің қатты ықпалына үшырады. Бұл уақытта қима қыш ыдыстары есілдік Явлена, Бескөл қоныстарында пайда болды. Кейінрек мұнда “валикті керамика” дәстүрін алып келген тайпалар қоныстанды. Олардың мәдениетінде андронов мәдениетінің дәстүрлі ерекшеліктері сақталды, бірақ жаңа белгілер де пайда бола бастады.

Кейінгі қола дәуірінің 30-дан астам қоныстары зерттелген. Оларда жоспары тік бұрышты, сопақ және сегіз тақілеттес жартылай жертөлелер басым. Жертөлелер еденінде үй жабынын, түрлі төсөніштерді бекітіп турған треуиштердің шұнқырлары көп. Бұлар бөлме ішін де бөліп турған. Баспаналардың еденінен қабыргалары шыбықпен бекітілген күдық казылды. Сегіз тақілеттес баспаналар жоспары ені 1 м, ұзындығы 2 м дәлізben жалғасқан жерге терендетіліп казылған диаметрі 10 м-дей екі боліктен тұрады. Дәліз секілді үйге кірер түс шығыс жақта орналасты. Батыс белгітегі еденде ошактар орналасты, шығысы шаруашылық мақсаттарға пайдаланылды. Мұндай баспана түрі Шағалалы қонысынан кездескен.

Жартылай жертөлелермен бір мезгілде ауданы 300-400 шаршы метрге жетегін жертөлелер де тарада бастады, бұларда қыста мал да үсталды. Бұл кезде жер өңдеуге арилған құралдар түгел дерлік

жогала бастайды. Мал, өсіреле жылды шаруашылығының ролі күшіне түседі.

Шығыс Қазақстанда андронов мәдениетінің дамуы осы жолмен жүрді. Мұны шебі шүйгін Ертіс, Бұқтырма, Күршім алаптарындағы, Алтай таулы ауданындағы, Тарбағатай мен Сауыр далалы аймақтарындағы қола дәуірінің ондаған қоныстары мен қорымдарынан алынған олжалар растайды. Бұл мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына мыс, қалайы, алтын секілді металдардың бай кен орындары да өзіндік өсерін тигізді.

Ерте кездеңі ескерткіштер Қанай ауылы төнірегіндегі бейіттен табылған. Қорымдар жер бетіндегі шаршы тәрізді тас коршаулардан тұрады. Жерден қазылған қабірден шалқасынан жатқызылған ерек ғен өйелдің қанқасы табылған. Сүйектері жосамен боялған. Қабірден жалпақ жебе үші мен көзе сияқты қыш ыдыс шыққан.

Кейінгі қола кезеңіне Қанай қорымындағы қабірлердің басым болігі мен қоныс жанындағы баспана жатады. Ертістің оң жағалауындағы қоныстан жапсарластыра салынған шаруашылық құрылыштары бар тікбұрыш түріндегі аумағы 50 шаршы метр жартылай жертеле арсылған. Үйдің қабыргасы қамыспен көтерілген және балшықпен сыланған. Құрылыштардың бірінен, сіро шеберхана болар, мыс кентасының кесектері, құйма қалыптың жартысы табылған, ал қоныстың онтүстік-шығыс шетінен кентас кесектері, қорыту пешінің қалдықтары арсылған. Оликалар арасында тастан жасалған дөнүкіш, кетпен, сүйек біз, тескіш, қола бігіз, білезік, балық аулауға арналған батырғы бар.

Қоныстан онтүстік-шығыска таман күрбан шалатын орын анықталған, мұндағы таспен қаланған дөңгелек келген шұнқырлардан мал сүйектері, кул, көмір, дәнүүккіш сыйықтары жатты.

Зевакино ауылы маңындағы Усть-Букоң мен Нұрманбет қорымдарын арсылған кезде жерге қазылған, тас жәшіктер мен шұнқырларға ағаш қимасы түсірілген жеке қойылған қабірлер анықталды. Мұрделер қырынан, бүктетіліп жатқызылған. Қабірден орта қолага тән қыш ыдыстар шыққан. Қабірлерден сонымен қатар қоладан жасалған өшекей заттар, пышақтар, жебе үштары, қанжар табылған. Кейбір қабірлерде мұрдені өртейтін ғұрып болғандығы анықталған.

Шідерті өзені бойындағы Нұрманбет қорымындағы екі адамды қатар (қосарлап) жерлеген қабір ерекше көніл қоярлық. Ері сол қырынан, өйелі оң қырынан жатқызылған. Ер адамның бас жағына қола құйма қанжар қойылған, өйелдің білектерінде білезік,

аяғының саусағында қола жүзік, бас жағында біз бен ине бар.  
Қабірден қой сүйектері шыққан.

Кейінгі қола кезені Трушников қонысы, Малокрасноярка ауылы іргесіндегі корымның материалдары бойынша белгілі. Трушников қонысынан қабырғасы шұбықтармен өрілген еki жартылай жертөле қазылған. Шаруашылық шұнқырларынан қыш ыдыстар сыныктары, жануарлар мен балық сүйектері де табылды. Олжалар арасында қола жебе үші, мыс кентасының кесектері, тас кетпен мен дәннүккіштер бар. Малокрасноярка қонысын қазган кезде коладан жасалған шот, пышак, дән сабағының дақтары бар орақ секілді енбек құралдары көптеп аршылып алғанды.

Жерлеу құрылыштары тас немесе бөренелермен жабылған жерден қазылған шұнқырлар, тас жошіктер түрінде болып келді. Қыш ыдыстар, басқа аудандардағыдай, бүйірі шығынқы, ернеуі тік. Тұбі деңгелек ыдыстар шыға бастайды.

Қола дәуірінде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда адамдар “тығыз” қоныстанғандығын археологиялық зерттеулер көрсетіп берді. Андронов мәдениеті тек жекелеген ошактар бойынша дамыған деген пікірлердің дұрыс еместігі анықталды.

Жетісуда андронов мәдениетінің жетісулық аталған өзіндік нұсқасы қалыптасты. Дәл осында және Қазақстаниң оңтүстігінде (Тамғалы және Қаратату жотасында) жартас суреттерінің ірі шогыры анықталды.

Жетісуга феодоров пен алакөл тайпалары мәдениеттері элементтерінің араласуы тән. Феодоров тайпаларының дәстүрін сактаған корымдарда тікбұрышты және деңгелек қоршаулар болды. Жерден қазылған және жәшіктердегі, ал таулы аймактардағы кима қабірлерде мүрдені жерлеу мен ортеу ғұрпы сакталды. Үйдистар феодортік және алакөлдік әдістер бойынша жасалды.

Жетісудағы орта қола кезеңін Тамғалы, Қаракұдық қорымдары сипаттайтын. Мұндағы қабірлер шұнқырдан, циста мен тас жошіктерден түрді. Қоныстардан коладан жасалған коптеген еңбек құралдарының көмбесі табылды; олар наиза, балта, орақ, сүргі, наиза тәріздес қашау, пышак-шалғылардан тұрады.

Қазақстаниң оңтүстігінен, Қаратаудан Таутары қорымы қазылған, мұндағы жерлеуде, негізінен, мүрдені ортеу ғұрпы болған. Өртелген сүйектерді көбіне қабір шұнқырының батыс жағына үйіп қойды немесе түбіне шашып таставды. Обалар топырақпен көтерілді де, тақта тастармен бекітілді. Қабірге бірден беске дейін ыдыстар қойылды. Оңқа немесе құмыра тәрізді

ыдыстармен қатар, кубок сиякты ыдыстар да үшірасқан, бұл Орта Азияның жер өндеушілерімен орнаған мәдени байланыстар нәтижесінде келген болса керек.

Сырдарияның төмөнгі ағысында, Арап төңірегінде кейінгі қола дәуірінің бірегей кешені – Түгісken кесенелері ашылған. Олардың ең ерте уақытқа жататындары шикі кірпіштен түргышылған. Сыртқы шаршы қабыргалармен үштасатын дөңгелек жоспарында негізге алынған. Ішкі қабыргадан сәл шыққаннан кейін дөңгелегінен 8 немесе 12 тікбұрышты кірпіш колоннасы орнатылған, олар екі метрдей сакталған. Ары қарай тағы да 8 немесе 12 колонна орнатылған, бірақ енді тек үшбұрыш түрпатты. Кірпіш колонналарымен қатар, олардың кайталай ағаш бағаналар түрған, бұлардан тек едендерін шұңқырлар сакталған. Сөйтіп, кесене ішінде айналып өтетін дәліздер жүйесі қалыптасқан. Ортада орналасқан бәлмeden және дәлізден қыш ыдыстар, коладан жасалған құралдар мен қаружарактар, алтын әшекейлер шықкан. Орталық бөлмеге қойылған мұрдені кесенемен бірге өртеген.

Кесенелердің бірі, диаметрі 15 м дөңгелек құрылым, ондағы жерлеу камерасының өлшемі 7,8x6,9 м. Едені сазбен сыланған және циновка тесселінген. Қабырғалары, сіра, копа шегелермен қағылған кілеммен немесе киізбен сөндөлген сиякты. Мұның бөрі мұрденемен бірге өртеген.

Үлкен кесенелерге жапсарластырыла шикі кірпіштен тік бұрышты бөлмелер соғылған, олардың ішінде қабір шұңқырлары орналасты. Жапсарлас құрылыштар ауданы 35-50 шаршы м аралығында. Бұларда сонымен қатар мұрдені өртеген. Обаларда қыш ыдыстар саны ете көп. Олардың бірінен 40-ка жуық қыш ыдыстар, сондай-ақ алтын мен ақық моншақтары, қола түйреуіш, алтын сырға шықкан.

Түгісken кесенелері ерте замандарда тоналғанына қарамастаи, қазба кезінде қоладан, жартылай бағалы тастандардан, алтыннан жасалынған әшекей бүйімдар, қыш ыдыстар коллекциясы жинастырылды. Бұл жерден шарыкта дайындалған және қолдан жабыстырылған жасалынған 200-дей бүтін ыдыстар табылған. Қолдан жапсырылған ыдыстар андроновтық дәстүрді сакталған, мұндай ыдыстарда ойылған немесе үшбұрыш, ромб, меандр түріндегі тарақты өрнектер тусярулған.

Ыдыстардың бір белігі – күмыра мен табақтар сүр, қоныр және қара түспен жалтыратыла көмкерілген. Бүйірі дөңгелек ыдыстар дәндібай-бегазы ескерткіштеріндегі қыш ыдыстар кешеніне үксас. Шарыкта жасалынған ыдыс-аяқ сүр түспен көмкерілген қыска

мойынды, бүйірі жарты шар төрізді. Олардың қабырғалары кедірбұдырланған. Геометриялық өрнекпен сәнделген, ақ пастамен толтырылған мойыны қысқа жалтыр ұстағышсыз құмыралар да үшырасады. Тұгіскен кесенелері б.з.б. IX-VIII ғасырлармен мерзімделінеді.

Тұгіскен корымының қай мәдениетке тиесілі екендігін анықтау ете киши. Бір шетінен мұнда андронов мәдениетінің дәстүрі байқалады. Бұл – Орталық Қазақстандағы Бегазы мен Дәндібай кесенелеріне ұксас кесенелердің жоспары, қолдан жапсырылып жасалған ыдыстардың түрпаты мен ою-өрнегі. Келесі шетінен, онда оңтүстік мәдениеттерінің өсері қатты байқалады. Мысалы, қам кірпіш үлгісі жағынан Намазга-б дәуіріндегі және кейінгі уақыттардағы ескерткіштер, әсіресе Теккем-тепе сынды оңтүстік түркменстандық жер өндеуші мәдениеттерге жақын. Оңтүстік мәдениеттер өсерімнен шарықта дайындалған құмыралар тарады. Тұгіскен кесенелерінде байқалатын дала мен отырықшы мәдениеттердің өзара өсері және әрекеттері, түрлі тиатр өркениеттердің байланысы мен тоғызын айғақтайды.

## Егіншілік және мал шаруашылығы

Қоныстарды қазған кезде құмыралардан тары ботқаның күйген қалдықтары шықкан. Солтүстік Қазақстандағы Алексеев қонысына жақын жотаның үстіндегі ғұрыптық шұнқырлардан құдайларға курбандықка берілген бидай сабагы мен дәні аршып алынған. Шығыс Қазақстандағы Малокрасноярка қонысынан табылған қол орақ жүзінде дәнлі-дакылдар іздері сакталған.

Казылған барлық қоныстардан дәнүккіштер, дәнді үнтақталғанға айналдыруға ариалған тік бұрышты және деңгелек келсантар шықкан. Оракпен егін орды, сондай-ақ малға жем-шөп даярлады. Қоймалар мен қоныстарда олардың көп болуы егіншілік ауқымы мен маңызын көрсетеді. Жерді тас кетпендермен қосытып, өндеді.

Егіншіліктен гөрі андроновтықтардың өмірінде мал шаруашылығы маңызды орында болды. Мал тағам, жұн, тері, бұйымдар үшін сүйек, тезек түріндегі отын берді. Негізгі тағамдардың бірі сут еді. Одан ірімшік пен сүзбе дайындауды, бұған ірімшікті сүзіп алғатын тесігі бар ыдыстар күд бола алады.

Ет тансық тағам еді, оны мейрам күндері жеді, негізінен құдайларға курбандықка берілді. Малдан қой, сиыр, жылқы өсірілді. Сиыр мен жылқыға қараганда үсак малдар табында 3-4 есе көп болды.

Казакстанин түрлі табиги-климаттық жағдайындағы облыстарды мекен еткен андроновтық тайпаларда табын құрамы оркелі еді. Мысалы, далаалы ауданшарда кой 50-63%-ға басым болды, ал Орталық Қазақстандағы Шортанды қонысында олардың үлесі тіпті 80%-ға жетті. Орманды-далалы аймақтарда көбірек осірілген мүйізді ірі кара 52%-ға жеткен. Шошқа шаруашылығы дами қойған жок.

Андроновтықтар еki оркешті бақтриялық түйслер осірді. Олардың сүйектері қоныстар мен қорымдардан табылған. Түйлердің суреттері жартастарға да салынған.

Көптеген археологиялық материалдарды пайдалана отырып, ерте және кейінгі қола кезеңдерінде, яғни б.з.б. I-мынжылдық басына дейін андроновтықтар отырықшы түрмис кешіп, стационарлық қоныстарда өмір сүрді деп түжірымдауга болады. Бұлардың шаруашылығы аралас болды, олар егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысты. Соңғысы бақташылық еді, яғни мал ауыл маңында жайылды.

Біргіндеп табиги түргышдан жайылымдық, немесе отарлап мал осіру, содан кейін көштелі мал шаруашылығы қалыптасты, бұл далаалық, және де шөлейтті жайылымды пайдалануға жағдай жасады да, майдың саны артатусти.

Кошпелі және жартылай кошпелі мал шаруашылығына етуге орай біргінде табындағы мал құрамы взгерді: мүйізді ірі кара азайып, кой мен жылқы саны ұлғаяды. Кейінгі қола дауіріндегі (X-IX ғғ.) андронов мәдениетінде жылқы шаруашылығы карқындалап дамыды.

## Тау-көн ісі

Қазақстан аумағы пайдалы қазбалар - кентастарға, минералдарға ете бай. Мыс, қалайы, қорғасын, алтын мен күміс кен-орындары Жезказган, Зыряновск, Жалтыр, Атасу мен Қарату таулары, Нарым мен Тарбағатай, Степняк, Ақжал, Балақалда бар. Осындағы кен орындарын зерттеген геологтар бұлардың үш мың жыл бүршитерінен ділін анықтады. Қола дауіріндегі кентастарды алу мен балқыту ісі кең қанат жайды. Жезказған ауданында 100 мың тоннадай мыс, ал Успенск кен-орнында кеннің 200 тоннасы балқытылған.

Бұл уақытта ежелгі кеншілер құрамында мыс пен калайысы мол тотықтанған кентастарды (малахит, азурит, кассетерит) өндірді. Қопсыма кентастар өндірілді, борпылдақ кентастар тастан жасалған токпақшалар мен балғалармен қаралайым “қайлалау” әдісі арқылы алынды. Тығыз кентастарға “отпен уату” әдісі қолданылды, өзек үстіне немесе құысқа от жағылды да, тас өбден

қызған кезде оған су құйып, жарылуын қамтамасыз етті, содан кейін балға және қайламен жұмыс істеді. Құрамында металы бар жыныстарды тері қап арқылы сыртқа шығарды.

Онымен қатар кентас денесінің астын үңгіді, содан кейін балға арқылы кентастың ең тәуір кесектерін опырып алды. Терен казылғанда төбесі басылып қалмау үшін ағаш тіреулер орнатты. Алайда шахталар талай рет күлап, кен қазушыларды басып қалды. Үнгімелерден адам қаңқасы мен олардың жанындағы шірімей сакталып қалған ішінде кентасы бар тері қалтар ежелгі кен орындарын зерттеу кезінде ұшырасқан. Шахта жанындағы суда бос жыныстарды ажырату үшін алынған кентас жуылды және уатылды. Ұсақ етіп уатылған кентасы қонысқа апарды да, ондағы арнайы корыту пештерінде балқытты. Мұндай пеш қалдықтары андроновтықтардың Атасу, Сүйкбұлақ, Қанай ауылы маңындағы қоныстарын қазған кезде табылған. Пеш жаңынаң күп, мыс күймашары аршип алынған. Құрал жасау үшін корыту процесінде мысқа қалайы қосылды да, металл қажет қалыпқа жеткізілді. Ежелгі кеншілер қалайының көлеміне қарай қола омырылғыш, немесе көрініше, негұрлым жұмсақ және иілгіш болатындығын білді.

Құйма шеберханалардың қалдықтары Малокрасноярка, Алексеевское, Никольское, Петровка-2 қоныстарынан табылған. Бұларда әр түрлі тас және балшық құйма қалыптарда орак, балта, қанжар, наиза ұшы, әшекей құйылды. Андроновтықтар қуюдан басқа соғу, қақтау және ойып өрнектеу тәсілдерін білді. Олардың комегімен білезік, моншак, өңіржиек жасады.

Алтынмен алтапланған қоладан самайға тағылатын сырға жасалды. Жетісудагы Қапал ауылы маңындағы қорымнан табылған ішкі жағында екі жылқының суреті бар алтын самайлық салпыншаш зергерлік өнердің керемет туындысы болып табылады. Сонымен қатар, қоладан шығынқы бұрама түрінде алқалар, білезіктер жасады.

Пышак-шалғы, балта, наиза ұштарынан тұратын кездейсок табылған қола заттар көмбесі де ете қызығылды.

## Құмыра көсіппілігі

Үйдісты әрбір отбасы өзіне даярлған сияқты. Әйелдер саз балшықты дайындалап, одан құмыра жасады да, отка шұнқырда күйірді, кейде шетіне тас қалаган шұнқырларда да қактады. Жапсыру техникасымен бірге үйдістардың тұрпаты да, үйдістың

ою-өрнек әдістері мен суреттері де өзгеріп отырды. Айталақ, ерте қола дәуірінде (б.з.б. XVII-XVI ғғ.) ыдыстар жылқы қылынан не қалың жүн жіппен өрілген “матамен” тартылған қалып көмегімен дайындалды. Ерте уақыт қыш ыдыстары сыйылған не болмаса таракпен түсірілген геометриялық өрнекпен, ал кейбірі жапсырылған білікпен және бүршікпен сөндеді. Үйдыстардағы өрнектер тек сандік үшін ғана жасалған жок, оның ішіндегі “коз тиу”, “дуалau” сияқты амалдардан қоргайтын магиялық сипаты да болды. Ол сондай-ақ байлықтың, ыдыстың іші толып тұруының символы еді. Үйдыстар онка (банка) тұрпатты, тубі жалпақ болып келді.

Орта қола кезеңінде (б.з.б. XV-XIII ғғ.) құмыра кәсіпшілігіндегі бұрынғы көптеген достүрлер сакталды. Бірақ ыдыстар біркемкілітімей, жоғары дөрежеде жетілгендігімен ерекшеленіледі. Олардың қабыргалары жұка, бұрынғыға қарағанда әсем. Үйдіс қалып көмегімен немесе сақинаны жапсырып соғу әдісімен жасалды. Бұл әдіс бойынша, алдымен тубін жасайды да, содан кейін дене сақинасын, инық сақинасын, ауызғы сақинаны жапсырды. Жапсырудың мұндай техникасында денениң мойынға өтер тұсында кертпеш-қабырга пайда болады, мұның өзі орта қола кезеңіндегі андронов мәдениетінің басты ерекшелік сипаттың білдіреді. Өрнегі бұрынғыдай сыйылады не болмаса оған штамп түсіріледі. Бұлар сыйықпен, меандрмен толтырылған үшбұрыштар, бірақ-та үш белдеуге, аймаққа орналасқан.

Зерттеушілер ыдыс жасаудың тағы бір техникалық тәсілін беліп көрсетеді, онда алдымен ыдысты жапсырады да, кейін оған жалпақ түбін бекітеді.

Кейінгі қола кезеңінің ыдыстары шығыңқы бүйірімен және иірі доңгелек сипатымен ерекшеленеді. Олар жапсырма білікпен, жапсырылған “меруерт”, бүршікпен ажарландырылған. Соғымсы сиыр емшектерін білдірсе керек. Жапсырылған белбек-білік ыдыстың толып тұруын, исесінің “ботқаға толы” керемет ыдыс немдену мұратын байкатады. Құн символыны свастика тәрізді өрнектер сипаттады; меандр су мен оның ағысын бейнеледі.

Бір қызықты жайт, андроновтықтар ыдыстарын ажарландырып тұрган өрнектер жүздеген жылдар бойы сакталды, оның жекелеген элементтерін қазақ қолданбалы өнерінің ою-өрнектерінен көруге болады.

Үйдыстарды жасаудың өзін ежелгі адамдар әлемнің жаратылысымен қатар қойды, мұнда бұрынғы былық элементтер мен

бөлшектер ретке келтіріліп, кеңістік-ғарыш қалыптасқан деген пікір жатыр.

Сонымен қатар, андроновтық отбасы өмір сүрге қажет заттарды жасай білді - өрді, тоқыды, тері өндеді, киім мен аяқ киім тікті, оны түрлі түсті жіптермен, аппликация және інжук-маржанмен өшекейледі. Матаға қажет жіпті мал жұннинен өрді; жұн мен мамық тоқыды, кестеледі. Конопля, жабайы зығыр, қалақай пайдаланылды. Тоқыма станогы мен үршық белгілі болды. Ерлер де, әйелдер де құлақты жауып тұратын жұннин және теріден істелінген бас киім киіп жүрді. Киім жұн матадан дайындалды, оны сүйек түймелермен бекітті.

Ерлер садақ пен жапырақ тәрізді түрпаттағы қола жебе үшымен қаруланды. Олардың ағашқа бекітілетін үңғымасы бар. Қолма-кол шайқаста қола үшы бар наизалар, қола балталар мен қанжарлар, тас түйреуіштер қолданылды.

## Қоныстар мен тұрғын үйлес

Қола доуірінің ондаған қоныстарында жүргізілген тыңғылықтың қазба жұмыстарының нәтижесінде тұрғын үйлер сипаттын, ерекшелігін нақты коруге болады.

XVII-XVI ғасырларда Оралдан Ертіске дейінгі далалық және орманды-далалы аймақтарда күрделі құрылышты, мұнаралы, шарбақпен және ормен қоршалған бекініс құрылыштары, жоспары тік бұрышты, дөнгелек қоныстар тарады. Бұлардың ауданы 6 мыңнан 30 мыңдай шаршы метр аralығын құрады.

Мысалы, ең жақсы зерттелген қоныс Арқайымды ежелгі қала санауға болады, ол екі шенберлі қорғаныс құрылышынан тұратын, жоспары дөнгелек келген телім. Соңғыларының арасында тұрғын жайлар, ал ішкі шенберде алаң орналасты.

Сыртқы шенбер диаметрі 160 м. Ишкі қабырға табанынан есептегендеге 4 метрге жуық, ол әк тас қосылған топырақпен көтерілген, ал сыртқы жағынан ордың ернеуінен бастап, бүкіл қабырғаны айналдыра балшық блоктармен қапталған. Ордың терендігі 1,5 – 2 м, қабырғалар биіктігі 2,5 – 3 м. Ағаш қалдықтары қабырға үстінен арапары шыммен толтырылған екі қатар ағаш шарбақ жүргізілгендігін көрсетіп берді.

Қабырғага ішкі жағынан бір-бірімен тығыз жалғасқан тұрғын үйлердің бүйірлері жапсарластырыла салынған. Тұрғын үйлерден

шығар есік шенберлі көшеге бағытталған, ол ішкі қабырға мен орды бойлай орналасқан. Ор ағашпен қапталған. Ішкі қабырға да сыртқысындағы құрылым. Оның да ішкі жағынан орталық аланға шығарар есігі бар түргын үйлер тарамдала орналасқан.

Қалаға жүрт төрт қақладан – батыс, солтүстік-батыс, шығыс және онгустік-шығыстан кірген. Орталығы батыс қақпа болған. Қосымша бекіністік құрылыштар орталық көшеге кірер есікті тізе пішіндес етіп тұрған. Әрбір кірер тұстан көшелер тарамдалады да, кентті кесіп өтіп, ауданы 25x25 м тік бұрышты орталық алаңда аяқталады.

Арқайымның тік бұрышты түргын үйлерінің ауданы 190-300 м аралығында. Бұлардың қабырғасы арасы топыракпен толтырылып кеспелтекпен жабылған екі қатар тіреулерден тұратын күрделі құрылым болып табылады. Түргын үйді торт немесе алты қатар далда белмелерге, үрасы мен құдығы бар шаруашылық жайларға белгендегі.

Кейінірек, орта және кейінгі қола дәуірінде андронов кониңтары қабырға мен ормен бекітілген жоқ. Сірә, даладағы жағдай тиңиш болса керек. Коның топографиясы да езгереді, енді ол жеке түрган бірнеше үйлердің (10-нан 20-ға дейін) шоғыры болды. Әдетте, олар бір немесе екі қатар болып өзен бойларына жайғасты. Үй де езгерді. Егер ерте кездерде үйлер жерге сәлғана кіріп тұrsa, енді олар ауданы 200-300 шаршы м-ге жететін жертолеге, жартылай жертолелерге айналды. Түргын үйге шұнқырды тас, мүйіз немесе қола кеппендермен, қайламен қазды, олардың іздері түргын үй қабырғасында сақталған. Шұнқыр терендігі 0,6 – 1,5 м аралығында еді. Топырак шетке үйліді, өйткені осылайша баспаға сыйдан, әдетте үйдегі жылуды “урлеп” әкететін дала желдерінен коргалды. Құрылыштың қабырғаларын, бағаналық белдеуін, жабынына ағаштар кеңінен қолданылды. Шатыры екі жаққа еністетіле жабылды. Ағаш еспейтін далалы және таулы аймактардағы құрылыштарда тақта тастар пайдаланылды. Онымен қабырға қапталды.

Орталық Қазақстанда, б. з. б. XII-IX ғасырларда, кейінгі қола дәуірінде көбінесе ірі тас блоктарынан көп белмелі үйлер түргызылды. Мұндай ауданы 500 шаршы м және одан да үлкен үйлер Бұғылы, Ақбауыр коныстарынан қазылған. Бұлар қола дәуіріндегі Еуразия далаларындағы ең үлкен түргын үйлер.

Болмені жылыту және тамақ пісіру үшін диаметрі 0,5 – 0,8 м, аса терен емес әрі таспен қаланған ошақтар соғылды. Отынға ағаш, бұта, тезек пайдаланылды. Кейде еден үстіне үлкен бөренелерден колемді от жағылды.

Тұрғын үй бөлмелерінің бірі басқаларына қараганда оте төмен орналасқан, сірі, мұнда қысты күні мал ұсталса керек. Кейде қатар тұргай тұрғын үйлер дәлізben жалғасып, адамдар тұратын бір кемесін курады.

Көптеген жүзжылдық шенінде қалыптасқан андронов үйлерінің түрі дала мен таулы аудандардағы экологиялық жағдайларға мейлінше бейімделген еді.

Андронов тұрғын үйлерінің дамуын зерттеу нәтижесінде көшпелілердің қарапайымдылығы мен даңалығын көрсететін жылжымалы киң үйінің пайды болуы шешілді. Оны бедуин шатырынан, сібірлік чумнан, шалаштан дамып шыққан деп есептеп келді. Андроновтық Шагалалы, Петровка, Атасу, Бұғылы коныстарының б.з.б. XII-IX ғасырларындағы мәдени қабатын қазган кезде каркасты қабырғасы тік кергішке негізделген орі шарбақталған, түтін шығатын жеріндегі тіреуге бекітілген төбесі конус немесе пирамида тәріздес деңгелек немесе көп қырлы құрылыштар аршилған. Сондыктан киң үй ерте кезде шыққан және оның прототипі, прообразы андроновтықтардың дөңгелек жөніл тұрғын үй болған деуге негіз бар.

## Қорамдық қатынастар

Андроновтықтардың көлемді үйінде үлкен отбасылық-қауым омір сүрді, яғни онда өкесі мен шешесі, ересек үлдері мен біртеге тіршілік етіп, ортақ шаруашылық қарекеттерін жүргізді.

Коныстар материалдары бойынша айтарлықтай өлеуметтік және мұлікстік теңсіздік байқалмайды. Бірақ комбелерді зерттеу байлық, дәрежесіндегі айырманы, сондай-ак адамның қогамдасы орынан анықтауга мүмкіндік берді. Ерте кола дәуірінің өзінде-ак жалпы жекелеген обалардан үлкен ауқымды және қабірі терең, құрделі ағаш құрылыштары бар, қабірге тамақ салынған ыдыстары көп жерлеу орындары шыға бастайды. Бұл обалардан арба қалдықтары мен жылқылар, мұрде жаңынан - кола пышактар, кола және тастан жасалған садақ үштари, тас түйреуштер табылған.

Мұндай көрініс орта және кейінгі кола дәуірлерінде де байқалады. Бұл уақыттардағы қорымдарда қатардағы жерлеу орындарынан диаметрі 4 м-ге дейін, биіктігі 2,5 м-ге дейін бірнеше ірі обалар мен монументальды тақта тастан соғылған екі немесе үш қатар қоршаудан тұрғызылған құрылыштар көзте айқын түседі.

Осындай обаларда мөлшері 3,2x2,5 м, терендігі 2,3 м қабірлер жатты. Қабыргалары құма бөренемен түргызылды, төбесі еніп жасалды, кейде екі қатар бөренелермен де жабылды. Бұл қабірлердің көпшілігі ертеде-ақ тоналған, бірақ сакталып қалған заттар мүрдемен бірге арнайы сойылған мал, алтын бүйымдар, қола пышақтар, түйреуштер, жылқы әбзелдері, садақ үштариның жиынтығы қойылғандығын айқастайды.

Обалар мен қабірлердегі құрылыштарға, мұнда қойылған заттар құрамы мен санындағы өзгешеліктерге Караганда, андронов қоғамы біркелкі болмады, онда ерекше пұрсатты жағдайға ие ақсүйектер мен байлар өмір сүрген. Бұлар қайтыс болғаннан кейін руластары кететін шығынды есептемей-ақ, олар үшін ерекше, басқаларға үксамайтын жерлеу құрылыштарын түргызған.

## Діни нарындар

Андроновтықтардың көптеген діни түсініктерінің мәні мен одан шығатын ғұрыптық салттары, түрлі жоралғылары археологиялық мәліметтерді ежелгі үнді және көне иран діни шыгармаларының мағлұматтарымен байланыстырылганда ашыла түседі.

Андроновтық қорымдардағы барлық қабірлерде мүрденің басы батыска не болмаса онтүстік-батысқа қаратылған. Бұл кездей-соктық емес. Үнді-ирандықтар түсінігінше жер төрт бұрышты немесе дөңгелек, не болмаса шаршыға енген дөңгелек түрпатында болды. Сондықтан ортасында қабірі бар дөңгелек оба өлем секілді еді. Әр тарапты өзінің құдайы басқарды. Олай болса, басты батыска қарату о дүние құдайына қарай бағытталғандық еді.

Мүрдені қабірге бүгінен жатқызды. Бұрын мұндай қалыпта жатқызууды өліктен адамдар корқып аяқ-қолын жіппен байлады деп түсіндірді. Бірақ көне әдебиеттерде жер мүрдені анасы секілді қабылдайды, және де ол өмірге жаңадан қайта келеді деп жазылған. Сондықтан да, мүрденің қырынан жатуы – ана құрсағындағы баланың жатуы болып табылады. Мүрдені осылай жатқызу үшін оны байлаған.

Мүрдені жерлеумен қатар андроновтықтар кремацияны - өлікті өртеуді де қолданады. Бұл от күльтіңе байланысты қалыптасан еді. Бірақ, қабірлердегі сүйек, күл мен көмір қалдықтары өзіндік мақсаттарға қарай белінеді. Ерте кезеңдердегі күл мен көмір - өлікті өртеген от ғұрыптарының қалдықтары. Ал, кейінгі

уақыттардағы күл мен сүйек отпен тазалағандагы өртөлген ағаш жабын.

Қабірге, мұрденің бас жағына тағам салынған ыдыстар, сондай-ақ сойылған кой, өгіз немесе жылқы қойынды. Кейде етті қабір шұңқырының үстіне, қоршау маңында да қалдырды. Бұрын зерттеушілер мұны өлтөн адамға берілген о дүниелік сый деп есептеді. Бірақ, көне жазба дерек көздері оған күрделі түсінік береді. Тіпті қазба кезінде аршылған тағамдарға байланысты бірнеше ғұрынты байқауга болады. Тағам тек қайтыс болған адамға ғана емес, өлілер патшалығының патшасынан бастап өмірден бұрыныракта өткен барлық ата-бабалар үшін көміп кетті.

Көбіне тас қоршау жаңынан, үйінді шетінен табылатын малдың бас сүйегі мен аяқтары – белгілі бір уақыттардан кейінгі ас беру ісінің қалдықтары. Әдетте, оған қайтыс болған адамның туыстары катысты, олар үлкен қазанға ет асып, оны жеді, ал малды білдіретін бас сүйек, аяқ, пен теріні ата-бабалар үшін көміп кетті.

Кейде қазба кезінде құшақтастырылып жерленген ерекк пен әйелдің қосарланған қабірі үшірасады. Бұрын бұя әйелді өдейі өлтіріп, қабірге күйеуінің қасына жерлеген деп саналып келді. Бірақ ежелгі текстерден әйел өлген күйеуімен бірге о дүниеге аттанарын немесе ары қарай өмір сүрерін өзі шешкендігі белгілі. Шынында да, бұл салт кең тарай қоймады. Әдетте, ол тек символикалық түрде ғана орындалды - әйел қайтыс болған күйеуінің қасына тез жатып, қабірден шығып кетті. Немесе өз орына кесілген бұрымын тастанды.

## Жартас суреттері

Діни нағым-сенім өнердің даму жолын анықтап отырған. Айтальық, құдайлардың тас мүсіні мейлінше шынайы және үлкен көркемдік талғаммен жасалды.

Қола дәүіріндегі жартас суреттері де ғажап өрі керемет. Құнғе қақталған қара жылтыр тас қабыршактарына, тегіс жартас бетіне ежелгі адамдар қатты тас кесектерімен жаңуарларды, күн бейнелі адамдарды, арбаларды, соғыс көріністерін қашап салды. Бұлар адамның рухани мәдениеті, оның дүниетанымы туралы аса құнды ақпарат беретін дерек көзі болып табылады.

Қазақстан жартас суреті – петроглифтер кең таралған өнірлер көзарына кіреді. Тамғалы, Ешкіелмес, Карагатай, Маймак, Тарбагатай,

Бекенттау жеріндегі тажайып суреттер бүкіл әлемдік мәдениеттің игілігіне айналды.

Кола дәуірінің адамдары ойлаудың мифологиялық сатысында тұргандығы анықталған. Әмір олар үшін қайталанып отыратын табиғат айналымы іспеттес еді – көктемгі тепе-тендік, жер жырту, одан кейін күзде өнімді жинау, мал телдету, қыс және тағы да көктем күннің келуі. Бұл үйлесімділікті, мұндай әрбір құбылыстарды бұзбау үшін олардың түсінігі бойынша құдайларға құрбандық берілуі, дуга оқылуы және жосын-жоралылар атқарылуы тиіс еді. Мұның бөрі арнағы жасалған гибадатханаларда тау бектері, қасиетті бұлақ пен өзен секілді онаша жерлерде атқарылды. Кола дәуірінде және одан кейінгі уақыттарда мұндай гибадатханалар андроновтықтар суреттермен өздерін қоршаған орта туралы түсініктерін бейнелеген жартастар маңында болды.

Әдетте, гибадатханалар халықка бірнеше гасырлар бойы қызымет көрсетті. Сондықтан да жартасқа тек неолит пен қола дәуірлеріндегі адамдарға ез суреттерін қашап, бедерлеген жок, оны кейінгі адамдар, тіпті XIX гасырға дейін әмір сүргендер де салды.

Түрлі уақыттағы топтар немесе қабаттар тастағы “шепді-қакталудың” қарқындылығына тікелей байланысты, “қакталу” не болмаса “күнге кую” неғұрлым қарқынды болған сайын, жартастағы суреттер соғұрлым көне болып табылады. Бірақ бұл белгі әрдайым дәл емес, себебі қабық қалындығы мен “күнге қакталу түсінің” қарқыны көбіне жартастың орналасқан жеріне оның күнге бағытталған бүршішіна, тағы басқа жағдайларда байланысты болып келеді.

Петроглифтердің мерзімін анықтауда жаратылыстану ғылымдарының тағы бір тәсілі колданылады, әдетте ол суреттерді басып кеткен тастағы қынаның есу жылдамдығы бойынша анықталады. Мерзімдеуде қашау техникасын, суреттердің көрінісін, сюжеттің зерттеу әдісі де колданылады. Жартастағы суреттерді мерзім нақты анықталған кешеннен табылған андар мен құстардың бейнеслерімен салыстыру, сондай-ақ петроглифтер маңындағы қоныстар мен қорымдар хронологиясын зерттеу әдістерінің де мәні зор.

Осы тәсілдер мен әдістердің жиынтығына сүйене отырып галымдар қола дәуіріне біркатор суреттерді, сюжеттер мен көркем-онер шығармаларының құрылышын анықтады. Жабайы бұқаның бейнесі андроновтықтардың жартас өнерінде оте жиі кездесед. Иілген, мүйізі алдына созылған, ариқ тұсы күжірейген, денесі нык және аяқтары мығым тур-бұқасы да ежелгі суретшілердің шығар-

масындағы кең тараптап бейнелердің бірі. Алайда Қазақстан аумағындағы алғашқы жартас суреттері палеолит пен неолит дәуірлерімен мөрзімделінеді.

Қола дәуірінде турдан басқа соқаға (жер жыртып жатқан коріністер), арбага жегілген үй бұқасын да бейнеледі.

Тамғалы шатқалынаң ғұрыптық би бейнеленген сюжет анықталған: күн басты адамды қоршап, қол ұстасып билеп жүрген адамдар, сонымен қатар жеке және жұптасқан бишілер суреттері бар. Қол ұстасып өндөтіп билеп журу – күн символы, ал оған татысушылар іс-әрекеті – аспан астындағы күн, ай, жұлдыздар қозғалысына еліктеушілік.

Бұқалардың бейнесі құнарлылық идеясымен астасады. Сондай-ақ ол құдіреттілік символы да еді.

Жартас өнеріндегі екі өркешті бактриан-түйесі ең сүйікті бейнелердің бірі болды. Қола дәуірінде ол сымбатты түрпатта бейнеленді және көктеген коріністерде көбіне орталық орынды немендеді.

Қола дәуіріндегі петроглифтер арасында арбалардың бейнелері көп. Қаратай жартас суреттеріндегі олардың саны 49. Олар Тамғалыда, Ешкіөлмес тауында да бар. Кебіне бұлар екі деңгелекті жеділ аңшылық және соғыс арбалары. Бәрі бір мәнерде, арба бөлшектеліп, донғалақтары алынып, оның екі жағына қойылған тәрізді етіп салынған. Оларға жегілеттің жануарлар – жылқылар, ал түйелер сирек ұшырасады. Ат пен арба жайлы үнді-ирандықтар арасында көктегі күн күймесі жөнінде аныз-әпсана бар. Олар, жоғарғы құдайлардың бәрі аспанда пырак жегілген күймелермен заудап жүреді деп есептеді.

Ертедегі таным-түсінік ұшқындары, аздал өзгеріске ұшыраған күйде, қазактарда және Қазақстанды мекендеуші басқа халықтарда сақталып қалды.

## ЕРТЕ КӨШПЕНДІЛЕР АРХЕОЛОГИЯСЫ

### Сақ тайпалары

Б.з.б. бірінші мыңжылдықтан жаңа дәуірге дейін Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс аумағында Ассирия мен Мидия мемлекеттері қалыптасады. Б.з.б. VI ғасырда Мидия державасын Ахеменидтер мемлекеті алмастырады. Оның негізін бір топ парсы тайпаларының көсемі болған II-Кир қалады, ол б. з. б. 550 ж. Мидияны талқандап өзіне бағындырып, орасан зор империя қурады, оған тіпті Орта Азияның оңтүстік аудандары да кірген болатын. Кейінрек ахеменидтер Орта Азияның солтүстік аудандарын да өздеріне бағындырып алады. I Дарийдің бүйрығымен қашалып түсірілген Бехистун жазуында Ахеменидтер мемлекеті құрамына (б.з.б. 530-522 ж.к. аралығында) Орта Азия мен Қазақстан аумағында болған Парфия мен Хорезм, Бактрия мен Соғдиана, Сака енгендігі, олардың халықтарын Ахеменидтер жаулап алғандығы немесе бағындырғандығы айттылады. Сака, немесе сақтар деген кімдер еді? Қоңа дерек көздеріне, негізінен Авестага жүгінсек, бактриялықтар, согдylар мен хорезмдіктердің теріскей жагын, Қазақстанның далалы аймактарын “желдей жүйрік атты турлар” мекендеғен. Турлар парсы дерек көздерінде сақтар деп аталауды, бұл “нағыз ерлер” деген сөз, ал грек авторларының туындыларында олар “скифтер” деген атпен аталауды, мұның өзі көшпелілер атауының синонимі іспеттес еді.

Б.з. I ғасырында коне рим оқымыстысы Улкен Плиний: “Яксарттың (Сырдария қоңа замандарда осылай аталған) аргы бетінде скиф тайпалары тұрады. Парсылар оларды сақтар деп атайды... Скиф халықтарының саны қисасыз көп... Олардың ішіндегі сл-жүртқа әйгілі болғандары сақтар, массагеттер, даилар,

исседондар... аримасптар” - деп жазады. Гректер мен парсылар скифтер мен сактар атын айтқанда, бөрінен де бұрын туыс тайпалардың сансыз көп одагын атаса керек. Олардың ішінде ең көбі массагеттер болған, Геродот олар туралы былай деп жазады: “Бұ халық Аракс (Сырдария) өзенінің аргы бетінде, исседондарға қарама-карсы тұрады... Киетін киімдеріне, тұрмыс салтына қарасақ, скифтерге ұқсайды. Олар атпен де, жаяу жүріп те соғысады. Соғыстың осынау екі тәсіліне жетік, садақпен де, сұңгімен де шайқаса біледі; өдette, айбалтамен де қаруланады. Олардың барлық бұйымдары алтын мен мыстан... Олар егін екпейді, үй жануарларының етімен, Аракс өзені шаш-етектен кенелтетін балықпен коректенеді. Олар сүт ішеді”.

Бұл тайпалардың қай араны қоныстанғандығын қазір ашып айту қын, себебі ежелгі авторлар тілге тиск боларлық географиялық атауларды көрсеттейді. Жазба дерек көздері мен археологиялық материалдарды талдай келе археолог К.А.Ақышев иран дерек көздеріндегі тиграхауда сактарына ортакарибанты скифтері сәйкес келеді, өйткені екі атау да “шошақ бөрікті сактар” деген мағына береді деп пайымдайды. Сонымен қатар, Персепольдағы Ксеркс сарайы рельефтеріндегі сактар бейнесі монгол пішіндес және шошак бас күім киген; ғалымның пікірінше бұлар тиграхауда сактары. Монгол пішіндестердің тараптан орталықтарының бірі Жетісу болуы мүмкін, соған байланысты ол тиграхауда сактары Жетісуда өмір сүрген деген пікірге келеді. Сактардың аримасп және “трифтердің алтынын қоргаушылар” тайпалары алтын кенді Алтайда тұрганға ұқсайды.

Б. з. б. VIII-VII ғасырлардағы Қазақстан, Сібір мен Орта Азия сактары Ассирия, Мидия, Урарту, ал б. з. б. VI ғасырдан бастап Персия, кейінірек Грекия секілді ежелгі дүние өркениеттерімен байланыс орнатқан болатын. Геродот және басқа авторлар парсылар мен сактардың соғыстары туралы, Ираннан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аймақты бағындырып, өзін құдайларға тенеген және ешқашан женилмеймін деп санаған ахеменид патшасы Кирді сактардың женгендігі жайлы жазып кеткен.

Сактармен ахеменид әулеттінің басқа патшалары да соғысқан. Б.з.б. 519-518 жылдары тиграхауда сактарына I Дарий жорық жасады. Ақырында Дарий сактарды бағындырыды, олар алым-салық тәлеп түрді және өз адамдарын парсы соғыстарына жіберіп отырды. Сактар парсы армиясының құрамында Мысырда,

Грекияда соғысты және Фермопиль манындағы шайқаста ерекше көзге түсті.

Сактар тарихының келесі беттері Ахеменидтер державасын талқандап, оны өзіне бағындырган, Орта Азияға жорық жасаған Александр Македонскийдің жауап алу соғыстарына карсы жүргізілген күреспен тығыз байланысты. Яксарттың (Сырдарияның) арғы жағындағы сақ тайпаларын бағындырмак болған Александр Македонскийдің әрекеті ешбір нотижесіз аяқталды.

**Жетісу мен Оңтүстік Қазакстандағы сактардың археологиялық ескерткіштері.** Шоғырланған сақ қорымдары, соның ішінде патша обалары Шу, Талас, Іле өзендері жағалауларынан, Қырғыз, Іле мен Жонғар Алатауы, Кетпентау беткейлерінен, Кеген мен Нарынқол таулы ангарынан, Ыстық көл қазаншұнқырынан табылған.

Іле Алатауы бөктеріндегі, Алматыдан шығысқа қарай 50 км жердегі, Есік қорымы құрамына кіретін Есік обасы Жетісудағы сақ ескерткіштерінің ең көрнектісі болып табылады. Обаның диаметрі 60 м, биіктігі 6 м. Үйінді астында екі қабір болған – орталық және бір бүйірінде (оңтүстік). Орталық қабір тоналған, ал бүйіріндегісі сол күйінде сақталған. Соғысы бес қатар өңделіп қырналған Тянь-Шань шыршасынан қаланған, аумағы 2,9x1,5 м және терендігі 1,5 м қабір. Лақыт үсті бөренелік біліктірмен жабылған. Жаксылап киуластырылған 10 тақтайдан тұратын ағаш еденде мұрде қалдықтары жатқан. Мұрде койылған еден белгіне үсақ алтын қалтырмалы мата тәссеніш тәселгендігі анықталған. Өлік шалқасынан басы батысқа қаратылып, барлық салтанатты киімімен, қару-жарагымен жерленген. Антропологтардың анықтауы бойынша, мұнда жерленген адам 17-18 жаста болған, ал бойының биіктігі 165 см екен.

Іле өзенінің оң жағалауындағы Желшагыр тауларының етегіндегі, Шылбыр шатқалына кірер тұстагы Бесшатыр қорымы археологтар тарапынан тыңғылықты зерттелген. Қорым солтүстіктен оңтүстікке 2 км-ге, шығыстан батысқа 1 км-ге созылып жатыр және ол 31 обадан тұрады, олардың 21-і тас, қалғандары киыршик тас пен топырақ үйіндісінен тұргызылған.

Қорымдағы обалар жүйесіз орналасқан, бірақ оңтүстік және солтүстік топтарға болінеді. “Ұлкен” деп аталған ең ірі оба қорымның солтүстік-шығысында орналасқан. Оның диаметрі 104 м, орташа биіктігі 17 метрге жетеді. Үйінді жамылғысы диаметрі 32 м киынқонус түріндегі үсті жайпақ төбе. Обаның тас жамылғысы

табан бөлігінде бірнеше тығыз қатардан тұрады да, орасаң зор үйіндіден тұратын шығынды ірге (цоколь) секілді болып көрінеді. Үйіндінің солтүстік және онтүстік жағынан төбеден төменге түсін орлар байқалады. Үйіндін айналдыра белдеулік жал соғылған. Үйіндімен қатар тас бағандардан (менгирлерден) және үлкен қойтастардан тұратын “қоршаулар” деп аталатын дәнгелек күрілістар орналасқан. Мұндай қоршаулар саны 94 және жоспары бойынша олар оба маңындағы бұранда сымды еске түсіреді. Қоршаулардың ғұрыптық мәні болғандығы аныкталған, сірө олар отқа табынуышылықпен байланысты болса керек.

Басқаларынан солтүстікке қарай орналасқан диаметрі 52 м, биіктігі 7 м-ден астам Бірінші Бесшатыр обасы толыққанды түрде зерттелген. “Ұлкен” оба секілді оның да үсті жайпақ. Үйінді уш қабаттан тұрған. Жоғарғы қабаты үстінің қалындығы 1 м, табанының қалындығы 3 м-ге дейін тас жамылғысынан тұрады. Екінші қабат өте қалың, топырақ пен қырышық тастан тұратын оның қалындығы 3,5 м-ден 13 м-ге дейін жетеді. Үшінші әрі төменгі қабаттың қалындығы 1,5 м-ден 12 м-ге дейін болатын ірі тастардан тұрады. Бұл қабат астында өндөлген бүтін Тянь-Шань шыршаларынан тұргызылған үлкен ағаш күріліс орналасқан. Осы күріліс жер бетіне соғылған “патша” қабірі болды.

Сагана дәлізден (дромостан), кірер ауыз күрілісінан және жерлеу бөлмесінен тұрады. Дәліз – ұзын, биік және төбесі жабылған, ол жерлеу бөлмесінің шығыс қабырғасына тақай орналасқан. Дәліз көлденеңін тұргызылған кеспелтек ағаш арқылы екіге болған. Жерлеу бөлмесі бұрыштары әлемнің төрт тарапына бағытталған биіктігі 4 м бұрыс шаршы түрінде, ол Тянь-Шань шыршасының 16 қатар бөренелерінен тұрады. Төбесі мен шатырына қабырғасын бойлай бөренелер қойылған. Олар 7-8 бөренелік қатардан тұрады. Қабырғасын сыртқы және ішкі жағынан бір шеті жерге тігінен көмілген 16 тіреуіштерге бекітілген. Барлық бөренелер жақсылап өндөлген, бұтактары шабылып, қабығы аршилған. Болме қабырғасына пайдаланылған бөренелер мұқият сүргілінген және бір-бірімен тақап қиоластырылған. Олардың кейір бөліктегінде қашау мен пышақтың іздері сақталған. Бөренелерді тасымалдауға бір шеті мен ортасына арқан байлау үшін тесіктер ойылған. Қамыстан жасалған жалпақ тесеніш жіппен буылған.

Жерлеу ғұрыптары атқарылғаннан кейін камераға кірер есігі ірі тастармен жабылған, ал дәліз бөліктері төбесіне дейін қырышық тас аралас тастармен толтырылған. Одан кейін қоршаган ортадан

5 метрден асатын бүл жерлеу құрылышының үстінен көлемді үйінді үйілген.

Камераның тоналғаны анықталды. Құлаган беліктегі еденді тазалағанда ер және әйел адамдардың, жануарлардың шашылып жатқан сүйектері, бір бұйымның ағаш аяғы арсып алынды.

Қалған Бесшатыр ескерткіштерінің архитектурасы үқсас, бірақ обалар мен лақыттар көлемінің әрқиылдығымен ерекшеленеді. Айтальық, үшінші обадағы қазба жұмыстары үйінді 17 қабаттан тұрғандығын көрсетті, обаның айналасынан алғашқыда биіктігі 1 метрден асатын қабырга анық байқалады. Алтыншы обадан жалпы ұзындығы 55 м болатын жер асты жолдары мен күйстары анықталды.

Қорымдағы обалардан басқа солтүстік шығыстағы төбешіктерден және де обалардан батысқа қарай төрт қоршау анықталған. Обалардан 10 км қашыктықтан ұзындығы 450 м, онтүстіктен солтүстікке созыла жатқан 45 қоршау тізбегі табылған. Корым маңындағы менгирлерден тұратын қоршаулар өз алдына дербес ескерткіштер емес, олар негізгі нысанды толықтырып қана тұрады. Кейбірінде тау теке, қабан мен қасқыр бейнелері бедерленген.

Кіші обалар үйіндісі топырақ, пен малта тастарынан соғылған. Топырақ шұнқыр өз ұзындығы бойынша шығыстан батысқа қарай бағытталған. Мұрдені ұзыннынан, басын батысқа қарай жатқызған. Шұнқыр үстін ағаш кеспелттерімен жапқан. Қызылауыз қорымындағы екі қабір шұнқырынан бірнеше адамдардың жерлегендігі анықталды, олардың бірінде мұрделер екі қатар етіп қаланған.

Камераның онтүстік және батыс беліктеріне әдетте ыдыс-аяқтар, солтүстігіндегі тақтайдан жасалған еденге мұрде қойылды. Сырдарияның төменгі ағысынан, Арас өнірінен сақ заманының корымдары – Тұғисен мен Үйарақ зерттелген, мұндағы қабірлердің ерте кезі б.з.б. VII-V ғасырлармен мерзімделеді. Мұрделер жер бетіне және де шұнқырларға қазіргі ғурыппен жерленген, сондай-ақ өртөліп те қойылған. Ежелгі горизонттагы жерлеулер б.з.б. V ғасырда салынған. Негізгі жерлеу түрлері - аумағы 3,7x4,5 – 2,3x2,7 м, терендігі 1-2 м аралығындағы мола шұнқырларда атқарылған. Қөшілік молалар шығыстан батысқа қарай бағытталған. Шұнқыр бөренелік ағаштармен және қалыңдығы 30-40 см қамыс тессеніші қабатымен жабылған, содан кейін үйіндімен көтерілген. Кейбір ағаш жабындыларда аздаган оттың іздері сақталған. Бірқатар жағдайларда қабырга түбінен шұнқырлар қазылған, яғни мұрде өзіндік төбешікке қойылды; отпен өртед-

меди. Мурде шалқасынан жатқызылып, басы батысқа қараташылды. Ол төсөніште немесе қамыс пен ағаш сырғауылдардан кұрастырылған зембілде жатты, кейде оны тоқылған шимен де жанты.

Зерттелген обалар арасынан, б.з.б. V ғасырмен мерзімделінетін бай қабірлер ерекше көзге түседі. Оларға жерлеу шұнқырына онтүстік-шығыстан жалғасатын терең шұнқырлы (2,2 -2,3м) ұзындығы 5-12 м дромос (дәліз тәріздес кіретін жер) төн. Мұрделер шалқасынац, аяктары созыла жатқызылды. Шұнқырлар мен дромос ағашпен бекітілді, кейде құрылым алдындағы жабын үйіндітері өртеді.

Сактар кешенді шаруашылық жүргізді, бір белгінде, есіресе Арай тәңірегіндегі ежелгі егіншілік аудандарда егін есіру өркендейді. Бізге белгілі қоныстардың ен ірісі Қызылордадан онтүстік-батысқа қарай 300 км жерде орналасқан Шірік-рабад болып табылады. Ондағы тұрмыстық заттар б.з.б. V-II ғасырлармен мерзімделінеді. Қала жұрты биіктігі 15 м тәбешікте орналасқан. Оның жоеспары тәбешік ауданымен сәйкес, ал тәбешіктің ұзындығы 850 м, ені 600 м. Анағұрлым ерте кездегі қала белгінің ауданы 42 га, ол екі катар қабыргамен қоршалған. Орталық белгінде ауданы 12,4 га цитадель (інді қамал) орналасқан. Қала сыртқы қабыргасының қалындығы 4,5 м және де ол ені 4 м, терендігі 4,5 м ормен қоршалған. Қабыргасы тік бурышты келген мұнаралармен қүштейтілген.

Қаладан оба мен екі ғұрыптық-діни құрылымы орны қазылған. Диаметрі 60 м, биіктігі 3,5 м үйінді астынан ауданы 7,5x7,5 м, терендігі 2,5 м жерлеу камерасы аршылды. Шұнқыр қабыргасы сыланып, сырланған. Жерлеу шұнқыры тоналған, табылған ақинак пен төлкелі садақ үшін бойынша ол б.з.б. V-IV ғасырлармен мерзімделінеді.

Жерлеу құрылыштарының бірі дөңгелек ліпшінді, оның диаметрі 38,5 м, сақтаған қабыргасының биіктігі 8,4 м. Қалындығы үш метрлік қабыргамен ғимарат ауданы 5,9x5,9 м төрт белікке болінген. Ішкі кірер есік онтүстік қабыргада болған. Ғимарат жерлеу камералары ретінде қолданылған. Қабыргалары шикі кірпішпен өрілген. Ішкі жағында шатырды тірең түрған ағаш қанқалары болған. Бұл кешен де ежелгі уақытта-ақ тоналған; аршып атынған заттарға қарғанда ол б.з.б. IV-II ғасырлармен, яғни сак мәдениетінің аяқ көзімен мерзімделеді. Атаптыш кезеңге жататын Шірік-рабад-2, Баланды 1-2, т.б. қоныстар мен жерлеу құрылыштары белгілі.

**Қабір саймандары.** Қатардагы сактардың жерленген орындарын қазған кезде темір пышақтар мен қанжарлар, кола түйіршіктер, бір шетінде барыс басы бейнеленген білесік, ақық моншактар, төлкелі қола садақ ұштары мен түрлі қыш ыдыстары табылған. Қыш ыдыстар негізінен түбек секілді құймалы және ілмек төрізді ұстағышты, сонымен қатар дөңгелек қелген шағын шынаяқ, мойыны қыска әрі тар шар пішінді ыдыстар, ілмек төрізді ұстағышы бар саптақтар да ұшырасады.

Әркелкі әрі қызықты материалдар Есік обасынан алынды. Адам қаңқасы жаткан жерден алтыннан жасалған киімге тағылған көтеген әшекейлер табылды. Жаңына кару-жарап, т.б. заттар койылған. Бас киімді әрлендірген көлемі әр қылы алтын тіліктері, қапсырмалары мен тоғалары бас сүйектен жоғары орналасқан.

Бас киімдегі арқаралын алтын мүсіні бас сүйектен 65 см жерде жатты. Алтын қапсырмалардың бір бөлігі бас киімнің бүліну, үгітілу нәтижесінде өздерінің бастапкы орналасу қалпын өзгертуен. Бас сүйектің сол жағында алтын жүзік, мойын омыртқа түсінінде жабық алтын алқа жатты. Мойын омыртқадан жамбас сүйектерінен қосылған жерге дейінгі деңесі ішкі және сыртқы киімді әшекейлеп тұрған алтын қапсырмалармен, тоғалармен, ұсақ қаптырмалармен көмкөрілді. Ұсақ үш бұрышты тоғалар (олар басқаларына қараганда көп) қола қаптырмаларға негізделген. Белінің түсінінде сыртқы киім үстінен белдеудің төрт бұрышты жапсырмалары табылған. Мұндай жапсырмалар саны 16, олардың 3-еуі ірі, калған 13-і ұсақ. Барлық қапсырмалардың келесі бетінде сопақша-тік бұрышты формадағы күміс құлақшалар жапсырылған; ірілерінде олар төртеу, ал ұсақтарында екеуден. Үлкен жіліншік бағтыр сүйектің сыртқы және ішкі жағында қолага негізделген тік бұрышты ұсақ алтын курсаулар жаткан. Олар мата шалбарға жиектетіле тігілген. Лақыттан барлығы 4 мыңдан астам алтын бүйымдар жинастырылған. Жерлеу лақыттынан қыштан, ағаш пен металдан жасалған 31 ыдыс табылған. Сондай-ақ күміс қасық пен ағаш ожай табылды. Ыдыстар белгілі бір жүйемен койылған: лақыттың онгустік қабырғасында ағаш, ал батысында қыш пен метал ыдыстар жайғастырылған. Қыш ыдыстар күміралар мен тоғтағаннан тұрады. Табақ, тоғтаған мен ожай қайынан дайындалған. Табақтар тік бұрышты турпатта, сыртқа қайырылған жиектері аса биік емес. Тоғтағандар нашар сакталған, бітсе де жекелеген ірі беліктерінен олардың түрлітін мениң көлемін қайта қалпына келтіруге болады. Металл ыдыстар күміс пен қоладан

жасалынды. Қоладан құйылған тостаған ернеуі тік, тубі жайпак және іші-сырты алтыннан жадатылған. Екі шынаяқ пен қасық күмістен жасалынты. Тостағаншының бірі қолемді, кеңінен қайырылған, ернеуі шығыңқы бүйіріне, одан өрі тубіне жалғасады. Ернеуің сұртқы жағына 32 дөңгелек бедерлеңген, ал ішкі жағына, соның ішінде ортаңғы болігіне орталық шенбер бейнесіндегі ою-өрнек түсірілген. Тостағанша қолдан жасалған. Тубі бөлек жасалған және сегізжашырақ түрппатты, аса биік емес тығырыққа кептеледі. Сонынан ыдыска тойтарма шегемен жабыстырылған.

Келесі тостағаншада әлі күнге дейін анықталмagan 26 белгіназу бар. Қасық та соғылған, дөңгелек ұсташының үшкір құстың басымен аяқталады. Толымды турде сақтардың заттар кешені мен бұйымдары б.з.б. V ғасырмен мерзімделінеді.

Сырдария мен Арап мациндағы сақ заманының қорымдарындағы қабір шұнқырларында құрал-саймандар ете аз әрі ескерткіштердің көшілігі тоналған.

**Көмбелер.** Көптеген көмбелер арасынан сұңқаректі бұйымдар бызы шатқалынан шықкан. Оның күрамында ерте сақ кезеңінің тік бұрышты, сопақша және қосымша тесігі бар қоладан құйылған ауыздығы бар. Біттерлердің үстінде кесік шығыңқы тік бұрыш пен шаршы тәріздес ою-өрнек түсірілген.

Рұрылтық табақшалар, құралдар, кару-жараптардан тұратын кола бұйымдары көмбелері арасынан қазандар ерекше көзге түседі. Олардың түрплаты көбіне сфера тәрізді келген, үш аяқша-тіреумен көтеріліп тұрады. Аяқша-тіреулер кейде арқар мұсінімен әшекейленген, кей реңге жыртқыш аңың әлемесе малдың тұяғына үксаттырылып та жасалады.

**Орталық Қазақстан сақтарының Тасмола мәдениеті.** Тасмола мәдениетін ерекше бөліп көрсететін тастар тізбегінен тұратын “мұртты” обалар болып табылады. Бұл бейіт үстіндегі кешен негізінен қолемді обадан, оның шығыс жағынан жапсарластырыла орналасқан кіші оба мен одан шығыска қарай сіні 1,5-2 м және ұзындығы 20-200 метрге дейін созылған тастар тізбегінен тұрады. Тастан тізбегі жартылай дуга тәріздес болып келеді және бас жағы мен аяқтарлар түсінде оба түріндегі құрылышпен аяқталады. Сейтіп, “мұртты” обаға үш құрылыш кіреді: мұрде жерленген улken оба, жылқы мен қыш ыдыстар қойылған кіші оба және тастар тізбегі. Негізгі оба түрлі заттар қойылған жерлеу орын болып табылады. Кіші обада жерлеу шұнқыры болмайды. Ондағы үйінді астындағы жер бетінде жылқы қаңқасы немесе оның кейбір

сүйектері (бас сүйегі, тұяктар), ал шығыс жағында көбіне бір (кейде екі) қыш ыдыс қойылады. “Мұртты” обалардың сипатталған түрі кен таралған, бірақ оның өзгешелуе нұскалары да үшірасады. Мысалы, жапсарлас обалар да бар, мұнда кіші оба үлкен обага шығыс жағынан емес, онтүстік жағынан орналасады. Бұл ретте олардың қөлемі бірдей. Тек бір жағдайда ғана кіші оба өз кезегінде үлкен обаның үстіне орнатылған, бірақ әрдайым кешенниң үш негізгі құрамы болады.

Хронологиялық жағынан алғанда тасмола мәдениеті б.з.б. VII-VI ғасырлар мен б.з.б. V-III ғасырларды қамтитын екі кезенге бөлінеді. Мәдениеттің бірінші кезеңінде қола садақ үштари, қанжар (акинақ), қоладан жасалған үзенгі тәріздес ауыздық, қола айна кен тараған.

Екінші кезенге – төлке тәріздес үш кырлы садақ үштари, “сақиналы ауыздық”, қола айна тон.

Бірінші кезеңнің назар аударалық ескерткіші – Тасмола-1 қорымындағы 1-оба. Ол диаметрі 8 м, биіктігі 3,3 м тас үйінді; ені 1,5 метрлік солтүстік тізбектің ұзындығы 52 м, ал онтүстігіндегі ұзындығы - 46 м. Ескерткіш негізгі жөне кіші обалар бір үйінді астына жапсарластырыла соғылған оба нұскасы болып табылады. Сондықтан да, оба үйіндісінің онтүстік-шығыс жағынан екі ыдыс сынықтары табылды, ал орталық болігінен қабір шұнқыры қазылды. Ол таспен бекітілген және де солтүстіктен онтүстікке бағытталған жоспары бойынша ұзындығы 1,8 м, ені 0,8 м, терендігі 1,5 м болып келеді. Шұнқырдан басы солтүстікке бағытталған ұзындығынан жатқан әйел адамның қаңқасы аришылды. Астына қамыс тессеніш төселген. Оң жақ жамбас сүйегінен диаметрі 19 см дөңгелек қола айна, аяқ жағында екі қойдың бас сүйегі табылды. Қанқаның сол жағында үстіне пышақ қойылған тік бұрышты қайрақ жатты. Сол аяғынан тұсында жылқының бас сүйегі мен жауырыны қойылған. Аттың басына қоладан жасалған үш тессікті жүген кигізілген. Сондай-ақ оған сән беріп тұрған қайыс жүген және қола моншаш, тоға табылған.

Нұрымбет-2 қорымындағы 2-оба екінші кезең ескерткішіне жатады. Топырақ пен тастан үйилген үйіндінің диаметрі 10 м, биіктігі 0,3 м. Табанын бойлай ірі тастар сақинасы тұрғызылған. Қабір шұнқыры солтүстік-батыстан онтүстік-шығысқа бағытталған. Мұрденің басы солтүстік-батысқа қаратылып, шалқасынан жатқызылған. Сол қолының тұсынан тастан жасалған құрбандық ыдысы, самұрық бейнеленген қола тоға алынған. Оң қолының

қасында мөишақ жатқан. Мұрда жанынаң жүтегі сакталған жылқының қаңқасы анықталған.

Кару-жараптар арасында әсіресе садак үштари басым. Олар төлкесі шығыңқы екі жақты және үш жақты сабында болып екі түрге болінеді. Қарамұрын-1 қорымындағы обалардың бірінен табылған тері қорамсақ калдығынан 3 қатардан тізілген 46 жебе шыққан. Ағаш сағтың ұзындығы 60 см екендігі анықталды. Жебе үштарынаң – қолдан жасалғандарының саны 42 дана, сүйектен жасалғандары – 3 дана, ағаштан жасалғандары – 1 дана. Қола жебе үштарының салмағы 7 гр-га жетеді. Төлкелі жебе үштари арасында жапырақ түрпatty қауырсыны мен төлкесінің төмөнгі кесігіне көртік орнатылғандар; үшінша дейін жетегін ассиметриялы – ромб пішіндес қауырсыны мен төлкесі; шегі біртегіс ромб түрпatty жебе үштари да бар.

Б.3.б VI ғасырлардың 2-жартысында осы аталған заттармен қатар жаңадан үш қауырсынды төлкелі жебе үштари пайда бола бастайды да, б.3.б. V-IV ғасырларда олардың үлес салмағы арта туследі. Бұл тәсіл скифтер мен савроматтардан қабылдануы мүмкін. Шамамен осы уақыттарда төлкесі жасырын және көртігі айқын байкалатын үш кырлы жебелер де тараала бастайды.

Кару-жараптың келесі түрі – қола қаңжар-ақинақ оте аз кездескен. Нұрманібет-4 қорымындағы б.3.б. VI ғасырға жататын ақинактың ауыр сабы жүзінен үлкен және одан 5 см ғана қыска. Сабының бас жағы санырауқұлақ төрізді және жүзімен қосылар түсі сопакша болып болынған. Басқа данааларында сабы мен жүзі бірдей смес. Қаңжарлар белбеуге арнайы жасалынған металл қынапқа салынды. Көшпендерлер үшін белбеудің өзіндік манызы зор болды. Ежелгі тасмолалықтарда қола тоғадар жапсырылған тәрі белбеулер көзінен тарады.

Шығыс Қазақстан сактарының ескерткіштері. Алтай, Ертіс алабы мен оның сағаларынан, Қалба жотасының солтүстік және оңтүстік баурайларынан, Шыңғыстау мен Тарбагатай беткейлерінен көптеген сақ қорымдары анықталған. Болқім, аrimасп және "самурыктар алтынын корғаушы" тайпалар дәл осы аймактарда мекен еткен де болар. Шығыс Қазақстан сақ тайпалары мәдениеттің дамуы майәмір (б.3.б. VII-VI ғғ.), берел (б.3.б. V-IV ғғ.), күла-жорға (б.3.б. III-I ғғ.) секілді үш даму кезеңдерін басынан кешірді. Майәмір кезеңі - Нарым өзенінің жоғарғы ағысындағы обалы қорымның аты бойынша белгіленген. Обалар іргесін белдеулей аласа тас үйінділер қоршаған. Қабір лақыттары тік бұрышты етіп

қазылады да, қабыргалары ағашпен шегенделіп, бөренелермен жабылды. Обаларды қазған кезде жиегі шығынды және ортасында ілгегі бар қола айналар; қола ауыздық (жұген); әшекейлік бүйымдар – тоға, жануарлар бейнеленген қапсырмалар табылды.

Майөмір кезеңінде аяқ кезінде иесін атымен коса жерлеу пайдалады.

Зайсан көлінен онтүстікке қарай 100 км жердегі, Монрак пен Тарбағатай жоталары аралығында Шілікті алабында орналасқан сақ обалары да кеңінен танымал. Бұл алап ежелден мал шаруашылығына өте қолайлы: мұнда салыстырмалы түрде айтқанда қыс жылы, қар жамылғысы қалың емес, шебі шүйгін әрі тау өзендері көп. Қорым алаптың ортасында орналасқан, обалары топ-топқа болінеді. Обалардың торттегі бірін ірі (ұлкен) деп санауға болады, мұндай “патша” обаларының диаметрі 100 м-ге, биіктігі 8-10 м-ге дейін жетеді.

Бірнеше обалар тоналған болса да, мұнда жүргізілген қазба жұмыстары б.з.б. В ғасырға жататын сақ мәдениетіне тән жерлеу ғұрыптарын анықтауға, қола садақ үштариң, бірнеше алтын тоғаларды табуға мүмкіндік берді. Тоналғанына қарамастаң “Алтын” аталған тек бір обаданғана оте бағалы заттар алынды.

Обаның диаметрі 66 м, биіктігі 2,5 м. Үйінді астынан терендігі 1м, аумагы 7,1x8,3 м қабір шұнқыры шыкты. Оның орталық болігіне шығыстан батысқа қарай ені 1 м, ұзындығы 12 м, терендігі 1 м дәліз (дромос) түсірілген. Шұнқырға балқарағай бөренелерінен соғылған ауданы 4,6x4,8 м, биіктігі 1,2 м шаршылық құрылым салынған. Шұнқыр қабырғасы мен құрылымы бөренелері арасындағы кеңістік таспен толтырылған. Қабір лакытының батыс жағында жонылған қалың тақтай еденде ер және әйел адамдардың екі қанқасы қойылған. Жерлеуден кейін барлық құрылымтар таспен, саз балшық пен малта тас қабаттарымен жабылып, үйіндіге айналдырылған. Оба үш катар шағылған ірі тастарға негізделді. Оба ортасына бейіт құрылымы салынды. Тонаушылар қабір лақытына үйінді төбесін тігінен қазып (тікқазба-шурф) түсін. Көптеген заттар олардың назарынан тыс қалғандарына қараганда тонаушылық әрекеті асығыс түрде жүргізілген болса керек. Заттар арасында коладан жасалған жебе үштары шығынды төлкелі болып келеді. Қалдықтарына қараганда қорамсақ қалың аң терісінен жасалып, тарамыспен тігілген. Бейіттен қорамсаққа тігілген бүғы түріндегі алтын тоғалар да табылды. Барлық бүғылар аяктары айналды.

рылып, бұтақты мүйіздері арқа тұсына қарай иілген қырынан бейнеленген. Бұғының құлағы мен көзіне лағыл тас (бирюза) орнатылған. Сондай-ақ бүркітке ұқсас етіп жасалған тоғалар да табылған. Басқа алынған заттар арасында сакина секілді оратылған қабылан, қабан, қанатын жайған құс, балық, төрт қырлы пирамида тәрізді алкалар, белбеку салғыш, сондай-ақ ромб, үшбұрыш, сегмент тәрізді тоғалар бар. Алтын әшекейлері аздал үқыпсыздау болғанымен, көркемдік жағынан жоғарғы дәрежеде жасалған. Барлығы да жерлеу үшін арнайы жасалған тәрізді. Табылған заттарды талдау, басқа өнірлердегі ұқсас бұйымдармен салыстыру нәтижесі ескерткішті 6.3.б. VII-VI ғасырлармен мерзімдеуге мүмкіндік береді.

Берел кезеңіндегі (6.3.б. V-IV ғғ.) сақ мәдениетіне келесі белгілер тән: обалар тас үйінділерден тұрады; топырак қабатындағы шұнқырда қима-табыт орналасты; мүрделермен бірге әдейі өлтірілген жылқылар да жерленді.

Бұқтырма өзеніндегі Улken Berel обасынан (диаметрі 30 м, биіктігі 5 м) терендігі 5-7 м молада құстардың төрт қола мүсіншесі орнатылған ағаш табыт тұрған. Шұнқырдың солтүстік жағында 16 жылқы қаңқасы жатты. Орташа және кіші қолемдегі обаларға аксүйектер мен жауынгерлер жерленді. Берел кезеңінде бейітке қыш ыдыстар қою ғұрпы таралады. Кейір ыдыстар қара-қошқыл сырмен боялған. Берел кезеңінің аяқ кезінде қола заттарды темір бүйімдар ығыстыра бастайды.

Құлажорға кезеңінде үйінді астында ірі тас плиталардан соғылған тас жәшік сиякты құрылыштар пайда бола бастайды. Жерленгендердің басы батыска немесе шығыска бағытталды. Бейіттерде қыш және ағаш ыдыстар көп. Бұл уақыттарда Жетісу аудандарымен мәдени байланыстар орнағандығы анықталды.

## Савроматтар

Орал, Тобыл өзендерінің солтүстік сағаларынан Ембі өзені мен Солтүстік Каспий маңы құмдарына дейін, Мұғалжар тауларынан Дон өзеніне дейінгі орасан зор аймақта савромат тайпалары мекен етті. Өз тарихының ақырғы кездерінде савроматтар Доннан отіп, скифтерді ығыстырады. 6.3.б. VII-V ғасырлар аралығын көнінен қамтитын бұл көшпелі малышлардың тайпалары скифтер мен сактарға туыстас еді. Олардың негізгі тіршілік еткен “Отаны”

Орал мен Еділ далалары еді, осы өңірлерде жүріп олар бағынған тайпалар мәдениетін қабылдан әрі ассимиляцияға үшінрап жанжакқа тараптады. Жазба дерек көздерінде бұл халық жайында моліметтер ете аз. Савроматтар тарихына қатысты азды-кемді мәліметтерді ХХ ғасыр қарсаңында ашылған археологиялық мәдениеттермен байланыстыруға болады. Грек авторлары (Геродот, т.б.) савроматтарды “әйелдер басқарды” деп жазған болатын, археологтар ізденістері де бұл халықта матриархат үстемдік күргандығын нақтылай түседі. Барлық көшпелі тайпаларға тән тұрғындар санының осуі - тіршілік ету аясын көңейтуді кажет етті, бұл ретте олар ез көршілері скифтерге қарағанда анағұрлым сотті жорықтар жасады, бірақ демографиялық процестерде нәтижелі орын алған савроматтар арасындағы қайта топтасу алғашқыларын өздеріне сінірген сарматтардың тарих сахнасына шығуына алғып келді.

**Археологиялық ескерткіштері.** Савромат мәдениеті ірі обалы ескерткіштерден – қорымдардан, обалар тобы мен жекелеген обалардан тұрады. Кейбір жекелеген савромат обалары қола дауірі қорымдарында орналасқанымен, көбіне кейінгі уакыттардағы қорымдарда жиі үшірасады. Әдетте мұндай ескерткіліп савромат заманында салынып, орта ғасырларға дейін қорым қызметін аткарды. Тайпа аксүйектері жекелеген үлкен оба немесе екі-үш үйіндіден тұратын обалар тобын соктыруды. Обалардың көпшілігі ілкі замандарда тоналған, бірақ олардың қалдықтары, жоне де сақталған кейбір ескерткіштер арқылы жерлеу ғүрпин, заттық мәдениетін, ішінәра халық дүниетанымын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік алынды. Негізгі бейіттер, әдетте, тас үйіндіге қарағанда топырақ үйіндісінен жиі тұрғызылды, колемі жерленген адамның байлығы мен қоғамдағы орнына байланысты езгерді. Диаметрі 60 м-ден, биіктігі 4 м-ден астам обалар жиі кездеседі. Көпшілік обалар жартылай сфера тұрпатты болып келеді, биік үйіндісінің жанынан ордын ізі анық байқалып тұрады. Тас үйінді ете сирек үшірасады. Мұндай обалар, соңдай-ақ аралас (топырақ-тас) үйінділер савроматтар мекендереген шығыс өңірлерде – Ақтөбе мен Орынбор өңірінің оңтүстігінде кездеседі.

Ерте уакыттарға жататын (б.з.б. VIII-VII ғғ.) бейіттердің бірінен кима мәдениетіне тән сүйектен жасалған пластина мен геометриялық ою-өрнекті қорамсақ табылды. Бұл кезде әлі де қабірге тағам қойылғандығы байқалады. Мұрделердің аяқ-коло аздап бүгілген күйінде басы батысқа немесе шығыска қаратылды. Мәдениеттің бастапқы қалыптасу кезеңінде металл заттардың

үлкен бөлігі олі де коладан жасалады. Мысалы, ең ерте кездегі бұйымдарға сабы - қола, жұзі – темір ақинақтар, т. б. жатады.

**Қабір шұңқырларының түрлері.** Бұл кездері ұзындығы 1,4 метрден 2,4 метрге жететін тік бұрышты шұңқырлар көнінен тарады. Отбасы тобы жерленген орындар арасында аса үлкен еместері, көн және де шаршы секілділері де бар. Сопақша және дөнгелек келген шұңқырлардың ауданы шағын. Кейбір қабір шұңқырларында косымша куыс пен катакомба салынғанымен мұрделер негізінен жер астына жерленді. Шұңқыр терендігінің 1 метрден асуы сирек. Алдыңғы дауірлерден сакталған ерте кездегі қабірлер – дөнгелек. Оған б.з.б. VIII ғасырға жататын Актөбе облысындағы Ақжар қорымындағы 2-оба дәлел. Катаомбалы – куысты бейіттер негізінен б.з.б. IV ғасырларға жатады және де сарматтар мәдениетіне өтер кезенді сипаттайды. Ежелгі жер бетіндегі бейіттер савроматтар мекендеген аумақтың солтүстік-шығыс өңірлерінде тараптады.

Савроматтар о дүниелік өмірге сені, сондықтан да оліктерді алғаннен кейінгі өмірге қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуге тырысты. Бейіт еденінен тосеніш қалдықтары табылған, олар - киіз, текемет, мата, ағаш қабығы, т.б. заттарға үксайды. Бір бейіттің едені саз балшықпен сыланған. Сакталған заттарға Караганда бейіт кабыргасы ағашпен, қамыспен және басқа метериалдармен капталған. Бейіт үстіне шыбық тоселді, кейде оны беренелік ағаштармен жапты. Кейбір бай бейіттер үстіне өлемнің торт таралына бұрыштары қаратылған ағаштан жасалған тік бұрышты үлкен күрілістар салып, сонынан оны өртеді. Содан кейін үстіне оба түрғызды.

Савроматтар мурделерді ендік бойынша, жыл маусымына байланысты онтүстікке немесе солтүстікке аздал қисайтканымен, көбіне олік басын батыска қаратып жерледі. Ең ерте кездегі қабірлер онтүстікке бағытталуымен ерекшелінеді. Ол - Ақжар қорымынан белгілі болып отыр. Б.з.б. V ғасырларда бұл жоралғы Елек өзені алабында көнінен тарады. Мұндай заңдылық савромат мәдениетінің қалыптасу үрдісін аялтса керек. Ен көп тараган жерлеу ғурпы - адамды шалқасынан жатқызу еді. Бірақ ең ерте кездерде де (б.з.б. VIII-VII ғғ.) мәйіттердің аяқ-колын аздал бугіп, кейде бір кырынан жатқызды. Мурдені өртеп ғурпы өте сирек кездеседі. Мұндай іс-әрекет тайпалар арасында отқа табынушылықтың болғандығын дәлелдейді. Көп жағдайда мұрдені тосеніш

үстіне қойып жерледі, табытқа немесе сондай құрылышқа жерлеу сирек ұшырасады.

Діни ғұрыпқа сәйкес түстер де таңдал алынды. Ақ тұс савроматтар арасында тазалықты білдірген сияқты, сондай-ақ мәйіттің бас сүйегінің жанына бор немесе оны алмастыратын саз, гипс қойылды. Бейіт шұңқырын толтырған кезде оны бормен араластырды. Қызыл тұс ауқатты адамдар - әйелдердің де, ер-азаматтардың да бейіттерінде жиі кездеседі. Мұны жебе жанына ориаластырды немесе тасаттық шалу символы ретіндегі қан мен қан шығаруды білдіретін, оны тастан жасалған ғұрыптың үстелшеге қойды, бұл да отка табыну ғұрпымен байланысты болған еді. Савроматтар мекендеген аумакта сары түсті бояу мен күкірт ұнтақтары кездеседі. Барлық үш тұс қасиетті саналды. Бұл бояулардың айна, сүйек қасықтар, шағын ыдыстармен бірге табылуы, оларды әйелдер косметика ретінде қолданғандығынан хабар береді.

**Қабір құрал-саймандары** Еуразиялық ерте темір дәуіріндегі заттарға үксас болғанымен, савромат обаларындағы бұйымдар әркелкілігімен ерекшеленеді. Мұнай қауымдастық ежелгі тайпалардың шамамен о дүниелік танымы мен қошпендердің біркелкі шаруашылығымен тікелей байланысты болуынан еді. Бейіттерден мал шаруашылығына, қошпелі және жартылай қошпелі тұрмысқа тән заттар кездеседі.

Әйелдер мен ер адамдар қабірлеріндегі құрал-саймандардың бір-бірінен айырмашылығы шамалы. Кейбір заттар жерленген адамның жынысы мен жас мөлшеріне қарамай-ақ бірдей кездесе береді. Олар: ғұрыптық ас-тагамға арналған темір пышақтар, қыш ыдыстар. Тагаммен немесе сусынмен қалдырылған ыдыстар арасында қабыргалары қалың, түбі жайпақтары басым, ал түбі дөңгелектер өте сирек. Әйелдердің бейіттерінде дәнүккіш тастар, үршық, ине мен бігіз, сүйек тескіш секілді еңбек құралдары мен саймандар кездеседі. Әшекейлерден алқа, тұмар, шыны моншак, көйлекке сән беріп тұрған күміс тагалар ұшырасады. Бас кім қасынан самай алқасы мен сырғалар табылады. Әйел қабірінің ең нақты белгілері: қола айна, түрлі минералдық бояулар салынған үлутастар, сүйек қасықтар. Савромат уақытының соңғы кезінде айналарды майыстыру немесе сындыру ғұрпы тарала бастайды.

Ғұрыптық заттардан – тастан жасалған тасаттық ыдыстары бар.

**Қару-жарактар.** Савроматтар қабірлерінде қару-жарак көп, тіпті олардың бестен бірі өйелдердікі. Негізінен семсер, қанжар, жебе, наиза (сирек) ушырасады.

Скифтерге қарағанда савроматтарда қыска семсерлер тек қана аұқатты адамдар қабірлерінде ғана емес, сондай-ақ қатардағы қауым мүшелері ескерткіштерінде де кездеседі. Ерте кездегі савроматтар мен скифтер семсерлерінің түрпаты ете ұқсас. Б.з.б. V ғ. сонында савроматтар алғашқы болып ұзындығы 1 метрден асатын семсерлерді қолдана бастады, бірақ бұл ортағасырлық семсерлерден әлдекайда қыска еді. Бұған назар аударған зерттеушілер олар пайдаланған аттардың бойы қыска болған деген тікірді де үстанады.

Савроматтардың түйреуге және шабуға арналған “ұзын” семсері кейіннен сарматтардың пайдалануына қошади.

Савроматтар әскерлерінің негізгі бөлігін салт атты садакшылар құрады. Жебе салынған қорамсақ қалдықтары жасы мен жынысына жіктелмей-ақ барлық қабірлерден кездеседі. Бір бейіттегі жебе саны бірден үш жүзге дейінгі аралықта өзгереді. Жебелерді садакпен бірге қабірге қойған бояса керек, бірақ соңғылары сақталмagan, тек скифтік тогалар мен заттарға салынған суреттерге қарап, олар сигма тәрізді түрпattағы құрделі садактар болған деп пайымдауга мүмкіндік береді.

Корамсақ тेңіден жасалды, қабықтан жасалу сирек және де ол сүйек және қола ілгекпен жабдықталды. Төлкелі садак ұштары қоладан жасалды. Ең ежелгі жебелер үшін сопақша немесе лавр жапырағы тәріздес, тәлкесі шығынқы еді, оларға көртпек сирек жағдайда ғана орнатылды. Түрлі түрпattағы сүйек жебелер де үшырасады. Төлкелі қола жебе үштарынан жануарлар жілістерінен жасалған үлгідегі еліктеушілік байкалады. Ұзак уақыт бойы қоланы жебе үшінша материал ретінде пайдаланып келді. Мұны темірден соғу қызындығымен түсіндіруге болады. Әскери техникалық жетілуі, қорғаныс қару-жарактарының (дулыға, сауыт) таралуы жебе үштарының дамуына өзіндік әсерін тигізіп отырды. Б.з.б. VI ғасырда жалинақ жебе үштарын үш жақты және үш кырлы жебе үштары алмастырады, корамсақтағы жебелер саны артады, жебе үштарының басы кішірейе түседі де, ауыр қаруланған жауынгер үшін қауіпті бола бастайды.

Наиза – савромат бейіттеріндегі сирек кездесетін олжа. Ең ерте кезде жасалғандары б.з.б. VI ғасырларға жатады. Бұлар әскери істің дамуына сай б.з.б. IV ғасырларға дейін кеңінен таралады. Ол ірі

үшты жапырақ тәрізді еді, ұзын төлкесі қоладан не темірден жасалды. Найзаның ұзындығы жауынгердің бойымен бірдей болды. Сондай-ақ савроматтар төлкесі ұзын және екі істігі бар үш бұрышты шанышқылы сұнғіні пайдаланды, бірак мұндай олжалар ете сирек кездеседі.

**Ақреттік ас.** Көшпілік бейіттерден қазба кезінде жылқы, мүйізді ірі қара, құс, көбіне қой сүйегі алынады. Қатардағы қауым мүшелерінің бейітіне бассыз бір немесе екі қой койылды, кейде бір ірі мал, екіншісіне қозы көмілді. Бақуатты адамның бейітінен ондаған мал қаңқасы шығады. Балалар бейітінен асық жіліктер кездеседі.

Жылқы сүйектері оңтүстік оралдық савроматтарда, көбіне шығысқа бағытталған қабірлерде жиі кездеседі. Жылқылардың бүтін қаңқасы сирек, негізінен, жүген кигізілген бас сүйегі көп. Қаңқа немесе оның сүйектерін жабында не болмаса жер бетінде қалдырылды. Мүйізді ірі қара мен қойдың сүйектері арнайы жасалған ерекше шұнқыр қоймалардан табылған. Адамды итпен қоса жерлеу рәсімі де ұшырасады.

**Металл және басқа да құрал-саймандар.** Савроматтар құйған қазандар күнделікті түрмисста және гүрыптық мақсатта ет пісіруге пайдаланылды. Кейде үй жануарларының сүйектері қабірінде қалдырылған қазандар да ұшырасады. Қазандар бокал іспеттес, ал түбі рюмка тәріздес болып келді. Түбі конус тәріздес шағын қазандардың жандарында тік ұстагыш-кулак болады, ал түбі дөңгелектерінің түркі эллипсойдты және оның қысқаша ернеуі тік келеді. Сирек кездесетін шыны ыдыстар б.з.б. V ғасырларда Шығыс елдерінен әкелінген және олар Елек өзені алабындағы тайпа ақсүйектерінің қабірлерінен кездеседі. Эйел қабірлерінің бірінен көк, ақ және қызыл “финикиялық” шыны сыннықтары табылған.

Кошпенді түрмисында оның өзі жасаған ағаш ыдыстар үлкен рөл атқарды. Үйдістардың шіріген қалдықтары, металмен көмкерілген жиектері бүл бүйімдардың табақша, тостағанша болғандығын айқтастыды. Ағаш тақтайшасы мен қабығынан ұсак-түйекке арналған қобдишалар жасалды.

**Киім-кешек пен әшекейлер.** Киім-кешек қалдықтарына, ортаазиялық сарайларда сақталған суреттерге, скифтердің бедер салу өнеріне байыппен қарау – олар киген киімдерді қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Савроматтар сулық киім немесе аяқ киімге металл қапсырмалар жапсырмады, тек ауқатты адамдар гана киімдерін тоғалармен әшекейледі. Халықтың басым бөлігі қысқа

күртеше, сұлық, кім, балағы қыска етікке кигізілген шалбар кіп жүрді.

Бас кім мен кеудешені өрлендіріп тұрган ұсак тастармен әшекейленгені болмаса әйелдердің күнделікті кімі ерлердікіне үксас еді. Зооморфты суретті қапсырмалар тек ауқатты ойелдерде болды. Сырға, өмілдірік, жүзік, білезік, алқа әшекейлер катарына қолданылды. Өмілдірік тұмар ретінде де пайдаланылды. Сырғаларды шеберлер сымнан да жасады.

Кең тараган әшекейлердің бірі моншақ болды. Одан алкалар жасалды, кім, аттардың тартпалалары мен әбзелдері әшекейленді. Таң монщақтар ете аз, ақық, агаттан жасалғандары көп те, тау хрустали мен халцедоннан жасалғандары сирек кездеседі.

Бірақ бұйымдар тек әшекейлер гана еді. Гривна, алқа, алтын төбелар алеуметтік дәрежеден де хабар берді. Кімнің аксессуарлары діни түсінік пен түрлі ғұрыптық және магиялық дүниетаныммен тығыз байланысты болды.

Ежелгі замаңдарда айна тек сандік зат қана емес еді. Айна әдам түрін бейнелегендіктен, жан беретін сиқырлы магиялық күш бар деп қабылданды. Кола айналар көбіне әйелдер қабірінен табылады, олардың бір бөлігі алдын-ала сындырылды немесе отка күйдірілді.

## Сақ және савромат тайпаларының шаруашылығы

Бір-біріне көрші тұрган бұл мал шаруашылығымен айналысушы тайпаларды ежелгі авторлар “шебі шүйгін, сұы мол” жер таңдаң жүрді деп бір қалыпта гана баяндайды. Бірақ, табиғи-географиялық және алеуметтік-экономикалық мәліметтер мен археологиялық мағлұматтар жиынтығы Қазақстан аумағындағы мал шаруашылығының бір тииті, яғни жынысы есіруши гана болғандығын айқындаң берді. Оңтүстік Қазақстан сақтарының тіршілігі Алтай мен Сарыарқаны мекендейген сақтар тіршілігінен взгешелеу болды.

Жетісудағы табиғи жағдайлар халықты қыстаудан жайлауга кошуге мәжбүрледі. Бұл отырықшылықтың дамуына әсерін тигізді не болмаса қыстауларды ұзақ уақыт бойы мекендеуге мүмкіндік берді. Сойтіл, мал шаруашылығының “жартылай қошпелі” тұрпаты қалыптасты.

Археологиялық материалдарға қарағанда Жетісу сақтары өз заманы үшін күрделі күрілістарды ағаштан, тастан және қамыстан

тұрғызған. Эрине, ағашты қолдану тұрақты баспана тұрғызудан алынған дағды еді.

Отырықшылық жер өндөудің дамуына жағдай жасады, оған кейбір қабірлерден табылған дәнүккіштер, сақтардың мис қазандарынан алынған дән қалдықтары күө бола алады.

Мұндай жағдай Шығыс Қазақстанда да байқалады. Отырықшылық пен жер өндөу әсіресе Қазақстаниң онтүстігінде ете қарқынды дамыды. Мұнда сақтар ормен және қабыргамен күшеттілген бекіністерде тұрды. Қабір құрылсызы осында күрделі сәулет құрылсызын шикі кірпішпен тұрғызу ісінің дамығандығынан хабар береді. Онтүстік сактарының қоныстарынан көшпелілерге қажетті дәнүккіштер мен түрлі қыш ыдыстар табылды. Осыған қарағанда, Арас өнірінің сақтары жартылай көшпелі және отырықшы күй кешсе керек.

Мал шаруашылығымен айналысқан тайпалармен қатар мұнда жер өндөумен айналысқан отырықшы тайпалар да өмір сүрді. Бұл туралы Шірік-рабад, Бәбіш-молда мен Баланды қоныстары жанындағы ежелгі ирригациялық жүйелердің қалдықтары мол мәлімет береді.

Орталық Қазақстан табиғи жағдайлары мұнда қыстаудан жазғы жайлалауларға үзак уақыт бойы көшіп-конып жүргүте негізделген жылқы шаруашылығының дамуына алып келді. Тасмола мәдениеті обаларын қазған кезде негізінен кой мен жылқы сүйектері кездеседі. Мұндай құрам көшпелі мал шаруашылығына тән. Жылқы асіру жоғарғы дөрежеде дамыды. Жылқы көшпенді өмірде маңызды орынга ие. Жылқы сүйектеріне жасалған талдау Орталық Қазақстанда қола дәуірінен бастап асыл тұқымды жылқы асіру дәстүрі болғандығын анықтап берді.

Койлар ет тағамдарының негізін құрады, одан сонымен қатар сүт пен жүн алынды. Сақ койларының бас сүйегіне жүргізілген зерттеулер, оларда қазіргі қазақтың құйрықты қойларына үқас мал өсіргендігін айқындалы. Жүргізілген қазба жұмыстары барысында таутеке, арқар мен елік сүйектері де табылған болатын.

Бұл кездері тайпааралық және де халықаралық сауда қатынастары дамыды. Қытай, Иран, Кавказ төңірегімен, Рим, Мысыр елдерімен сауда қатынасы жүргізілді. Мұндай мәліметтерді археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған қытай жібегі, парсы қлемдері, маржан моншақ, лазурит, шыны ыдыстар секілді заттар растай түседі.

Ерте көшпелі тайпалардың шаруашылық және заттай мәдениеттің тарихы бұл қоғамда өндірістік қатынастар үнемі дамып отырғандығын көрсетіп берді; оның барысында қатынас кеңістігі кенейді және жаңа материалдар игерілді. Бұған байланысты сұраныстың артуы ерте отырықшы өркениеттермен жакындасуға мүдделілікті арттыра түсти.

## Сақ жөнс савроматтар тайпаларының қоғамдық құрылышы

Ерте көшпелілер уакыты негізгі белгілері кейінгі қола дауірінде қалыптасқан әскери демократияның шарықтау шегіне жеткен кезең болып табылады. Ежелгі қауымдардың қоғамдық құрылышы түбекейлі өзгерістерге ұшырады. Жекелеген отбасылардың оқиғаулануы көне обалар құрылышына да өзіндік әсерін тигізген болатын. Қола дауіріне тән үлкен бейіттер, енді отбасылық қауымның қабір кешені болып табылатын шағын обалар тобына орын берді. Мұліктік тенсіздік қүшесе түсті.

Б.3.б. VII-III ғасырларда сақ тайпалары көсемдер басқаратын тайпалық одактарға бірігеді. Жайылым мен жерлерді пайдалануды реттеу тайпалардың бірігінің экономикалық алғышартына айналды. Сонымен қатар оған түрлі саяси және әскери жағдайлар да әсерін тигізді. Көсемдер әскер басылары, сот, абыз қызметтерін қоса атқарды. Сақтар мен савроматтардың ру басылары өздерінің үстемдік жағдайын мөңгілікке паш етуге талпынды, осы мақсатта орасан зор ескерткіш-обалар соктырды. Адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайынан үйінді қөлемі хабар бере алады. Егер үлкен обалар тайпа көсемдерінің есімдерін мөңгілікке паш етсе, орташа қөлемді обаларда белгілі жауынгерлер, кішігірімдерінде қатардағы қауым мүшелері жерленді.

Есік обасындағыдай киім киген көсемдердің әлеуметтік жағдайы ерекше болды, олар қоныстарды бөлді, жайылымдарды пайдалану тәртібін қадағалады, әскери қақтығыстарды болдырмауға тырысты, сонымен қатар әскери жорық кезінде біріккен жауынгерлерге басылық жасады. Қоғамда әйелдердің құқы жоғары болды. Ерлермен қатар олар соғыстарға қатысты және көсем де бола алды. Сақ “патшайымдары” Томирис пен Зарина есімдері тарихтан да көнінен белгілі.

Зерттеушілердің пікірінше, б.3.б. IV-III ғасырларда Қазақстан аумағында сақтардың мемлекеттік бірлестіктері қалыптаса бастайды. Олардың бірі Жетісуда қалыптасты. Есік обасы мен басқа қорымдардан табылған олжалар сақ қоғамы “патша”, жауынгер, абыз, қатардағы қауым мүшелері секілді күрделі иерархиялық құрылымнан тұратындығы туралы тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Сақтарға мемлекеттік маңызды рәміздерінің бірі – жазу белгілі болса керек.

## Сақтар мен сарматтардың діни нанымдары мен мифологиясы

Сақтардың діни көзқарастары әскери мәндегі идеологиялық тұжырымдармен сипатталады. Бұл идеологияның ортасында көсемге, әскери басшыға табыну ғүрпі жатты. Жетісу сақтарында көсемге табынудың болғандығы тайпалар одағының көсемі жерленген Есік обасындағы олжадан көрінеді. Алтын кіміне, заттарына караганда ол күн құдайына теңестірілді. Грек авторларының хабарламаларына караганда массагеттер күнге табынған, оны “өмірші” деп таныған. “Алтын адам” бас киімдегі бейнелердің символдық мәні болды: “алтын таулар” мен “агаштар” күн өміршісіне бағынышты әлемді бейнеледі. Көсем күн сияқты жан-жағына шуак шашып галамның ортасында тұрды. Сонымен бірге “алтын адам” қоластындағы әлемді корғаушы сарbaz. Ол абыздардың қызметін де атқарды. Айталық, сыртқы киімдегі алтын тоғалар құс қанатын (мамығын) еске түсіреді, бәлкім бұл бақсылықта кең тараған “құстың үшүүн” білдірген де шыгар.

Бас киімнің беткі жағын назар аудараптық әмблема сәндел тұрган, бұл таутеке мүйізді пырақты қос ат, олардың арқа тұсындағы төрт алтын жебе “есу” үстінде. Аталыш әмблема “патша белгісі”, құс – үстінде, аспан, ат – ортада, жер, таутеке төменде, ол жер асты әлем; қанаттың жебелер - әлемнің төрт тарағы. “Патша белгісі” - тек гарыштың символы ғана емес; сондай-ақ одан көсем билігі, бірегей қоғамдық құрылым туралы түсінік (дүниетаным) байқалады.

Жетісу сақтарында күрбандық ыдыстары, т.б. барлық ғұрыптық рәміздері бар отка табыну орындары болды. Мұндай орындар Тянь-Шань бектерінен, қоқтемгі-жазғы жайылымдар жанынан, ірі “патща” қорымдары маңынан табылған. Тау беткейлерінде жыл мезгілдеріне қатысты мейрамдар және құнарлыққа, ата-баба әруағына байланысты ғұрыптық жосын-жоралғылар атқарылды. Салт-жоралар рәміздері табылған жерден күл мен от қабаты сақталған ғибадатхана орындары да анықталған. Мұндай ғибадатхана саймандары ішіндегі кейбір заттар өте ірі болып келеді. Мысалы: Үлкен Жетісу күрбандық тасының салмағы 184 кг. Сондықтан да сақтарда өзіндік “от ғибадатханасы” болған деуге негіз бар. Сақтар зороastrалықтардың қасиетті кітабы Авестаның жазылуына да үлкен септігін тигізген болса керек.

О дүниеге деген сенім кең тарағандығын қабірлерден алынған заттар нақты айғақтап отыр.

## Усундер (Үйсіндер)

Жетісудағы тиграхад сақтарының жерін мұра етіп алған усундер (Үйсіндер) мұнда Орта Азия түкпірінен келген еді. Б.з.б. 160 ж. усундердің бір бөлігі Жетісуға қоныс аударып, сақ тайпаларын бағындырады да, мұнда “гүньмо” (күнби) басқарған ез мемлекетін құрады.

Үйсіндердің шығу тегіне қатысты азыз бар. Алғашында олар Монголияның бір өнірінде өмір сүреді. Оларды Тыда Нань доу-ми басқарды. Бірде оларға юечжилер шабуылдан, билеушілерін өлтіреді. Бірақ оның жас баласы тірі қалады. Бір күні оны тәрбиешісі қалдырып, өзі тағам іздестіруге кетеді, қайта оралғанда ол сәбиді қасқыр қаншығы емізіп жатқанын, ал аспанда тұмсығында еті бар карға айналып үшіп жүргенін көреді. Балаға Құдайлардың жәрдемесіп жатқанын түсінген тәрбиешісі сәбиді құдыретті ғүн халқының патшасына (шаньюйге) алып барады. Шаньюй баланы тәрбиелеп есіреді, кейін усундерге билеуші етіп қояды. Күшейіп алғаннан соң ол батыска қоныс аударған юечжиді талқандайды да, усун мемлекетінің негізін қалайды.

Қытай дерек көздерінде бул мемлекет “Усунь-го” - усун мемлекеті, “Синь-го” - көшпелі мемлекет немесе “Бу-цзу” - тайпалық одақ деп аталды.

Усундердің негізгі территориясы Іле ангарында орналасты, ал батыс шекарасы Шу мен Талас өзендері арқылы өтті, одан аргы аймақты Кангюй (қаңыл) иеліктері алып жатты. Шығыста усундер жері хұннулармен шектесті, ал онгустіктегі олардың иеліктері Ферганаға дейін жетті.

Усундердің астанасы Чигучен (Қызыл алқап қаласы) ыстықкөл жағалауында орналасты. Ол қоныс-жайлардан тұратын бекіністі қала ретінде мәлім болды. Қытай императоры У-дидің 138 ж. батыска жіберілген елшісі князь Чжан Цянъ үйсіндер иелігінде 630 мың адам бар жөне айқасқа 188 мың жауынгер шығара алады деп жазады. Жазба дерек көздері үйсін билеушілерінің сараланған 30 мың атты нөкері және оларға бағынатын 10 мың садакшылары туралы мәлімет қалдырған.

Үйсін (усун) мемлекеті сол (шығыс), он (батыс) және гүньмога бағынған орталық деп аталатын үш бөлікке бөлінді. Шығыс Түркістандагы көршілес бірқатар тайпалар мен халықтар үйсіндерге бағынды. Дерек көздерінде б. з. үшінші ғасырына дейін із қалдырған үйсіндердің саяси тарихы олардың Қытаймен байланысы

болғанын, дипломатиялық қарым-катаинас жасаганын, үйсін гұн-моларының Қытай ханшаларына үйленіп отыргандығын баяндайды.

Үйсіндер жайылымдық жерлер, батыс пен шығысты байланыстырып тұрған сауда жолдарын иемдену үшін қанылармен, ғұндармен үздіксіз соғыстар жүргізді.

Үйсіндердің этникалық шығу тегі әлі де ақырына дейін анықталмagan. Бірқатар зерттеушілер үйсіндер шығыс-иран тайпаларынан шыққан деп есептейді. Басқалары үйсіндер түріктедің ата-тегі болған жөне түрікше сөйлеген деген тұжырымдар айтады, калай болғанда да “үйсін”, “үйшун” атауын қазактардың ірі тайпаларының бірі иемденіп келеді.

**Археологиялық ескерткіштері.** Жетісу жерінде үйсіндердің ондаған обаларына қазба жұмыстары жүргізілген. Олардың коньстары да зерттелген. Үйсіндер корымдары тау сілемдерінде, таулы алқаптар мен өзен жағалауларында орналассты. Әдетте олар өзен бойын қуалай созылып жатқан обалар тізбегін қурайды.

Көпшілік обалардың диаметрі 6-20 м, биіктігі 0,5-1,5 м. Олар топырақ, тас немесе тас топырақ аралас үйінділерден тұрады. Тоналған осындаи обалардың өзінен археологтар алтыннан жасалған көптеген әшекейлерді – киім қапсырмаларын, алтын сырғалар мен қола айналарды, ағаш қобдишаларды - тауым алып отырады.

Корымдардың ертедегі бір шоғыры б. з. б. III-II ғасырларға жатады. Олар – Қапшагай-3, Өтеген-3, Қызыл-еспе, Қызыл-ауыз, Қызыл-қайнар корымдары. Бұларға солтүстіктен онтүстікке қарай созылған, әрқайсысы 5-6 обадан тұратын “тізбек” тән болып келеді. Сфера түрпатындағы оба үйінділері тас сақинаға негізделді.

Обалар астындағы жерге қазылған шұнқырлар шығыстан батыска, онтүстік-шығыстан солтүстік-батыска созыла жатты. Шұнқырлар көлдененінен бөренелермен жабылды, сонынан үстіне тас үйілді.

Мұрделер шұнқырға шалқасынан, басы батыска, солтүстік-батыска қарағызып жатқызылды. Бас сүйектің қасына бірнеше кыш ыдыстар, саптаяқ, жайпақ тостаған мен жартылай сфера тәрізді табакша, мойыны тар күмыралар қойылды.

Қола жөне темір пышақтар, қола жөне алтыннан жасалған сырғалар, темір түйреуіштер, қола айналар да үшырасады.

Зерттеушілер мерзімін б.з.б. I ғ. мен б.з. I ғ. деп шамалайтын, келесі (органты) кезенге - Өтеген-1-2, Тайғақ-1, Алтын-Емел, Қаратума, Талғар, Ақтас корымдары жатады. Бұл кезенде үйсін корымдары жүйесіз тұрде, үш үш обадан тізбектеліп орналасқаны анықталған.

Үйіндігे негізделген тас сақина жок, ал егер кездескен күннің өзінде ол үйінді ортасына орналасты.

Жерден қазылған қабірлер бүйірінен күс жасалынды. Ағашпен жабылған қабірлер саны азая түседі. Алдыңғы уақыттарға қарағанда ыдыстардың тубі қалыңдау жасалынды. Қыш ыдыстармен қатар ағаштан жасалынғандары да кезігеді. Қола заттар үлесі кеміп, темір бұйымдарының саны арта түседі. Бейіттерден кой сүйегі сирек ұшыраса бағтайды. Бұрынғыдай, қабірлерден темір пышақтар, әшекейлерден – бұрамалы кола моншактар, темір түйреуштер, жартылай асыл тасты моншактар, киімге тағылатын алтын тоғалар – кездесіп отырады.

Ақырында, мерзімі II-III ғасырлар деп саналатын үшінші – кейінгі кезеңге Қапшагай-2, Шолақ-Жиде-2, Үңгір-Қора-2, Қалкан-4, Араптөбе қорымдары жатады. Қорымдардағы барлық обалар жүйесіз орналаскан, “тізбектер” жок. Обаларда тас сақиналар жок, егер олар кездесе қалған жағдайда онда ежелгі жер қабаты деңгейінде орналасады. Қабірлер ағаш жабынсыз топырақ қабатынан күссыз да, күсымен де қазылды.

Қабірлердегі ыдыстардың тубі жайпак және де дөнгелек болып келеді. Қол шарығында жасалынған көпшілігінің қабыргасы жұка.

Кейбір қабірлерден тас дәнүүкіштер табылған.

**Коныстары.** Үйсіндердің алғашқы конысы Шу алқабынан, Қырғыз Алатауының сілеміндегі Луговое ауылы маңынан табылған. Тебе қазу жұмысы жүргізілгенге дейін қабырғалары саздан жұмбаздалып жасалған, едендері балишықпен салынған тұргын үйлер жәдігерлерін жасырып жатқан еді. Үй еденінен тамақ жасалынған ашық ошақ орындары табылды. Ирі козелер сыйығының көптігі, дәнүүкіш тастан мен кетпендер - коныс тұрғындары үй іргесіндегі жоне жайылымдық мал шаруашылығын ұштастырып, негізінен, егіншілікпен айналысқандығын айтақтайды. Қазіргі уақытта Шу алабынан Қарабалта, Аламедин секілді бірнеше коныстар ашылып отыр.

Тянь-Шаньның таулы аудандарында үйсіндердің мекендері көптеген шатқалдардан кездесті. Солардың бірі Актас, Кеген қыстағына жақын жердегі Құрайлы өзенінің бойында. Бұл арадан қабырғалары таспен қаланған бес тұргын үй мен қора-жайлар калдықтары аршилды. Қыстақ қасынан ежелгі егістіктер орны табылды, олар өзенин тартылған арықтармен суарылғандығы анықталды.

Коныс ортасында ауданы 126 м шаршы тік бұрышты баспана орналасқан. Оның ортасынан еденде орналасқан тік бұрышты ошак арсылыған. Қазба кезінде қыш ыдыстардың сыйнықтары, дәнүккіш, темір орак секілді қуралдар көтеп табылған. Қыстақ қасынан езенниен тартылған арықтармен суғарылған ежелгі егістік орындары да табылды.

Дерек көздерінде батыска қарай Қытай астанасынан Шығыс Түркістандағы Ақсу қаласына дейін 8350 ли, ал одан солтүстікке қарай Чигученге дейін 600 ли деп көрсетіледі. Бұл мәліметтерді саралаған зерттеушілер Чигучен Ыстықкөл қазаншұқырында орналасқан деп пайымдау жасады. Чигуге қосарлана айтылатын “чин” сөзі қытай тілінде “кала”, яғни бекініс қабырғаларымен қоршалған елді мекен деген мағына береді. Мұнда тұрақты және жинап алуға жеңіл құрылыштар орналасты. Қытай дерек көздерінің бірінде үйсін билеушісі “киізбен жабылған, дөңгелек баспанада” тұрады делинген. Яғни, бұл жерде киіз үй жайында әңгіме болып отырғанын байқау киын емес.

Сонымен қатар, Қырғызстан археологтары қазір су басып қалған Ыстықкөлдің онгустік жағалауларынан Сарыбулұн атты үлкен қоныстың қирандысын зерттеді. Оны зерттеуге археологтармен бірге суға сұнғуші мамандар да қатысты. Су астында жүргізілген археологиялық жұмыстар барысында үйсіндер мәдениетіне төн құмыра, табақша, қазан, текше ыдыстардың бірегей коллекциясы жинастырылды. Жер бетіне тастан жасалған көптеген қуралдар көтерілді. Бұлар – дәнүккіштер, түрлі келсаптар, кетпендер, орак тәрізді пышақтар, т.б. еді.

Әсіресе қоладан жасалған бұйымдар көп. Арасында жебе үштары, наизаның төлкелі үштары, күнді бейнелейтін қапсырмалар, т.б. көптеген заттар бар. Сарыбулун ежелгі уақытта көшпелі тайпалар өмірінде маңызды рөл атқарғандығын қоладан жасалған бұйымдар санының көп болуы да айғақтай түседі. Мұнда осы бұйымдар дайындалған шеберханалар орналасуы әбден мүмкін, сол себепті де қоныстың маңызды қолөнер оргалығы болғандығы анық.

Осының бәрі Сарыбулун үйсіндер астанасы Чигученниң қалдығы екендігін түжірымдауга мүмкіндік береді.

**Үйсіндердің шаруашылығы.** Қытай жазба дерек көздері үйсіндерді кошпелілер ретінде сипаттайды. Оларда үйсіндер “егіншілікпен де, бау-бақша өсірумен де айналыспайды, тек оты мол, сұы мол жерлерге мал-жанымен бірге көшеді де журеді” - деп жазылған.

Расында да, мал шаруашылығы үйсіндердің өмір-тіршілігінде шешуші рөл атқарды. Жетісудың табиги жағдайы Мойынқұм мен Балқаш өндірін қоныс еткен қыстаулардан бойлық бағдарымен жүріп отырып, жаз күндері мал қонданып, қыскы мерзімге өзірленіп-әлденіп алатын, тау бастарындағы шөбі шүйгін шалғынды жайлауларға көзіп баруына қолайлы болған. Бұл аймақта жайлау мен қыстау аралары онша қашық емес – 30-100 шакырым шамасында болады.

Үйсіндер үзак уақыт қыстаулары мен жайлауларында, әсіресе кектем мен күзгі жайылымдарында отырып қалатындықтан, сол арадан тұракты үйлер салып, оның қасынан егін егіп, бау-бақша есіретін болған. Тұрғындардың үлкен бөлігі жайлаудағы еркін емірге ракеттанып жатқанда, қоныста қалғандары егістікпен айналысты, күзде өнімдерін жинастырып, руластарын астықпен қамтамасыз етті. Біргінде тұрғындардың бір бөлігі отырықшылықта тубегейлі көшті, бұган халықты күйретіп кеткен соғыс, жұт, мал індегі секілді жағдайлар да әсер етіп отырса керек.

Үйсіндердің отырықшы болып, етіншілікпен айналысқанын тұракты тұрғын үйлер, кора-жайлар, саздан көптеп жасалған ауыр аяқ-табақтар, дәнүүкштер, тас кетпендер мен әр түрлі дақылдар бар мекен-жайлар дәйекті түрдө растайды.

Үйсіндер жылқы, қой, ешкі, сиыр, түje және баска да малдарды өсірген. Қой мен жылқы көп болған.

Жылқының әр түрлі түқымы, оның ішінде асыл түқымды арғымақтар да болды. Үйсіннің Тенілік обасынан табылған алтын каптырмада шоқтығы биік айғыр мінген салт кісі бейнеленген. Ахамен әuletінің астанасы болған Персополь сарайында бедреленген сақ жылқысы мен Тенілік обасындағы жылқыны салыстырап болсақ, олар бір-біріне ете үкcas келеді.

Үйсіндер ет жөне сүт өнімдерімен азықтанды; жинастырылған бидайдан наан пісірді; бау-бақшада өсірілген қекеністермен де коректенді.

Ауқатты кісілер киімдерін жібек пен биязы жүн маталардан тіктірді, қараңайым жүрт киім-кешектерін түрлідей қылышықты жүн маталарынан, былғары мен қой терісінен тіктіріп киінді. Жібекті Қытайдан аттарға айырбастап алды немесе тарту-таралғы және салық ретінде алғын отырды.

Аяқ-табақты қыруар көп етіп дайындаған. Оны әйелдер саздан жасаған, ал еркектер қайынан шағын үстел-табақтар, зерендер, қымыз құятын ожаулар ойын жасады.

Үйсіндер кенді орындардан мыс, қорғасын, қалайы, алтын өндірумен де айналысты. Темірді балқытып, одан пышақ пен қанжарлар, сөмсерлер, жебе үштарын жасады. Зергерлер түрлі түсті тастардан, асыл металдардан моншақтар мен сырғалар, киім-кешек әшекейлерін дайындауды.

Үйсін қогамы біртектес болмады. Онда тайпа мен рудын дәулетті адамдары, жасауылдар мен абыздар және катардагы букара малишилар мен егіншілер болған еді. Қытай дерек көздерінде “ен бай адамдардың төрт-бес мың жылқысы болған” деп айтылады.

Үйсіндер арасында жеке меншіктің өскенине обалар қазған кезде табылған саз балшыктан, саздан, тастан жасалған мөрлер айқын дәлел бола алады. Үйсіннің кейбір өскербасылары мен аса көрнекті шенеуінктерінің көлінде алтын мен мыс мөрлері болғандығы жазба деректермен айғақталады.

Жеке меншік малға ғана емес, жер-суга да таралды. Үйсін күнбіі Цылыми оның жайлauында ешкім мал бақпасын деп жарлық шығарғандығы дерек көздерінде сакталған. Мұнымен ол ең шұрайлы жерді өз меншігі деп жариялады.

Дерек көздерінде қогамның жоғары жігінде қызмет жүйесінің кеңейіп кеткені айтылады.

Үйсіндер қогамында қауымның азат мүшелерімен бірге негізінен соғыс тұтқындарынан тұрған құлдар да өмір сүрді.

Үйсін қогамындағы алеуметтік айырмашылықтар археология материалдарынан айқын байкалады. Үйсін обалары өздерінің көлемі жағынан үш топқа бөлінеді: диаметрі 80 м, биіктігі 15 м-ге дейін жеткен үлкен обалар; диаметрі 15 м, биіктігі 2 м-ге жететін оргаша обалар; ең көп кездесетін диаметрі 10 м, биіктігі 1 м-ге дейін жететін шағын обалар. Қабір тоналмаған болса үлкен обалардан археологтар көптеген алтын әшекейлер, қару-жараптар, саздан жасалған аяқ-табактар табады. Орташа көлемдегі обалардан үш төрт қыш, ағаш ыдыстар, қола, сирек жағдайда алтын сырғалар, түйреүш, білезік табылады. Қару-жараптан темір қанжарлар мен пышақтар, үш кырлы және жалпақ жебе үштары болады.

Шағын обалардағы қабырда бір-екі балшыктан жасалған көзе алынады, мәйіттің қанқасының жанында темір пышактар, қола сырғалар, моншақтар жатады.

Сейтіп, жазба дерек көздері де, археологиялық материалдар да үйсіндер қогамы даму барысында мемлекеттік деңгейге жеткенінен хабар береді.

**Өнері, діні.** Бірқатар көркемдік жағы жоғары туындылар өздерінің тікелей қолданыстағы мәнінен басқа, кейде үйсіндердің діни түсінігі, дүниетанымы туралы да мәліметтер береді. Солардың біріне биік таудағы қабірден алынған, кезінде бақсы немесе бақсы әйел иемденген Қарғалы тәтісі жатады.

Тәті – екі бөлекten тұратын ұзындығы 35 см, ені 4,7 см алтын жолак. Құрделі өсімдік текстес өрнекте перуза, ақық, альмандинмен өшекейленген көп бейнелі композициясы бедерленген. Тәті ортасында тау төбесіндегі тұғырга бір-біріне қаратылған екі қанатты ат түр. Олардан кейін аңдар мен адамдар орналасқан. Сол жакта – қанатты барыска (қобыландыға немесе жолбарыска) мінген әйел, жүріп келе жатқан артында марал мен үргашы марал бейнеленген. Оң жакта – таутекеде отырган әйел, оның арқа жағында аю мен арқарға мінген тағы бір әйел бейнелері бар. Ортада аттардың арасында денесі арыстандікі, ірі тісті және мүйізді қанатты грифонға (немесе аждаға) мінген әйел бедерленген. Осы топтаманың жоғарғы жағында төрт акку-каз бейнеленген. Сірә, құс төрізді жасалған алтын жапырақтар мен қапсырмалар тәтінің боліктегі болған сияқты. Тәті б.з.б. II ғ. мен б.з. I ғасырымен мерзімделеді.

Қарғалы тәтісіне үқас бүйімдар Ауганстандағы (Тілләтепедегі патша қабірлері) қазбадан, Хохлачтағы сармат қабірлерінен және де осы Жетісудагы Есік обасынан да табылған. Бұлардагы үқастықтарға қарап, Қарғалы тәтісінің басты идеясы үйсіндерге, сондай-ақ сак, сармат және басқа да ұнді-иран халықтарының түсінігіндегі әлемді бейнелеп көрсету мақсатында жасалған деуге болады.

Тәтідегі жапырақтар құнарлылық символы мен өмірдің кайта басталуы, әйел құдайдың құнарлылық символын бейнелейтін өмір кіндігіндегі тау шынында оседі және де дүниенің төрт тарапы мен үш әлемді: тамыр жайылысы – жер асты; адамдар мен жануарлар тіршілік ететін – жер беті; құдайлар мен құстар мекендейтін аспан әлемін өзара байланыстырып тұрады.

Тәтідегі акку-қаздар бейнесі құдайлар әлемін адамдар мен жер асты әлемімен (аспан, жер және су) байланыстырады. Қанатты аттар ежелгі адамдар түсінігі бойынша төрт ат жеккен арбамен аспанда зымырап жүрген күнді бейнеледі.

Аттар қасиетті тау шындарында немесе екі төбелі тауда түрдү, сөйтіп олар өмірді бейнеледі.

Барыс, арқар мен айдаһардагы адамдар мұсінің мәнін түсініру өте курделі дүние. Ескендір Зұлқарнайының жорықтарына байланысты Шығысқа тараған грек мифологиясында табиғат өлім мен өмір беруші құдай Диониске табынушылық болғаны белгілі. Оны билеп журген әйелдер-менад қасында, сапарластары жолбарыс (барыс), грифон, таутекемен бірге бедерлеу орын алған. Дионистің өзі арыстанға, атқа, айдаһарға, жолбарысқа айналған. Сірә, бұл нағым-сенім Жетісуға да жетіп, мұндағы табиғат пен өмірді жаңартушы үйсін құдайымен біріктірілсе керек. Ол күн құдайы Митра болуы да мүмкін. Мұндай діни түсініктердің таралуына Ұлы Жібек жолы да өзіндік әсерін тигізді.

Әлбетте, үйсіндердегі дионистік күлт бақсылықпен астасып жатты, нәтижесінде өмір ағашы бейнеленген бас күм немесе тәжі күгеги бақсы жер мени аспан өлемдері арасын жалғастыруыш ретінде қарастырылды.

### Қаңлы (Кангюй) мемлекеті

Алғаш рет Қаңлы (Кангюй) мемлекеті жазба дерек көздерінде б.з.б. II ғасырда аталады. 138 ж. Қытай императоры У-ди Батыс елдеріне Ҙжан Цянь князді басшы етіп сауда елшілігін жібереді. Он үш жылдан соң талай қыншылықтарды басынан еткеріп Ҙжаң Цянь қайта оралады. Ол бастырган жазбаларда бұрын қытайга беймөлім болып келген мемлекеттерге сипаттама беріледі. Солардың арасында билеушілерінің ордасында Ҙжан Цяньның өзі болған Қаңлы мемлекеті де аталады.

Қытай елшісінің мәліметіне қараганда “Қаңлы Дауаниң (Ферғана) солтүстік батысында 2000 ли жерде. Бұл көшпелі иелік әдет-ғұрпы жағынан юечжиларға өте үқсас; 90 мыңға дейін әскері бар, бірақ өзі әлсіз болғандықтан юечжилықтардың, батысында ғұндардың үкіметін мойындаиды. Яңыцай Қаңлыдан солтүстік-батыска қарай 2000 ли жерде жатыр. Және бұл көшпелі иелік те әдет-ғұрпы жағынан Қаңлыдан айнымайды. Әскері жуз мыннан асады. Жайпақ жағалы үлкен көл жағасында тіршілік етеді. Солтүстік теңізі дейтін соның өзі”. “Батыс өлкө туралы хикаятта” және “Хань үлкен үйінің тарихында” қаңлылар жайлы көбірек айттылады. Мәселен, “қаңлы билеушісінің мекен-жайы Люени еліндеңі Битен қаласында. Билеушінің жазғы мекен-жайы Люениден жеті күндік жерде. Оның халқы 120 мың отбасыдан, 600 мың

жаннан күралады; саптағы өскері 120 мың адам" - деп жазады. Бұл дерек көздерінен қанлы сыртқы саясатының кейір жайттары аңғарылады, ол б.з.б. 46-36 жылдары Чжичжи бастаган ғүндарды қолдайды, кейіннен үйсіндер мен қытайлармен бірігім оған қарсы шығады; 85 ж. қанлылар Қашгардағы қытай үоліи Бань Чаога қарсы кетерілген ферганалықтарды қолдайды. Сол сияқты "Қанлы ... менмен және кияңқы келеді, үлкендерге сәлем беріп, тәжім етуге қырсығып илікпейді. Оған үөлилер жіберген шенеуніктерді үйсін елшілерінен тәменге отыргызыды. Билері мен ағамандарына ауқатты алдымен береді, үөли жіберген кісіге одан кейін ғана қояды", "Яңыцай ислігі Аланъя болып өзгерілді, ол Қанлыға төуелді. Ауа-райы қоңыр салқын, қарагай, шілік пен бетеге көп. Халықтың әдет-ғұрпты мен киім-кешегі қанлылардікіне үқас" - деп те айттылады.

Қанцының билік күрган кезеңдегі сыртқы саясатының жалпы бағыты Жібек жолының Сырдария бойымен жүретін белігіндегі Ферганадан Арал өңіріне дейінгі белікті өз бақылауында қайтсе де сақтап қалуға үмтүлушылығы еді. Олар оны уысынан шығармады да. Жібек жолының Сырдария бойымен жоғары қарай солтүстік-батысқа, Кавказ бен Қара теңіз өңіріне, сол сияқты онтүстіктегі Иранға, Таяу Шығысқа, Үндістанға кідіріссіз журіп, белсенді түрде дамығанын қанлылардың кала-жұрты мен обаларын, Яңыцай-Аланъя тұрғын үйлерін қазған кезде табылған олжалар қуаттай түседі. Бұлар Қытай мәнеттері мен айналары, Үндістанның маржан моншактары, Еуропаның кола фибула-қаптырмалары, Иранның бедерлі тасты-ингалиосы еді.

Қанлы халқының этникалық сипаты жөніндегі мәселе күрделі де қын. Қанлылардың қай тілде сойлелегені жөнінде әлі де бірыңғай пікір жок. А.Н.Бернштамның пікірінше қанлылар түрік тілді халық болған. Басқа зерттеушілер қанлылар Солтүстік Иранның мал есіруші тайпалары қатарына жатқызады, олар б.з. біриші мияжылдық ортасында Сырдария бойын түрік тайпаларының қоныс аударуына байланысты өзінің этникалық бейнесі мен тілін өзгерткен деп болжам жасайды. Б.А.Литвинский қанлылар ирантілді сақтардың үрпағы деп есептейді. Оның пікірінше, қанлы атауын сак тайпаларының бірі, "былғары киімді (немесе сауытты) адамдар" деп айтуга болады.

Сонғы жылдардағы археологиялық зерттеулерге жүгінсек, қанлы замандастары салған суреттер қанлылардың сыртқы сырт бейнесін көз алдымызға елестетуге мүмкіндік береді. Олар бізге бір

кездері былғарыға тігілген сүйек пластиналарға салынған гравюра бейнелері күйінде жеткен. Пластиналар Самарқанд облысындағы Қорғантөбе қалашығы маңында б.з. бірінші ғасырларындағы қаны обасын алғаш қазған кезде-ақ табылды.

Олардың біреуінде атты және жаяу батырлардың айқасы, екіншісінде – атпен аң аулау көріністері бейнеленген. Айқас пен аң аулауга қатысушылар түгелдей бір этникалық түрпатқа жатады. Олардың бөрнің де маңдайы тықырып, тәбесі қушиған. Шаштарын жоғары қарата тарап, самайдағысын кейін, құлағының сыртына қарай жатқыза салған. Көздері ромбы тәрізді, мұрындары дөңес, иектері жалпак, ұзын мұрт шоқша сақалмен бітеді. Жауынгерлер шекпендерінің сыртына қорғану үшін сопақша немесе қабыршық секілді пластиналардан жасалған сауыттар киген, бастарында домалактау дұлығалары бар, мойындарын сауытты жағалармен жауып алған, бүттарына жабыстыра шалбар киіп, көтерілмес үшін балақбауын табанына іліп қойған. Кару жарактардан: ұзын үшкілденіп келетін ұзын наизалар, қынабы белдікке қос таспамен бекітілетін екі жүзді ұзын семсерлер, жебесі үш қырлы оқтары бар құрама садактар, кең белігі садақтың өзіне, екі белігі оқтарға арналған үш болімді қорамсақтары болған.

Сопақ қалқаның сырты пластиналармен қапталған. Бір жауынгердің айбалтасы бар. Сауытты жауынгерлер сауытсыз аттарға мінген. Аттардың жалы күзелген, құлактарының арасындағы кекілін күлтелендіріп жинап қойған.

Сырдарияның орта жөне төмөнгі ағысы ауданындағы этносаяси жағдай мұнда б. з. I мыңжылдық ортасында түрік тілді тайпалар келген кезде өзгере бастайды. Ерте ортағасырларда мұнда Қанғұ-Тарбан феодалдық бірлестігі қалыптасты. Жазба дерек көздері бұл кездегі кейір жағдайларды қалпына келтіруге септігін тигізеді. 712 ж. күзде Самарқанд тұрғындары қаланы басып алған арабтарға қары көтеріліске шығады да, түріктерден көмек сұрайды. Түрік әскерлері соғдылықтарға көмекке барады. Эскери іс-кимылдар барысын сипаттаған көне түрік руна жазбалары күтпеген жерден түргештер көтеріліске шыққанын және түріктердің одактасы кенгерестерге қары соғысқа аттанғанын, сейтіп түрік армиясының қатты женіліске үшірағанын баяндайды.

Кенгерес деген кімдер еді? Византия императоры Константин Богрянародныйның X ғ. бірінші жартысында жазылған “Империяны басқару туралы” атты шығармасында славян, болгар, серб, франк, араб, рустармен катар печенегтерге де сипаттама беріледі.

Константин Багрянородный печенегтердің онгустік орыс далала-рына қоныс аудармай тұрып “қанғар” аталғанын келтіреді. Оның жазуынша, “печенегтер қанғар деп аталады, бірақ барлығы емес, басқаларға қараганда батыл өрі асыл тек Йабдиирти, Куарциур мен Хабуксингил аймағының халқы гана аталады, бұл қанғар деген атау мәнінде”.

Ғалымдар беймәлім көнтегерес халқын қанғарлармен салыстырып, көне түрік және византиялық трактатта екі түрлі кезеңдері бір халық айтылады деген пікірге келген. Егер, Қанг – Сырдарияның бұрынғы атауларының бірі екенін ескерсек, онда қанғар-кенгерестер отанын Сырдария бойынан іздестіру қажет, өрі оның орта ағысында Қазақстан онгустігіндегі алғашқы мемлекеттердің бірі бұрынғы Қанлы (Кангюй) ежелгі түрік бірлестігі Қанғу-Тарбанды салғастыруға болады.

**Археологиялық ескерткіштері.** Бір кездері қанлылар үстемдік еткен аудандардан археологтар ескерткіштердің үлкен тобын тауып, оны Қауыншы және Отырар-Қаратай мәдениетіне жатқызыды. Бұлардың біріншісі Ташкент қогалды аймағында, екіншісі Сырдарияның орта ағысы мен Қаратай сілемдерінен Таласқа дейінгі аудандарда тараған.

Қауыншы мәдениетінің езгесінен төрі тоуірірек зергелген Шардарага таяу жердегі Ақтөбе қонысы болып табылады. Ол Сырдарияның оң жағалауына орналасқан, көлемі 325x115 м төбе. Қала үш жағынан жалмен, ал Сырдария жағынан пахсамен коршалды. Қала ішінен жоспары дөңгелек келген, биіктігі 20 м-дей төбе ерекше көзге түседі. Оның территориясынан жобасы тікбұрышты, көлемі 28x18,5 м орда сарайы аршилды. Сарай айқыш іспеттес етіп салынған бес бөлмеден, кіретін кешен мен құрылымды батыстан шығыска қарай орап жатқан екі дәлізден тұрады. Оның дәл ортасында төртбұрышты зал (аумағы 3,6x3,6 м) орналасқан, ол басқа үй-жайлармен дөғалап иш салған арқа еткелдермен жалғасып жатыр. Зал бір кездері тегіс шатырмен жабылған. Қазіргі кездегі зал қабыргаларының биіктігі 6 м-ге жетеді. Залдың ортасындағы еденде күдық орналасқан. Бөлме солгустік-батыс бұрышқа салынған түтіндіксіз камин секілді ошакпен жылжтылды.

Залдың айналасында орналасқан үй-жайлар қорап шатырлармен жабылған, олардың біреуі – күмбезді келген. Соңғысы, сіра, Орта Азия мен Қазақстандағы күмбезді шатырлардың ертедегі түрінің бірі болса керек. Үй құрылымында шатыр маңызды рөл атқарған, оған баспаңдақ пен жинақтағы есікше арқылы еткен.

Сарай қабыргалары, төбесі, арқалық өткелдері тік бұрышты және шаршылы шикі кірпішпен өрілген. Алғашқысының көлемі 47-52x23-32x10-12 см, екіншісінің көлемі 38-42x38-42x1012 см аралығында өзгеріп отырады.

Қазба кезінде б.з. I-IV ғасырларына жататын ыдыстар, саптаяқтар, тапалар, хұмдар, мұрындықты құмыралардың улкен коллекциясы, сондай-ак үршықтар, үш канатты сапты жебе үштары, алтын сырғалар, бір жүзді пышактар, үшінші қозгалмайтын айылбастар, қола жұзіктер, қызыл үшінші көзді алтын тогалар жинастырылған.

Сарай кешенінің уақытын анықтауда құмбезді бөлмеден табылған қабір олжасы өте маңызды. Қабір батыс қабырга жаңындағы ағаштан жасалған табытқа койылған. Мурде шалқасынан жатқызылып, басы батысқа қаратылған. Қабірден ағаштан жасалған екі ыдыс, зерленген әрі түсті тастар койылған күміс пен алтыннан құйылған сырға, қорамсақ пен садаққа арналған қабықтан дайындалған футляр, сүйек қапсырмалы ағаш садак, темір қанжар, тілі қозгалмалы екі темір айылбасы алынған. Құралсаймандарына қарағанда қабір IV-V ғасырлар шебімен нақты түрде мерзімделінеді.

Қанжылардың коныстары әдетте оба қорымдарымен қоршалған, олардың ішінен Шәушікүм, Жамантоғай, Торебай-Тұмсық корымдары қазылды. Қабырлар жерасты үнгірлеріне кесе көлденең жасалған. Қабырларда мәйіттер қосарлана немесе сынар түрде жерленген, олармен бірге бір-екі не одан да көп құмыралар, моншактар, темір тогалар, сұрметас (қас пен көзді бояйтын қуран) қойылған.

Шәушікүм қорымынан қуысты, жер асты және катакомбалы болып бірнеше түрге бөлінетін 60 қабір аршилды. Мұнда, Арыстың солтүстік жағалауындағы 180 шаршы км территориядан түрлі көлемдегі жиырма шақты төбешіктер анықталды. Олардың арасында Пұшык-Мардан, Костөбе, Шаштөбе, Сейтмантөбе, Ақайтөбе, Шөлтебе бар.

Ескерткіштердің басым көшілігі жинақталған жерге байланысты ен үлкені Қекмардан аталағы. Кирандысы екі беліктен: негізгі төбе мен оның қасындағы төбешіктерден құралады. Негізгі төбе – қаланың орталық бөлігі – ол Арыстың екі тармағының косылуы нәтижесінде пайда болған аралда. Қала жостарына арал пішіні өсеріп тигізген, қазіргі танда Қекмардан солтүстіктен

оңтүстікке созыла жатқан сопақ тәбе түрінде. Төбенің көлемі екі гектардан асады, оның ең биік жері 15 м.

Қалага кіретін жалғыз қақпа шығыс жақта орналасты, халық оған колдан тұрғызылған биіктігі 1,5 м, жоғарғы жағындағы ені 1,5 м, төменгі бөлігінің ені 3 м бөгет арқылы келген. Ары қарай бөгет жазық пандус арқылы қақпаға тірелді. Қақпа қазіргі уақытта көрпеші сақталған дөнгелек келген екі мұнарамен күшейтілген.

Қазба жұмыстары басталмай жатып-ақ, тәбе үстінен жасыл шөптен ерекшелігіне байқалып тұрган шикі кірпіштен тұрғызылған, мұжілген қабырғалардың орынин байқауға болатын еді. Жекелеген баспаналар бөліп тұрган көше бағыттары да байқалатын. Барлық көшелер қақпадан желпуіштей тарамдалады. “Орталық” көше қаланы тігінен жарып, батыска қарай жүрді. “Диоганальды” екінші көше солтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай тартылған. “Шенберлі” көше тобе етегінен 5-12 м қашықтықтан оны белдеуlep етті.

Қаланың салалармен бөлінген орталық төбешігіне құрылым іздері бар территория жалғасады. Шығыс жағынан қалалық телім биіктігі 2,5 м-ге дейін жететін аумағы бір гектардай төрт бүрышты жалпақ төбешік. Орталық төбешіктің батыс және солтүстік-батыс жағындағы 3 га-дай аумактан да ежелгі құрылым орындары байқалған. Көлемі мен орналасу жағдайына қарағанда Көкмардан ірі қалалық орталық болған.

Қазба кезінде Көкмарданың бірнеше мәдени қабаттан, бірін-бірі алмастырган бірқатар әр кездегі қалалардан тұратындығы анықталды.

Ең жоғарғы жоспарлы құрылым орындары шағын телімдерден арсылылды. Баспаналар жауын-шашынмен шайылып, жеммен үгітілгендейтін олар тіpten сақтала қоймаған. Сонымен қатар қаланың ез өмірінің соңғы кезінде құлдырағандығы байқалады. Құрылымстары тозып, адамдар оларды тастап кетті де, мұндағы өмір біргіндеп токтады, сөйтіп оның ең соңғы тұрғындары өздерімен бірге барлық бағалы заттарын алып, басқа орынға қоныс аударды.

Одан төмен, яғни ертеректегі қала – магистральды және шолақ көшелермен бөлінген ірі тұрғын үйлерден тұрды. Әдетте, үйлер бір белмелі болып келеді, ал екінші белмесі қойма болған. Олардың іргесі жартылай жерге, дәлірек айтсақ мәдени қабатқа қазылып салынған, сол себепті де көше жақтан оларға үш-бес тепкішекті басқышпен кірген. Үйлердің есіктері бүрыштардың біріне жақын етіп салынатыны байқалған.

Үйдің ішкі көлбеті біркелкі болды. Есікке қарама-карсы, бөлменің ортасына таяу тік бұрышты жер ошақ жасалады. Ол еденнен қазылып, шеті саз балшықпен көртпіштетіліп жасалды. Бір жақ болігіне от жағылса, келесі болігіне күл мен шоқтар ысырылып қойылды. Бір үйдің қабыргасынан еденмен бір деңгейден немесе одан сол биік жерден каминге арналған сопақ қуыс қазылған. Әдетте, оның астына саз балшық тапасы қойылды. Үйлер “кап-қара” болып жылытылды, түтін есіктен жөне тәбедегі тесіктен де шыкты.

Бөлмені куалай қабыргаларға тақап аласа сокі төсектер қойылған. Есікке таяу бұрыштарда су мен тамакқа арналған ыдыс-аяқтар – хұмдар, су таситын құмыралар мен көзелер тұратын болған.

Екі бөлмелі үйлердің екінші бөлмесі әдетте қойма болған, онда хұмдар немесе бөшке тәрізді цилиндр түріндегі күйдірілмеген ыдыстарда тары, күріш, бидай, арпа мен бұршақ сақталды.

Ошакка таяу жерді, еденде дөнүккіштер мен диірмендер жатқан. Олардың бүтіндері немесе сыныктары әрбір үйден табылды десе де болады. Кейбір үйлерде диірменге әдейі тұғыр жасалған. Оның төмөнті жартысы аса биік емес дөңгелек тұғырга алынбағтай етіп жасалылған. Диірмендер бір үлгіде, диаметри - 25-35 см аралығында.

Кейбір үйлердегі бөлмелердің бұрыштарына қуыстар жасалынды. Олардың алдында шағын төмпешіктер бар, күл қалдықтарына қараганда мұндағы ғұрыптық от жағылса керек.

Үйлердің бірі өзіндік құрылышымен ерекшеленеді. Оған төмен қарай түскен баспалдақ арқылы кіріп, аумағы 20 шаршы метр бөлмеге кірген. Есікке қарама-карсы қабыргада биіктігі 0,5 м тік бұрышты тұрпатты келген қуыс жасалынған, оның шеті қой мүйіздері тәрізді етіп сазбен жасалылған. Қуыс астында ауданы 1,5x1 м екі баспалдақты тұғыр орналасқан. Тұғырдың он жағында саз балшық қабыргасымен бөлінген шағын қаша жасалынған. Сірө, мұнда құрбандықта шалынатың қой ұсталса керек. Бұл үйдің гибадатхана екендігіне ешқандай күмән келтіруге болмайды. Оған осы жерден табылған саз балшықтан жасалынған ірі шамшырактар, тұғырдағы таза күлдің қабаты нақты дөлел бола алады.

Гибадатханаға үқсас нақты үлгілер жоқ болғанымен, Хорезмдегі күшан уақытына жататын Гаурқала қаласындағы залдан аздағ үқсастықтар байқалады. Бұл залдың қабыргаларынан шеті айналдырыла сазбен көмкерілген қуыстар, астына тұғырлар арсылыған.

Сондай-ак Хорезмдегі Топыраққала қалашығынан табыну нысаны қой-арқардың әшекейленген мүйізі болған V-VI ғасыр-

ларга жататын храм атылған. Қаладан табылған шатан идолдармен, керамикадағы зооморфты сюжеттермен қатар бул фактілер Хорезмдегі күшан-афригид мәдениетінің Сырдария бойындағы қойдың күлті басым болған мәдениетке тигізген өсерін көрсетеді. Көкмардан гибадатханасы мен Хорезмдегі храмдар үқсастығы осының аңғартса керек.

Көкмардандағы барлық үйлер көлемі 35-40x20-25x9-10 см тік бұрышты шикі кірпішпен өрілген. Іргетасы жок қабыргалар ішкі жағынан бірнеше рет саз балшықпен сыланды. Шатыры жалпағынан жасалып, ағаш тіреулерге бекітілді. Үйлердің бірінен осындай төрт бағана аршилған. Еденде ағаш тіреуіштердің тік бұрышты үшшықтары сакталған.

**Заттық мәдениеті. Шаруашылығы.** Қазба кезінде табылған негізгі материал – керамика. Бұлар ас өзірлеуге керекті ыдыс-аяқтар – қазандар, қақпалы күмыралар, табалар, тағандар ошактар; су таситын ыдыстар – аузы кен, бір не екі тұтқалы көзелер, көлденең тұтқалы көзелер, екі тұтқалы күмыралар; азық-тулікті сақтауға арналған құмдар; және де, асканадық өсемделіп жасалған сапты-аяқтар, күмыралар, кеселер кездеседі. Жан-жануарлар түрі бейнеленген үстағышты қакпақ көркем талшаммен жасалылған. Өркешті тұмсығы, қысқа да тік құлағы, жоғары кайырылған қысқа құйрығы оның шөптесін қоректі жануар екендігін аңғартады. Бұл мүсін дала қаракүйрығын бейнелесе керек.

Көкмардан түрғындары темірді балқытып, одан қунделікті тұтыныс заттарын жасауды білген. Үсталарға қажетті орақ, пышақ, жебе үштарын жасайтын темірдің дөнгелек бөлектері табылған.

Сүйектен күрделі садактар жасауга қажетті бөлшектер, пышақ саптары, түйреуіштер, қаптырмалар, өртүрлі бойтұмарлар істелінген. Қасқыр мен иттің, бүркіттің буын сүйектерінен жасалған бойтұмарлар өсем-ақ. Сүйектен ойын жасалған, басы бедерлі түйіршіктері де қарауга қызықты.

Зергерлік бұйымдар мен өшекейлер алтын мен қоладан жасалған. Мөселен, қақ-алтыннан жасалып, көзіне қызылтас орнатастып, жалған інжумен жиектелген қапсырма табылды. Лагыл мен қызылт ақықтан, ферузадан, түрлі-түсті шыныдан моншақтар жасалған.

Сырдария алабындағы басқа ескерткіштерден алынған олжалармен салыстыра қараганда Көкмардан қаласының жоғарғы қабатындағы материалдар V-VI ғасырлармен мерзімделінеді.

Қазба жұмыстары қаладан тысқары 0,5 км жерді алып жатқан, биіктігі 2 – 2,5 м-ге, диаметрі 15 м-ге жететін жайылып кеткен бірнеше обадан тұратын қаланың бейітінде де жүргізілді. Кекмардан тұрғындарының өлікті катақомбаларда, арнайы жасалған пахсалық платформаларда, сондай-ақ платформа жаңына қазылған шұнқырларда жерлегендігі анықталды. Мұрденің басы нақты бір жакқа қаратылған жоқ. Олармен бірге қабірге тағам мен суы бар ыдыстар, қару-жарақ бүйімдары, әшекейлер қойылды. Қыш ыдыстардан су ағары бар құмыралар, саптыаяқтар, үш аяқты табактар, әдетте балалардың қабірінен кездесетін қішкентай ыдыстар үшінрасады. Кейбір ыдыстардың қабыргасына жылан төрізді жапсырмалар немесе таңба секілді белгілер, тау ешкілерінің схемалық бейнелері тустирілген.

Қару-жарақ тұрларінен үш қырлы темір жебелер, сүйекті құранды садактар, қысқа темір семсерлер мен сыңар жұзді қаюқарлар болған.

Былгары белдіктерден қалған кола, темір тоғалар көп үшінрасады. Әшекейлерден – тас, металл, шины моншақтар, тұсті тастан көздері бар, кола және алтын бүрме моншақтар, сырғалар мен ілгектер, сымнан есілген өніржиектер мен шаштүйреуштер бар.

Кола айналар, қасты сүрмелейтін қас бояуыштар табылған. Ешкі, құстар мұсіні, ашық алақан түріндегі жануарлар сүйектерінен, қоладан жасалынған бойтумарлар өте көп.

Егіншіліктің мықтап дамығанын - дәнді дақылдар дәндері мен астық қамбаларының табылуы, еден сылағы мен қамкесектен сабан-топырақ қалдықтарының болуы, дәнүккіштер мен астық сақтайтын хұмдардың көп кездесуі нақты көрсетіп береді. Топырақ қабаты коныстардан жиі кездесетін тас кетпендермен өндөлді. Жерді өңдеуге сүйектен жасалған құралдар да қолданылған.

Б. з. алғашқы гасырларында егінді сұғару шектеулі көлемде жүргізілді. Әдетте, суды пайдалануға еңбектің ең қарапайым әдістері қолданылады. Кекмардандағы жер суландыру ісіне Арыстың опырылып құлап біткен көне арнасы мен тарамдарын бөгу көп септігін тигізді, олардан арықтар тартылып, егін мен бақшаларға су жеткізілді.

Шаруашылықтың маңызды бір саласы – мал өсіру болған. Егіншілік біраз дамыған ежелгі коныстардан жылқы, кой, ешкі, сиыр сияқты үй жануарларының сүйектері көп кездескен.

Коныстанушылар тіршілігінде аң аулау ісі де үлкен орын алған. Қазбалардан еліктің, таутекенің, арқар мен ақбөкеннің

сүйектері табылған. Арқар мен марал мүйіздері де жиі кездеседі, ісмерлер олардан әртүрлі бұйымдар жасаған. Су құстары – үйректер мен қаздар, бірқазандар да ауланды. Балық аулаудың дамығанын балық қылтанактары мен қабыршақтары растай түседі. Балықты шанышқымен түйреп, әртүрлі аулармен үстады.

Жабайы алма мен алмұрт, өрік пен долана, піste жемістерін жинауда көп шаруаның мөнді бір түрі болған. Жуа мен у пияз дайындағы.

Сонымен б. з. басталар кезде және б.з. I-мынкылдығының бірінші жартысында Қазақстанның онғустігінде аса ірі және құдыретті қалы мемлекеттік бірлестігі болып, өркен жайған, ол Шығыс тарихында маңызды рөл атқарған. Оның қалқы егіңшілікпен, мал шаруашылығымен, колонер көсібімен, саудамен айналысты, яғни ол дамудың жогары сатысында болды. Қаңдысын өз түсіндагы Қытай, Парфия, Рим және Кушан империясы сияқты мемлекеттермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстар орнатты.

## Сюнну

Бұл халық ғұн, хуниу атымен көнінен таныстал. Хунну халқы, немесе жаңаша транскрипция бойынша сюннулар ғұндардан ажыратылып көрсетіледі. Орта Азияда қалыптасқан сюннулардың тілі, мәдениеті, дүннештесінің бір. Миграция барысында батыс қанаты Орал төңірегіне дейін жеткен, ол мұнда сан алуан этникалық элементтерді сінірді, тіпті кейбір ортақ заттық белгілерді сақтағанымен сюнну халқы біргіндегі жоғала бастайды да, шартты түрде ғұндарға айналады. Ал, Еуропаға басып кірген осы жабайы, тағы, кошпелі халықтың сюнну мәдениетінен аларлық айттарлықтай ортақ белгілері бола қоймаган еді.

Сюнну – ғылымда әлі жүмбак өрі аз зерттелген феномен. Дәл осы халық тарихымен Қазақстанда ерте көшпелілер дәуірі аяқталды, ал ғұндардан бастап орыс тарихнамасында кейінгі көшпелілер уақыты басталады. Жаңа және көне дәуірлердің тоғысқан шегіндегі сюннулардың жауап алу соғыстары “скиф” кезеңін аяқтап, алғашкы қауымдық құрылдыс пен өркениеттер арасын байланыстырды. Бүкіл далалық аймакқа әсерін тигізген күшті тайпалық одақтың қалыптасуы этникалық және мәдени байланыстар арасындағы қедергілердің жойды, кейіннен үзак уақытка созылған заттай мәдениет пен қоғамдық қатынастардың жаңа түрлерінің қалыптасуына алып келді. Кейінгі уакыттарда қоғам мен тайпалар мен

халықтардың, соның ішінде кеңінен танымал болған түрік, болгар, хазар секілді халықтардың шыгу тегін жазбаша деректеме осы сюннумен тығыз байланыстыра қарастырады.

Атальмыш халықтың этносасы тарихы б.з.б. II-І ғасырларда өмір сүрген қытай тарихшысы Сыма Цянъ мен б.з. I ғасырларындағы “Хань тарихының” авторы Бань Гу шығармалары бойынша белгілі болып отыр.

Сюннулар тайпалық одаққа б.з.б. IV-III ғасырларда бірікті. Б.з.б. III ғасыр соңында олар бірнеше әскери табыстарға кол жеткізеді; сейтіп қытай саясаты қызығушылық танытқан халықтар қатарына қосылды. Бірлестік аумағы Ордос үстіртінен Байкөл көліне дейін, Енисейден Манчжурияға шейін созылды. Бұл үшін сюнну халқы өздерінің жоғарғы билеушісі Тоумань шаньюйге қарыздар еді. Кейіннен бірқатар жерлерден айрылса да оның ұлы Мәде (Модунь) достық және әскери катынастар кезекпен жүретін қытай саясатының негізін қалады. Қалай болғанда да сюнну халқы өздеріне қажетті күріш, жібек, әшекей және т.б. бүйімдарды Қытайдан алып отырды. Тұпті жыл сайын екі жақтың шапқыншылықтары болып тұрды: күзде – сюнну, көктемде қытайлар щафуылдады. Қытай жылнамаларының авторлары сюннуларды көшпелілер ретінде сипаттауды, олар “өз кәсіппері болып табылатын мал бағумен айналысады және де ағаштан және мүйізден жасалған садактармен аңға шығады. Жабайы аңдар мен шебі шүйгін жерлерді іздестіреді, олардың турғылықты жері жок... Қала да, қоныс та, егіншілік те жок... егіс алқабын өндеумен айналыспайды”. Бірақ осы автор әлдебір қытай қолбасшысының сөтті әскери жорығын сипаттағанда Тянь-Шань тауы түбінде шаньюйдің ордасында үйлері, бесініс қабыргасы, қоймалары және бұл қалада тутқынға алынған көптеген князьдар болғандығын айтып етеді. Өкінішке орай ғылыми да, қытайлықтар қай тауды айтып турғандығы жөнінде нақты пікір жок. Мәде қайтыс болғаннан кейін қуатты мемлекеттің оңтүстік және солтүстік болып үзакқа созылған екіге боліну үрдісі басталады, кейін солтүстік одақ женіліп, елден кетеді де, Сырдарияның орта ағысы аудандарына дейін қоныстанады. Сяньбайлерден күйрей женілген сюннулар женимпаздарға кіріп кетеді. Зерттеушілер сюннуларды алғашқы (тұпті) түріктер деп есептейді.

Жекелеген сюнну тайпаларының Қазақстан далалық аймақтарына келе бастауы әлі де зерттеуді қажет етеді, бірақ та бұл үрдіс б.з.б. I ғасырда басталған болса керек. Ал, б.з. II-III ғасырларында

сюннулар, кең алқапты мекендерген кейінгі сарматтардың тайпалар конфедерациясы секізді бірлеشتікке біріктірді. Осы уақыттарда олар Орталық Қазақстанға, Сырдария алаңы мен Жетісуға да келе бастады. Сюннулардың негізгі отряды IV ғ. бас кезінде Оралға жетеді де, біршама уақыттардан кейін Еуропаға шатқыншылық жасайды, мұнда олар “ғұн” атауын иемденеді.

**Археологиялық ескерткіштері.** Қазақстан аумағында сюнни археологиялық ескерткіштері ете сирек ұшырасады.

Зерттеушілер ғундарды тікелей сюннулармен салғастыра қоймағанымен, алғашқылары екінші халықтың көнтеген салт-достүрін сактап қалған еді. Атилланы жерлеу рәсімі жазылған мәліметтер көлтірілген дерек көздерінде, оның денесі бағалы металдардан жасалған бірнеше табыттарға қойылғаны және онымен бірге қабірге аса құнды бұйымдар қоса жерленгені, ал жерлеу орынды мүқият жасырылғандығы жайлы мәглұматтар бар. Сюнни корымдары белгілі Онгустік Сібірде мұндай қабірлер алдын-ала қазылған қазаншұңқырга қойылған қима-табыттардан арсылған. Шұңқырга табытқа салынған мұрде мен сол дәүірге тән курал-саймандар қойылды. Ал ақіреттік тағам ретінде мүйізді ірі қара еті қойылған. Бейіттердегі бұл жануардың бас сүйегі мен өзге сүйектерінің қолөнер бұйымдарымен бірге табылуы - сюннулардың біразы жартылай көшпелі шаруашылықпен айналысқанын сипаттайтыды. Сюнни ақсүйектерінің жерлеу рәсімі қалай жүргізілгендігі бізге қытай хроникалары арқылы жеткен. Өлікті ішкі жәшікке жатқызған, содан кейін оны сыртқы жәшікке салған. Мұрдемен бірге тұрмыстық заттар, қару-жарап, киім-кешек, сондай-ақ құндер мен құлдар қоса жерленді. Кейір бай қабірлер жанынан ешбір курал-саймансыз бейіттердің табылуы да осындай пікірге жетелей туследі.

Сюннулармен салғастырылатын бұйымдар Қазақстан аумағында ете сирек және кездейсоқ ұшырасқан. Шөлді және шөлейтті аймақтардағы сюннулерге жататын археологиялық ескерткіштерде өзіндік бір өзгешелік байқалады. Оларға ерекше биік ер-тұрман, қауырсынды білдіретін кабыршақты өрнек, әшекейлі қола казан жатады. Дегенмен, сюннулардың бірегей бұйымы – күрделі садақ пен әшекейлер болып табылады. Халықтардың Ұлы коныс аударуындағы далалық бейіттердің көпшілігінен созыла басылған алтын қаңылтыр мен тұрлі-тұсті тастар салынған әшекейлер табылып келеді. Олардың мұндалама көп тараптуы көшпелілер мен олардың отырықшы одактастарын тез баюға алып келген Иран мен

Римге қарсы тонаушылық соғыстарына байланысты болған еді. Әзірge зерттелген сионну қабірлерінде алтын және өзге әшекейлермен киім-кешек, бас киім, белбеу, аяқ киім, ер-тұрман мен әбзелдер сәнделгендігі анықталды. Шын мөнінде ірі алтын кесектерінен жасалған заттар сирек кездеседі. Әдетте бұлар жұқа алтынмен немесе тіпті алтын жалатылған қаңылтырмениң апталған күміс және қола бүйімдар болып табылады. Инкрустацияға пайдаланылған қызыл және құлғиң түсті тастан салыстырмалы түрде айтқанда аса бағалы емес еді. Ғұн классикалық садағы жеті сүйек беліктерінен құрастырылды. Садақтың иыққа жақындейтын тұсы қосымша сүйек қапсырмалармен бекітілді. Екі шеті бір-бірінен сәл-пәл ұзын болғандықтан, ғұн садағы асиметриялы болып келді. Рим саяхатшысы Аммиан Марцеллини гүндардың үшінша у жағылған сүйек жебелерін мұқият сипаттаған, бірақ археологтар оларды өлі таба қойған жок. Мұндай жебелерге мүйізден жасалған ыскырық орнатылғаны белгілі, бірақ-та қабірлерден негізінен кәдүілгі үш қырлы сантты садақ оқтары ғана кездеседі. Фалымдардың пайымдауынша, бұл құния жер қыртысымен тығыз байланысты, мұнда сүйек сақталғанымен, мүйізден жасалған бүйімдар сақтала қоймайды, сондықтан да болар, қазақ сахараасында өлі күнге дейін осындағы және бұған үксас монгол жебелері кездесе қойған жоқ. Эйел қабірлері керемет жасалған тәті және “қалаш” сырғалармен, сондай-ақ тілікшелі білесіктермен, белбеу айылбастарымен, бас киімді әшекейлеп тұратын моншактармен ерекшеленеді. Тері аяқкімдерден тек айылбастар мен оларды тартып тұратын қайыс үштари сақталған.

Сионну қабірлерінен алынған заттарды белгілі бейіттердегі бүйімдармен байланыстыру, өзара қатыстырылып анықтау олардың саны аздығы мен көп түрлілігі өсерінен оң нәтижесі бере қоймайды. Қазақ сахараасына келгеннен кейін сионну, мұнда көптеген этникалық топтарды сінірді, сол себепті де осы дәуірді белгілі жайттардың жиынтығы регінде туастай қарастырган жөн.

## Сарматтар

“Сарматтар” деген халықтың аты антикалық деректерде б.з.б. III ғ. қолданылып келеді. Сол кездері сарматтардың скифтердің жүйелі түрде жауап алуды басталады. Диодордың айтудынша, сарматтар Скифияның едәуір бөлігін “құлазытып”, женілгендердің бірін де қалдырмай қырып-жойған, сөйтіп елдің басым болігін

шөлге айналдырган. Сарматтардың бір тайпасы – роксаландар б.з. I г. Мидияның шекарасына жетіп, Риммен соқтығысып калады. Олардың ізімен аландар жүріп отырды.

Сарматтар өздері басын алған жерлер халықтарының саяси өміріне белсene қатысқан. Мысалы, б.з.б. II ғ. соңғы кезінде Понтия патшасы Митридаттың қолбасыны Диафантпен болған соғыста роксаландар скифтерге қосылады. Б.з.б. I ғ. Митридат Римге қарсы құрескендеге сарматтар соның жағында болған. Б.з.б. 49 ж. римдіктер аорстармен (сармат тайпасы) бірлесіп, Боспор патшасының одактастары сирактарды (сарматтардың басқа тайпасы) жеңеді. Басқа тайпаларға қарғанда жорыққа кешірек шықкан аландар Қара теңіздің солтүстік еңіріне дейін жетеді. Кейінрек олар ғұндарға қосылып, Испаниядан барып шыгады. Ал кейбір топтарат Солтүстік Африкага қоныс аударады. Бұл қозғалысқа олармен көрші Сырдария алқабында орналасқан каньулар да қосылған болатын. Орал-Ертіс аумағына сюнну тайпаларының келуі, тайпалар миграциясының басталуын тездеткен сияқты.

Кейінгі сарматтарға сюнну ықпалы болғандығы жөніндегі саяул әлі күнте дейін пікір-таластан тудырып келеді. Әдетте ғұн-сюннұлар қазіргі Батыс Қазақстан аумағында б. з. IV ғасырында келді деп есептелінеді. Кейінгі сарматтар сюннұлардың кейбір жосын-жоралғыларын, мысалы, ақсүйектердің бас сүйегін қалпынап езтерту, ғұндардың күрделі садағы секілді бұйымдарды қабылдайды. Сюннұлар келмей тұрып, кейінгі сарматтар олардың бодандығын қабылдаган, сөйтіп Орталық Қазақстаннан Арал манына дейінгі аймақтағы тайпалар конфедерациясын құрган деген пікірлер де бар. Дегенмен жазба дерек көздерінің мағлұматтары ете мардымсыз, сондыктан да сарматтар өмірі туралы негізгі деректі археология ғылымы ғана бере алады.

Сарматтар мәдениеті хронологиялық жағынан үш кезенге бөлінеді: ерте сармат, немесе прохоров мәдениеті; органиғы сармат немесе суслов мәдениеті; кейінгі сармат мәдениеті.

**Прохоров мәдениеті.** Б.з.б. IV ғ. бас кезінде савроматтар Доннан Ембіге дейінгі аумакта тіршілік етіп, мұнда “батыс” (Еділ-Дон ауданы) мен “шығыс” (Орал ауданы) сыйды екі жергілікті мәдениеттер нұсқасы қаланды. “Шығыста” қыш ыдыстары, кару-жарак, сәндік заттар, әшекейлер, жерлеу ғұрны, наным-сенім бұйымдары сияқты археологиялық кешендер айтарлықтай өзгерістерге үшінрады. Жаңа мәдениеттің қалыптасуына Еуразия аумағында көшпелілердің көшіп-конуы, жергілікті негізгі басқа этника-

лық қуандылардың енүі тегінде Оралдың орманды-далалы аймактарындағы жартылай көшпелі тайпалардың қосылуы өзіндік әсерін тигізсе керек.

Жана мәдениет үрдісі екі жақты – эволюциялық және миграциялық болғандығы анық. Егер қару-жарак, ат өбзелдері, кейбір әшекейлерге оттелі тұрпаттар төн болса, біз жақадан жасалған заттар тұрлерін, айталық, тұбі дөңгелек келген ою-өрнекті ыдыстар, білікті қола айна, сегіз саны тәрізді алқалардың жасалғанын әрі бұлардың бұрынғы тұрмыстық-шаруашылықта колданылмағандығын аңғарамыз. Олардың шығу тегі Оралдың шығыс және солтүстік-шығыс аудандары тұрғындарының кейбір беліктерінің қосылымын байланысты, бұл жерде соңғы кездері савроматтардан прохоров мәдениетіне өтетін кезге жататын заттар тұрлері, сондай-ақ, тек ерте сарматтарға тән жана тұрпаттар жергілікті кешендерден табылған. Әсіресе, оттелі кезең семсерлері тұрпаттарында анық байқалады. Ушы тік кесекті немесе аздал илген және жабыны дога тәрізді семсер тұрлері шыға бастайды. Егер соңғылары б.з.б. IV ғ. бас кезімен мерзімделсе, онда сабы мен жузі тігінен келген және жузі орак тәрізді, классикалық прохоров семсері б.з.б. IV ғасырда пайда бола бастайды. Савроматтар жебе үштарын прохоров тұрпатына бірте-бірте қошуїнің эволюциялық сипаты анықталған. Бұны самай алқасына қатысты да айтуға болады. Бөрінен де қыш ыдыстар тұрпатындағы жана өзгерістер анық байқалады. Алмұрт тәрізді қыш ыдыстардан басқаларын жергілікті шеберлер бұрын жасаған емес. Ою-өрнекке саз балшық құрамына қараганда оларды мұнда Оралдың орманды-далалы аймактарының тұрғындары өкелген сияқты.

**Ескерткіштер сипаттамасы.** Прохоров мәдениетінің тайпалары маржум болған кісілерін тек оба үйінділерінің, онда да әдетте топырақ үйінділерінің астына қойған және үйінділерді таспен көмкеріп бастырып тастау әдісі өте сирек кездеседі. Кейде олар бұл үшін қола дәуіріндегі обаларды да пайдаланды. Ертедегі сарматтарға тән бір жайт – олар қабырдың үстін немесе айналасын балшықпен сылаپ не таптаپ, кейде аланқай жасап қоятын болған, сол сияқты қабыр ішін ағашпен, кесінділермен не қабықпен көмкерген. Оба үйіндісінде бейітке қойылған арбаны білдіретін донғалақ білік, күпшік қалдықтары кездеседі.

Өлікті қою мен бейіттер түрі, саны елеулі өзгерістерге үшінші отырды. Әдетте қабыргалары тік немесе сөл киғаш, бұрыштары торт тараңқа бағытталған, бұрыштары тік немесе аздал дөңгеленген жерден қазылған шұнқырлар; ағаш немесе қамыс жабынға

арнап жасалынған керпеші бар бейіттер; солтүстікке бағытталған бұрыштары тік немесе дөңгелек жерден қазылған тар шұңқырлар; бүйірлері қазылған бейіттер мен жер астынан қазылған ұзынша құystар (катаомба) пайда бола бастайды. Прохоров мәдениетіне олғен кісіні шалқасынан, басын онтүстікке қаратып жерлеу төн. Кейбір жағдайларда мурденің екі немесе бір колы шеткегі орналасқан, білек тұсы бүтілген, соган байланысты қолы шат не жамбас сүйегінде жатады. Тізесі аздап бүгілген, аяқтары онға немесе солға, не болмаса едеге қойылған және де ромб түрінде (яғни, “салт атты”) немесе айқастырыла жерленген. Балаларды әдетте аяқ жаққа немесе екі ересек адамдар арасына қойған. Сондай-ақ басын қарама-карсы – солтүстік жаққа бағыттаған. Онтүстікке және солтүстікке бағытталған қабірлерден басқа ішінәра шығыс пен батыска бағытталған жерлеу орындары да бар. Савроматтардан қалған қабықтан жасалған табытпен қатар ойып жасалған, женіл арба секілді табыттар да кездеседі. Савроматтарға қараганда сарматтар бейітке бор, реальгар, күкірт, көмір кесектерін жиі қойған. Үйлген молалардағы өрт қалдықтары негізінен Батыс Қазақстанда ара-тұра байқалады. Ақреттік асқа арналған малдың бүтін денеслерін енді койдың, жылқынын, ешкінің шағын бөліктері алмастырады.

**Ортаңғы сармат, суслов мәдениеті.** Бұл мәдениет б.з.б. II ғ. соңы мен б. з. I ғ. бас кезімен мерзімделінеді. Әлі күнге дейін ортаңғы сармат мәдениетінің қалыптасу сауалдары түбекейлі шешіле қойған жоқ. Оның ерте сармат мәдениетінен бастау алғандығы туралы дәстүрлі көзкарас бар.

Жерлеу күрүлістарының түрлері бұрынғыдай қала бергенімен олардың аракатынасы өзгереді. Бүйірі ойылған қабірлер саны азаяды да, катаомбалар ғайып бола бастайды. Шеті немесе керпеші бар қабір шұңқырлары сакталады. Үйіндідегі жерлеу сирек ұшыраса бастайды. Шаршы тәріздес бейіттер саны арта түседі. Мұрделерді шұңқыр бойына созыла жатқызу ғұрпы басымдық танығады.

Әлбестте, ғұрыптық заттардан оба қабірлеріне қойылған бордан жасалған антропоморфты мұсіндер бірегей олжалар болып табылады. Мәселен, Үстірттегі Бәйті кешені бірегейлігімен ерекшеленеді. Кешен үш топты обалардан тұрады. Және де шыммен жабылған мұсіндер сыйыктарымен біргейленеді. Бәйті-1 кешеніне шығыстан батысқа қарай тізбектелген үш оба кіреді. Обалар ерте замандарда-ақ тоналған, бірақ сакталған заттар барлық кешенді б.з.б. V ғ. соңы мен IV ғ. бас кезімен мерзімдеуге мүмкіндік береді. Обалардан солтүстікке және онтүстікке қарай тастан қаланған дөңгелек келген коршаулар орналасқан. Обаларға жақын үлкен

алаңқайға шоғырланған әктастан жасалған антропоморфты мүсіндер қалдықтары ерекше көзге түседі. Олардың негізгі қалдықтары солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созыла жатқан тізбекті күрайды. Мүсіндердің басым белігі жалпақ, бедері далме-дөл берілген. Жекелеген ескерткіштер дөңгелектеу қелген. Мүсіндерде ашық он алаканы кіндік тұсына қойылған ер адам бейнесі бедерленген. Қасы, мұрны, көзі, сөнді мұрты, аузы адамның бет өлпетін айқын бейнелейді. Мүсіндердің семсері, қанжары, садағы болды; бастарына дулыға киген, белін белдеу, әшекейлерден алқа, білеziк таққан.

Мүрделердің басын оңтүстікке қарату, қабір түбіне, кейде олікті де бормен сеүіп коюғұрпы сакталған. Ақыреттік ас ретінде мал сүйектері, кобіне қойдың жауырыны қойылады. Шұнқырды өрлеуде ағаш көнінен қолданылады, табыттар мен зембілдер өте сирек ұшырасады.

**Кейінгі сарматтар мәденинеті.** Кейінгі сарматтар Орал, Еділ, Дон оңірлерін қамтыған Орал далаларынан Буг езеніне дейінгі аймақта қоныстанды. Хронологиялық жағынан бұл б.з. II-IV ғасырлары еді.

Кейінгі сарматтар өздерінің алдында откендердің көптеген дәстүрлерін сактап қалды. Өз руластарын олар негізінен ескі молалардағы обаларға жерледі. Тар қабір шұңқыр мен бүйірі қуыс шұнқырларға жерлеу басым болды. Өліктің басы солтүстікке және солтүстік-батысқа қаратылды. Олар шалқасынан жатқызылып, жамбас сүйегі маңына қойылды. Қабірлерден күл мен от қалдықтары, бор кесектері мен үнтактар ұшырасады, табыт пен астаулар, сондай-ақ қабір жабыны сирек ұшырасады.

Мәдениеттің жаңа белгілері арасынан бас сүйектің деформацияға ұшырауы байқалады. Сүйек капсырмалы күрделі садақ пен жартылай асыл тасты алтын әшекейлер де кездеседі. Қолдан жасалған ыдыстар арасында құмыра, табақшалар бар. Кейбірінде көртікті ою-өрнек байқалады. Шеттен әкелінген қыш ыдыстары көп. Қебіне тілікшелі қоладан жасалған түйреуіш қаптырмалардың арқа тусы қайырылып келеді. Сырғалар – күмістен немесе қоладан жасалып, шеті алтынмен көмкерілді. Семсер мен қанжарлар арасынан сабының басына халцедон орнатылғандары да ұшырасады. Құміс, кола ат өбзелдері жиынтығы, алтын тогалар да көп. Шеттен әкелінген заттардан қытай айналары, боспорлық шеберлер жасаған шыны құмыралары, мөлдір сазды танаис амфоралары, ортаазиялық қызыл сазды ыдыстар табылған. Римнен әкелінген заттар арасында сырланған, ромб секілді қалқанды фибулалар бар. Өрнекті шыны бокалдар Кіші Азиядан әкелінген.

AP. 10M1  
K...

## КЕЙІНГІ КӨШПЕНДЛЕР АРХЕОЛОГИЯСЫ

### Этносаяси тарихы

IV ғ. ортасында Орталық Азия далаларында түбегейлі саяси жөне этникалық өзгерістер болды. Бумын қаған басқарған алтайлық түрік-тюгі тайпалары теле жөне басқа тайпалармен одактасып, жужан қағанатына қарсы бас көтереді. Осы оқиға нәтижесінде 552 ж. Орталық Азияда Алтайдың түрлі этникалық тайпаларын біріктірген Түрік қағанаты (552-630 ж.) құрылады. Қағанат өзегін алтайлық түрік-тюгі тайпасы құрады. Жүжандарды талқандағаннан кейін 554 жылға қарай Жетісу, Орталық Қазақстан мен Хорезмді бағындырып, олар Арал теңізіне дейін жетеді. Сасанидтік Иранмен одактасып, түріктер 563-567 жылдар аралығындағы кезеңде Орта Азиядағы әфталиттер мемлекетін талқандайды. Иран мен қағанат аралығындағы шекара Әмудария бойымен отті. Орта Азиялық мемлекеттер вассалдық төуелдікте болды. VI ғасырдың 70-жылдары Дизабұл (Естемі) қаған Солтүстік Кавказ бен Қара теңіз манына бірқатар жорықтар үйимдастырыды. Бұлар барлық далалық аймактарды қағанат ықпалына түсірген соңғы нәтижелі жорықтар еді.

Түрік қағанатының тұтас тарихы үздіксіз соғыстар мен өзара қырқыстарға толы. Соғысының нәтижесінде 581 ж. қағанат бір-бірімен жауласуши Шабалио билік еткен Шығыс жөне де Тардұш хан билікке келген орталығы Жетісу болған Батыс болып екіге бөлінеді. Әлсіреген Шығыс Түрік қағанаты Қытай империясынан женіліске үшірайды, ал Батыс Түрік қағанаты бұл кезде күшейе түседі. Датоу Орта Азия мен Қазақстанда өз ықпалын нығайтады, қағанаттың екі бөлігін қайта біріктіруге тырысып, өзін шығыс түріктер қағаны деп жариялады.

VI ғ. соңында батыс түріктегі тайпаларының жерін басып алады, бірақ одан кейін болған көтерілістер орталық билік құштегін әлсіретіп таставайты. Тек 615-619 жылдары гана төле тайпалары мен олармен көршілес сеяньтоларды батыс түріктегі түбекейлі бағындыра алды.

Мемлекеттің шығыс шетіндегі соғыстарға қарамастан Батыс Түрік қағанаты ғүлдене берді. Басқару жүйесі қайта үйымдастырылып, белсенді сыртқы саясат жүргізілді. 634 ж. Шаболо-Химиши қаган мемлекеттегі тұрактылықты қамтамасыз ету үшін 10 оқ аталған қағанаттагы тайпалық боліністі бекітті. Дулу атауымен аталған олардың бесеуі Шу мен Іле өзендері аралығын мекен етті, Шу өзенінен оңтүстік-батысқа қарай орналасқан нушиби бірлестігіне қалған бес тайпа кірді. Дуулар одагына Алтай, Ертіс пей Іле аралығындағы дақада көшіп жүрген қарлуктар мен түргештер кірді. Табиги жағдайлары қөшпелі мал шаруашылығына қолайлы Жетісу жері қағанаттың орталығы болды. 651 ж. Батыс Түрік қағанаты қытай әскерлері тарарапынан күйреді, оның жері Қытайдың екі округына енді. Бірақ тәуелділік номиналды турде болған еді. 682 ж. Алтайда “екінші” аталған Түрік қағанаты қайта қалыптасады, оған Алтай, Батыс Монголия мен Тува жерлері кіреді. 711 ж. олардың Мочжо қағанының әскерлері Жетісудағы Батыс Түрік қағанаттың орнына қалыптасқан Түргеш қағанатына сәтті жорықтар жасайды. Түргештер талқандалынады, әйтсе де арабтар коршақ алған Самарқандқа түріктедің жәрдем беруге тырысуы кейір түргеш тайпаларының көтерілісі нәтижесінде іске аспай қалды. Екінші түрік қағанаты 742 ж. үйгир, қарлук және басмылдардың біріккен күші шығыс түріктегінен көшті деңгелінше күшті төрт тайпаның бірлестіктері – үйгырлар, оғыздар, қимактар мен қарлуктар боліп алады. 766 ж. Үйгир қағанатынан жеңілген қарлуктар алдын-ала түргештерді бағындырып, Қашғар мен Жетісудан Сырдарияның орта ағысына дейнігі аумақты басып алып, Қарлук қағанатын құрады. Ыстықкөл ауданындағы Суяб қаласы астанасы болады. Батыста олар печенег, немесе бұрынғы қанлы тайпаларымен қақтығысады. Оғыздармен одектасқан олар печенегтердің жереді әрі талқандайды, дәл осы кездері печенегтердің батысқа қарай үзакқа созылған миграциясы

басталады. Қарлұктар өз кезегінде өздерінің одақтастары оғыздарға Сырдарияның орта ағысын, яғни қанчылардың түпкілікті жерін калдыруға мәжбур болады. Қарлұктар көсемі “жабғу” лауазымын иемденеді, ал 840 жылдан бастап “қаған” аталды. Жетісу аумағында қарлук тайпалары консолидациясының саяси бірлестікке айналу үрдісі болып етті. Алғашқыда қарлұктардың үш рулық өзегіне Жетісу мен Оңтүстік Қазақстаниң этникалық бірлестіктері, көшпелі жөне жартылай көшпелі түрік тілді тұхсі, шігіл, өзкіш, халаджы, чарук, аргу, барысхан тайпалары кірді. VIII-X ғасырлардағы қарлук тайпалары Балқаш пен Ыстықкөл аралығын, Іле, Шу, Талас өзендері алағын, Тянь-Шань сілемдерін, Исфиджап, ортағасырлық Отырарға дейінгі орасан зор аймақты қоныстанды.

Қарлұктар көрші оғыз, қимақ тайпаларымен саяси-мәдени байланыстар орнатты. Шығыста қарлұктар үйір қаганатыман шектесіп, ал оңтүстік-шығыста Мауераннахрдан солтүстікке қарай жатқан жерлерді бағындыруға үмтүлған арабтарды тоқтатып тұрды. Исламды таратуға үмтүлі Семанидтерді қарлұктарға қарсы жорыкка итермеледі, бірақ-та олар табанды қарсылыққа үшірап отырды. Қаганатта отырықшилыққа кеңіу үрдісі жүріп жатты, қолтеген әскери-инженерлік құрылымдар салынды, бірақ та орталықтандыру әлсіреп, жайылымдық мал өсіру негізгі шаруашылық түрі болып қала берді. 940 ж. Жетісуға Шығыс Түркістаннан кидандар келді де, қаганаттагы өзара қырқыстарды пайдаланып, мемлекетті жаулап алды.

Печенегтер оңтүстік орыс далаларындағы көшпенділер ретінде кеңінен танымал. Атауы алдымен орыс жөне византиялық жазба дерек көздерінде кездеседі. Дегенмен бұл көшпенділердің Отаны – Қазақстан; дәлірек айтсак, Сырдарияның орта ағысы. Византия тарихшысы печенегтердің ең белді төрт тайпасы өздерін грек транскрипциясына аударғанда “кенгерес” деп айтатынын хабарлайды. Рұсъ пен Византия шекараларына жақын маңайда печенегтер IX ғасырдың соңы мен X ғасырдың бас кезінде пайда болады, ал оған дейін олардың негізгі этникалық компоненті қанчылар (кангюйлер) еді. Олар тек негізгі этникалық компонент болды, себебі, X ғасырдың бас кезінде Донга жеткендер ерте көшпенділер тарауындағы бізге белгілі дәлме-дәл қанчы тайпалары емес болатын.

Қанчылар түрік қагандарының одақтастары болды, бірақ ешкашан да қаганат құрамына кірген жок. Үйір, қарлук, оғыз жөне болашақ қимақтар сынды ірі тайпалық бірлестіктер арасында

басталған күрес қанлы тайпаларына кері өсерін тигізді. Түрік-тюгү мурагерлерінің ең күштісі, өз билеушісі “қаған” лауазымын иемденген және негізгі жайылымдық жерлерді жаулап алған Үйрүр қағанаты еді. Басқа билеушілер “жабғұ” лауазымын қанағат тұтып, жайылымдық жаңа жерлер іздеңіруға мәжбүр болды. Дәл осы кездері қарлуктар мен оғыздар Жетісуда түпкілікті орныға бастайды да, Сырдария шұраттарын қаңылардан тартып ала бастайды. Оларға ендігі жерде мемлекет болып қалыптасқан қимақ тайпалары да көмектеседі. Қанлылар Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал манына ығысуға мәжбүр болады. Сол уақыттарда отырықшы және жартылай отырықшы қаңылар көшпелі өмір салтына көше бастайды.

VIII ғасырдың екінші жартысында қарлук, оғыз және қимақ тайпаларының біріккен құштерінен женілген қанлы тайпаларының бір болігі Еділ мен Орал аралығына қошіп кетеді. Мұнда қанлыларды сіңірген жергілікті түрік тайпалары, кейінгі сарматтар мен угорлар журнақтары негізінде жаңа тайпалық одак құрылады. Олар Еділ өзенінің төменгі ағысы мен Солтүстік Кавказды қамтыған Хазариямен әскери қақтығыстарға түседі. Бұлар иудейлік дінді тутынған бірегей түрік көшпенділері еді. Зерттеушілер еврей дінін қофамдағы аксүйектер ғана қабылдаған, қалғандары пүтқа табынушылар болып кала берді деп есептейді. IX ғасыр сонында араб географы әл-Масуди мәліметі бойынша оғыздар Арадын солтүстік өңірін мекендеген қанлыларға түпкілікті соққы береді. Қанлылардың бір бөлігі оғыздарға бағынады, баскалары Еділ мен Орал аралығына қарай кетеді. Өз кезегінде, X ғасырдың бас кезінде оғыздар Орал өзеніне дейінгі Солтүстік-Батыс Қазақстан мен Манғыстау түбегін өздеріне бағындырып, кең байтақ оғыз қағанатын куруға мүмкіндік алады. “Қаған” лауазымын оғыздар билеушісі 840 жылы уйғырларды қыргыз тайпалары талқандаганинан соң, қарлуктар мен қимақтар әлсірегеннен кейін алады. Еділ далала-рындағы Хазария мен печенегтер теке-тіресі X ғасырдың бас кезінде печенегтерге қарсы оғыздар мен хазарлар одак құрып оларға құйрете соққы бергеннен соң аяқталды. Печенегтердің бір болігі IX ғасырдың екінші жартысында Дон төңірегіне етіп кеткен болатын, жана жеңілістен кейін тайпалық одактан қалғандары Хазарияның солтүстік аумактары арқылы орыстардың далаларына ығысады. Сейтіп, оғыздар өз мемлекетіне Еділ өзеніне дейінгі барлық жерлерді енгізеді. X ғасырдың бірінші жартысында оғыздарда мемлекет қалыптасады. Онын астанасы әрі қағаның

қысқы ставкасы Сырдарияның томенгі ағысындағы Янгиқент қаласы болды. Дегенмен бұл бірлестіктің ғұмыры да үзак уақыт бола коймады. Сырдария шұраттары, Манғыстау шөлдері мен Батыс Қазақстан далалары секілді үш экологиялық өнірде орналасқан тайпалар шаруашылығы олардың оқшаулануына әсерін тигізді. Манғыстау ислам дінін қабылдаған әрі өздерін түркмен атаған оғыздар ортаңғында айналды. Сырдарияның төменгі және орта ағысында селжүктар билікті қолына алды да, көптеген жағдайларға байланысты Кіші Азияға қарсы жорыктар жүргізеді. Солтүстік оғыздардың кейбір беліктері қыпшақ тайпаларына бағынады, ал келесі бір үлкен белігі ендігі жерде жойылған Хазария арқылы печенегтер соңынан Византия шекараларына карай кетеді. Қазақстан далаларындағы билік қыпшактарға өтеді. XI ғасырдың екінші жартысынан бастап араб географтары далалық аймақты Дешті-Қыпшак деп атайды.

Кимақ тайпалар одағының өзегі - 656 ж. Батыс Түрік қаганатының ыдырауы нәтижесінде – тайпалардың оқшаулануы мен қайтадан бірігуі барысында қалыптасады. 840 жылы Үйгыр қаганаты талқандалғаннаң кейін оған кірген кейбір тайпалар кимақтарға косылады. Араб тарихшысы Гардези шығармасына қараганда қимақ тайпалық одағы ими (әймур), имақ, татар, байандур, қыпшак, ланиказ, адғилау секілді жеті тайпадан тұрған. IX ғасырдың екінші жартысында оған кірген тайпалар саны он екіге жетеді. Кимақ федерациясының аумағы Солтүстік-Шығыс Қазақстандағы Ертістің жоғарғы және орта ағысын алып жатты. IX ғасырдың соңына қарай кимақтар үстемдігі Алакөл қазашұңқыры мен солтүстік-шығыс Жетісудағы Жонғар Алатауына дейін тарапады. Осы үақыттарда оғыздардың солтүстік-шығыс шекараларында қыпшактар пайда болды. Қимақ-қыпшак тайпалары солтүстік-батыста Тобыл өзені алабына, шығыста Объ өзеніне дейін коныстанды. Билеушілері қаған титулын алды. Мемлекет тайпа шоңкарлары басқарған ұлыстарға белінді. Қимақтардың сыртқы жаулат алу соғыстары мемлекетті өбден алсіретеді. Әрбір жергілікті шоңжар өз иелігін кеңейтіп, қағанмен тенесуге үмтүлді. Ішкі қайшылықтар тайпаларды өзара қырқыстар мен үзакқа созылған миграцияларға итермеледі. XI ғасырдағы ыдырау үрдісіне кимақтарды талқандаған әрі біраз белігін бағындырған қидандар да ат салысты.

Қидандар – 1 мыңжылдық соңы мен әсіресе II мыңжылдық бас кезінде Азия далаларында шығыстан батысқа жылжыған кошпелі-

лердің тек бір толқыны ғана еді. Қимақтардың, қыпшактардың батыска, онтүстік-батыска және ішінәра солтүстік-батыска жылжу бағыты IX ғасырдың екінші жартысы мен X ғасыр басында байқалады. X ғасырдың екінші жартысында қимақ бірлестігіндегі тайпалардың бір бөлігі, негізінен қыпшактар, Сырдарияның он жағалауына жылжып, шұраттар мен мұсылман қалаларына жақындей түседі. X ғасырдың сонында үлкен қимақ бірлестігіндегі жекелеген тайпалар тобының бірігі нәтижесінде бірнеше дербес тайпалық облыстар қалыптасады, мәселен, батыстық – Андар аз-Қыпшак. Қимақ федерациясы талқандалғаннан кейін далалық өнірде үстемдікке бүрын біргұтас саяси құрылымы болмаған қыпшактар қол жеткізеді, ал “қимақ” этнонимі жазба дерек көздерінде бұдан кейін ұшыраса қоймайды.

XI ғасырдың ортасында қыпшактар Сырдария алабынан оғыздарды ығыстырып шығарады және ғасырдың сонына қарай Ертістен Буг өзеніне дейінгі далалық аймақты жаулап алады. Бұған Балқаш көлінен солтүстікке қарай жатқан өнір, Аral маны, Орталық Қазақстан, Оралдың біраз бөлігі, Башқортстан, Батыс Қазақстан жерлері кіреді.

Қыпшактардың неғұрлым күшті тобы хорезмдіктер қол астына өткен Хорезм мен Сырдария өніріндегі қалаларға шапқыншылықтар жасады. Куаты мейлінше артқан қездे оларға Сығанақ қаласын жаулап алып, дербес пүтқа табынушы иелік құрды да, өздеріне барлық исламға наразыларды тартып, Орта Азиядагы мұсылман иеліктерімен құресседі. Сығанақ қыпшактарының қүштерін хорезмдіктер түрлі талас-тартыстар мен қырқыстарға пайдаланып отырды. Иеліктің өзі монгол шапқыншылығы қарсанына дейін өмір сүргенімен, оны хорезмшах Мұхаммед ибн-Тәкеш бәрібір басып алады.

Қазақstanың солтүстік-батысында орналасқан қыпшактардың басқа бір бірлестігі - әлбұрлік, ол кейіннен Андар аз-Қыпшактың мирасқоры болған сияқты. Ол өзінің саяси нысаны ретінде Хорезмді таңдал алды, тіпті соғысына XII ғасырда көп корғануга тұра келді. Тек XIII ғасырдың бас кезінде ғана оған карсы сокқы бере алады. Бұл уақыттарда қанды мен қыпшактардың көптеген тайпалары хорезмшах бодандығын қабылдаған болатын. Мұндай бодандар арасында қыпшак көшбасшыларының бірі Қадырхан Түркістани есімі де аталауды. Монгол шапқыншылығы кезінде Үлбірлік-Башмұл басқарған жасақ әрекеті ұзақ уақытқа дейін еш нәтиже бермегі, тек Еділ есені алабында үйымдастырылған кен ауқымды торуыл Башман мен оның жақтастарының өліміне алып келді.

Қыпшақтардың үшінші бірлестігі орналасқан жер өлі белгісіз, орталығы Сақсын қаласындағы аймақты қоныстанды. Бұл Еділ мен Орал атыраулары аралығының ортасындағы, Каспий теңізі жағалауындағы аудан болуы мүмкін деп саналады. Сақсын саудагерлерге сауда мен айырбас орны, сонымен қатар Еділ бойымен Каспийге дейін, одан теңізben Манғыстауға, ары қарай Үзбей езені бойымен Хорезмге шығатын жолдағы елді мекен ретінде белгілі болды. Аталмыш жол Арап теңізі деңгейі көтерілген және кеуіп кеткен Үзбей езенінің аринасы толған кезде қайта жанданып тұрды.

Сақсын, әлбүрік және бұлғарлар коалиция құрып (жана мәліметтер бойынша), жиырма жылға жуық уақыт бойы монголдардың батыска жорығын тоқтатып тұрды. Тек 1235-1236 жылдары гана монголдар өскери одақты талқандай алды. Бағындырылған қыпшақ тайпалары Бату хан өскеріне қосылды, бағынғысы келмегендер өлтірілді немесе құлдыққа сатылды.

Тарихта Еділден XI ғасырда өтіп, аз гана уақыт онгустік орыс далаларында үстемдік құрған қыпшақтар да белгілі. Бұл ретте печенегтер мен оғыздар Византия, Бұлғария, Венгрия мен Русь шекараларына ығыстырылды. Қыпшақтар Ақ және Қара Кумания бірлестіктерін құрды. Фылыми әдебиеттерде оларды шығыс қыпшақтардан бөліп көрсетеді және де орыс наративті дерек көздеріндегідей половцы деп атайды.

## *Түріктердің археологиялық ескерткіштері*

**Жерлеу ғұрны.** Нарративті дерек көздері, өсіресе Қытай хроникалары түрік-тигулар ілкі замандардан өздерінің өлген адамдарын, олар пайдаланған заттар мен мінген жылқыларын бірге өртеп, күлін қабірге көмген деп хабарлайды. Қабір үстіне өлген кісі бейнесі бедерленген тас тұргызылған және оның катысқан жорықтарын сипаттап жазған. Егер соғыста ол бір адам өлтірсе, әдетте бір тас қойған. Кейбірінде тастар саны жүзге, тіпті мынға жеткен. Мұндай ғұрыптық құрылыштар көптеген түрік шоңқарлашының қабірлеріне тұрғызылды. Қарапайым қауым мүшелерін жерлегенде ғұрыптық қызметтерді кәдуілгі тас қоршаулар атқарды. Қытай дерек көздеріне қараганда, көршилес теле тайпаларымен байланысқа тұсу нәтижесінде түрік-тигулар біртінде отка өртеу

Гүрпүн ұмытты да, мүрдені өртемей, оба астына оған тиесілі болған жылқы мен заттарды қосып жерлеудің жаңа жоралғысына кошеді. Мүрдені жерлеу ғүрпүн басқаларға қарагаңда түрік-тоту аксүйектері көбірек ұстанды. VI ғасырдың екінші жартысы мен VII ғасырдағы жылқымен қоса жерлеу ғүрпүн анықталған ескерткіштер Алтайда көптеген ұшырасады. Мұндай ескерткіштердің алғашқы зерттелгені – Құдырге қорымы. Одан табылған 575-577 жылдарға жататын мәнеттер бұл қорымдағы “құдыргелік” аталынған заттар кешенін сенімді түрде мерзімдей алады. Бұл бірінші Түрік қағанаты дәуіріне жататын ескерткіштердің хронологиялық сипаттын анықтайтын түсінікпен астасады. Табылған заттар кешеніне білікті бір төлкелі темір жүгөн немесе ауыздықтар, сопакша түрпатты аяқ салатын созылыңқы дәңгелек құрықты үзенгілер, ғұндардықиғе үкссас күрделі жебелер, жылтыр тогалармен әшекейленген белбеу мен жүгендік кіреді.

Жерлеу салты, атпен қоса үйінді астына мүрденің шалқасынан жатқызылуымен сипатталынады. Мүрдені қоюдың үш нұсқасы анықталған: басы оңтүстікке, шығысқа және солтүстік-батысқа қаратылған. Мүрделер аса үлкен емес тастардан тұратын сопакша келген диаметрі 10 м және биіктігі 1 м-ден аспайтын обаларға жерленген. Кей жағдайларда мола үстінен оның астындағы көлемі шағын қабір шұңқырынан үлкенірек қаланды байқалады. Қабір шұңқыры көбінесе тік бұрышты немесе сопакша болып келеді. Жерлеудің төрт түрі белгілі: а) жылқымен қоса жерленген адам; б) жылқысыз, ат өбзелдерімен жерленген адам; в) жылқымен ат өбзелдерінсіз жерленген адам; г) адамы жок, тек өбзелді аттар қойылған кеноңофтар. Әдетте, қабірдегі жылқылар аяғы бүгіліп, адам сүйегімен катар, одан сол жакта (оң жақта ете сирек), мүрдемен бір деңгейде, кейде бір баспалдақ жоғары немесе төмен қойылады. Аттың басы, әдетте, адамға қаратылады, мүрдеге арқа тұсымен қойылғандары ете сирек. Дегенмен, қабірдегі жылқы басының бағыты тұрақты емес. Олардың басы адам басымен бір жаққа бағытталады, немесе қарама-қарсы жаққа қаратылады.

Қазақстан мен Орта Азияның негізгі аумагына келген түріктер саны аз болды, олар негізінен әскери және азаматтық билік басында отырды. Түрік заманына жатқызылатын бейіттер саны да аз, олар жете қоюы қын таулы аймақтарда орналасқан, бірақ олардың Алтай түргындарымен генетикалық біртұтастығы ешқандай күмән туғызбайды. Мәселен, жануарлардың сол жақтағы баспалдақта немесе мүрдемен бір деңгейде жатуы, қойылған заттар

кешені, тек меридиан бағыттан басқалары түріктер отанында көнінен тарапған еді. Батыс түріктер жерлеу салтында өзіне тоғын белгілері бар: топырақ қабатынан қазылған қабір бүйірінен күйстар жасалынған, сірә бұл жергілікті тұрғындар ықпалымен болса керек. Қазакстаниң онтүстігінде, Сырдарияның орта ағысы алабында тұрғындармен тығыз байланысқа түскен түріктер олармен араласып кеткендіктен, қабірлер өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Арыс өзені алабында VII-VIII ғасырларға жататын Беріжар корымы обаларында мүрде ежелгі горизонт деңгейнен койылған, сондай-ақ арнайы сазбалышықтан жасалған дөңгелек, сопакша және тік бұрышты алаңқайларға немесе қабір құрылыштарына жерленген. Кейбір алаңқайлар пахсадан тұрғызылған коршаумен қоршалған, олар кіретін дәлізбелек күмбезделе жабылған жерлеу лақытынан тұрады.

Қазакстаниң солтүстік-шығысында түріктер жергілікті угросамодий тайпаларына кезігіп, олармен байланысқа түсті. Мұндай байланыстар нәтижесін Бобров корымынан көруге болады, онда түріктердің мүрделерді жерлеу ғұрпымен қатар өлікті өртеген жергілікті самодий тұрғындарына тән бейіттер де бар, оларда түрік мәдениетінің күшті ықпалы байқалады.

VII-VIII ғасырлардағы түрік ескерткіштері тас обалар мен коршаулардан тұрады. Диаметрі 12 метрге дейін, биіктігі 1,5 метрге шейін тас немесе тас пен топырақтан тұрғызылған үйінділер астында қабірлер болды. Қабірлер жалғыз мүрдеге арналған. Мүрделер үзіншінан, шалқасынан жатқызылған, басы маусымдық өзгерістерге қарай аздап өзгеріп солтүстікке – солтүстік-шығысқа қаратылған, шығысқа қаратылғандары ете сирек ұшырасады. Мүрде мен жылқы бастиры қарама-карсы бағыттарға қаратылған. Қабір шұңқырлары айтартылғанда өзгерістерге ұшырай қойған жоқ – бұрынғыдай тік бұрышты және сопакша келген. Екі, тіпті үш жылқы қойылған қабірлер де пайда бола бастайды. Балалар қабірінен кейбір жағдайларда қойды жылқы орнына қойған. Жылқы қабірлері, өдетте, үстінен таспен толтырылған, беті кейде гана шеттері тұғырлы бөренелік ағаштармен жабылған. Кейде үзіншінан қойылған тақтайлармен де бейіттегі адамдар қаңқасы жабылады. Бай қабірлерде олар ойып жасалған астаушаға жатқызылған және беті тақтаймен жабылған табығта салынған мүрделер де кездеседі. Соңғысы, алғашкы кезеңдегідей түріктердің жосын-жорылғылары жиынтығын сипаттай қоймайды.

Обаларды еске түсіретін диаметрі - 4-6,5 м, биіктігі 0,5 метрге дейінгі дәңгелек тас қаландылары ритуалдық мазмұнға ие бола алады. Осындай қаландылар астында ежелгі горизонт деңгейінен аса үлкен емес шұңқырдан археологтар қыш ыдыстар, сүйек алқалар, қой сүйектерін тапқан. VII-VIII ғасырлардағы түрік-тюгү жерлеу күлтімен шаршы тәрізді, ішінара тік бұрышты тас коршаулар тығыз байланысты болған. Олар тас плиталардан түргызылған, аса терең емес шұңқырларға бүйірінен орналасқан. Коршау көлемі 0,8x0,8 метрден 5x5 метрге дейінгі аралықта өзгереді. Коршау жартас жыныстарының сынықтары, тектатас, кейде малтатас пен өзен қойтастарынан тұратын жалпақ үйінді жасалады. Плита қабыргаларын бекітіп тұру үшін сырткы жағына тас пен топырақ толтырылады. Көп жағдайда, коршау бұрыштары өлемнің төрт тарапына қаратылады да, бір уақытқа жататын корым не жеке топтар болып қатарынан солтүстік-оңтүстік немесе солтүстік-шығыс – оңтүстік-батыс бағытта орналасады. Коршаудың шығыс жағынан кейде адамдардың мүсіні немесе тас бағаналар қатары – балбалдар орналасады. Коршаудың бес түрі белгілі: а) ешқандай қосымша құрылышы жоқтар; б) шығыс жағында тігінен орналастырылған плита немесе қойтасты; в) негізгі плитада адам бейнесі бедерленген немесе оның шығыс бұрышына адам бет-әлпеті қарапайым етіп қашап салынған коршаулар; г) шығыс жағында адам денесі бүтіндей бедерленген мүсінді коршаулар; д) негізгі плита мен адам мүсіні бар коршаулар. Негізінен адам мүсіні жоқ коршаулар басым. Адамдардың тас мүсіндері, дәңгелеген негізгі плита секілді қоршаудың шығыс жағында беті шығыска немесе оңтүстік-шығыска қаратылып қойылады. Қебіне коршауларда бір немесе екі балбал болады. Мүсіндер мен балбалдардың батыс немесе солтүстік қабырга маңында орналасуы ете сирек кездесетін құбылыс. Коршаулар түрік шонжарын жерлеген кездегі гибадатхана рөлін атқарған деп есептелінеді. Эдегте тастар астынан теріс жер беті аршылады, кейде одан ағаш берене немесе тас тұрған шағын ойыктар, құрбандық қалдықтарынан күл мен көмір аршып алынады.

Көпшілік коршаулардағы тастар арасынан қой, жылқының әртүрлі сүйектері, яғни берілген астың қалдықтары табылған.

**Қабір саймандары.** VI-VII ғасырлардағы түрік қабірлеріндегі саймандардың негізін қару-жарак пен ат әбзелдері қурайды, аздал киім-кешек қалдықтары, өшекейлер мен еңбек құралдары ұшырасады. Соңғыларынан темір пышак, жонғыш, кайрақ тастар, токуға

арналған сүйек құралдары, от алу үшін пайдаланылатын ағаш тақтайлар кездеседі. Темір пышактардың арқа тұсы тік және сабынан жүзіне жалғасар тұсы екі көртпешті болып келеді. Сабынан кейде ежелгі уақыттардан сақталған саптың іздері де байқалады. Пышактар ер жөне әйел қабірлерінен табылған, одетте олар белбеуден сөл төмөнірек жерден арып алғынады. Кейде пышактармен бірге белбеуге іліп жүретін тесігі бар немесе тесіксіз қайрак тастар да кездеседі. Белбеулерге металл қапсырмалармен өшекейленген және сүре шегелермен бекітілетін ұсақ-түйек заттар салып жүретін қалталар тігілді. Ағаштарды өңдеу үшін ағаш сапқа ариалған ашық төлкелі темір жонғыштар пайдаланылды.

Қару-жарактан бір-бірден семсер, қанжарлар, сондай-ақ темір садақ үштари (сүйектен жасалғандары сирек), жебе мен қорамсақ, сауыт-саймандар қалдықтары ұшырасады. Семсерлер екі жүзді, сабы мен жүзінің қосылар тұсы айшықтала жапсырмамен жалғасқан. Қанжарлардың екі жүзі де өткір өрі тік бұрышты кесікті, сабы жапсырмалы. Семсер мен қанжарлардың қабірлерде өте аз кездесін қару-жарак түрлерінің түріктерде сиректігін және де аса құндылығын немесе, тас мүсіндерде семсер мен қылыштың суреті жи бедерленгендіктен, оларды қабірге қоюға тиым салынғандығын көрсетеді.

Кең таралған қару-жарак түрі садақ пен жебе болды. Садақ күрделендіріліп жасалды, шеті мен ортасына сүйек қапсырмалар жапсырылды. Кейбір сақталған жебелердің ұзындығы 1 метрден асады.

Көргануга киілдетін металл сауыттар VI-VII ғасырлардағы түрік ескерткіштерінен өте сирек ұшырасады. Олардың суреті тіпті тас мүсіндерде де кездеспейді. Сірә, түріктер тілікшелі сауыттар колданса керек, тілікшелер коршаулардан ұшырасып тұрады. Мұндай сауыт-сайман мен дұлыға киген жауынгер атақты Құдырге корымындағы қойтаста бедерленген. Сауыт-саймандардың қабірлерден кездеспеуін олардың аса бағалы болуымен немесе ғұрыптық түргыдан тиім салуымен түсіндіруге болады. Оларды тогу өскерлері қолданғаны жайлы мөліметтер жылнамалардағы миниатюrlардан да белгілі.

Ат өбзелдері жылқылармен бірге ер және әйел адамдар қабірлерінен табылады.

VI-VII ғасырлардағы және кейінгі уақыттардағы түріктердің қабірлерінен қыш ыдыстар сирек ұшыраса бастайды. Ернеуі аздал банка түрпатты қыш ыдыстарының жекелеген түрлері белгілі.

Түріктер сол жаққа қарай жабылатын киім киген. Ол туралы жоғарыда аталған қойтастагы суреттер, коршаулардағы мұсіндер толымды мағлұмат бере алады. Суреттерге қарағанда Алтай түріктегі кейлек, шалбар, жұмсақ тері етіктер киген. Ұзын келген зерлі жібек киім қалдықтары ерлер мен мемлекеттік адамдар қабірінен көптең табылған. Киім өсімдік өрнекпен қомкерілген және қола ілмекті мыс қапсырмалармен жабылған. Аяқ киімге ілгегі шағын қола және күміс ілмектер пайдаланылды, көпшілігі әйелдер аяқ тұсынан табылған. Белбеу қалдықтары әдетте ер адамдар қабірінен аршып алынады. Белбеу айылбасы темір мен қоладан жасалды. Бірқатар бейіттерден екі айылбастан табылған, бұл көне түріктердің сауытқа және семсерге арналған екі белдеуді тағып жүргендігін көрсетеді.

Әшекейлерден сырға, алқа, жұзік, моншақ белгілі. Сыргалар негізінен күміс пен қоладан құйылым дайындалған. Мұндай сырғалар көптеген мұсіндерде бедерленген.

VII-VIII ғасырлардағы түріктердің заттай мәдениеті алдыңғы кезеңдердегідей дамуын жалғастырады. Дәл осылай деп түрік қағанатының мирасқорлары қимак, карлук, үйғыр, т.б. туралы да айтуға болады.

**Тас мұсіндері.** Соңғы уақыттарға дейін мұсіндердің қандай жағдайға тиістілігі жайлы екі көзқарас орын алып келді. Біріншісі бойынша, бұл – мұрде өлтірген жауларының келбеті. Екіншісі, оған қағананда дәлелдірек, ол бойынша мұндай соғулет өнері мурденін өз бейнесі болып табылады. Мұсіндер адам бойына жуықтатылып, ұзынша тастандардан қашалып жасалды. Шағып тұсіру, қашау және ою арқылы ер адамдар (әйелдер өте сирек) бейнесі тұсірілді. Кейде мұсіндер нашар сакталғандықтан өрі бейненің нақты тұсірілмеүінен мұсін жынысын анықтау қыныға түсіп отырады.

Мұсіндерде бас киім болды, бірақ шаштары кебіне бір немесе бірнеше бұрым болып бөлініп, аркасын жауып тұрды. Түрік ер азаматтарының шашы көптеген бұрымдардан тұратындығы, ал бір немесе екі бұрым монгол тайпалары өкілдерінікі екендігі анықталған. Мұсіндерге қарағанда түріктер сол уақыттарда өздеріне тоуелді болған және де әскердің бір болігін қураған монгол тайпаларының ықпалына түсे бастаған.

Ерлер, беліндегі белсузмен буылған үш бұрышты қайырма жағалы шекпен киген түрде бейнеленген. Белбеуге қылыш, қанжар, етегу мен басқа заттарға ариалған қалта (kise) ійнегеи.

Әйелдер бейнелері көп жағдайларда жалаңаш бедерленген. Олардың көпшілігінің оң немесе екі қолында, көкірек не болмаса

кіндік түсінің саптаяқ-ыдыс, кубок немесе тоостаган бейнеленді. Қондырылған құс оң қолында бейнеленген тас мұсіндері де бар.

Көптеген тас мұсіндер Жетісу мен Орталық Қазақстандан табылған. Қазіргі уақытта жетісулық тас мұсіндерді классификациялау мен хронологиясын анықтау жақсы зерделенген. Онда мұсін калпы мен жағдайы, рәміздер жиынтығы негізге алынған. Барлық мұсіндер оң қолында ыдыс ұстаган және қаруы бар ерлер, оң қолында ыдысы бар, қаруы жоқ әйел және жынысы анықталмаған тек бет-әлпеті немесе басы бейнеленген болып белінеді. Мұсіндерде бейнеленген заттарды (қару-жарап, киім-кешек, әшекей) түрік қабірлерінен табылған заттармен салыстырып карау, бірінші және екінші тоңтагы мұсіндерді VI-VIII ғасырлармен, ал кейінгісін VIII-IX ғасырлардагы қимақ уақытымен мерзімдеуге мүмкіндік береді.

## Қарлұқтардың археологиялық ескерткіштері

Табылған қарлұқ ескерткіштері аз. Көшпелі қарлұқтармен тек оба астынан қазылған бірнеше қабірлер мен аздаган бөлігі гана зерттелгей көптеген қалалар тығыз байланысты. Жерлеу ғүрпима өлікті үзынынан шалқасынан жаткызу, басын шығысқа қарату және оған қарма-қарсы бағытта құрбандық жылқысын орналастыру тән. Сонымен катар мұрдені сол қырынан, аяғын аздап бүгіп, бетін аспанға қаратып жерлеу салты да кездескен. Жылқы адам канкасы жанында, баспалдақты немесе жеке шұнқыра, яғни қимақтар жерлеу ғүрпіндағыдай етіп қойылған. IX-X ғасырларда қарлұқтардың таулы аңғарларда отырықшылыққа көшүі қарқынды жүргендігі анықталады. Оған сол замандағы араб жазба дерек көздері мен қоныстар материалдары куә болып отыр. Тиісті мәдени қабаттардан жабыстырма және шарықта жасалған қыш ыдыстарының көптеген сыйықтары табылған, қалалар мен қоныстар аты өзгереді немесе жазба дерек көздерінде белгілі болғандай Сырық, Жол, Харран-Жуан деп түрікше аталады. Отрықшы қоныстар біртінде егінге қолайлы аймактарда, ірі феодалдар қыстауы маңында қалыптасады да, уақыт оте келе айналасына мықты бекіністер салынған сауда-қолөнер жоне егіншілік орталықтарына айнала бастады. Қоныс орталығы цитадель мен мықты дуалмен коршалған, оның айналасында шахристан болды. Оларға да дуалмен қоршалған көлемі аса үлкен емес тұрғын махаллалар, бау-

бакшалы қоныс-жайлар жалғасып жатты. Қоныстағы үйлер де дуалмен немесе қабырғалар жүйесімен коршалды. Ауыл шаруашылық қоныстары көшпелілермен тығыз экономикалық байланысқа түсті және саяси жағынан көшпелі феодалдық шонкарларға тәуелді болды. Жазба дерек көздерінде белгілі қалаларды дәлме-дәл салғастырудың қындығы сол, наративті дерек көздерінде кездесетін қалалар санынан - табылған қалалар саны әлдекайда көп, ал ежелгі географтар көрсеткен олардың арақашықтығы көп жағдайларда ашилған қалалармен сойкес келе бермейді.

Қала тұргындарының құрамы біркелкі болған жоқ. Отрықшылыққа көшкен түріктермен қатар мұнда Соғыдан қоныс аударғандар, сондай-ақ басқа елден келген егіншілер, саудагерлер мен қолонершілер өмір сүрді. Экономикалық құрамдағы сан алуандық мәжусилік, манихейлік, несториандық, исламлық, буддалық, т.б. діни нағым-сенімдер мен мәдениеттің көп түрлі бағытта дамуына себепші болды.

Жалпы алғанда, **карлук құрал-саймаңдары** басқа көшпелілердің бүйімдарынан айтарлықтай өзгеше бола қойған жоқ. Бұлар тік бүрышты және ортасы тесік сопақша тұрпатты металл тогалар, далаңық аймақта ұшырасатын өсімдік өрнектерімен әшекейленген қазанның сүйек ілmegі, т.б. Садақтар бүйіріне аңшылық көріністер бедерленген екі трапеция тәрізді сүйек жапсырмалар орнатылды. Тек бүйірлік жапсырманың орнатылуы бұл кезеңде садақ жасаудың өзіндік құрылышы болғандығын анғартады.

Қалаларды зерттеген кезде жер өндеші қоныстарға тән заттар: қыши ыдыстар, тас кетпен, дәнүүккіш, т.б. көптеп табылған.

Жалпы алғанда, осындағы заттар қарлук мәдениетін толыкканда сипаттайтыны. Алайда Жетісуда тас жол салу барысында аршылған VIII-X ғасырларға жататын тағы бір қабір бар. Онда жерлеу ғүрпин анықтау мүмкін болмады, бірақ көшпелі мәдениетті айшықтайдын узенгі, жүген, белдік, т.б. заттардың мол жиынтығы табылды.

## Қимақтардың археологиялық ескерткіштері

**Жерлеу ғүрпі.** Ертістің жоғарғы және орта ағысындағы қимақтар ескерткіштері обалы қорымдардан тұрады. Жазба дерек көздерінде айтылатын мұндагы қоныстар мен қалалар әлі белгісіз. Агея өзені бойынан мәдени қабаты аса қалың емес көшпелілердің

шағын турактарының қалдықтары аршилған. Орталық Қазақстанда табылған қалалардың ең ежелгілерін қимақ-қыпшақтар қаласына жатқызуға болады. Олардың көлемді қабыргалары шикі кірпіштен, шым мен қамыс бұмасынан түргызылған. Қаланды берік болу үшін оның ішкі жағына ұзын қамыстар бұмасы тігінен қойылды. Қала сырты су толтырылған ормен қоршалды. Қоныстың ішінде киіз үй мен шатырлар орналасты.

Олік тас және топыракпен үйілген оба астына жерленді. Үйінді периметрі бойынша тас қаландысы тік бұрышты немесе сопақша коршауларды күрайды. Кей жағдайларда обаны сауыт тәрізді тастар жауып тұрады. Мұрделер ұзынынан, тік бұрышты шұңқырларға шалқасынан, басы шығыска немесе солтүстік-шығыска қаратылып жатқызылған. Кейбір бейт шұңқырларының солтүстік қабыргасында қуыс жасалған. Әдетте қабір шұңқырларынан бір-бір мұрделен, тек кейде гана бірнешеуден кездеседі. Соңғы жағдайда оба солтүстіктен онтүстікке қарай созылған өрі сопақша түрнапта болып келеді. Эрбір мұрде бір-біріне жапсарластырыла орналаскан коршауга қойылған. Құрылыстың мұндай нұсқасын “ұзын оба” деп атайды. Олар басқа ескерткіштермен қазақстандық Ертіс маңындағы Қашыр, Бобровка, Зевакино, Ковалевка, Карапаш-1,2 Ақши-1,2, Измайловка сында көптеген қорымдарда ұшырасады. Ежелгі Русь ескерткіштеріне үқсас болғандықтан өз атауын содан алған, мұндай құрылыстарға бай шонжар өртеу ғұрпы бойынша қайықшага көптеген құрал-саймандарымен қоса жерленді. Қазақстандық осындай ескерткіштерден он шақты мұрделер аршилған. Үйінді езен малта таастарынан, тастан түргызылды, ал ішкі қоршау төрт бұрышты (сопақша түрнаптылары сирек) түрнапты болып келді. Ұзын жағының көлемі 5-18 м; ені 5-9 м-ге жетті, биіктігі 0,5 м-ден аспады. Кірер аузына әдетте екі қойтас қойылған; құлпытас қалдықтары сақталған. Көп жағдайда ерлер қабірі орталық қоршауларға орналасады, оларға солтүстік және оңтүстік жағынан мұрде жынысына қарай руластарының қабірлері бұрынғы қабір үсті құрылысын кираптай жапсарластырыла соғылады. Отбасы лакытының солтүстік жағына көбіне әйелдер мен балалар, ал онтүстік жаққа ер адамдар мен ер жынысты жасөспірімдер жерленді. Жынысына қарай белу Ертіс маңындағы көшпенділерде кеңінен тарады.

Ертістің орта ағысында, орманды-далалы аудандарда обалар әдетте ұзын беренелік тақтайшамен немесе қабықпен жабылған бірнеше қабірлерден тұрады.

Жерленгендердің басым белгімен бірге жылқы да қоса қойылған, оны әдетте адаммен қатарластырылып бір бағытта жатқызған. Оба астындағы жылқы сүйегі төрт нұсқада орналасады: а) ат пен адам сүйегі бір деңгейде ұшырасады; б) адам сүйегіне қатарластырылып текпішекте қойылады; в) оба үйіндісіндегі қабір шұңқырымен қатар жатады; г) жеке шұңқырда орналасады. Алғашқы нұсқасы кеңірек тараған, тіпті кейбір қабірлерден екі-үш аттың сүйектері табылып отырады. Аттардың тұлдыбы (әдетте бас сүйегі мен төрт тұяғы анатомиялық төртіппен жатқан) мен ит қоса көмілген аздаған қабірлер де ұшыраскан.

Кейбір қабірлердің көшілігінде сол қорымда болса да аттың қалдықтары кездеспейді. Олардың оба үйіндісі шағындау болғанымен құрылсызы жағынан дәл сондай болып келеді. Сірә, бұлар қоғамдағы кедей адамдардың қабірлері болса керек. Қабір үстінен ұзынынан қойылған тақтай мен бөрене қатарынан тұратын жабын қалдықтарының орны жиі байқалады. Атпен жерлеу, мүрде үстіне ағаш жабын қондырығы орнату - кимақ қабірлерін VI-VIII ғасырлардағы Алтай түріктері қабірлерімен жақындана түседі.

Үйіндідегі қоршаулар тік бұрышты немесе дөңгелек болып жасалды, олардың шығыс жағында кейде VI-VII ғасырлардағы түрік қоршауларындағыдей беті шығысқа қаратылған антропоморфты мұсіндер орналасады. Кейбір обалардан бірнеше тас мұсіндер кездеседі. Тас мұсіндерінің артқы жағынан кейде тігінен тас плиталары қойылады. Семей (Шығыс Қазақстан – ред.) облысындағы Ұшбийк станасы маңындағы оба жанында бес тас мұсін, олардың артқы жағында алты тас плиталары тұрған. Шығыс Қазақстан облысындағы тағы бір оба жанынан уш оба анықталған. Тігінен койған плиталарды ғалымдар түрік тайпаларында орын алған табынушылық құрылыштары – балбалдармен байланыстырады.

Тастар тұбінен және қалама (қаланды) тастар арасынан жылқы, кой сүйектері түріндегі шалынған құрбандық қалдықтары да табылады. Тас қаламасының бірінің тұбінен қыш ыдыс пен жүтеп де кездескен.

Кимактардың тас мұсіндері VI-IX ғасырлардағы қолемді мұсіндерге қарағанда үстірттеу, антроморфты құлпытас түрінде жасалған. Мұсін алды ғана азды-кемді өндөлген. Мұсін жанының қырлары мен арқа тұсы кейде ғана болмаса мұқият көрсетілді, денесі мен қолдары аздап өндөліп, берілді, тіпті кейде мүлдем бедерленбеді де. Әйел мұсіндерінде оның төсі анық көрсетілді, кейде сәл алға қарай шығынқы кіндік тұсы мен жамбасы да байқалады. Жалпы алғанда, өзіндік құрылышы жағынан қимақ

мұсіндері ерте половецтік (онтүстік орыс далаларындағы қышиактар) мұсіндеріне үқсас болып келеді.

Қимақ қоғамындағы аксүйектер руна жазуларын меңгерген, мұны қимақ әйелінің қабірінен алынған айнадағы жазулар да дәлелдеп отыр. XI-XII ғасырларда қимақтар ескерткіштерінің саны шұғыл азая бастайды, бұл тұрғындардың батыс пен онтүстікке көшіп кету себебінен туындағын еді.

## Сростин мәдениесті

**Шығу тегі.** Аталмыш мәдениест Объ пен Ертіс өзендері аралығын және Объ бойын, ал кейбір ғалымдардың пікірінше сыртқы Байкалдан Барабин далаларына дейінгі аймақты қамтыды. Алғаш рет сростин мәдениетін М.П.Грязнов беліп көрсетті де, оның бірнеше жергілікті нұсқалары болғандығын айқындағы. Өз уақытында оны зерттеушілер үйірлармен, қимактармен байланыстыруды, соның ішінде, мұны қимақ мәдениетінің нұсқасы деп те есептеді. Кейінрек бұл пайымдаулар теріске шығарылды және оның VIII-XIII ғасырдың бас кезінде, яғни монгол жаулап алушылығына дейін өмір сүргендігі дәлелденді.

Мәдениеттің қалыптасуына түрік этносынан басқа түріктенген жергілікті угро-самодий тайпалары да қатысты. Араб географы Гардези XII ғасырдың өзінде-ак Ертістің шығыс жағалауындағы қимақтар туралы хабарлама жасайды. Аталмыш мәдениетте қимақ субстратының болғандығын археологиялық мәліметтер де толық қуаттайтын.

**Жерлеу ғұрны.** Сростин мәдениетінің жерлеу ғұрпышында екі қурауыш (компонент) байқалады. Бір жағынан, алтай және қимақтардағы жылқымен қоса жерлеу, екінші жағынан - жергілікті орманды-далалы тұрғындардағы оба асты және шұңқыр-лақытқа жылқысыз жерлеу, үстін ағаш қабығымен және қабық боренелермен жабу төн. Тұрлі этникалық қурауыштар бұл мәдениеттің жергілікті нұсқаларының қалыптасуына алып келді.

Сростин мәдениетінің дамуы VIII-IX ғасырлар, IX-X ғасырлар және XI-XIII ғасырдың бас кезі сынды үш кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңдегі қорымдарда жылқымен қоса жерлеу басым. Мұрде басы батыска (көшпелілер сияқты) немесе онтүстік-батыска (самодийліктер секілді) бағытталған. Жылқылар жерленген жеке лақыттар бірде-бір рет кездескен емес, бұл өз кезеңінде жергілікті самодий

элементтері басым екендігімен түсіндіріледі. Қалыптаса бастаған сростин мәдениетінің ескерткіштеріне орманды-далалы самодийліктер мәдениетінің ортақ белгілерін сойкестендірген Бобров қорымы жатады.

Екінші кезеңнің ескерткіштері анағұрлым жақсы зерттелген. Бұлар обалы қорым болып табылады. Бір үйінді астына бірнеше мурделер қойылды, олардың қабірлері орталықтағы жауынгер қабірі маңына шоғырланды. Мұрде басы солтүстік-шығысқа бағытталған қабірлерде жылқысыз жерлеу басымырақ. Орталық қабір маңына түсірілген қабірлердің орналасуында ауытқушылық байқалады. Мұндай обаларды жауынгер өлгеннен кейін оның отбасы мүшелері жерленген деп есептелінді, сірә, бұл рулық қоғамның ыдырап, патриархальды отбасылардың бөлінуін көрсетсе керек. Жерленген адамдар қабықпен оратылған немесе ол беренелік жабынмен жабылған. Ер адамдар қабірлерінен қару-жарак (семсер, жебе қорымсағы, садак) жоне ат обзелдері ұшырасады. Эйел адамдар қабірлерінен әшекейлер мен еңбек құралдары кездеседі.

Екінші кезеңнің ақырында малениеттің жүрдөлі қалыптасу үрдісі аяқталды. Бірақ та ол өз дамуының соңғы кезеңінде жаңа түріктік белгілермен толығады, бұл далалы аймактардан көшпелі түріктілі халықтар үнемі ағылтып келіп тұрғандығын көрсетеді. Сростин тұрғындарының құрамына кірген түрлі этникалық топтар сростин мәдениетінің әркелкі болуына жағдай жасады. Бұл мәдениеттің алғашкы зерттеушісі М.П.Грязнов осы ескерткіштерді өз кезінде-ақ торт жергілікті топтарға бөлген болатын, кейін А.А.Гаврилова тағы екі толты боледі, бірақ олардың бірі әлі күнге дейін пікірталас туғызуда. Мәдениетті зерттеу өлі күнге дейін өз жалғасын тауып келеді.

**Жерлеу саймандары** – бабымен жасалған көшпелі және егіншілікпен айналысуга арналған заттар қоспасынан тұрады. Айтальық, мәдениеттің бірінші кезеңінде қабірге көшпелілерге тән еңбек құралдарынан – қашау мен темір пышак; қару-жарактан үш қанатты, сапты, темір, жалпағы өте сирек, көбіне жоспарда негізінен уш бурышты жебе үштары; ат обзелдерінен S төрізді ауыздық, сегіз секілді жасалған серіппелі айылбас қойылды. Әшекейлер жиынтығынан алқалы сырғалар, жартылай бағалы тас орнатылған жұзіктер, тік бүршішты, ай тәрізді, шеті дөңгелек және омышты белбек тоғалары бар жергілікті самодий тұрғындарына тән керамика түбі дөңгелек ыдыстардан тұрады.

Екінші кезең қабірлері бұрынғыға қараганда өлдекайда бай бола бастайды. Ер адамдар қабірінен қынабы өсемделіп жасалған ауыр қылыштар, аздап иілген қылыштар, төлкелі наизалар, жебелі корамсақ пен садақ жиі үшірасады. Ат өбзелдері сакиналы жүген, үзенгі мен айылбас секілді үш негізгі қурауыштан тұрады. Эйел қабірлерінен сырға, мыстан жасалған сфера тәрізді түйме, моншак, мойыны мен ернеуіне, иық тұсына щұңқыр қатары түрінде оюорнегі бар түбі дөңгелек және жалпақ қыш ыдыстар табылады. Көпшілік заттар кимактардікі. Үшінші кезенде соңғы угро-самодий элементтері мәдениетіндегі жерлеу ғұрпын, керамиканы таза көшпелілік сарындар түпкілікті тұрде ығыстырып шыгарады.

## Оғыз және печенег тайпаларының археологиялық ескерткіштері

Оғыздар мен печенегтердің заттай мәдениеті Ресей аумағында бөрінен де жақсы зерттелген. Бұл тайпаларға жататын Қазақстандағы материалдар Батыс Қазақстан мен Сырдария аумағынан табылған, бірақ олар онтүстік-орыс ескерткіштерімен салыстырында өте аз болып саналады.

**Жерлеу ғұрпы.** Оғыздар мен печенегтердің заттай мәдениеті мен жерлеу ғұрпы өте үқсас. Сондықтан да археологияда бұл еki этностың заттай мәдениетін біртұтас қарастыру орын алған. Еділ мен Жайық аралығындағы даланы печенегтердің алғашкы қоныстануы туралы VIII ғасыр мен IX ғасырдың екінші жартысы деп санайтын екі көзқарас бар. Ерте кезенде бұл тайпалар шағын жекелеген обалар қалдырғаны белгілі. Кейіннен оларды танымастай етіп қазып таstadtы немесе олардан тағы да қабір сокты. Аздыкемді ірі оба топтary мен қорымдары көбіне IX-X ғасырлармен мерзімделінеді. Бұл бірінші кезенге көшпендерілер негізінен экстремальды жағдайларда болып, нақты маршрутта көшіп-қонып жургендігімен түсінірледі. Уақыт өте келе өрбір атада қыстау мен жайлауға баратын жолдар қалыптасады. Өздерінің жері саналатын аумактарда қорымдар немесе обалар тобын тұргызады. Шұрайлы жерлер ежелгі уақыттарда игерілгендейтін, оғыздар мен печенегтердің обаларын олардан өлдекайда бұрын өмір сүрген кез келген ерте көшпендердің ірі обаларынан немесе оба массивтерінен табуга болады. Еділ бойындағы толыққанды жерлеу кешендері IX

ғасырдан бастап мерзімделінеді, бірақ жазба дерек көздері, кездей соқ табылған олжалар VIII ғасырды да санаттан шығармауга негіз береді. Бейіттер көбіне топырақпен үйілген, диаметрі 12 метрден аспайтын, биіктігі 0,5 м шағын обалардан тұрды. Жерге қағылған бұрышы тік немесе сопақ шұңқыр, терендігі 1 метрдей болды. Аздаған маусымдық ауытқушылықтары болмаса мұрделердің басы батысқа қаратылып, шалқасынан жатқызылған, қолдары денесінің жанына немесе жамбас сүйегі қасына қойылған. Көп қабірлерде сайманدار жоқтың қасы. Тек бірнеше жебе үштари, пышақ, наиза табылған. Азды-кемді жай қабірлер (олардың саны өте аз) стандартты қошпелілер жиынтығынан – қару-жарақ, ат әбзелдері мен еңбек құралдарынан тұрады. Адам жанына атты қосып жерлеу иекен-саяқ, бірақ бірде-бір рет жылқы қанқасы тұтастай кезікпеген, тек бас сүйегі мен торт тұяғының тұлыбы қойылған. Кейбір қабір шұңқырларының солтүстік және онгустік жағында ернеуліктері бар, олар ағаш кеспелтекпен жабылған. Оба үйіндісінде берілген астан қалған жануарлардың сүйек қалдықтары көп. Кенотаф-обалар да кездескен. Оларда мұрде тіптен жоқ немесе қажеті керек-жарақтармен ат тұлыбы қойылған. Галымдар арасында оғыз қабірлері печенегтердікінен күрделі тұрпаттағы қабір шұңқыры мен тұлып аяғының шабылып тасталынумен ерекшеленеді деп есептелінеді. Мұрде мен жылқы бағдары қарама-карсы қойылған жерлеу орындары да бар.

Қабір саймандары осы кезеңдегі далалық өнірлерге тән бүйімдардан құралады. Қару-жарақтардан негізінен жебе үштари, садақ, қылыш, наиза табылады. Негұрлым жіңінен кездесетін олжа – сапты үш жақты және үш қырлы темір жебе үштари. X ғасырга таман жебе жиынтығы жалпағынан түрлі тұрпаттаға жасалғандығымен тольға түседі. Қолдан жекелеше жасалған сапты және төлкі сүйек жебелер де кездесіп отырады. Ерте кезге жататын қабірлерден шеті, ишкенші мен ортасы сүйек қапсырмалы күрделі садақтар үшірасады. Бірінші кезеңнің соына таман садақ қарапайым болып жасала бастады, тек ортанғы қапсырмалары гана сакталды.

Батыс Қазақстандағы оғыз және печенегтердің құрал-саймандары қоғамда орын алған кедейшілікті көрсетеді. Бұл түсінікті де. Сауда жолы Еділ өзені бойымен Манғыстауға немесе Персияга дейін Каспий арқылы өтті. Оны жақсы қаруланған хорезмдік әскери жауынгерлерден құралған хазарлар бакылауында үстады. Осындағы күшті көршіден оғыз-печенегтердің женилуі де байлықтың артуына кері әсерін тигізген еді. Ортаазиялық егіншілік

әркениеттерімен жасалынған саудадан түсken негізгі кірістерді Сырдариялық оғыздар неменденді де, одан түсken пайда солтүстік-тегі қандас бауырларга жете қоймады. Сірә бұл соңғылардың оқшаулануына және “торк” атауымен олардың Византия және орыс шекараларында пайда болуына алып келсе керек.

## Қыпшақтардың археологиялық ескерткіштері

XI-XII ғасырлардағы қыпшақ обалары Ертістің орта ағысынан, Солтүстік-Шығыс Қазақстанинан зерттелген. Жекелеген обалары республиканың басқа аудандарынан да қазылған. Ертіс маңына Қашыр-2, Леонтьев және Жданов қабірлерінің бір бөлігі секілді обалы қорымдар тән болып келді. Жерлеу ғұрпына диаметрі 6-25 м және биіктігі 0,5-1,2 м топырақ оба астындағы негізгі қабірлер тон. Олардың негізінде шағын ор мен ойықтар бар. Үйіндіден ағаш күл түріндегі от қалдықтары, жанған бөрене мен күйген жер орындары да табылады. Үйінді астына негізгі бір қабір орналасады, бірнеше қабірлердің кездесуі сирек. Бәлкім, бір үйінді астына бірнеше қабірлерді орналастыруы сросткин мәдениетінің, сондай-ақ Ертістің орта және жоғарғы ағысындағы қимақтардан сақталған дәстүрлер болар.

Мұрделер тік бұрышты шұнқырга жылқысыз, ұзынынан жоңе шалқасынан жатқызылып жерленді. Кейбір бейіттерден жылқының жекелеген бөліктер – сирағы, қабырғасы, сондай-ақ жүген қалдықтары табылып отырады. Бейіт ішіндегі құрылыштар кеспелтектерден жасалынған түпсіз ағаш жәшіктер мен ойып жасалынған табыттардан тұрады. Жәшіктер мен табыттар беті кеспелтекпен жабылды. Бір жағдайда табыттың түбі жоғарыға төңкерілген. Кейде кеспелтектер жабыны шұнқырдың шеткі бөлігіндегі иықшага көлденеңін қойылды. Жданов қорымындағы екі обаның солтүстік қабырғасынан қазылған күйсқа да мұрделер жерленген. Олар кіретін шұнқырдан тігінен қойылған бөренелермен белінген. Ертістің орта ағысы мен Обътың жоғарғы ағысында, күйсқа жерлеу VIII-IX ғасырлардан бастап кездесе бастады (Бобров және Камень-2 корымдары).

Жерленген адамдардың басын әлем тараңтарына бағыттау тұракты түрде емес. Маусымдық ауыткушылық байқалатын батысқа

басты бағыттау басым болғанымен, солгүстік пен онтүстікке қаратып жерлеу ғұрпы да кездеседі.

Ерлер мен әйел адамдар қабірлері - қойылған құрал-саймандар курамына қарап та ажыратылады. Ер адамдарды қару-жараклен, пышақпен, ат әбзелдерімен; әйелдерді әшекейлермен (сырға, біләзік, моншақ) бірге жерлеген, сондай-ақ қабірге айна, қайши, бігіз, ішінәра ат әбзелдері де қойылған. Кезінде Плано Карпини мен Рубрук сипаттаған боккиді еске түсіретін биік бас киімдер қалдыны осы үақыттардағы ең қызықты олжалардың бірі болып табылады. Сірө, мұндай қалпактар қыпшақтарда XII ғасырда пайда болып, монгол дәүірінде кеңінен тараса керек.

Жаллы алғанда, Қазақстан аумағында монголдарға дейінгі қыпшақ ескерткіштері өте аз зерттелген. Қыпшақ-қимақтардың онтүстік-батыска жылжуы Синеглазово ескерткіші бойынша аныкталады. Жезқазғанинан онтүстікке қарай Қенгір өзені жагалауындағы Домбауыл обалар тобындағы бір қабір қыпшақтардың онтүстікке қарай журген жолын көрсетеді. Барлық тоғтар біртұтас кешенді құрайды. Қабірлі оба тастан түрғызылған оба секілді ас берілетін құрылыстан және осындаи коршаулардан тұрады. Оба үйіндісі топырақ пен тастан түрғызылды. Бейіттің онтүстік қабырғасынан бес ірі тастармен бекітілген күйсі аршылған, оң қолының шынтағы иліп, басы батыска қаратылған. Қабірден пышақ, белбеудің темір қапсырмасы келпелтек корамсақ пен жебе үштари аршып алынған,

Қыпшақтардың батыс-қазақстандық тобын Орал (Батыс Қазақстан ауд.) облысындағы Лебедевка-4, 8 қорымдарындағы бірнеше қабірлер жаксы сипаттайтын. Мұндағы қабір құрал-саймандары біршама әркелкі болып келеді. Қару-жарактар дамыған түрнітті, олар – жүзі нілген қылыш, ағаш сапты пышақ пен ұзын жузі салынатын қынап, сүйек және темір (жаллақ түрлітті) жебелер, шеті мен иყашасы сүйекпен қанталған қапсырма, тілі жылжымалы сақина төрізді белбеу айылбасы, белбеу табылған.

**Коныстар мен қалалар.** Соңғы онжылдықтарда отырықшы және жартылай отырықшы қыпшақтардың коныстары мен қалалары Орталық Қазақстан далаларындағы Сарысу, Қенгір, Жезді, Торғай, Қектас, Нұра өзендері бойынан Талас пен Шудың төменгі ағысынан ашылып отыр. Олар – Бөгежелі, Тасты, Ожрай-тобе, Қенғарал, Қызылқорған, Ордашылғыл, Талды, Қызылкент, Галдықет, Төрткүл, Басқамыр, Аяққамыр, т.б. Бұл коныстар Онтүстік Қазақстан мен Орта Азия қалаларынан өзгеше. Жоспары бойынша

геометриялық жағынан олар белгілі бір өшшемдермен салынды, мұнаралы аса бік емес камалдық жалмен қоршалды. Олар үзак уақытқа пайдаланылған құрылыштар ізі сақталмagan алаңқайды қоршап жатты. Кейде орталық боліктे ірі құрылымыс орны болған қазір жайлы жатқан төбешіктер де байқалады. Қөпшілік қоныстар су алаптарының жоғарғы сөрелерінен табылған және де ен бастысы малды қыстаудан (Солтүстік Қаратаяу, Сырдария аңғары) қарай айдағытын ежелгі меридиан бағыттагы жол бойына орналасты. Бұл жерлерден Қаратаяудың солтүстік беткейлері, Талас аңғары мен Сырдария бойы қалаларын Орталық Қазақстан қыпшактарының қоныстары мен жайларуарымен және Ертіс өніріндегі қимактармен байланыстыратын сауда жолдары етті. Туркістан мен Сығанақ қалаларынан бір жол Сарысу, Қенгір, Есіл мен Нұра алаптарындағы қыпшак жерлеріне, келесісі – Онтүстік Орал мен Еділ Бұлгариясына апарды. Бір айта кетерлігі, далалық керуен жолдарында әдейі тас бағандар орнатылған.

Ортадық Қазақстандағы қыншақ коныстары өлі толыққанды зерттелмеген. Тұрғындардың негізгі белгін көшүге жеткілікті дөрежеде малы жоқ кедейленген көшпенділер қурады. Олар қыстауларда тұрақтап қалып, коныстардың негізин қалады және кол-өнер мен егіншілікпен айналысты. Қоғамдағы көшпенділердің шаруашылық салаларының азық-тұлікпен қамтамасыз етті.

Көтөнсай өзөнің сол жағалауындағы Жақсылық қаласында жургізілген қазба жұмыстары тік бүршісты қоныстардың ашылуына себепші болды. Ол биіктігі 2 метрдей жайылған жолмен коршаған, негізгі ені 6-7 м мұнарасы дөңгелек келген, негізгі қабырғадан шығып тұрған бүршістағы мұнаралар орны да анықталған. Сыртқы жағынан қабырганы түрғызғанда аса терең емес ор сақталған. Қабырганың ішкі жағынан ағаш пен қамыстан жалтак етіп жасалынған жабын мен қамыс далдамен тұрғызылып, саз балшықпен сыланған түрғын жайлар орналасқан. Баспаңалардан шаруашылық шүнкүрлары, үйді жылтытуға және тамақ пісіруге ариналған, кам кірпіш өрілген пеш қалдықтары табылған. Қала ортасында малға ариналған қаша орналасты. Жаңбыр және қар суларының ағуы үшін қала аланынан қабырга арқылы қыш түтіктер жүргізілді. Сыртқы жағынан қалага тік бүршісты ауданы 470x450 м. жалмен қоршаған, өрбір қабыргасында он сегізге дейін мұнарасы бар территория жалғасады. Оның солтүстік-батыс қабыргасында, өзен жағынан осында кіретін есік болған. Бұл аланқайда егістік егілген, қабыргасы оны малдан корғаган және де косымша бекініс ретінде пайдаланылған.

Қоныстардан табылған олжалар арасында темір шегелер, тұтқалар, тастан жасалған қол диірмендері, сүйек бігіз, қыш қазан, құмыра, тостаған, су қүюға арналған ыдыстар сыйықтары (XI-XII ғасырлар), сондай-ақ көптеген жылқы мен ешкі сүйектері бар. Бұл олжалар тұрғындардың егіншілікпен, мал шаруашылығы және колөнермен айналысқандығын көрсетеді.

Шаруашылық салалары Сырдария, Талас, Шу, Іле өзендері алаптарында мейлінше жоғары карқынмен дамыды. Бірқатар қоныстар Қаратал мен Лепсі өзендері жағалауарынан да анықталып отыр. XI-XII ғасырларда көптеген қалалар гүлденді. XII ғасырга қарай олардың жалпы саны 200-ге жақындалы. Қоныс тұрғындарының негізін отырықшы тұріктер мен соғдылыктар, егіншілікпен айналысатын көрші елдерден келген тұрғындар құрады. Сонымен қатар қоныстарда ирандық саудагерлер мен шет елден келген жатжерліктер де тұрып жатты. Ирі металургиялық орталықтың бірі Орталық Қазақстандағы Милықұдық қалашыны болды.

Монғолдарға дейінгі кезенде қыпшақтар ұшы-қыры жок далаға өз ықпалын жүргізіп қана қойған жоқ, олар күрделі сансалалы шаруашылықты менгере бастайды. Ислам мен пұтка табынушылық арасында болған соғыстар кезінде олар әскерді егіншілік өнімдерімен, қолөнер бүйімдарымен қамтамасыз етті. Осы уақыттарда салынған қалашық құрылыштары кедейленген және мал саны аз көшпендейлер тұрғызбағаны күмөнсіз. Мұнда шаруашылық, сауда мен мәдениетті дамыту саясаты байқалады. Қыпшақ тайпаларының өндіргіш күштері жаңа сапалы сатыга көтерілді.

## Монғол дәуіріндегі археологиялық ескерткіштер

Казакстан аумағындағы XIII-XIV ғасырларға жататын ескерткіштерде бірқатар ортақ элементтер бар. Әсіресе қошпелілердің заттық саймандары ете үксас. Бұл жауап алған әсерінен тайпалардың араласуы мен мәдениеттердің Алтын Орда мен Ұлы хан ұлысында монғол империялары аумактарында араласуынан туындаған еді.

Осы дәуір екі кезенге болінеді: 1) XIII ғасырдың алғашқы жартысы мен XIV ғасырдың бас кезі; 2) XIV ғасыр, яғни далалық көшпендейлердің ислам дінін қабылдауына дейінгі және кейінгі

кезеңдер. Казір бір нәрсе аян, монголдар жергілікті түрік тайпаларымен салыстырғанда азшылық болған, сол себепті де қай қабір монголдарға, қайсысының түріктерге жататынын айыру өте киын. Таза монголдық ғұрыптар сакталған қабірлер табылған емес, бірақ қабір бүйірі қуыс, мүрде басы солтүстікке қаратылған жерлеу ғұрпыш келімсектер ықпалының нәтижесі дең есептелінеді.

Исламды қабылдағанинан кейін бұрынғы мәжусилік ғұрпышта көтерілген қабірлер арасында кірпіш қаландысы астында басы батысқа, беті оңтүстікке, яғни Меккеге қаратылған қабірлер қатары пайда бола бастайды. Алғашқыда өлген адамды киіммен жерледі, сондықтан да бізге сан алуан әшекейлер, тұмарлар жетті, ал қалған заттардың орнына мүрдеге төлем ретінде мәннеттер қойды. Шамамен XIV ғасырдың соңынан және XV ғасырдың бас кезінен бастап далалық аймактарда өлген кісілерді киімсіз жерлей бастады. Көбіне бір белгінде оба үйіндісі жок, бүйірінде қуысы бар бейітке басын ислам дінін шарттарына сай бағыттап жерледі. Бұл уақыттармен алғашқы мазарлар, құлптыастар мерзімделінеді.

**Жерлеу ғұрпыш.** Монгол заманының белгілі ескерткіштерінің көпшілігі ерте уақыттарға жататын қауымдарда кездесетін – жекелеген обалар немесе олардың шоғыры. Сыртқы белгілері бойынша обалар әркелкі, көп ретте бұл топыракпен кейде тас пен топырак аралас, топырақ үйінді таспен жабылған, төртбұрышты, шенбер немесе ежелгі уақыттардағы денгейде салынған қоршау (“сағана” - топырақ үйіндісімен жабылған, бейіт үстіндегі аса биік емес кірпіш қаламасы) секілді көтерілген қарапайым үйінді.

Қабір шүнкышының құрылышы әркелкі. Тік бұрышты шүнкышлар басым, олардан соң көбіне солтүстіктең ұзын қабырғаны бойлай салынған кең баспаңдақты шүнкышлар және құысты шүнкышлар жиі кездеседі. Қабірлер иықтық шүнкышда қойылған кеспелтектермен жабылды. Жерленгендердің басы көбіне батысқа немесе солтүстікке қаратылған, ал шығысқа қаратылғандары сирек. Алдыңғы дәуірлерге қарағанда атты қоса жерлеу азайған, кездесетін материалдар жылқының бүтін сүйектері мен тұлышығана.

Өлген адамдар шалқасынан жатқызылған, қолдары денені бойлай қойылған, ал егер білегі аздап иілген болса саусақтары жамбас түсында тұрады. Тақтай табыт немесе ағаш қалып-жақтау, сондай-ақ ағаш табыт калдықтары да аршилған. Қойылған құрал-саймандарына қарағанда қабірлер екіге бөлінеді: а) қару-жарақ пен ат әбзелдері қойылған қабірлер; б) аздаған еңбек қуралдары немесе құрал-саймансыз қабірлер, олармен бірге азды-кемді әшекейлер

(кейбірінде жоқ) міндетті түрде монгол хандарының мәнеті комілген.

Мәжусилік кезеңге атпен, қару-жаракпен, жылқыны жүгенімен қоса жерлеу, қаралайым қабір шұнқыры, ағаш жабыны тән болып келеді. XIV ғасырдан бастап қыпшақтар ислам дінін қабылданғаннан кейін барлық аумақта бейттердің бәрі бір қалыпқа туседі. Шаригат заңдарына қарай мұрде басын немесе бетін Меккеге қаратып жерледі. Қоса көмілген заттар түріндегі мәжусилік рөміздер жоғалады. Жерленгендер аузынан, қолынан немесе бейттің ағаш құрылыш арасынан мәнеттер табылып жатады. Негізінен табыт түріндегі ағаш конструкциялары ерте ислам кезеңіне тән. XIV ғасырдың сонына қарай құыстар саны көбейе бастайды. Ендігі кездесетін құрал-саймандар – қайрак-тас пен пышак, кресало, қайшы, тек Әйелдер пайдаланатын бүйімдардан айна, тұмар, сырға, т.б. көп жағдайда “сағана” үйіндісін болған сиякты, ол топыракка күйілсе керек: себебі қам кірпіштен тұргызылған қаланды көбіне жердің беткі қабатынан табылады. Даңдағы алғашқы мазарлар XIV ғасырмен мерзімделеді.

Дегенмен бірқатар қабірлер көшпелі мәжусилік дәстүрдің тұрақтылығын аңғартады. Мәжусилік рөміздер жыныстығы олардан табылған монгол билеушілерінің мәнеттерімен мерзімделінеді. Бұлар қарастырылып отырған өнірдегі көшпелі тайпалардың этномәдени тұрақтылығын көрсетеді.

## Кейінгі көшпендейліср шаруашылығы

Ортағасырлық Қазақстанда негізгі шаруашылық түрі көшпелі мал шаруашылығы болды. Сонымен бірге мал саласындағы шаруашылықтың бүл түрі бірнеше нұсқалар мен ренктерден тұрды. Бүл кезеңде тұрақты бағыты жоқ жаппай көшуден жартылай отырышылыққа, тіпті отырышылыққа ету байқала бастайды. Сонымен қатар бүл үрдістің соңғы нәтижесі әрдайым алға ілгерілеушілік бола қойған жоқ. Көшпеліліктің белгілі бір сатысында болу тек экологиялық аймақты игеру дәрежесіне байланысты бола қоймады, мұнымен бірге табиғи орта – жем-шөп коры, тіпті саяси жағдайлар ерекшелігіне төуелді болды.

Толыққанды көшу кезеңі – бүл өмір сүру мәжбүрлігінен туындаған. Мысалы, печенегтердің көшуі мәжбүрліктен туындаған болатын, олар жауларынан, табиғи апаттардан қашып, жаذا

территорияларды бағындырған және игерген еді. Біршама уақыт откенин кейін көшпелілер жайылымдық жерлерді өзара бөлісті, кешу бағыттарын анықтаған, белгілі бір шаруашылық отбасымен көшіп-қонып жүрді. Осындай көшпелі шаруашылықтар көп болды. Отырықшылыққа негізінен көшіп-қонуга малы аз кедей шаруашылыктар етті. Жұттан, құшті көршілер тарапынан жасалынған тонаушылық пен қарақшылыктардан кейін көшіп-қонуга малы аз көптеген отбасылардың маусымдық жайылымға баруга мүмкіндігі болмады. Оғыздар бұл санаттағыларды “ятуқ”, қазақтар “жатақ” деп атады. Олар қыстаулардағы қоныстардың негізін салды немесе кала айналасына орналасып, колөнермен айналысты, бай шонжарларға қызмет етті немесе егіншілікпен қунелтті. Бірак өз малын кебейтетін мүмкіндік бола қалған жағдайда, олар уақытша жұмыстардың бәрін тастап қайтадан көшіп-қона бастады.

Отырықшылықтың Фергана алабында тұрактап қалған қарлұктар түріндегі тағы бір феномені бар. Мұндағы демографиялық өсу климаттың ылғалдануына және егіншілікке қошуғе өте қолайлы жағдайлардың қалыптасуына сай келді. Мұнымен көшпендердің жаптай отырықшылыққа көшу үрдісі тікелей түсіндіріледі, олар таулы жайылымдар үшін күрессенін горі бақташылықпен, егіншілікпен айналысқанды жөн корді. Көшпендер малының құрамындағы қатал қыска төзімді жылқы мен қой ерекше бағанды. Сондай-ақ оларда ешкі, сиыр, түйе де үсталды. Құйрыкты қой өсірді. Оларда жылқының екі түрі болды: біріншілерінің – басы үлкен, бойы алса, мойны қыска болса, екіншілерінің – басы шағын, тұркы биік, аяқтары сымбатты еді. Соңғылары негізінен ақсүйектердің бейттерінен кездеседі.

Түрік жылқылары жергілікті табигат жағдайларына қонбіс, сүтті-етті келді. Шөлді және шөлейтті жерлерде түйе ең қолайлы мал болды. Жартылай отырықшы немесе жайлауга көшу сатысында қунелткен көшпелілердің бір болігінде қолда сиыр да үсталды. Ілкі замандарда олар киіз үйлерді тасымалдайтын көлік ретінде пайдаланылды.

Аншылықтың ақсүйектер үшін ғұрыптық маңызы болды. Қағандар аң аулауга шықкан кезде барлық беделді адамдар оған катысуга және көмекке қызметкерлерін шыгаруға тиіс еді. Бұқара халық өзінің азық мөлшерін толықтырып тұру үшін жайран, құлан секілді дала андары мен құстарын аулаап отырды. Ілкідегі дерек көздері оғыздар ислам дінін қабылдаганға дейін тышқан, тұрлі жәндіктер, жыртқыш құстарын етін жей бергендігін хабарлайды. Сан

алуан жебе үштари белгілі бір аңды, не болмаса құсты аулауга арнағы жасалды. Балық аулаумен қимақтар айналысқандығы белгілі, ал басқа халықтар туралы мәлімет жок. Печенег, оғыз бейттерінен балық сұйектері табылған, бірақ олар Поросья ескерткіштерінен шықкан болатын.

Ілкі замандардың кеменгер тілшісі, түрік-араб сөздігінің авторы Махмұд Қашқарі өз кітабында стырықшылықта көшкен көшпендерілер өсірген көптеген мәдени дөңді-дақылдар атауы туралы мол мәлімет қалдырды. Олардың арасында арпа, бидай, тутарған (күріш), “маржамақ” бар. Бірақ ең бастысы ретінде көп күтім мен аса ауыр енбекті қажет етеді қоймайтын “тары” аталады.

Орта ғасырларда қала мен сауда маңызды рөл аткарды. Көшпелілерде қалалар мен бекіністі құрылыштар пайда бола бастайды, алайда негізгі күрес Сырдария мен Ташкент жазирашындағы ежелгі қала орталықтары үшін үнемі жүріп отырды. Түрік қаганатының бүткіл тарихы – Улы жібек жолына ықпалын жүргізу болса, оғыз, қарлук, печенегтер Сырдария қалалары үшін күрес жүргізді. Тек оргаазиялық рыноктарға шыға алатын көшпендерін гана өздерін бай-бакуатты санап, қажеттілігін қанағаттандыратын тауарларын алып отырды. Қытай, Орта Азия мен Үндістанға кой, сәйгүлік және жат жерлік құлдар далалық өнірлерден өкелінді. Монгол дауірінде-ак қышиқтар ішкі далалық рыноктарды қалыптастыра бастайды, жекелеген аймақтарда мамандандырылу күшінеді, қолонер мамандықтарының саны артады. Бұл уақытта кейінгі көшпелілер шаруашылығы нағыз кешенді өрі жоғарғы өнімді болды. Кауымдағы кедейлердің еңбекін пайдалану арқылы рынокқа мал шаруашылығы мен қолонер өнімдерін көтеп шыгаруға мүмкіндіктер жасалынды, өз кезеңінде олар өздерінен қажетті егіншілік өнімдерін, жоғары сапалы қолонер мен матта бүйімдарын алып отырды.

## Кейінгі көшпендердің қогамдық құрылышы

Көшпендердегі нуклеарлық отбасылар бүкіл ортағасырлар бойы қогам мен кауымның тірегі (өзегі) болып қала берді. Шаруашылық жүргізу жағдайлары еңбек серіктестігі үшін ру-тайпалық құрылыштың сақталуын қажет етті. Көшпендердің қогамдық омірінде екі тенденция – саяси билікті орталықтандыру қажеттілігі мен тайпалық оқшаулануға үмтүлу – арасында ымырасыз күрес жүрді. Барлық түрік

көшпенділері мемлекетінің тарихы - бұл орталықтың шеткі аймактармен куресі болып табылады және де билеуші “тапқа” жаулап алушы тайпа, ал қаналушыларға бағындырылған тайпалар жататын еді. Үстемдік құруши тайпа мүшелерінен әскери-сақшылар жасақталды, қағандар жергілікті билеушілерді тағайындалған отырды.

Түрік-тюгударда жергілікті бағындырылған тайпа билеушілері “селиф” лауазымын және тиісті облыстардағы қаған үәкілі болды, алым-салықты жинау мен жергілікті жерлердегі билікті бақылау үшін билеушілер әулетінен арналы шенеуніктер - тұтіктер тағайындалды. Қимақ, оғыз, қарлуқ қоғамы алғашында көне түрік дәстүрі бойынша екі канатка белінді. Тайпалардағы қаған үәкілдерін тайпа көсемдері тағайындалды, бұл ез кезегінде мемлекеттегі тұрақтылық пен ұзақ өмір сүруді қамтамасыз етті. Қышқақтарда мемлекеттілік болған жоқ, себебі жаулап алған орасан зор аймактарды біргұтас мемлекетке біріктіру тиімді емес еді. Олар орталық үшін полистік жүйені жөнде шеткі аймактардағы жайылымдық жерлерді еркін пайдалануды құп көрді. Бұл шиеленіскең ішкі қайшылықтарсыз тіршілік етуге және ез саясатын көршілерге бағыттауға мүмкіндік берген еді.

Көшпенділер қоғамы құрделі иерархиялық құрылымнан тұрды. Мемлекет басында қаған, одан кейін шенеуніктерді қураган қаған руы тұрған болатын. Олардан бір саты төмен тұрған үстемдік құруши тайпалар мен бағындырылған халықтар аксүйектері екіге болінген еді. Үстемдік құруши “елге” жататындардың бәрі бодандар үшін аксүйектер болды. Үстемдік құруши “елдің” қарапайым қауым мүшелері ешқандай алым-салық төлемеді, бірак ежелден келе жатқан дәстүрлі халық жасағы сынды болімдерде әскери борышын өтеді. Ең төменгі сатыда “кіші” тайпалардан шықкан қатардағы қауым мүшелері мен олардың отбасылары тұрды, бұлар алым-салық төледі, барлық міндеткерліктерді атқарды.

Монголдардың жаулап алуы тек шонжарлардың құрамын ғана өзгерти, бірақ түрік тілді тайпалардың қоғамдық құрылымын өзгерте қоймады.

Ұлыстарға болінген моңгол ордасын хан басқарды, ұлыстар саны біркелкі, яғни әскер саны да бірдей болатын рулық құрылымдардан құралған еді. Ұлыстарды билеуші әулеттен шыққан сұлтандар басқарды. Сұлтандар да “қарапайым” және “жоғарғы” болып болінді. Барлығы да хан мен оның жіберген пайцасы бар шенеуніктерінің бүйірігін мұлтіксіз орындауы тиіс болды. Әрбір ұлыс белгілі бір көлемде әскер шығарды, ал шонжарлар хан аң аулауга шыққан кезде өздеріне тиісті міндеттерін білетін еді. Шынғыс

урпақтары да лада ақсүйек – “төре” атты каста курады. Төрелерден кейін би, батыр, т.б. рулық түрік ақсүйектері тұрды, ал ен төменде жоғарыдан келген тапсырмаларды орындайтын, бірнеше отбасыдан күралған ауыл қауымы өмір сүріп жатты.

## Кейінгі көшпендердің діні мен мифологиясы

Көне мәжусилік пән жаңа алемдік діндер арасындағы тарыста отken кейінгі көшпендердің дүниетаным тарихы сан алуан оқиғаларға толы. Туріктердің діні мен мифологиясы көшпендердің күнделікті өмірін сипаттады. Осылдан барып зұлымдықтан қорғайтын және адамның жан серігі аттың культы келіп шықты. Бізге жеткей фольклорда бас кейіпкер мен ат тәң дәрежеде әрекет етеді. Аттың құдыреттілік дәрежесі пырак ат-тулпардың мифологиялық бейнесінде кескінделді. Көшпендер жасағына, сонымен бірге ағайынгершілік, өзара көмек секілді сезімдерге де осындаі дәрежеде көп күнге созылған той-тұмалак зерттеушілердің пікірінше көсемдердің өз сарбаздарына берген ақысы болып табылады.

Түрік халықтарындағы ен бағытты құдай шексіз аспан - “бір тәңірі” болды. Түрік-тюгудар туы кек түсті болғаны да кездесең емес. Ата-баба культі, о дүниелік өмірге сенім жерлеу тұрындары мен жосын-жоралғыларынан көрініс тапты. Тастан немесе басқа металдардан өлген кісінің бет-әлпетін қашап салу және оны қабір қасына орнату дәстүрі бүкіл ортағасырлар бойы сақталды.

Пұтка табынушылар гибадатхана ретінде қарапайым тас коршаулар, ал батысқа қарай жерлерде топырақ біліктеп пайдаланылды. Бірақ ортағасырлық көшпендер кайда барса да жоғары дәрежеде дамыған егіншілік өркениеттеріне кездесіп отырды. Олардың көз тартар жарқылын көріп әлем туралы өздерінік түсініктерін қайтадан ақыл-ой елегінен откізді, оларға ұксап сан алуан кешендерді тұргызды. Ескі дін Үндістан мен Қытайдаты будда, Орта Азиядағы ислам, Хазариядагы иудаизм, Русь пән Византиядагы православиелік христиандық секілді бай көршілер қабылданған діндермен бәсекеге түсті.

Түрік көшпендері бөгде ақыл-ойға төзімділікпен қарады. Олар арабтардың шапқыншылықтарын табысты турде тойтарды, бірақ IX-X ғасырларда көшпелілер арасында тарапа бастаган ислам

дініне қарсы бола қойған жок. Одан бұрынырақ еврей саудагерлерінің көмегімен хазарлар иудаизмді қабылдаса, Византия мен Русь қыспағына түскен оғыздар мен половецтер (батыс қыпшактар) христиан дініне бег бұра бастады, печенегтер ислам дінін қабылдады.

Қазақ сахараасындағы қыпшактар мажусилік дінді дәріптеп отырды. Екі ғасыр бойы олар Орта Азия мұсылмандарының шапқыншылығына тойтарыс берді және өздері шабуылдан отырды, тек монголдардан ғана женілді.

Шыңғысханның түрлі этникалық негізденгі империясы қалыптасудың ерте кезеңінде діни проблемалардың не екенін білген жок. Монголиядан Руське дейінгі аймақта түрлі діндерді ұстанған сан алуан халыктар өмір сүріп жатты. Бірақ XIV ғасырдан бастап империя өз ішінен бөлшектене бастайды. Ұлы ханның ұлысы Қытайдан буддизмді қабылдаса, Алтын Ордада несториандық бағыттагы христиан мен ислам діні арасындағы күрес өршип жатты. Бату ханның христиан дініне кірген ұлы Сартакқа у беріледі; Берке, кейіннен Жәнібек хандар ислам дінін далалы өңірлерде қылыштың қүшімен тұрақтандырып нығайтады. Ұлы дүрбелең жылдары адамдарда бірін-бірі өлтіруден басқа іс-әрекет қалмаган кезде ислам діні қаралайым халық арасында кеңінен таралады, мәжусилік осы бір дәуірмен бірге жоғалады да, ислам діні жаңа сатыға көтеріледі.

# ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛДАР АРХЕОЛОГИЯСЫ

## Қалалардың дамуының саяси алдың шарттары

Б. з. I мыңжылдық ортасындағы саяси жағдай Қазақстанның онтүстігі мен Жетісуда бұрынғы құдышетті қанды мен үйсін бірлестіктерінің олсіреуімен сипатталынады. Б.з. III ғасырының екінші жартысында басты күшін Сырдарияның орта ағысындағы тайпалар қураған “қанды империясы” бірнеше иеліктерге болінді, олардың әрқайсысын дербес билеуші басқарды. V ғасырга каратай үйсін тайпалары да Жетісу тарихында бұрынғыдан рөл атқара қойған жок; жуқандар тарапынан жасалған бірнеше шабуылдар үйсін бірлестігінің күшін күйретті.

VJ ғасырда Азияның көн-байтақ жеріндегі тайпалар Түрік қаганаты секілді ерте феодалдық мемлекеттік бірлестікке бірікті. 60-жылдардың аяғына таман Түрік қаганаты сол замандасты Византия, Сасанидтік Иран, Қытай секілді ірі мемлекеттердің саяси және экономикалық жүйесіне косылады.

Ерте феодалдық қатынастардың қалыптасуы Түрік қаганатындағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісіне алып келді, мұның өзі байлық пен түрік ақсүйектері ықпалының өсуінен, қатардағы қауым мүшелерінің кедейленуінен, өзара қырқыстардың өсуінен, әскери женілістерден, жұп пен аштықтан туындаған еді, бұл ақыр сонында VII ғасырдың бас кезінде қаганаттың Шығыс пен Батыс болып дербес екі мемлекетке бөлінуіне алып келді.

Батыс Түрік қаганаты курамына Қазақстанның онтүстік және оңтүстік-шығыс аудандары енді. Осы жерден түріктердің Орта Азияны жаулап алуды басталды. Түріктер біртіндеп ортаазиялық иеліктердегі әкімшілік басқару жүйесін игере бастайды. Тұншеху

қаған түсында жергілікті ортаазиялық билеушілер қаған уәкілдеріне айналдырылды және тиісті лауазымдарды иеленді. Бірақ көп үзамай ішкі қайшылықтар мен сыртқы күштер әсерінен болған жағдайлар Батыс Түрік қағанатының құлдырауы мен күйреуіне алып келді, оның орнына VII ғасырдың соңында Тұргеш қағандығы құрылады.

VIII ғасырдың бас кезінде Хорасан аумағына бекініп алған арабтар Мауреннахды жаулап алуын бастайды. Сыртқы қауіп төнген кезде тұргештер мен соғдылықтардың одағы қалыптасады, одақтың біріккен күштері араб әскерлерін жеңіліске ұшыратады, алдан-арбау тактикасын қолдану арқылы ғана арабтар бірқатар табыстарға қол жеткізіп Бұхараны, кейіннен Самарқандты жаулап алады.

712-713 жылдары арабтарға түрік, соғды, Шаш пен ферғаналықтардың біріккен күші шабуылға шығады. Бұл коалиция арабтардың басты қарсыластарына айналады. Зерттеушілердің пікірінше Сырдарияның орта ағысы, Ферғана, Жетісу жерлерін арабтардың жаулап ала алмауы осы коалиция енбегінің жемісі болып табылады.

Тұргештер мен арабтар арасындағы құресті қағанаттағы қырқыстар әлсіретті, мұның қытайлықтар пайдаланып, уакытша болса да Суябы басып алды. Бірақ Талас шайқасында қытай армиясы арабтар мен қарлуктардан жеңіледі. 766 жылы Жетісудағы билікті қарлуктар басып алады.

Қарлуктар Орта Азиядагы арабтар мен мұсылмандыққа қарсы бүліктегі қолдан отырды, мұның өзі арабтардың қарсы әрекеттер жасауына жол ашты. Айталақ, Фадл бан Сахл бастаған арабтар Отырар алқабына жорыққа шығып, шекаралық бекініс бастығын елтіргені, қарлук жабғысының ұлдарын тутқынға алғандығы тарихи дерек көздерінде айтылады.

810 жылы түріктер қолдаган Соғдыдағы бүлікті басып жаңыштаған арабтар қарлук иеліктеріне жорық үйимдастырып, Құлан қаласына дейін жетеді.

Қазақстанның онғустік аумақтарын өз ықпалына түсірген Самани әулеті едеуір табыстарға жетті. 839-840 жылдары Нұқ ибн Асад Испиджаб билеушісіне қарсы жорыққа шығып, қаланы бағындырады, түрғындардың жүзімдіктері мен егіндерін айналдыра қабыргамен қоршады.

IX ғасырдың екінші жартысының бас кезінде I Насыр Ахмет Шауғарды басып алды. Самани әулеті тек IX ғасырдың екінші жартысында ғана Таласқа дейінгі жерлерді өз ықпалына түсірді.

Сөйтіп, Қазақстанның онтүстігі мен Жетісу кем дегенде IX ғасырдың бірінші жартысына дейін дербестігін сактап тұрды да. Орта Азияның басқа облыстарына қарағанда ерте ортағасырлық немесе IX ғасырда-ақ айтылатын “исламға дейінгі” мәдениеттің дәстүрлерді сактай отырып исламдану үрдісіне кейіннен араласты.

Осы оқигалар мен феодалдық қатынастардың калыптасуы аясында Онтүстік Қазақстан мен Жетісу аумақтарында ерте ортағасырлық кала мәдениеті калыптасып, дами бастады. Араб жауап алушылығы қоғам өміріне зор өзгерістер әкелді, жекелеген топтардың саяси жөне әлеуметтік-құқықтық жағдайларын өзгерти. Мұқанна көтерілісі талқандалғаннан кейін Орта Азия тарихында экономикалық өрлеу басталды, әсіресе ол Мервте әл-Мәмун үәкіл болып (809-818 жылдар) тұрган кезде күшейді. Орта Азияда тоуелсіздік қайта орнайды, арабтарға дейін мұнда өмір сүрген ұсақ киңзілтер орнына дамыған әкімшілік және фискалдық аппараты бар орталықтандырылған мемлекеттер пайда бола бастайды.

Онтүстік Қазақстан аудандары араб қол астына түскен жок, арабтар солтүстік-батыстағы Шаутарды басып алumen шектелді.

VIII ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның онтүстігі мен Жетісуға қарлуктар өз үстемдігін орнатады. Сонда да болса араб жауап алушылығы бұл аудандар үшін маңызды болған еді. Орта Азиямен достүрлі экономикалық тығызы байланыста болған Онтүстік Қазақстан араб мәдениетінің ықпалын сініре бастады, бұл бөрінен бүрын кала тұрғындары арасына кеңінен тараалды.

Самани әулетінің Испиджаб, Фараб қалаларын IX ғасырдың екінші жартысында бағындыруы исламның қала мен көшпенділер арасында таралуына жағдай жасады. Мұны Испиджабты “дін үшін шайқас орны” деп атаудан, Фарабта мұсылмандар мен түрік-қарлуктар өмір сүргендігі айтылатындығынан да көруге болады.

X ғасырдың ортасында Жетісу мен Онтүстік Қазақстан аумағында Қарахан әулетінің мемлекеті құрылады. 999 жылы қарахандықтар Бұхараны басып алады да, Самани әулетінің иелігін бағындырады. Кейін Жетісу мен Қазақстанның онтүстігі қарахан әулетінің иеліктеріне: Жетісу – шығыс, ал Онтүстік Қазақстанның біраз бөлігі – батыс иеліктер құрамына етеді. Сонымен қатар екі иеліктерде ұлыстар болды.

Қарахан әулетінің хандары көшпенді феодалдармен және отырықши қауым шоңжарларымен куресе отырып билікті орталықтандыруға үмтыйдады. Бірақ бұл талпыныстар нәтижелі бола қоймады, езара қырқыстар, көршілермен болған соғыстар XI

ғасырдың алғашқы жартысында Қарахан өuletі мемлекетінің тарих сақнасынан кетуіне алып келді.

Оңтүстік Қазақстаниң бір бөлігі, өсірсе Сырдарияның төменгі ағысы IX ғасырдың соны мен X ғасырда астанасы Янгикент қаласы болған оғыздар державасына кірді. Оғыздар Сырдарияның орта ағысындағы Карнак, Қарашиқ, Сұткент қалаларын да иеленді.

Қарахан өuletінің мемлекеті күйрекеннен кейін аймақтағы саяси басшылық астанасы Баласағұн қаласы маңында болған қарақытайлар қолына көшеді. XII ғасырдан басталған феодалдық қанаушылықтың қүшесі, алым-салықтың қебесі, тайпа аралық қактығыстар, діни алауыздықтар қарақытайлар иеліктеріндегі мұсылман тұргындар арасындағы бас көтерулерге алып келді. Қарақытайлар бодандығынан осы уақыттарда тәуелсіздік алған Хорезмнің колдауымен Баласағұн тұргындары көтеріліске шығады. Көтеріліс талқандалады, қала тікелей шабуылдан соң басып алынады. Бірақ бұл оқиғалар қарақытайлар күш-куатын тіпкілікті түрде өлсіретеді, және де Жетісудың оңтүстік-батысындағы билік аз гана уақытқа болса да наймандарға көшеді, ал Сырдарияның орта ағысы аудандарын хорезмшах Мұхаммед басып алады да, Сырдариялық қалаларға өз уәкілдерін қояды.

Оғыздар мемлекеті кұрамына енген Сырдарияның төменгі ағысындағы қала мәдениетінің аудандары бұл мемлекет тараганнан кейін XI ғасырдың бас кезінде қышақ иеліктерінің кұрамына енеді. XI ғасырдың ортасында қышақтар мемлекеттік бірлестік құра алады.

Оңтүстік Қазақстан Мауреннахр секілді жоғарғы билікке сай түрлі дәрежедегі бірқатар жекелеген ұлыстарға бөлшектенді. Мұнда жалғыз гана нақты күш көшпендейлер оскері, ал ұstemдік етуші топ - оскери аристократия еді. Мемлекеттік аппарат жергілікті егіншілер мен қала адамдарынан тағайындалған шенуніктер қолында болды. Бірақ саяси бытыраңқылық Орта Азия мен Қазақстаниң экономикалық және мәдени жағынан тұтас дамуына айтартылған осер ете койған жоқ.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы ортағасырлық қала мәдениетінің алға өрлей дамуын монголдардың шапқыншылығы тоқтатып таставды. 1219 ж. Шыңғысхан армиясы Қазақстаниң оңтүстік өңіріне басып кірді.

Алғашқылардың бірі болып Сайрам қаласы жаулап алынды. Дерек көздерінде Сайрам қаласына шабуылда монголдар катапульта колданғаны жайлы мағлұматтар сакталған. Шағатай мен Үгедей

баскарған әскерлердің бір бөлігі Отырады қоршады. Жошы отряды Сырдарияның төменгі ағысын жаулап алуға жіберілді. Жувейни шығармасында Отырадын алты айлық қорғанысы жайы Әңгіме сакталған. Жаулап алынғаннан кейін қаланың барлық бекіністері киратылды, тұргындары өлтірілді, “хашарға” қуылды, ал колонершілер Монғолияға әкетілді.

Жошы отряды Сығанак, Үзгент, Баршилукент, Ашиас, Женде қалаларын басып алды. Сығанақ жеті күн карсылық көрсетті, оның тұргындары түгелдей өлтірілді. Үзгент пен Баршилукент монголдарға соғыссыз берілгенімен, қала карсыластар тарапынан тонауышылықта үшырады. Монгол отрядтары Янгикентті де басып алды.

Дерек көздерінде Шыңғысхан мен Төле әскерлеріне Зернук қаласы да соғыссыз берілгендігі айтылады, сонда да болса қашастарын монголдар “хашарға” қуып тықты.

Ширек гасыр өтсес де монголлардың салған ойрандаушылық іздері сакталынып қалды. Оңтүстік Қазакстан арқылы жүріп оларды көрген Плано Карпини былай деп жазды: “... бұл жерден ... біз жер бетіндегі тезекке үқсас жатқан өлтір адамдардың көптеген бастары мен сүйектерін көрдік... Оларды да осы жерде қазір тұрып жатқан татарлар өлтірді, ал тірі қалғандарды олар құлаға айналдырыды”.

Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды жаулап алушмен Орta Азияны бағындыру қатар журді. 1220 жылды мамырға қарай Орta Азияның Әмударияға дейінгі барлық аумагы басып алынды, 1220-1221 жылдары жүргізілген жаулап алу жорықтары нәнжесінде Хорезм бағындырылды. Барлық жаулап алынған аумақ Шыңғысханның үлкен үлдары арасында бөліске түсті. Сырдарияның төменгі ағысы, Қарататудың солтүстік беткейлері мен Қаялықда дейінгі Жетісудың солтүстік бөлігі Жошы ұлысы құрамына еті, Сырдарияның орта ағысы, Талас Алатауының таулы аймағы мен Жетісудың оңтүстік батысы шағатайға берілді; Жетісудың солтүстік-шығысы Угедей ұлысына қосылды.

Ұлы хан Мөңке тұсында Шағатай ұлысында жошылықтар билік жүргізді, бірақ Мөңке өлгеннен кейін шағатайлықтар 1259 жылды немересі Алғұй, кейіннен Хайду тәуелсіз де дербас билеушілерге айналды.

Ұлыстар арасында нақты шекара болмады, кейде шағатайлықтар өз билігін Сырдарияның төменгі ағысына таратты, ал жошылықтар Сырдарияның орта ағысындағы қалаларды ықпалыша түсіріп отырды.

Улыстық жүйе қалыптасқаннан кейін бірден, әсіресе XIV ғасырда Ақ Орда хандары мен шағатайлықтар арасында Сырдария қалалары мен Жетісу жайылымдары үшін құрес басталды. Монгол хандары мен аристократия арасында отырықшы қала тұргындарына деген екі позиция байқалады. Бірсынырасы мемлекетті орталықтандыруға, отырықшылыққа қарсы болды және де қалалықтарды үнемі тонап тұруға дайын еді. Басқалары жергілікті шоңқарлармен, саудагерлер мен діни адамдармен бірге билікті күштегіге, қалалықтар мен жазиралардағы отырықшы халықты шапқышылықтар мен тонаушылықтардан коргауға үмтىлды. Олай болмаган күнде оларды тиімді пайдалану мүмкін емес еді. Екінші тенденцияны Мөнке хан мен саудагер-биеуши Масуд-бек қолдады. Олардың тұсында ретсіз салынған алым-салық жойылды, жан басына шағылған салық енгізілді, алтын динарлар шығарылды.

1271 жылы Масуд-бектің ақша реформасы басталды. Ол мемлекетті құміс мөнеттермен қамтамасыз етті. Бұл қалалық мәдениет пен ақша саудасы дамуының алғы шарттарын қалыптастырды. Кейінрек 1312 жылы Кебек хан жүргізген реформа да экономикалық өрлеуге алып келді.

Бірақ, одан кейін жогарыда аталған екі бағыт арасында отырықшы тұргындарға байланысты қайтадан құрес шиеленісе түседі. 50-жылдардың сонында Шағатай мемлекеті бірнеше иеліктерге бөлінеді. Сонынан оларды 1370 жылы билікке келген Әмір Темір біріктіреді. Осы кезеңдерде Сырдарияның орта ағысының аудандарын Ақ Орда хандары кол астына қаратты, ал Жетісу XIV ғасырдың орта кезінде Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағында қалыптасқан Моголстан мемлекеті курамына өтеді. Моголстанның бас ханы Тоглық-Темір ез билігін Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияға таратуға үмтىлды, осы мақсатта мұнда ол бірнеше рет жорық жасады. Бұл жерлерді басып алу өрекетінде ол Әмір Темірмен қактығысып қалды. Әмір Темір Жетісуға бірнеше рет жойын жорықтар үйымдастырды.

XIV ғасырдың 70-жылдары Темір тағайындаған Тоқтамыс Ақ Ордадағы билікті алып, кейіннен Алтын Ордага орнығады да, 1379 жылы Әмір Темірге қарсы шығады. Олардың талас-тартысы нотижесінде қала мен отырықшы ауыл тұргындары зардап шекті. Айталақ, 1387-1388 жылдары Тоқтамыс өскері Сығанак арқылы өтіп, Сауранды қоршады, Ташкент, Сайрам, Самарқанд, Бұхара мазын талан-таражға салды, “Яссыны тонаады”.

Дешті Қыпшақ түпкіріне жасалған Темірдің жорықтары Ақ Орда ұлсындағы бейбіт тұрғындарды тонаушылығымен есеп қалды.

Қазақстанның онтүстік аудандарының Темір державасын көсілуы, саяси жағдайдаң тұрақтылығы - өлкедегі экономикалық және мәдени өмірдің жаңдануына алып келді. Бірақ Темір өлтінен кейін Онтүстік Қазақстан мен Жетісуға билік жүргізу үшін Темір әулеті мен жаңа мемлекеттік бірлестік - Өзбек хандығы арасында тартыс басталады.

1428 жылы Дешті Қыпшакта Әбілхайыр хан басқарған көшпелі “өзбек” мемлекеті ретінде белгілі түрік тілді тайпалар бірлестік қалыптасады. Хандық кұрамында кейіннен қазак, өзбек, қырғыз және қарақалпақ халықтары құрамына енген тайпалар болды.

XV ғасырдың 40-жылдарың ортасына карай Әбілхайыр Сырдарияның орта ағысына бақылауын орнатты және Онтүстік Қазақстан қалаларын басып алды. Әбілхайыр мемлекетіндең әлеуметтік қайышылықтардың өсуі, феодалдық қырқыстар мемлекеттің бөлшектенуіне және Жөнібек пен Керей бастаган даң тайпаларының біраз болігінің XV ғасырдың 50-жылдарының соңында Жетісуға көшіп кетуіне алып келді. Бұл оқиға қазақ мемлекетінің бастауы болды деген пікір бар. Қазақ мемлекетіндең қалыптасуы уақытына байланысты тағы бір көзқарас бар. Айталық, жаңа тарихи зерттеулер Қазақ хандығы XV ғасырдың 60-жылдар ортасында Жетісуда қалыптасқанын айқындайды. Мұнда атап да хандар көшіп кетуінен бастап, Орта жүздегі қазақ рұттайпаларының бір болігі қоныс аударалды. Дағ осы азмакта жаңа осы уақыттарда негізінен Улы жұз қалыптасты. Сөйтіп, Улы жұз бен Орта жүздің бірқатар тайпаларының одагы Қазақ хандығын негіз болған еді.

Дешті Қыпшақ пен Қазақстанның онтүстігінде тұрақтан қалуп ұмтылған қазақ хандары Әбілхайыр ханиның үрпактарының қарсылығына тац болды.

Кейінгі орта ғасырларда Сырдария қалаларын иемденіп калу үшін болған күрестер – көшпелі мемлекеттер билеушілері жүргіген дәстүрлі саясат еді. Мәдени аймакты иемденуге ұмтылу алдымен экономикалық жағдайларға негізделді: қалалар арқылы Орта Азиямен шаруашылық байланыстар орнатылды, қалалар манызды экономикалық және сауда оргалықтары еді және жоларға билік жүргізгендер үшін шынайы табыс көзі болды; сондай-ақ Сырдарияда, Қаратай мен Талас Алатауы беткейлерінде көшпелі

лілердің қыстаулары орналасты, осы аумақтар арқылы дәстүрлі көш жолдары отті. Қалалар мен қысқы жайылымдық аудандарға иелік ету кез келген көшпелі империяның, оның ішінде Қазак хандығының да экономикалық құдыреттілігін артыратын маңызды фактор еді.

Қалалар үшін ең шиеленісті тартыстар Бұрындық хан, Қасым хан мен Мұхаммед Шайбани арасында ербіді. 1504-1505 жылдары, кейиннен 1509 жылы Мұхаммед Шайбани қазактарға жорық жасады. Бірақ ол қазактарды бағындыра алмады: осыдан кейін өзбектер Орта Азияға кетіп, қазактар қайтадан Қазақстанның онтүстігіне оралып отырды. Қалалар болса қолдан қолға өтіп отыратын еді.

1509-1510 жылдары қыста Мұхаммед Шайбани қазак билеушісі сұltан Қасымға карсы жана жорық үйимдастырыды. Қазактарға бағытталған бұл соңғы жорық сатсіздікке үшірады. Одан кейінгі оның өлімі, өзбектер мен темір әулеті арасындағы шисленіскен күрес Қасым ханға Қазақстанның онтүстігінде орнығып, барлық қалаларды бағындыруға мүмкіндік берді.

Қасым хан дүниеден қайтқаннан кейін озара қырқыстар басталды, бірақ бұл қазак хандарының қалаларда, соның ішінде Ташкентте орнығуға деген үмтілісіна қедергі келтірмеді.

XVI гасырдың соңы ширегінде қазактар Ташкентке келіп, Баба сұltаннан осы жерлерден “үәлайят” талап етті. Баба сұltан қазактармен бейбіт бітім жасауға, “сойырғал ретінде ... Яссы мен Сауранды” беруге мәжбүр болды. 1582 жылы Абдаллах хан қазак жеріне жорыққа шығып, Ұлытауға дейін жетті және Сауран, Туркістан, Отырар, Сайрам қалаларын жаулап алды. Бірақ 1586 жылы қазак ханы Тоуекел қайтадан Сырдария қалаларын жаулап алды, Ташкентке қауіп тендерді. Өзбектерге Самарқандтан қосымша күш келгендейten Тоуекел сайын далаға шегініп кетеді. Қазак хандарының Сырдария қалалары үшін үзакқа созылған күресі XVI гасырдың соңында Қазақ хандығына барлық Сырдария өніріндегі, соның ішінде Ташкентті қосып алушен аяқталды. Сейтіп қазактардың Сырдария қалалары үшін болған жұз елу жылдық күресі аяқталды. Атамыш аумақтардың Қазақ хандығына қосылуы - оның шаруашылығы мен саяси өмірін нығайтуға, Сырдарияның орта ағысындағы алапта қазактардың этникалық аумағының калыптасуында маңызды рөл атқарды.

1635 жылы құрылған ойрат тайпа-мемлекеті XVII гасырдың алғашқы ширегінде Қазақ хандығының басты қарсыласына

айналды. Қазақ-жонғар қарым-катаинасы өсіресе Батур-хан-тайшы билік құрған (1634-1654) жылдары қатты шиеленіп кетті. Осы талас-тартысқа - қазақ және жонғар феодалдарының жайылымдақ кеңістікті кеңейту, отырықшы - егінші мәдениет орталықтарын иемдену, маңызды керуен жолдарына бақылау орнату негіз болған еді.

1680-1718 жылдары Тәуке хан билік еткен уақыттарда Қазақ хандығының сыртқы саяси және ішкі жағдайы нығайып, жонғар шашқынишылықтарына тойтарыс берілді, бірақ Жонғарияда Цзян-Рабдан билікке келгеннен кейін жонғар әскерлері Қазақстанға бірнеше рет жойқын жорықтар үйымдастырды. 1681 жыл Қадаш Бошакты-хан Сайрамды коршайды. 1683 жылы ол Сайрамға кайт жорық жасап, қаланы өзіне қаратады, тұрғындарының біраз балың құлдыққа өкетеді.

1698 жылы қазақ және жонғар феодалдары арасында болған қактығыс кейіннен “Ақтабан шұбырынды, Алқақөл сұлама” жылдарына алып келген ұзаққа созылған соғыстың бастамасы болды.

Осы уақыттарда Оңтүстік Қазақстанның қала мәдениеті де түбекейлі дерлік күйрекен еді.

## Қалалар мен ауылдық қоныстар. VI-IX ғасырдың алрашқы жартысы

Қалалық және отырықшылық тұрмыс географиясы. Қазақстанның кең байтақ аумағында ежелден отырықшылықтар, орта ғасырларда қалалық өмір сүру салтымен сипатталатын ірі тарихи-мәдени өнірлер болды. Солардың бірі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу еді. Оңтүстік Қазақстан немесе географиялық атаумен айтсақ Сырдария маңы географиялық провинциясы солтүстікте Орталық Қазақстан далаларымен, оңтүстікте Талас Алатаусымен, шығыста Жуалы қырқасымен, батыста Кызылкум құмдарымен шектеседі.

Оңтүстік Қазақстанда, өсіресе Сырдария алабы ерекше орын алды. Сырдарияның гректер атаған көне атауы VII ғасырга дейін сакталды. Одан кейін ол Сейхун, Қангар, Гюль-Зарриун, Ишч-Огуз деп атальынды, тек XVI ғасырдаға алғашкы “Сыр” атауы қайтадан алған еді.

Жетісуда Шу мен Талас өзендері алабын өзіне біріктіреп Оңтүстік-батыс Жетісу мен негізгі су артериясы Іле өзені болған

солтүстік-шығыс Жетісу секілді екі тарихи-мәдени өнірлер ерекшеленді. Алғашқы өңірдің солтүстік шекарасы Мойынқұм құмдары, шығыстағы шекаралары Шу-Іле таулары, ал батыста ол Жуалы үстірті арқылы отті. Талас алабы үш жағынан Талас, Қырғыз және Қаратай секілді тау жоталарымен қоршалған. Талас алабы таулы және жазықтық беліктеге белінеді. Шу алқабының солтүстік жағадауы егіш егуте өте қодайлы, оны Қырғыз жотасынан ағып келетін қоштеген өзендер кесіп өтеді.

Солтүстік шығыс Жетісу онтүстікте және онтүстік-шығыста Іле мен Жонғар Алатауымен, солтүстікте Балқаш жағалауымен үккесесстің алым жаңашақ ыдыс секілді. Мұнда тау беткейіндегі қоштеген өзендер және бұлактармен сугарылатын Шу алқабы, сондай-ақ Іле, Қаратал, Лепсі алаптары егіншілік үшін ең құнарлы да қолайлы жерлер еді.

Егіншіліктің дамуы отырышылық өмір үшін қолайлы аудандар Қазақстаниң басқа өнірлерінде де болды. Мысалы, Ертіс алабы, Тарбағатай беткейлері, Ұлытау, Оргалық және Батыс Қазақстан жерлері, бірақ егіншілік пен қалалық тұрмыс Қазақстаниң онтүстігі мен Жетісуда кеңінен дамыған еді.

**Қала мен дала.** Отырышы және көшпелі халықтардың өзара байланысы ғылымдағы күрделі теориялық проблемалардың бірі болып табылады. Егіншілікпен айналысатын облыстар, қала мәдениеті тағдыры үшін көшпелілердің теріс, киаратушы рөлі туралы пікір бар. Мәселен, көшпелілердің ерекше “психологиялық қоймасы” оларды үнемі егіншілерге шабуылдауга, қалаларды киаратуға мәжбүрлеп отырды-мыс. Мұндай көзқарасты жақтаушылар өз енбектерінде көшпелілердің жауларына деген қатығездігін, сыйлыққа деген ашқоздігі мен бопсалашылығын боліп көрсетті, ал ежелгі азыз-әпсаналар далалықтармен фантастикалық адам-жылқы кентавр сыйынды кейінкерлерді тығыз байланыстырыды. Жабайы көшпеніндің, варвардың бұл бейнесі өркенистті қоныстар мен қалалықтарға қарсы қойылды.

Зерттеушілердің көшилігі бұл көзқарасқа қарама-қарсы пікірдің үстаницы, көшпенінділердің аздап ұлықтап, олардың жосын-жоралғыларын, үлкендерге деген құрметтін, қонақжайлышын, ағайынгершілігін, еркіндік сүйгіштігін баса көрсетеді. Олар тіпті ұлы дала хандарының халық сыйлаган, құрылтайларды тек ауқатты ру өкілдері мен тайпа аксүйектері ғана емес, қарапайым сарбаздар, батырлар маңызды рол атқарғандығын қайран қала сипаттап жазады.

Бірақ-та “көшпелі әлемді” онымен көршілес отырықшы жөн қала мәдениетінен бөліп қарған дұрыс емес. Олардың арасында экономикалық және мәдени байланыстар сан ғасырлар бойы қалыптасып, тығыз дамып отырды. Сауда, мал шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс мал шаруашылығының дамуына әсер еткен маңызды факторлар болған еді.

Саудага, қолөнер мен ауыл шаруашылығы өнімдерін откізуға қала мен дала түрғындары өзара мүдделі болған.

Әлбетте, көшпенділер мен жер өндешілер қатынасы үшін бейбіт түрде бола қойған жок. Көшпенділердің жойқын шапқышылықтары мен шабуылдары туралы көптеген тарихи деректер көзде сақталған, бірақ отырықшы халықтардың билеушілері де далалықтарға карсы олардан кем емес катал жорыкка шыққандығы жөнінде мәліметтер де бар.

Тарихта көшпенділер мен отырықшы халық бірлесіп сыртқы жауларға карсы күрескендігі жайлы мысалдар да жеткілік. Айталық, VIII ғ. бас кезінде түріктермен бірлескен Согды, Шаш және Фергана түрғындарының коалициясы Орта Азияға басып кірген араб экспансиясына карсы тұрды. Жалпы алғанда, Қазақстан мен Орта Азияның отырықшы облыстарының дала көшпенділері мен тарихи заңдылықтағы қарым-қатынастарының дамуы тығыз экономикалық байланыстармен анықтауды. Бейбіт қарым-қатынастар көбіне бір мемлекет, бір экономикалық, құрылымдағы олардың қарқынды дамуына жағдай жасады.

Ежелгі және ортагасырлық тарихта түрлі факторлар әсерінен көшпенділердің отырықшылық пең қалалық тұрмысқа етуі жи болып тұрды.

#### **Түрік-согды синтезі.**

Жетісу қалаларын алғаш рет сипаттаған кісі, осы арадан 630 жүріп откен, будда қажысы Сюань Цзянь екен. Ол былай деп жазады: “Тұнық көлден солтүстік-батысқа қарай 500 лиден аса жер жүргесін, Сүй-е өзені бойындағы (Суап, Суяб) бір қалага келдік. Бұл қаланы айналғанда олшегенде 6-7 ли. Онда әртүрлі елдерден келген саудагерлер және хуссyzлар аралас тұрады. Сүйеден батысқа қарай тіке жүргенде жеке-жеке тұрган ондаған қала кездеседі, олардың әркайсысының өз бастығы бар. Олар бір-біріне қанша тәуелді болмаса да, бәрі де түгелдей тудзюге (қағанға) бағынады.

Сүй-е қаласынан Гешуанға (Күшанияға) дейінгі ел Сули деп аталады, оның қалқы да осындағы аталады... Жер өндестіңдер мен бас пайдасын көздейтіндер – телеп-тен скен”.

Жазба дерек көздеріне сүйеніп В.В.Бартольд Жетісу аумағындағы егіншілік мәдениеті соғдылықтардың отарлауы арқасында пайда болды деген пікірге келген. А.Н.Бернштам Жетісудағы отырықшы мәдениет ескерткіштерін соғдылықтарға, ал көшпелі мәдениет ескерткіштерін түріктерге жатқызады. С.Г.Кляшторный Жетісудағы соғды қалаларының федерациясы жайлы жазып, олардың саяси және экономикалық дербестігіне ерекше көңіл аударды.

Жетісудағы қала мәдениетінің шығуы туралы миграциялық тұжырымдамадан басқа оған қарама-қарсы автохтондық тұжырымдама да бар. Г.И.Агееваның пікірінше Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өнірі “Соғды мен Хорезмнің отарлық нысаны болған жоқ, олар Орта Азия халықтарының тарихи және экономикалық өміртіршілігінде маңызды рөл атқарған ерекше экономикасы мен мәдениеті дамыған дербес өнірлер болған”. Т.Н.Сеникованың пікірінше; Тараз тұрғындары мен оның округтындағы қалалар түрік-карлук тайпаларынан құралды.

Бір-біrine қарама-қарсы бұл көзқарастар Жетісудағы ерте ортағасырлық қала мәденистінің қалыптасуын тек этно-генетикалық тұрғыдан шешүге болмайтындығын, бұл үшін мәдениеттанулық талдау қажет екендігін көрсетеді.

Соғдының мәдени кешені түсінігінен қаланың колөнер, сауда және ауылшаруашылығының орталығы ретіндегі қызметі айқын көрінеді. Қала тұрмысының құрылуы да қызық, археологиялық материалдардан ол тұрғын үйлер архитектурасының тұракты конондары – терракота, керамикалық заттар жиынтығы, ондағы жазулар, корымдық құрылыштар, жерлеу әдет-ғұрыптары арқылы айқындалады. Соғды мәдени кешенінің Жетісуға таралуы ішінара соғдылардың осы аймаққа тікелей көшіп келуіне байланысты жүзеге асқан. Джамуқат, Бундикат қалаларының негізін салған да соғдылар. Екінші жағынан алғанда оны мәдени бірлесу-сіңісу процесінің көрінісі деп түсіндіруге болады.

Соғды мәдени кешенімен қатар бір мезгілде Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігіне, Мауреннахрга түрік мәдени кешені де тарала бастайды, археологиялық материалдар ішінен ол металдан істелінген аяқ-табактар мен қару-жарактың, руникалық жазулары бар заттардың мол табылған олжаларынан байқалады. Осының нәтижесінде VI ғ. – IX ғ. бірінші жартысында Жетісу мен Орта Азияда өзгепе бір мәдени кешен құрылғып қалыптасады, оны түрік-соғды кешені деп атауға болады.

Бұл қалыптасудың айқын белгілерінің бірі – Соғды, Маурендер мен Жетісу қала мәдениеттерінің біргүлестігі еді.

В.М.Массон Сюань-Цзянның Су-ли (Соғды) елі Шудан Басын тауларына дейін созылып жатқандығы саяси-географиялық, немесе этникалық шекараны билдірмейді, онда соғды-түрк эталоны айрықшалады деп өліл көрсетеді.

Пәрменді мәдени синтез этногенетикалық процестер аясында етіп жатады. Сонымен ертеректегі орта ғасырлар кезеңінде Қазақстанның онтүстігінде өз бойына Соғдының мәдени кешенін сіңіріп корыткан ерекше мәдениет қалыптасады. Бұл бірлесудің жарқын көрінісі қала мәдениетінен байқалады.

**Қалалардың қалыптасуы.** Қала мәдениеті дамыған Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісу сынды екі өнірді атауды болады. Жазба дерек көздеріне караганда Оңтүстік Қазақстанда VI-IX ғасырларда алты қала болған – олар “Ақ өзендеңі қала” Испиджап, Шарал, Будухкент, Усбаникент, Отырар мен Шаугар. Бірақты археологиялық мәліметтер бойынша олардың саны 30 шақты.

Дерек көздерінде Оңтүстік-Батыс Жетісүдегі 21 қала аталады, олардың арасындағы ең ірілері Тараз, Жамукат, Атлах, Құлаң, Мерке, Аспара, Суяб, Навакет еді. Қалаларға археологтар мәдени қабаты VI-IX ғасырлардың қамтитын және қаланың белгілері бар (топографиялық ерекшелік, көлемі, археологиялық олжалар, географиялық орналасу жағдайы) ескерткіштерді жаткызады. Қалаларға тән нақты геометриялық жоспар әуелден-ак күрүлестің орталықтанған бастауын көрсетеді. Қазба кезеңінде мөнет, шеттең өкөлінген заттардың, колонер өнімдерінің көздесуі де қалаларға тән нәрсе. Әдетте, қалалар сауда және стратегиялық жағынан қолайлы жерлерде немесе шағын аудандар мен облыстар орталығында орналасты. Сонымен қатар, атаған белгілеріне қарай қалалар классификациясын жүргізуге және оларды астаналық ірі қала, орташа, шағын деп бөлуге болады. Айтальық, Оңтүстік Қазақстанда астаналық қалалар – Испиджаб, (Сайрам қалажұрты), Отырар (Отырартебе қала жұрты), ал Оңтүстік-Батыс Жетісүде – Тараз, Навакент (Кызыл өзен), Суяб (Ақбешім қала жұрты).

Қала мәдениеті орталықтарының бірі болған Оңтүстік Қазақстанда отырықшылық пен егіншілік дәстүрі сак және қауыншы, отырар-каратай мен жетіасар археологиялық мәдениеттерін қалдырган қаңылалар дәуірінен бастау алады. Оларға енін және мал шаруашылықтары, акша айналымының шектеулігі тә

еді. Бұл мәдениеттердің ерте қоныстары Отырартөбе, Оқсыз, Бұзық, Марданкүйік, Құйрыктөбе және т.б. Оңтүстік Қазақстан ортагасырлық қала ескерткіштеріне негіз болды. Бұл мәдениеттердің үй құрылышы, қыш ыдыстарын жасау, тұргындардың рухани дүниетанымдық дәстүрі ерте феодализм кезеңінде де сакталды.

Әрине, қала мәдениетіндегі дәстүрмен қатар жаңа инновациялық элементтер де байқалады, нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанда қала мен қалалық мәдениет қалыптасады.

Оңтүстік-Батыс Жетісуда қалалардың қалыптасуы біршама басқа жолда дамыды. Мұнда Оңтүстік Қазақстандағыдай отырыштылық пен егіншілік дәстүрлер дами қойған жоқ. Бұл шаруашылығындағы мал өсіру басым болған Сырдариялық мәдениеттің ең шеткі аймактары еді.

Қалалар мен қалалық мәдениеттің дамуында Жібек жолы арқылы жасалынған сауда маңызды рөл аткарды. Қалалар сауда жолдарының бойларында орналасқан. Бірақ, сауда қала дамуындағы манызды фактор болғанымен, қалалардың әкімшілік билік, қолөнер мен рухани мәдениет орталығы секілді функция атқарғанын жоққа шығара алмаймыз.

Қазақстанның ерте феодалдық қалаларын Орта Азия қалаларымен салыстырғанда, алғашқыларының ауыл шаруашылығымен ете жоғары дәрежеде байланысты болғандығын аңғарасыз, бұл көшпелі рыноктың бидай мен егіншілік өнімдеріне деген сұранысынан туындаған еді.

## Қалалардың топографиясы мен типологиясы

Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар ортаазиялық қалаларға ұқсас – бекініспен қоршалған немесе бекініссіз цитадель, шахристан мен рабадтан тұрады. Кон жағдайда олар жоспары бойынша дөңгелек. Тау беткейіндегі белдем мен Сырдарияның төменгі ағысында тік бұрышты жоспарда салынғандары басым.

Оңтүстік-Батыс Жетісү қалаларына орталық цитадель (орталықта орналасуы сирек) төбесі мен тік бұрышты, бес бұрышты, трапеция, көп бұрышты жоспардагы шахристан қалдықтары да анық байқалады. Қалаға кіретін қақпа бірден төртке дейін.

Рабадтар ауылдық округтерге қосылып кеткен, сол себепті екі құрылыш арасындағы нақты шекараны табу ете қын. Орталық қирандыларға үзындығы үштен ондаған шакырымға жететін “ұзын қабыргамен (дуалмен)” қоршалған территория жалғасады.

**Қалалар құрылымы.** Цитадель – қалада кездесетін міндетті бөлшек болып табылады. Ол қаланың бекініспен мейінше күштейтілген бөлігі еді. Мысалы, Құйрықтөбенің VII-VIII ғасырлардағы цитаделі биіктігі 10 метрге жететін пахсалық платформада замок түріндегі құрылыш еді. Ортада солтүстік-батыстан онтүстік-шығысқа қарай 15 метрге созылған зал орналасты, оның ені 10,5 м-ді, ал жалпы алаңы 57,5 шаршы м-ді құрады. Салтанат залы мен оған жапсарластырыла солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс және онтүстік-батыстан салынған бөлмелер арқылы есіргі шахристанды шығыны айналмалы дәліз болған. Ол арқылы салтанат залына, солтүстік-шығыстағы бөлмелерге баруға болатын еді. Галереяның барын болігі де осы ұзын дәліз арқылы залмен жалғасты. Қораптың жиынтықпен жабылған бұл дәлізде сарайдың шатырына апаратын тепкішек орналасты.

Салтанат залының болуы, ағашқа ойып салынған суреттердің табылуы құрылыштың репрезентативті мәнін көрсетеді, мұнда негізінен кала билеушісі орналасса керек.

Баба-Ата қаласы орнының қамалын қазған кезде мұнда VI-VII ғасырларда көлемі 240 шаршы метр болатын екі қабатты құрылыш болғаны анықталды. Бірінші, төменгі қабатында диаметрі 5,8 м болатын, күмбездеп жабылған салтанат залы болған. Екінші қабатына қорап сияқты етіп жабылған алты бөлме салынған. VI ғасыр мен VIII ғасырдың алғашқы жартысындағы Ақтөбе-І қаласының ішкі қамалының орнынан іргесі саз қабатынан үш метр етіп түрғызылған екі қабатты замок табылды.

Луговое цитаделиндегі қазба жұмыстары мұнда да VII-VIII ғасырлардағы замок түріндегі құрылыш орнының ішінәра арнап туруына мүмкіндік берді.

**Кала махалласы және түрғын үй.** Қалалардың шахристандары махаллаларға топтастырылып, үйлер тығыз салынған. Қалалардың махаллаларға белінүйі феодалдық қоғам үшін заңды көркем болатын. Ол туыстық дәнекерлікпен, ортақ көсіппен, діни көзінестармен топтасқан адамдардың сол қоғамға тән топ болып түйікталуымен байланысты болған еді.

Онтүстік Қазақстан қалаларының жүртүнина кеңінен жүргізілген қазба жұмыстары жеке махаллаларды, олардың шекараларын бар-

керсетуге және мынадай анықтама үсынуга мүмкіндік берді: “махалла дегеніміз қала құрылышының ішіндегі көшелер немесе үлкен көшениң бір бөлігін біріктіретін бірнеше үйлерден тұратын шағын алабы. Махалланың сыртқы беті жабық болады, көрші махаллалармен шекарасы барлық үйлердің сыртқы қабыргалары мен шеткі үйлердің бүйірдегі қабыргаларын бойлай өтеді” /32/.

VI-VII ғасырдың бірінші жартысындағы махаллалар Отырар алқабындағы Кек-Мардан қаласының жүртүн қазған кезде аршилды. Үйлердің уш тобын махаллалар деп санауга болады. Олардың әркайсысы үлкен “солгүстік” көшеден тарап, бекініс дуалына барып тірелетін түйік көшемен біріккен. Түйік көшелердің ұзындығы - 15, 12, 10 м, махаллалардың көлемі – 370, 350 және 300 шаршы метр. “А” махалласында бес үй бар, біреуі діни үй, “Б” және “В” махаллаларының әркайсысы 4 үйден тұрады.

Әзірge жекелеген махаллалар тұрғындарының қофамдық жағдайы жөнінде пайымдау жасауга қолданы мәліметтер жеткіліксіз, тек қазба жүргізілген махаллаларға өлеуметтік тәндік төн екендігін айтта кетуге болады.

**Гибадатханалар, храмдар.** Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісуда түрлі діни қауымдардың гибадатханалары мен храмдары болған. Қекмарданнан жоспары шаршы тәріздес, ауданы 4,4 м бір бөлмелі гибадатхана аршилған. Кірер есікке қарама-қарсы орталық қабыргаға еденнен 0,5 м биіктікте кой мүйізі түрінде ойылған тікбұрышты қуыс орналасқан. Оның астында күлдің қалын қабаты бар тұғыр орнатылған. Гибадатханаға тікелей үксас құрылыштар жоқ, бірақ күшан уақытымен мерзімделінген Хорезмдегі Гур қаласындағы құрылыш залымен кейбір үқастықтар бар.

Оңтүстік-Батыс Жетісү қалалары материалдарынан буддизмнің ролі айқынырақ байқалады. Кезінде Ақбешім қаласынан екі, Қызылозен қаласынан да екі будда діни ғимараттары аршилған болатын. Алғашқысы цепла (гибадатхана), оңтүстік-шығысқа ашылған айналма дәліз бен залдан тұрады. Қабыргасынан жазу іздері анықталған. Ақбешім қаласындағы екінші будда діни топографиясы жағынан біріншісіне жақын. Қазба жұмыстары оған ерте кездегі құрылыш орны платформа ретінде пайдаланылғанын көрсетіп берді. Діни ғимарат VII-VIII ғасырларда бірнеше рет қайта салынып пайдаланылды. Оның цепласы аумағы 6х6 м шаршы жоспарлы құрылыш. Ұзын шикі кірпіштен көтерілген гибадатхана қабыргасының қалындығы 2,6 м. Төбесі күмбезделіп жабылған. Цеплаға шығыстан кірген. Кіретін есік алдына кіреберіс далда

(қалқа) соғылған. Целланы онтүстікten, батыс пен солтүстікten галерейлар коршап тұрды. Кейіннен пилон-контрфорс, кірер есептік текпішек салынған. Қабыргасын екі рет сылаған, ғанчпен сымы жазу жазған. Жазулар көк, кара, қызыл, жасыл түстемен түсірілген. Тамбур мен ғибадатханаға кірер тұстан табылған мүсін фрагменттер ол кайта салынған уақытқа жатады. Олар қол, жамбас, аяқ, бет-піш мен бас фрагменттерінен, киімге жабыстырылған көнтеген өшкейлерден, бас киім бөлшектерінен тұрады.

Діни ғимараттың қазу басталғанда-ақ галереяның батыс айналма жолынан басы солтүстікке бағытталған нирванадағы Будданың үлкен мүсіні табылды. Мүсін ішінәра сакталған, басы мен денесінде жоғарғы бөліктегі ілкі замандарда киаратылған. Сакталған мүсіннің ұзындығы 8 м. Мүсін мен ол жатқан постамент қызыл түскі болылған. Түргеш мөнегтері олжаларапна сай діни ғимарат VIII-IX ғасырлармен мерзімделінеді.

Ақбешім қаласынан V-VI ғасырларға жататын христиан шіркеу табылған. Бұл құрылыштың үлкен болігін аула қурайды, ал шіркеу оның шығыс жағында орналасы, ол аумағы 5,3x4,2 м құрылыш.

**Бекініс құрылыштары.** Өнірдегі ерте ортағасырлық қаландық қорғаныс құрылыштары әзірge аз зерттелген, бірақ қазір олардың бекініс кеңінен пайдаланылғаның қорытындылауға болады. Қазақ бекінісі құрамына цитадель мен мұнаралы қорғаныс қабырғалар (дуалдары) кірді.

Ерте ортағасырлардағы қала қабырғаларының ішкі жағынан ататын галерейлар мен соғысатын орындары жоқ монолитті сабалышқ құрылыштары болды, оны қабырға үстіндегі тісті жакшымен жабылған аланқай алмастырды. Құйрыктобе цитаделіндегі бекініс қабырғасында жүргізілген зерттеулер іргетасқа қаланған қабырға пахса блоктарынан қаланып, табанындағы ені 2,7 м болғандығын көрсетті. Оның бұрыштарына ішкі жағында шағын орындары бар жартылай дөңгелендірілп мұнаралар салынды.

Талас алабындағы Тараз қаласы биіктігі 15-20 метрге жетеді. Күшті дуалмен қоршалған еді. Оның қабырғасы малтатас қабаты мен кезекпен өрілген пахса блоктарынан тұргызылды.

Қаланы айналдыра қоршап тұрған ұзын дуалдар ленталық техникамен кам кірпішті, малта тас пен ұсақ тас қабаттары пайдаланылып салынғаны киынды түсіртген кезде белгілі болды. Дуал параметрі өр килем - ені 2-ден 5 метрге дейін, ал сакталған биіктігі 5 метрге дейін жетеді.

**Қалалық тұрғын үй мен демографиялық сауалдар.** Алғаш рет кең ауқымдагы қазба жұмыстары нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанның ерте ортағасырлық қалалық тұрғын үйлері жөнінде түсінік алынды.

VI-VII ғасырдың бірінші жартысына үйлердің екі үлгісі тән. Бірінші үлгідегі үй – бір бөлмелі, тік бұрышты жоспармен салынған. Осындай қолемі 43 шаршы метр болатын үйлердің бірінде ұзындығы 4 метрлік ілгеп дәліз бар. Кіреберісі тамбур пішіндес. Батыс және солтүстік қабыргаларын бойлай ортасына қарай шығынқы келген сөрелі сөкілер орнатылған. Сөкілердің ені 1 м, шығынқы жері – 1,2 м, биіктігі 40-45 см. Кіреберістің қарсы алдынан ортага ернеулері балшықпен сыланған қолемі 1x1,5 м болатын тік бұрышты жерошақ қазылған. Кіреберістің қарсы алдынан, ортага ернеулері балшықпен сыланған қолемі 0,2x0,2 м болатын екі камин (қабыргадағы ошак) орналасқан. Оңтүстік-шығыс бұрышы саз қалкамен болған, бул шаруашылық белімі өзінше бір аланды құрайды. Жайдың еденінен тік бұрышты төрт шұңқыр – тіреуіш бағаналардың орны тазартылды. Төбесінен, сірө, жарық түсетін әрі тұтін шығатын тесік жасалған болса керек. Сонымен бірге тұтін есіктен де шықкан, сондықтан да ошак пен каминдер есікке жақын тұр.

Үйлерде диірмендерге арналған тұмба төрізді тұғырлар бар. Хұмдар, азық-тұлғалықтің өнімдерін сактауға арналған ыдыстар бұрышта, сиппада (сөкіде) орналасады. Күйдірілген саз балшықтан жасалынған бөшке төрізді және астая секілді ыдыстар да дакылдарды сактау үшін пайдаланылды.

Жекелеген үйлердің аумағы өзгеріп отырды. Ең үлкен үйлер – 35-45 шаршы м, ал аса үлкен еместер – 12-20 шаршы м аралығында. Үлкен үйлерде шатыр төрт жерінен тірелді, ал орташа деңгейдегі үйлерде бір ағашқа немесе киуластырылған екі бөрене бір бағана-тіреуге бекітілді. Шағын үйлердің шатырлары тек қана қабырга бекітіліп тұрды.

Екінші үлгідегі үйлерге екі бөлмелі үйлер жатады. Екінші балме – қойма – бастапқы бөлмеден мықты қабырга арқылы болынген.

Оңтүстік-Батыс Жетісудың ерте ортағасырлық қала үйлері жеткілікті дөрежеде зерттелмеген. Ол туралы Қызылозен, Луговое, т.б. ескерткіштерде қала сыртындағы VII-VIII ғасырларға жататын жұмыстар түсінік бере алады.

Замоктардың тұрғын белмелері ашық үлгідегі ошактарын жылтылды. Сондай-ақ, қабыргалық және сыпа шетіндегі ошактар да кездеседі.

Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі және орта ғасырларда тұрғындар санының өсуін анықтау нақты сандық мәліметтер жоқтығынан едәуір қындықтар туғызады. Жазба дерек көздерде тұрғындар саны ете мәрдымсыз айтылады, мұндай мағлұм бола қалғанын өзінде ол көбіне ақиқатқа қайшы келеді. Сал ү болса нақты ақлараттар археологиялық мағлұматтарға ғана негізделеді.

Демографиялық ахуалды анықтау өдісі әлі де жетіле қойын жоқ, бірақ демографиялық қаламалар ескерткіш аланын толығына тазалауы үлгайғанда, оның махадлаулық күрылыштары ма баспаналар сипатына қарап есептегендеге сәл де болса шындағы жақындан түседі.

Орталық төбе сыртындағы тұрғындарды есептегендеге Кекірданда 1625-1950 адам өмір сүргендігі айқындалған. Бір текте жердегі халық тығыздығы 560-650 адамды қурады. Салыстыра ал кетсек, ортағасырлық Пенджикентте 230 адам тұрды. Мұнда жағдайды тек қаладағы тұрмыс-тіршілік салтымен түсінілдік болады. Қала тұрғындары жаздығуні қала сыртына, бау-бакша жайылымға көшті. Оңтүстік Қазақстан қалаларына тән бұл езгерілік соңғы уақыттарға дейін сақталды. Баспана мен демографиялық қаламалар сипатына қатысты жүргізілген археологиялық зерттеулер, жекелей алғанда бір гектардағы күрылыштардың тығыздығы Оңтүстік Қазақстан халқында атаптап тұрмыс-тіршілік салты кем дегендеге VI ғасырдан бастап таралғандығын айғастайды.

**Қалалар функциясы.** Сауда-қолөнер орталығы ретінде қалалардың дамуы қоленердің ауыл шаруашылығынан болып үрдісімен үstem тапқа негізінен қызмет көрсетуші қолөнер ондірісінін мейлінше дамуымен тікелей байланысты болды.

Әзірge галымдардың қолында ерте ортағасырлық қалада қоленердің дамуы туралы мәлімет аз, ең алдымен ол бізге жеткезкен ыдыстар, металл, сүйек пен тас бүйімдар секілді дағы онімдер арқылы ғана белгілі. Тоқымашылық, тері, жұн, кіз ондірісінде жайлы мәліметтер одан да мәрдымсыз. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларындағы қоленердің бұл салалары жайлы жаң дерек көздерінде айтылғанымен, олар біршама кейінгі уақыттара жатады.

Қыш ыдыстарды ондіру қоленердің басты бағыттарының бір болды. Көкмардан қазбасынан, Қүйрыктөбе мен Отырадың VII-

VIII гасырлардағы мәдени қабаттарынан шот, пышак, орак жинастырылған, табылған темір крицалар оның осы жерде өндірілгендердің айғақтайты. Мыс өндірісі де осы жерде өндірілгендердің дәлелдейді. Мыс өндірісі Жетіасар қаласының жоғарғы мәдени қабаттарынан табылған мыс тоғалар мен белбек айылбастары арқылы да белгілі. Зергерлік өнер шының киім киген ереккен пен өйелдің бейнесі, табаны көтерілген түйе мұсіндері бедерлі алтынмен апталған нәзік қола тоғалар, сырға, білезік бойынша да пішіп-кесуге болады.

Сүйектен жасалынған жебе қапсыры, жануарлар сүйегінен дайындалған тұмар, кесілген марал мүйізі табылды. Тас кашауши шеберлер дірмен, дәнүүккіш жасады.

Сауда мениң ақша айналымы қалалар дамуындағы аса маңызды факторлардың бірі болды. Қала материалдық игілікті өндіріп кана қойған жоқ, сонымен бірге сауда да жасады, бұл орайда оның екінші міндеттің сол заман үшін ең маңызды деп сануға болады. Қалалар тауар айырбасының негізгі үш бағыты: елдер арасындағы, қала мен оның төңірегі арасындағы және қала мен көшпелі дала арасындағы бағыттары осында тоғысып жатты. Сол кездегі халықаралық керуен жолымен сауда жасау кециңен өріс алды, оның дамуында соғылар мен түрктер маңызды рөл атқарған болатын. Улы жібек жолының солтүстік тармағы Қазақстанның онтүстігі мен Жетісу арқылы откен. Оның Суяб, Тараз және Испиджаб қалалары арқылы өтетін телімдерінің көп рет суреттегені малім. Испиджабта одан солтүстік-батыс жақтағы Фарабқа, Шағарға және одан әрі Сырдарияның төменгі ағысы мен Орталық Қазақстан даласына кететін тармактары шыққан.

Сауда түрік аксүйектеріне едәуір пайда келтірді және де нақты атап айтқанда, колға түсірілген олжаны сатуға мүмкіндік берді. Сол себепті де 567 жылдың өзінде-ақ Иштеми-қаганиң сауда ісін жолға қою үшін Иранға екі рет елші жібергені кездейсоқ емес еді. Елшілік табыс әкелмеді. Сонда қаған Византияға да елші жіберді, бұл жолы елшілік сапар сөтті аяқталып, екі мемлекет арасында сауда-саттық қатынас жолға қойылды.

Қытайдан жібек, қағаз, айналар әкелінді. Орта және Таяу Шығыстан, Византиядан Қытайға опа-далап, бабылдық кілемдер, асыл тастар, інжу-маржандар, шыны, маталар жеткізіліп отырды.

Соғылтықтар күміс бүйімдар, түрлі-түсті шынылар, дөрі-дөрмек және бояу заттарын, кілемдер шығарып, сатумен айналысты. Византиядан, Соғыдан, Қытайдан және басқа елдерден шықкан осемдік заттарының бір бөлігі түрік шонжарларының ордаларында, кала тұрғындарының үйлерінде қалып отыратын.

Жетісудағы археологиялық олжалар арасынан византийдағы таңбалар басылған күміс күмыраларды, византиялық және олардың сліктеп жасалынған алтын мөнеттер, қытай айналарын ерекшелік боліп көрсетуге болады.

### IX ғ. - XIII ғ. бас кезіндегі қалалар

**Қалалар салының өсуі, типологиясы мен топографиясы**  
Жазба дерек көздері Оңтүстік Қазакстан қалалары туралы негіз мәдімет береді. Егер осының алдындағы кезеңнің жағынан деректерінде бұқараған аталса, осы уақытта олардың салынышы деңгелескен болған. Деректерде тау етегіндегі белдеулерде жаңадан Жумышлагу және Манкент қалалары аталады, сол кезде Арыстың орта айының орталығы Усбаникет болған Кенже округі құрылады. Одан округінде Отырадан басқа, жана астана Кердер, Весідік және Бұзық қалалары қалыптасады. Шағтарда Яссы және Шапшақ Қарнақ, Қараашық және Шур (Сури) қалалары пайда болады. Деректерінде алғаш рет ірі Сауран қаласы, сонымен да Сырдарияның төменгі ағысындағы Сығанақ, Яңыкент, Іле Асанас, Баршынкент аталады. Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Баладж бен Берукет, Сырдарияның орта ағысында Сүлтін қалалары орналасты.

Сырдарияның төменгі ағысы мен Қаратаудың теріскей беткейіндегі қалалардың қалыптасу үрдісі мейлінше шапшаңдай түшінілген. Осы уақыттарда рабадтар қалыптасады. Рабадтар көлемі қалыптасынан ауамагы үлгая түскендігін көрсетеді. Мөселен, Отырадан рабадтың көлемі 170 гектарға дейін жетті, ал бұрын ол 50 гектардан аспаған еді. Эрине, бұл цифрлардың кең көлемде үлгі жүмыстары жүргізілгенге дейін түпкілікті деп санауга болмайды. Бірақ рабадтардың аталған шекараларының нақ IX-XII ғасырларда қалыптасқаны даусыз. Бұл Ақтөбе-2, Баба-ата, Құйнақ Марданқүйік, Испиджаб, он жағалаулық Бұзық, т.б. қалалардың анық білінеді.

Қалалар алаңын салыстыру ескерткіштерді үш топка болып мүмкіндік береді. Біріншісіне жалпы ауамагы 30 га-дан азайынан қалалар кіреді. Бұл топтағылар облыс, жекелеген жерде орталықтары немесе жай ғана ірі қалалар болды. Екінші топтағылардың ауамагы 15 га-дан 30 га-ға дейін жетеді. Олардың орта көлемдегі қалалар деп санауга болады. Үшінші топ қаламның көп – бұлар қала жүргіттарының қалдықтары.

Жетісудың онгустік-батысында жаңа қалалар саны да артты. Жазба дерек көздері бұрынғы 21 кала орнына 26 қаланы атап көрсетеді. Айта кететін жайт, бұлар жаңадан қалыптасқан Талас аңгарындағы Жікіл, Балу, Шөлжі, Такабкет, Көл, Кенжек қалалары есебінен артты. Шу алабындағы Баласағұн астанаға айналды.

Қалалардың орталық кираган жүрттаратының колемі бұрынғы күйінде қалған, оның есесіне ұзын дуалдар ішіндегі құрылыштар негурлым тығыз бола түседі, онда түргын үйлері бір-біріне қарата-лып түргызылған және ауласы жүйелі түрде жоспарланған усадьбалы учаскелер қалыптасады. Бұлайша жоспарлау казіргі құрылым аз жүргілтеп Ақтөбе, Степнинское, Төлең және Сретинское кала жүрттарында сақталған.

Ертедегі ортағасырларға арнап жасалған кала жүрттарының типологиясы бойынша Табакет пен Сус (Талас Ақтөбесі және Шалдабар қалаларының жүрттараты), сондай-ақ Кенжек, Сенгір (Шаруашылық) және Шелже орташа қалаларға жатады. Сірө, Шелже ең алдымен әкімшілік орталық болған секінді, ейткени мұнда оның қолөнер, сауда сынды функциялары дами қоймаган.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда IX-XIII ғасырлардың басында қала мәдениетінің жаңа ауданы қалыптасты. Егер IX-X ғасырларда Солтүстік-Шығыс Жетісудың бүкіл аумағында 10 қалаға болса, XI-XIII ғасырлардың басында олардың саны 70-ке дейін көбейген. X ғасырдағы деректер Іле аңгарының сол жағалауында орналасқан екі кала – Талхиз (Талгар) және Лабан қалалары туралы хабарлайды. Ортағасырлық авторлардың мәліметтеріне қарағанда XI-XIII ғасырлар кезінде мұнда 4 қала мен 6 ірі қалашықтар болған.

Солтүстік-Шығыс Жетісудағы барлық қала жүрттары “төрткүл” немесе “цитадельсіз” аталатын үлгіге жатады. Олар тік бұрыш, трапеция түрінде жоспарланған немесе дөңелек болып келеді, жалпы жер бетінен сәл доңестеніп түрады және барлық жағынан бұрыштары мен бойында мұнаралары бар дуалдармен қоршалған. Әдетте дуалдардың ортасына орналасқан бір, екі, үш және төрт қақпасы болады. Төрткүлдердің аумағы өр қылы болды, қабырғасының ұзындығы 260 метрден 1 км-ге дейін жетті.

Солтүстік-Шығыс Жетісу төрткүлдерінің аумағын салыстыру бұл қалаларды төрт топқа жіктеуге мүмкіндік береді.

Біріншісіне аумағы 30 га-дан асатын қалалар енген. Бұлар көп қабатты ескерткіштер, мәдени қабаттарының қалындығы 2-3 м-ге жетеді, тіпті одан да асады. Қазба кезінде түрлі керамика, шыны,

мөнет, қолөнер шеберханалары мен өндірістік күл-коқыстардың табылуы мұнда қолөнер мен сауданың дамығандығын айқартайды. Бұлар – Антоновское, Дүнгене, Шілік секілді ірі қалалар мәс астаналық орталыктар еді.

Екінші топка ауданы 10-нан 30 га-га дейін жететін Талғар, Сүмбे мен Ақмола қалалары кіреді. Талғар – Талхизбен, Сүмбек-Лабанмен салғастырылады. Қолөнердің дамығаны анықталып шетелдік заттар аршин алынған.

Ушінші топтағы қалалардан қақпалақ бекіністер, көптеген мұнаралар орны мен жұқа мәдени қабат анықталған. Бұл топтағыларды баспаңа немесе қалалық-ставка ретінде белгілеуге болады. Оған Алматы, Лавар, Қапал, Ақтам, Арасан, т.б. жатқызылады.

Төртінші топтағы қалалар аумағы 10 га-дан аз. Оларға түрғын үй дуалдарының ішкі жағында орналасуы, ішкі аулашың болуы тәжірибелі. Іле қалалары жұртының бұл тобы бұрынғы көшпелілер мәс жартылай көшпелілердің ауылдық коныстары деп санауга болады. Олардың кейбіреулері керуен-сарайлар болуы да мүмкін.

**Қалалар құрылымындағы өзгерістер.** Онтүстік Қазақстанда қала орындары көпшілігіндегі қамалдардың (цитадельдің) салыну уақыт ете келе өзгерістерге ұшыраған. Құйрыктебе қамалын қал мұнда IX ғасырдың бірінші жартысында өрт болып, соның салырынан сарай кешені қираганнан кейін бірсыпра уақыт өткен сәтті толық қайта жоспарлау жүргізілгенін көрсетті. VII-IX ғасырдаң бірінші жартысындағы құрылыш кешенінің іргелі дуалдары шашқа қарапайым құрылыш махалласы салынады. XI-XIII ғасырдың басында нақ сол жерде қыш-құмырашылар махалласы калыптасады.

Отырар алқабының оң жағалауындағы Оксус, Бузық қамаларында (цитадельдерінде), тау етегі өніріндегі Бұлак-Қоғал қалысында қарапайым түрғын үй құрылыштары пайда болады. Кейбір қалалардың цитаделі соншалықты анық болектене қоймай, жалын құрылыштармен астасып жатады, тіпті топографиясы да байкал қоймайды, мысалы Байырқұм, Төртқұлтебе, Балықшы қалаларындағы жағдай осындей.

Қазба жұмыстарының көрсеткеніндей, қала бұрынғысынша қаланың жалпы құрылышына қатынасы жонінен сол баяғы түркіталуы сақталған жекелеген түрғын үй махаллаларынан тұрағы және махалланың барлық үйлерінің кірер есіктері жағты махалла ішіндегі кішкене көшеге қаратылатын жоспарлау үрдісімен сипатталады.

Күйрүктөбедегі қазба жұмыстары қолөнердің махаллалық шоғырлануын анықтай қойған жоқ, тек бір жерден гана құмырашылар махалласы кезіккен. Топографиялық байқаулар мен жазбаша деректемелердің көрсетіп отырғанында, біркатарап қалаларда махаллалардың тұрғындарының атак-данкы мен байлық дәрежесі бойынша болінетін байқалады. Әзірше қазақстандық махаллаларға қарап, оларды көрінеу кедей немесе бай деп бөлуге болмайды. Олардың бәрі де әлеуметтік жағынан араласып кеткен.

Қарастырылып отырған кезеңдері қала құрылышының құрылымында пайда болған жаңа элемент мешіт болып табылады. IX-XII ғасырлардағы жазбаша деректемелерде қалаларды сипаттаған кезде мешіт, оның қалада орналасуы – баяндаудың міндепті элементі болып табылады.

Егер қалаларда мұсылмандар саны аз болса, олардың қажеттілігін шағын дәстүрлі архитектуралық кешендер қанағаттандырыды. Ал дінге үстанатындар көп шоғырланған жерлерде міндепті түрде үлкен мешіттер салынды. IX-X ғасырлардағы дерек көздерінен христиандық шіркеулер мешітке айналдырылғандығы белгілі. Тараз бен Меркеде осылай болған еді. Әл-Мақдиси еңбегінде Кедерде үлкен мешіт соғылғандығы жайлы хабарлама сакталған. Кедермен салғастырылған Күйрүктобедегі қазба жұмысы кезінде дәл осы мешіт қалдықтары ашылса керек. Мешіт қала орталығында үлкен көшелердің қылышында орналасты. Ерте, “төмөнгі” құрылыштан көлемі 22x22x4-5 см күйдірілген кірпіш қабыргалары сакталған. Ол түгелдей бұзылып алынғаннан кейін оның орнына жаңа мешіт салынған. “Жоғарғы”, кейінгі мешіт XIII-XV ғасырлардағы мұсылмандық жерлеу орындарының кірпіштері ретінде алынғанымен, негізгі нобайы қалпына келтірілген. Оның қалындығы 1,5 м қабыргасы күйдірілген жөне қам кірпіштермен өрілген. Мешіттің сыртқы қабыргасымен айналдыра есептегендегі аумағы – 36,5x20,5 м. Ол оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Солтүстік-батыс бөлігі жақсы сақталған, бұл жерден күйдірілген кірпіштен тұргызылған 16 негізгі колонна болғаны анықталды; Қысқа катарда бесеу, ал ұзын қатарда 10-нан. Колонналар арасы 3-3,2 м аралығында. Шеткі базалар мен қабыргалар арасы 1,5 м.

Күйрүқ мешіті бағаналық, немесе колонналы құрылышқа жатады. Мұндай мешіттердің аумағы колонналар мен төбенің стандартты шаршылы санына байланысты болды, олардың арасындағы кеңістік 3,5 метрден 4,6 метрге дейін жетті.

Қала өмірінде базар мен сауда орындарының құрылыштары маңызды рөл атқарды. Қала ішіндегі рыноктарды араб авторлары “сүк” және “асуақ”, парсылар “базар” деп атады. Базарлар шахристан, рабад аумағында да орналаса берді. Әл-Истахри мәліметінде қарағанда Испиджабта олар шахристанды, ал ибн-Хаукал мағлұматы бойынша бұл қаладағы “рыноктар мединада да, рабадта да болады”.

Дерек көздері дүңгіршіктерді де жан-жакта сипаттап отырады. Оңтүстік қазақстандық қалада олар пенджанттықтарға қарағанда шағын базарларды құрамайды, бір-бірінен алысырақ орналасады. Дүңгіршік еденінде жер ошактар болды. Дүңгіршіктерге қазылды қойылған хұмдардан тұратын шағын қамбалар жасалынды.

X-XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстан қалаларында монша соғыла бастады. Одан сәл бұрын оларды Орта Азияда сога бастыған болатын. Үлкен қалалардағы моншалар саны он-онцап есептілнеді. Қоғамдық құрылыштар арасынан моншалар көрнекті орын алды. Отырар рабадынан XI-XII ғасырларға жататын екі монш аршылған. Сақталуы нашар болса да солтүстік рабад аумағында монша жоспары айқышқа (крестке) негізделген анықталды; орталық бөлмесі төрт басқа бөлмелермен жалғасқан. Дем алғаш орындары бар орталық залдан басқа жуынатын, шешінетін, деңгелесін, сондай-ақ құдайға құлшылық ететін бөлмелер де болды. Суды жылжытатын және суга арналған цистерналар тұратын бөлме моншаның шығыс жағында орналасқан. Ағын су құбырлар арқызы болмeden тысқары шұңқырға құйылды. Монша ыстық еткізетін каналдар көмегімен жылжылды.

Отырар шахристандығы бекініс қабырғаның киындысы оның VI-VIII ғасырларда тұрғызылып, IX-X ғасырларға дейін пайдаланылғандығын көрсетіп берді. Пахса блоктарына тұрғызылған оның ені 10 м-ге, ал сақталған биіктігі 4,5 м-ге дейін жетті. Кейін қабырғасы тозып, күл-қоқыс тасталатын жерге айналады. XI-XII ғ. бас кезіндегі аршылған телімдерден ол ушираса қоймады, сірө бұл Отырар бекініс қабырғасы монғолдардың қирагтқанын айғастаса керек.

Отырар рабадының дуалына түсірілген қима оның биіктігі 14 үйінді платформасына тұрғызылғандығын көрсетіп берді. Қабырға ені 6,2 м үш катарап шикі кірпішке негізделді. Кірпіш қаламаларының жанына пахса блоктары (өр жағына екі-екіден) орналасты да, аралары құрылымын калдықтарымен, топырақпен толықтырылды.

Хасырдағы Баба-Ата шахристанының дуалы екі қатар етіліп кірпішпен түрғызылған. Бұрынғы жалпак, дуал мен кірпіш қабырға арасы күріліс кокыстарымен тығыздалып толтырылған. Дуалдың жиегіне кірпіштен жактау жасалынған. Баба-Ата мұнаралары сөзіз қырды құйма негіз үстіне шикі кірпіштен түрғызылған. Мұнаралардың біреуі толық аршылды. Оның биіктігі 5,1 м, жоғарғы диаметрі 3,4 м, төмөнгісі – 4,6 м. Мұнараның ішінде бұрыштары деңгелетілген үш бұрыш түрінде болме орналасқан. Бөлменің төбесі жалпақ етіп жабылған. Мұнараның төбесінде дуалдағыдан жасалған жактаулар бар.

Жалпы алғанда, IX ғасырдың орта шенінен XIII ғасырдың басында дейінгі кезеңде Қазақстан қалаларының құрылышында слеулі өзгерістер болған, олар рабадтардың қалыптасуынан, махаллалар көлемінің үлғаюынан көрінеді. Сонымен бірге көптеген қалаларда қамалдар (цитадель) салудың сипаты өзгереді. Мешіттер мен қоғамдық моншалар қала құрылымындағы жаңа элементтер болды. Қорғаныс бекіністері негұрлым мықты бола түседі.

Оңтүстік-Батыс Жетісуда да камал құрылыштарында өзгерістер байкалады. Қызылөзен қаласы жұрттының қамалында, VIII-IX ғасырдың бірінші жартысында мықты бекіністі сарай кешенінің тептегіде қаралайым түрғын үй салынған. Степинискоенің Ақтөбе қала жұрттының камалында қалалық бай қоныс-жай (усадьба) мен монша болды. Тараздың қамалынан да X-XI ғасырдағы моншаның орны аршылды.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда Талғар қаласының жұрттың қазу жұмыстары оның құрылышында жекелеген махаллаларды анықтауга мүмкіндік берді. Көлемі 4000 шаршы метр болатын XI-XII ғасырдың басындағы махалла толық аршылды. Ол үлкен көшениң учаскесін біріктірген және қалған құрылыштан шеткі үйлердің бүйірдегі қасбетінің саңылаусыз қабыргаларымен оқшауланған үйлерден түрған. Үйлердің шағын көшелерге шығатын есіктері бар, ал бул телімдегі ондай үйлердің саны 12-14.

Талғар махалласын Құйрыктобенің уақыты жағынан сөйкес келетін махаллаларымен салыстырғанда алғашқысының көлемі үлкен екені аңгарылады. Махалладағы үйлер саны бірдей болмаганымен, Талғардағы махалла алып жатқан телім 4 еседей үлкен. Мұны Іле қалаларының ерекшеліктерімен түсіндіруге болады, олар жерге көшпелілер мен жартылай көшпелілердің отырықшылануы натижесінде пайдада болған және олар өз құрылышында бұрынғы әмірінің көптеген белгілерін сактап қалған, атап айтқанда,

Үйлердің қасында мал үстайтын үлкен аулалар болған. Сірә, Талғар махаллалары да, жогарыда Оңтүстік Қазақстан қаласына байланысты жазылғанындей, туыскандар үйлері тобының шоғырлануы сияқты қалыптасқан болса керек. Олар туыс және ортақ бір атадан шыққан әuletтердің үйлері болған.

Солтүстік-Шығыс Жетісу қалалаларының бекіністерін зерттеу Талғар дуалының таспалау әдісімен саз балшықтан тұргызылғаны көрсетті. Дуал табанының ені 7 м, сакталған биіктігі 4 метрге дейін жетеді.

Сүмбे қаласы жұрттының дуалдарына да осындай құрылым тәу дуалдың табанына койтастар қаланған. Олардың арасы балшықке толтырылған, ал дуалдың жоғарғы жағы қалындығы 20 сантиметрге дейін жететін балшық қабатымен биіктегілген. Балшық дуалдың екі жағынан да алынған, бірақ көбіне ол сырт жағынан алынып отырған, мұның езі дуал салумен бір мезгілде ор қазуз мүмкіндік берген.

**Тұргын үй тұргызуудың дамуы мен демографиялық сауда** IX ғасырдың екінші жартысы – X ғасырдағы тұргын үйлерде оның алдындағы уақыттың дәстүрі жалғастырылады. Бұлар – кіре беркі тамбур тәрізді, тұргын жайдың қабырғаларын бойлай “т” және “п” түрінде сәкілер орналастырылған, айналасында жақтаулары мен каминдері бар ашиқ үлгідегі ошактармен жылжытылған, белағаш (өтпелі) етіп жоспарланған бір және екі болмелі үйлер. Олардың төбесі бір бағанды және төрт бағанды етіп, жайпақ түрде жабылған.

X-XI ғасырлардағы үйлер жоспары Құйрықтебе қаласындағы казғанда мәлім болған. Мұнда екі болмелі үйлер тұргын жай мен коймадан тұрды. Үйге тамбур-текпішек арқылы кіретін болған. Бөлмеде қабырғалардың бойлай, ені 1-1,5 м және биіктігі 0,3-0,4 м болатын “п” түрінде сыпа (сәкі) салынған. Ортасында, еден жақтауы бар антропоморфтық алаңша түріндегі ошак орналасқан. Оның колемі 1,2x1,5 м, алдыңғы жағы донгелек екі дөнеспа сәндептілген, оған жақын жerde от жагатын шұңқыр тұр. Кіре беркі қарама-қарсы жақтаумен белінген шаруашылық орны бар, оған таңдирмен койылып, еденін қазып, ыдыс көмілтілген. Сәкінің (сыпаниң) шетінде таман биіктігі 0,6 м жуан текше орнатылып, оған сиданша тандыр қойылған. Таңдырың қасында қабырғаға шаруашылық құыстары жасалған. Үйдің төбесі жалпақ және төрт бағанды тірелген, ол бағандардың едендерінде шұңқырлары сақталып қалған. Баска үйлердің ішкі көрінісі осыған ұқсас, тек болмаши айырмасылықтары гана байқалады.

Құйрықтөбеде қазып аршылған IX-XII ғасырдың басындағы тұрғын үйлерде елеулі өзгерістер аңғарылады. Мұнда ұзынынан тізбектеле орналасқан үш болмедин тұратын, тізбектеп (тұзу, жалғастырыла) жоспарланған тұрғын үйлер сақталған.

Болмелері ұзынынан айқастыра (айқыш тәрізді жоспарланған) орналастырылған үйлер жана үлгіге жатады. Ұзын жағы үлкен кошеге тігінен бір қатарға қойылған болмелері бар тұрғын үй тағы бір үлгі болды. Үйдегі болмелер саны екеу немесе үшеу. Бұл үлгідегі үйдің айқын бағдары жок, жеке болмелерінің қандай мақсатқа арналғаны аңғарылмайды.

Белменің ішкі көрінісі өзгешелігімен ерекшеленеді. Сәкілер белменің жартысын, тіпті бүкіл көлемінің үлкен болігін алып тұрады, бұл орайда еден деңгейі тек өтер жерде немесе кіре беріс алдындаған сақталады. Ашық ошақтардың айқын тікбұрышты бейнесі сақтаимаган. Бұл ошақ шұңқырлары мейлінше алуан түрлі: сопақша, дөнгелек, таға тәрізді болып келеді.

IX-XIII ғасырдың бас кезінде Оңгустік-Батыс Жетісуда да тұрғын үйлердің жаңа үлгілері таралады. Олардың біріншісіне орталықтан жоспарлау тән, оның негізі орталық зал немесе аула болып, тұрғын жайлар мен қора-копсыларға сол арқылы кірген. Бұлайша жоспарлау бай үйлерге де, қатардағы үйлерге де тән. Айырмашылық құрылыштың көлемі мен ішкі көріністің сипатына ғана келіп саятын.

Орталықтағы кираган үйінділерден тыс жерлердегі сипатталған үйлердің бір бөлігі, сірә, ауқатты қала тұрғындарының жазғы мекендері болса керек. Бұл “касрлар” – бекіністі мекен-жайлар. “Каср” терминін – павильон, шағын сарай деп түсінген дұрыс.

Ұзын дуалдармен коршалған аумақтағы қала сыртына орналасқан бай құрылыштармен қатар олардың тағы бір түрі болды. Бұлар – ұыылдық округтердің негізгі компоненті болған екі жөне үш белмелі үйлерден тұрады. Олар жалғыз, бестен жынырмай дейін тоptалып орналасқан, кейде ішінде құрылыш салмаган телімі бар езінше бір төрткүлді құрайды.

Тегінде, мұндай үйлердің көпшілігі ауыл адамдарынің болса керек, бірінші кезекте, кейбіреулері ұзын дуалдардың ішкі кеңістігін шет жактарына орналасты. Басқалары қатардағы қала тұрғындарының жазғы тұрғын жайлары болуы мүмкін.

Солтүстік-Шығыс Жетісудағы баспаналар туралы Талғар қаласындағы тоғыз үй қалдығы бойынша айтуда болады. Олар бір камералы тұрғын үй мен қоймадан тұратын құрылышқа негізделген.

Тұрғын үй мен мал ұстауга арналған кең ауланың үштастырылуы көңіл аудартады. Бұл – шаруашылығында малшылық тұрмыс сакталған халыққа тән үрдіс. Тағар қаласының шаруашылығында малшылық және көпшілік дәстүрлер болғанын дөлелдейтін қызықты жағдай кейбір қоныс-жай аулаларына тұрақты тігіліп қоятын киіз үйлер болып табылады.

Үйдің жаңында киіз үйдің болуы көшпелі тұрмыс дәстүрінің сакталуын аңғартады, осы тұрғыдан алғанда да Іле қалаларының мекен-жайлары бір жағынан, жергілікті халық арасындағы отырықшылану үрдістерін, екінші жағынан – қала тұрғындары шаруашылығында мал өсірудің өлі де елеулі рөл атқарғанын дөлелдейді. Бұған ауладагы киіз үй ғана емес, сонымен қатар малдың түрлі тұліктеріне арнап салынған құрылыштары бар, бүкіл мекен-жайдың жартысын алғып жатқан ауланың өзі де айғақ болады. Сонымен бірге тастан, күйдірілген балшық кесектерінен, шикі кірпіштен салынған көп болмелі тұрақты тұрғын үйлер қалаларды мекендеушілер тұрмысының орнықты болғанын, ал олардың өмірі бірінші кезекте қолөнермен, саудамен және егіншілікпен байланысты екенін дөлелдейді.

Махаллалар құрылышы мен тұрғын үйлер қарастырылып отырған кезеңдегі демографиялық жағдайды сипаттауға мүмкіндік береді. Біздің есептеуімізше, өнірдегі ірі қала орталығы – Испиджабта 40 мындаі адам өмір сүрген. Кенжеде округінің орталығы Усбани-кентте 7 мындаі адам тіршілік етті. Астана қалаларда мен неғұрлым ірі қалаларда 4 мындан 10 мынға шейінгі адамдар өмір сүрді, ал Отырарда 16 мындаі адам болды. Орташа қалаларда 1,5 мынан 3 мынға дейін адам болса, ұсак қалаларда 1,5 мындаі тұрғындар болды. Оңтүстік Қазақстанда барлығы 150-160 мындаі адам өмір сүрді.

Біздің мәлімет бойынша Шу мен Талас алағындағы қала тұрғындарының жалпы саны 100 мындаі адамға жетті. Іле алағындағы қалаларда XI ғ. мен XIII ғ. бас кезінде 350 мың адам тіршілік етті.

Қала тұрғындарының саны бойынша Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың жекелеген аудандары Орта Азияның Ташкент, Мерв оазистері секілді аудандарынан әлдеқайда аз еді.

Көлөнердің, сауданың, ауыл шаруашылығының дамуы. Қалалар санының артуы, олардың аумағының кеңеюі, қала халқының есіі қөлөнер мен сауданың одан әрі дамуына ігі осерін тигізді. Қолөнер өнімін тұтынушылар құрамы өзгерді. Егер бұрын, VII-VIII ғасырларда олар бай көпестер мен дикандар болса, енді қатардағы

тұрғындар да өнімді негізгі тұтынушыға айналады. Құмырашылар махалласындағы қазбаға қарағанда XI-XII ғасырларда шағын колөнер шеберханалары пайда бола бастайды. Сол кездің өзінде-ақ шеберханалар бір салага мамандандырылды, ал қыш құмырашылар цехтық үйімдарға біріктірілді.

Қазақстан қалаларынан көп табылған шыны бүйімдары X ғасырга жатады. Сол кезден XIII ғасырдың басына дейін шыны бүйімдарының түрлері, үлгілері және жиынтығы өзгермейтіні байқалады. Қазақстанның түрлі қалаларынан табылған шынының жақын үқастығы аңгарылады.

Шыны ыдыстардың деңі үрлеу әдісімен, енді біреулері қалыпка күю арқылы жасалған. Қалып ретінде пайдаланылған қабырғалары мен түттерінде “ара үясы”, шеңберлес сызықтар, розеткалар түріндегі ою-өрнектер болды. Үрлеп жасалған ыдыс сыртынан жапсырылған кайырмалармен, шыны тіндерімен және жолақтарымен өрнектеледі, кейде түрлі-түсті жапсырмалары бар өрнектермен безендіріледі. Шынылардың көп кездесуі орта ғасырлардағы қалаларда шыны өндірісінің жоғары деңгейге жеткенін және халықтың мейінше алуан түрлі топтары пайдаланғанын дәлелдейді.

Қалалық қолөнерде темір бүйімдар жасаумен тығыз байланысты үсталық кәсіп өте кен таралды. Қала үсталары әдетте жеке махалиларға орналасты. Темір кен өндірілетін жерлерде өнделген. Металл да сонда балқытылған. Ұста дүкендеріне темір қорытпалары өзірленген крица, құйма және темір сыйықтары турінде экелінген. Темір және шойын бүйімдардың сыйықтары өрлендіру материалы ретінде де пайдаланылды.

Нашар сакталуына байланысты ұста дүкендерінің күрылышын көзге елестету киын. Алматы ұста дүкенінде темір балқытатын көрік шикі кірпіштен қаланған, ол цилиндр тәрізді, түбінің диаметрі 2 метрге жуық. Оның іші құлғе, көмірге және төбесінен құлаң түскен күйген кірпіштің кесектеріне толы. Қөріктің жанында ыдыстар – су таситын төрт көзе тұрды. Оларда су немесе бүйімдарды шындауға арналған ерітінділер сақталды.

Мыс бүйімдарын жасау барлық қалаларда таралған, оның үстіне полиметалл мен мыс орталықтарына жақын Қаратрудада, Қыргыз, Іле және Талас Алатаударында өндірілген. Зерттеушілердің пайымдауынша, мыс кәсіпшілігі маңызы мен шеберлер саны жағынан екінші орындағы мамандық болған. Соның алдындағы кезеңмен салыстырғанда, мыс бүйімдары көбірек мәлім. Мыс шеберлері ыдыс-аяқ, шырағдан, әсемдік заттар жасады. Олар керек жағдайда зергерлер де болып, қымбат тұратын металдармен де

жұмыс істеді. IX-XII ғасырлардагы металл бүйімдар негізінен, қола шырағдандар мен оларға арналған тұғырлар болып келеді. Қолөнер бүйімдарының арасында күмыралар да бар.

Зергтеушілердің пайымдауынша IX-XIII ғасырларда Жетісу күміс бүйімдарын өндіретін орталықтардың біріне айналды.

Қоладан, күміс пен алтыннан білезіктер, шолпылар, сырғалар, қапсырматар жасалды. Зергерлік бүйімдардың арасынан Шымкент қомбесінен табылған, X-XI ғасырларға жататын шираттапы бүратылған күміс білезіктер өздеріне ерекше назар аудартады. Жетісу-Сырдария аймагына тән мұндай білезіктер негұрлым кейінгі кезде де жасалынды. Отырадан XIII ғасырдың басына жататын өшекейлердің қызықты жиынтығы табылды. Бұл – үштарында сегіз қырлы басы бар қола білезік, күрделі нақышталған, қола шарлар тізілген шаш үстегыш, айшықты шыны мен көгілдір ұнтақтан қатырып жасалған моншактар. Әшекейлердің ең көп тобы – шыны мен түрлі-түсті тастардан – ақықтан, агаттан, хрустальдан, көктастан, яшімадан, інжу-маржандардан жасалынған моншактар.

Аталғандармен катар киіз, жіп талшықтары өндірісімен байланысты тері өндіреу, жүн току секілді мал шаруашылығы өнімдерін өндійтін қолөнер салалары да дамыды. Бірақ мұндай өнімдер сақталмаған.

Сүйектен жасалған садақ қантамалары, түйреуіштер, шахмат мусіндері табылған.

Тас өндіреу, негізінен орта ғасырлардағы кала жүрттарында ең көп тараған олжалардың бірі – дірмендер жасауға келип сяды. Олардың ертедегі орта ғасырларда жасалған түрі бүкіл кейінгі ғасырлар бойында сақталып қалды.

(X-XII ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстыратын Жібек жолы бүрінгісінша белсенді жұмыс істей берді. Оның Қазақстандағы бөлігі Газгирден (Қазығұрттан) басталып, Испиджабқа, Таразға, одан Қуланға, соңан соң Невакетке, Баласағунға, Бедел және Аксу асулары арқылы Шығыс Туркістанға барды. Тараздан Бешташ және Кугарт асулары арқылы Ферғана аңғарына, ал Адахіес және Дем Нұдженес қалалары арқылы кимектерге (қымактарға) баратын еді. Бұл жерден сауда жолдары Енисей хакастарына бет алып, ол жақын әрбір үш жылда бір көрүен жібек апарып тұрды.

Испиджабтан керуендер Усбаникет, Кедер, Сығанақ арқылы Янгикентке жетті. Усбаникенттен, Кедер мен Сығанактан Қаратайдың теріскей беткейіндегі қалалар – Балајок бен Созакқа жи шығып, одан әрі Бетпақдала арқылы Дешті Қыпшакқа барады

Янгикенттен кимектерге шыгатын жол басталып, ол Сарысудан Улытау етегіне және Есілдің жағалауымен Ертіс аңғарына өтетін.

Хасырда Іле аңары арқылы да керуен жолы өтетін еді. Мұнда жол Шу аңғарынан Қордай асуы, Қастек және Сынтас арқылы келетін Талхизде керуен жолы тармақталып болінеді. Онтүстік Іле жолы Есік, Шелек қалалары арқылы Кегенге, одан әрі Шығыс Түркістанға откен. Екінші тармағы Шелектен Сүмбебек қаласына, одан әрі Алмалыққа барған. Солтүстік Іле жолы Жақсылық қаласына, Таңбалы-тас шатқалына беттеп, Іле арқылы еткен де, содан соң Екі-Оғыз және Қаялық қалалары арқылы Алакөлдің жағасымен Алмалыққа, Тарбағатай арқылы Ертіс аңғарындағы кимектерге барған. Солтүстік және онтүстік жолдар Шелектен Борохудзирге апаратын жолмен қосылып, Іле арқылы өткелден өтіп, одан әрі Кектал, Өсек және Хоргос алқабы арқылы Алмалыққа шықкан.

Казакстанның онтүстігінде Испиджаб, Кедер, Отырар және Янгикент, Онтүстік-Батыста Тараз бен Баласагұн, Солтүстік-Шығыс Жетісуда Талғар мен Қаялық ең ірі сауда орталықтары болды.

Испиджабта жабық базар және мата базары болды. Испиджабтың басқа сауда орындары арасында тималар аталады. Бұлар қарабас-маталармен сауда жасалатын арнаулы орындар бар үлкен керуен-сарайлар еді. Әл-Мақдиси айтатын рабадтардағы керуен-сарайлар осылар. Олардың кейбіреулерінде нахшебтер мен самарқандықтар тұрган. Сонымен бірге Испиджаб көпестері Бағдатқа дейін тауар апарып, онда Мервтен, Балхтан, Бұхара мен Хорезмнен барған көпестермен бірге Харб ибн Абдаллах әл-Балхи рабадында тұрган. Отырар алқабы жөнінде деректерде “Фараб – бай өнір, оның басты қаласы Кедер деп аталады... – бұл көпестер жиналатын жер” дедінген. Кедер деп саналатын Құйрықтөбе кала жұрттының бір махалласында сауда дүнгіршегінің орны аршилды.

Сырдарияның төменгі ағысында Янгикент белгілі сауда орталығына айналады, онда хорезмдік көпестер колониясы болған.

Бұрынғысынша Тараз транзиттік ірі сауда орталығы болып кала берді, ол жөнінде деректерде “мұсылмандардың түріктермен сауда жасайтын орны” және “көпестер қаласы” деп жазылады. Тараз көпестерінің Исфаганда өз тобы болған, ал соңғысының тұрғындары Шелжеде, Талас алқабында сауда жасаған. Жетісудан Тараз арқылы Таластың жоғарғы ағысында ендірілетін күміс тасылған. Күміс ендірілетін орталықтар Шелже, Текабкет пен Көл қалалары болған. Іле аңғарында Талғар мен Қаялық сауда орталықтары болды.

IX-XIII ғасырлар бас кезінде қалалар мен өлкө арасындағы сауда көнінен дамиды. Қалаларга сипаттама бергенде орта ғасырлардағы авторлардың ең алдымен базарларын сипаттап, сол жерлердің тауарларына тән бағалар туралы хабарлайтыны көздесек емес. Қалаға өлкеден ауыл шаруашылығы өнімі, негізінен астық, жеміс, ет өкелінген. Егінші халық қала қолөнершілерінен жақетті бүйымдар – керамика, шыны, зергерлік бүйымдар, әшекей заттар алып тұрды.

Қала өмірінде даламен сауданың маңызы зор, ол қалалардың өзінше бір ауылдық өндірі болды. Сауда қала мен даланың скеуіне де пайда келтіреді, бұл жөнінде салжук құжаттарының бірінде айтылады: “Олардың (көшпелілердің) пайда келтіретін тауарлары мен заттары отырыкши адамдардың байлығын, игілігі мен пайдасын арттырудың бір көзі болып табылады. Шонжарлар мен жай халық осы игіліктер мен артықшылықтардан өз үлесін алады”.

Жәрменке сипаттыңда болған сауда көшпелі дүниемен шектес Сауран, Янгикент (Жанкент), Дех-Нуджикес қалаларында мейлінше қызу жүргізілген. Испиджабқа мал шаруашылығы өнімі Дех-Нуджикес арқылы келіп отырған. Сауран оғыздармен жасалатын сауда орталығы болды. Соңдай-ақ оғыздар Баладж және Берукет қалаларында да сауда жасаған.

Янгикент арқылы оғыздар Хорезммен сауда жүргізген, ал Хорезм Қазақстан даласы, Еділ бойы, Хазария мен славяндар дүниесінде арасында аралық рөл атқарған. Жазиралар (оазистер) мен қалалардың халқы жылқы, мал, жұн, иленбекен тері, киіз, текемет, сүт өнімдерін, құлдар алып отырды. Кейір қалалар тікелей көшпелілерден алынатын, не өкелінген шикізаттан жасалатын тауарларды сыртқа шығаруға маманданды. Мысалы, әл-Макдиси былай дейді: “Шаштаң жоғары сортты шегірен ерлер, жебе салатын қорамсақтар мен шатырлар өкетілді. Тері түріктерден өкетіліл, иленді... Ферғана мен Испиджабта - ак маталармен, қарумен, семсермен және темірмен бірге түріктерден шықкан құлдар. Тараздан ешкі терілері. Шелжеден – күміс. Түркістаннан, сол сияқты Хутталдан бұл жерлерге жылқы мен қашырлар өкелінді”. Түріктердің жылқылары ерекше бағаланған. Истахри “Хорасанға қой ҳаладждардан өкелінеді ал Мауераннахрга ет оғыздар мен қарлұқтардан... өздерін керегінен көп мөлшерде жеткізіледі” деп хабарлайды.

Көшпелілер экспорттың маңызды беліктері арасында муску пен аң терілерін атая керек. Көшпелілер саудасының маңызды тары бір белігі құлдар екені айттылады. Сонымен қоса дала тайпалары

калаға металл жеткізіп отырған. Оны өндіретін орталықтардың бірі Орталық Қазақстан болған. Эл-Идриси кимектердің темір, күміс және алтын өндіргенін айтады. Көшпелілер өз тауарларына қалалық орталықтардан қиім-кешек, мatalар, астық, қала қолөнерінің бұйымдарын, сөндік заттар айырбастап алған.

IX-XIII ғасырлардың басындағы кезеңде тауар-акша қатынастарының өсуі тән, ол айырбасты ығыстырып шығарады. Қазақстанның ірі қалаларында тенге сарайлары болған. Испиджабта тенгелер соғылған, бұл іс бірсыныра үзіліспен XI ғасырдың бірінші жартысана дейін созылған.

Отырарда тенгелер соғу жалғастырылды. 1967 жылы Самарқанд көмбесінен Барабтың 222-223 жылдардағы саманилік тенгелері (мөнеттері) табылды. Отырар және Құйрықтөбе қалаларының жұртын қазған кезде де нақ сондай тенгелер табылған. Бұл қалада қарахандар мен хорзмашахтар кезіндегі тенге сарайы одан өрі жұмыс істеді. Фарабтан 1164-65 – 1173-74 жылдарда Қарахан мемлекеті кезінде соғылған тенгелер табылды, зерттеушілердің шілдінше, тенге соғу 1210-11 жылдарға дейін жалғасқан болуы мүмкін. 1210 және 1217-18 жылдарда Отырарда соғылған Мұхаммед ибн Текештің тенгесі мәлім. Яссыда хорезмшах соқтырган тенге табылды.

XI ғасырдың 20-шы жылдарының аяғында Мауераннахра дірхемнің сапасы күрт нашарлады. Оның құрамындағы күміс 20%-га дейін құлдырады. XI ғасырдың аяғына қарағ “күміс дағдарысы” бүкіл мұсылман Шығысын, соның ішінде зерттеліп отырған аймақтың қалаларын да қамтыды. Сондықтан XI-XII ғасырларда тенге бағамы алтынмен бейнеленіп, ол құның бұрынғыдан көбірек ешкеміне айналды. Оның айналыс құралы ретіндегі рөлі арта түсті.

Қала халқының көбекеі ауыл шаруашылығының тауарлығының артыруды, жерді пайдаланудың барған сайын интенсивтендірілуін талап етті, өйткені Оңтүстік Қазақстанның бірқатар алқаптарында, сондай-ақ Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларының ұзын дуалдары шегін суармалы және өндөуге қолайлыш жер көлемі шектеулі болатын.

X-XIII ғасырларда Іле өзенінің төменгі ағысында ирригация дамилы. Бұрынғысы сияқты, қала және ауыл тұрғындары өз учесекелерінде бау-бақша дақылдарын өсіреді, жүзім шаруашылығымен және үй жанында мал өсірумен айналысады. Қалалардың жұртын қазған кезде Төменгі Барсханда Қызылөзен қаласының жұртында шарап ашытатын орындардың калдықтары табылды, Степанинскоенің Ақтөбесінде екі шарап ашытатын орын қазып

аршылды. Қала тұрғындарының үйлерінде ұралар болып, оларда астық, көнтірілген жеміс қоралары сақталған.

Қала жөне ауыл тұрғындары сондай-ак үй жануарларын – жылқы, сиыр, қой, ешкі ұстаган.

**Қала мәдениетінің трансформациясы: дәстүр мен инновация.** Мұқанна көтерілісі талқандалғаннан кейін Мауераннахда ислам діні біржола орнықты. Мамун үәкіл болған кезде ол Орта Азия үшін мемлекеттің тірегіне айналды. Орта Азиялық қызмет атқарушы шонжарлар халифтер сарайында барған сайын зор рөл аткарды. Орта Азия мен Таяу Шығыс жедел жақындаса бастайды. Осының бәрі халифатка қарадағы түрлі халықтар мәдениеттің елеулі бірлігінің орнауына себепші болып тұра алмайды.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бул үрдістен шет қалмады. Сырдарияның орталығы да, Жетісу халифатының құрамына кірменімен, араб халифатының, ал содан соң Саманилер мен Қарахандар мемлекеттің саяси, экономикалық жөне мәдени қатынастары аясына тартылуы сияқты, Орта Азиядан біршама кейінде қалса да, олардың мұсылмандандыруы едәуір жедел жүріп жатты.

Сол кезде қала жағдайы өзгереді. Бірінші кезекте VI –VIII ғасырларда болғандай, қала феодалдың ордасынан әкімшілік орталыққа, мемлекет әкілі болып табылатын билік ордасына айналды. IX ғасырдың басынан қарай қаланың елеулі езгерістересіз бүкіл ортағасырлар бойы тіршілік еткен үлгісі қалыптасты.

Қала мәдениеттің дамуында жана дін – ислам маңызды рөл атқара бастады. VIII ғасырдың соны мен IX ғасырдың орта кезін сипаттайтын дерек көздері Оңтүстік Қазақстан халқы исламдана бастағаның баяндайды. 840 жылы Нұқ, ибн Асад Испиджабты бағындырады. Оның бауыры Ахмет ибн Асад Шауғарға жорық жасап, біриене мыңдаған адамдарды үрши-согады. Жаудап алу соғыстары ислам дінін таратуға бағытталған еді.

766 жылы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда саяси билікті басып алған қарлуктар ислам мәдениеттің ықпалына түскен болатын. Олар ислам дінін Махди халиф тұсында қабылдаған деген пікір де бар. Бірақ бул олардың шағын белігіне қатысты болса керек, себебі 893 жылы Исмайл ибн Ахмет Таразды басып алғып, “бұл қаланың бас шіркеуін мешітке айналдырды”.

X ғасырдың басында қарахандар өулеттінің негізін қалауышы Сатүқ ислам дінін қабылдады, ал оның улы Богра-хан Харун бин Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Мұсылман діні бірінші кезекте қалаларда таралды. Ибн Хордадбек

Фарабтың бас қаласы Кедердегі мұсылман топтары туралы айтады. Ибн-Хауқаль Фараб, Кенже мей Шаш аралығында көшіп жүрген мұсылман түріктер туралы хабарлайды. Эл-Мақдиси Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың Х ғасырдың аяғындағы қалаларын атай келіп, мешіттерді қалалардагы міндетті құрылыштардың бірі ретінде атайды.

Исламның таралуымен қатар қала халқы арасында пұтқа табынушылық әлі де сакталады. Зерттеушілер Орта Азия халықтары үшін ислам олардың рухани-діни түсініктерін толық ығыстырып шықпаганын атап отеді. Мұны археологиялық материалдар да дәлелдей отыр.

Сырдария аймағында ертедегі уақыттан бері койға табыну анғарышатыны туралы бұрын да жазылған. Бұл бейне зороастрлық фарнға байланысты. Түрлі халықтарда фарн таяу кезге дейін аскан береке – байлық, бақыт, денсаулық, қаскөй құштерден корғаныс және үй-ішінің ғулденуі ролін атқарып келгенді мөлім. Отрықшы ортада да бұрынғысынша ертедегі орта ғасырларда атап өтілген отқа табыну таралды. Ертедегі діни наым дәстүрлері Жетісуда ерекше қүшті болды. Онда исламның таралуына қарамастан, бұрынғысынша зороастризм, несториандық түсініктегі христиан діні, буддизм сакталып қалады. Халық арасында шаманизмнің және басқа ертедегі түріктер діндерінің дәстүрлері қүшті болды. Несториандықтың таралғанын несториандық жазулары бар қайраттардың табылуы да дәлелдейді, бұл монголдар келгенге дейінгі уақытка жатқызылады. Х ғасырда Жетісуда манихей діні қүшеді.

Мұсылман қаласы мәдениетінің қалыптасуында із қалдығран ертедегі дәстүрлердің сакталуын айта келіп, зерттеліп отырган аймақтың IX-X ғасырлардагы қалалық және қошшелі мәдениеттің күрінін болған бұл жер Шығыс мәдениетінің біртұтас тізбегіндегі буындардың бірі болғанын тагы бір атап көрсеткен жән.

### XIII-XV ғасырдың бірінші жартысындағы қала мәденисті

Қалалар санының азаюы, Жетісуда қала мәдениетінің күйреуі. XIII-XV ғ. бірінші жартысында Оңтүстік Қазақстандағы қалалар саны 22-ге дейін, XIV ғ. екінші жартысы мен XV ғ. бірінші жартысында 16-ға дейін қысқарды. XIII ғасырда Талас Алатауының беткейіндегі қалалар қаңырап қалды, тек Сайрамда ғана адамдар

тіршілік етіп жатты. Арыстың орта ағысындағы Қенжемен салғастырылатын Шортебе қаласында, Отырар оазисіндегі – Отырар, Құйрықтөбе, бұрынғы Бұзық пен Весидж аталған Шілік пен Зернук қалаларында да адамдар өмір сүрді.

Сырдарияның орта ағысындағы ауданда жағдай біршама жақсы еді. Мұнда оазистін жаңа орталығы Яссы оркендеп, бұрынғы астана Шауғар құлдырай бастайды. Жаңа жерге көшірілтен Қараашық, сондай-ақ Қарнақ, Шага, Иқан қалаларында да адамдар өмір сүріп жатты. Сауран қаласы да өз орнын алмастырады, оған қазір дәл осылай аталатын қалажұрты сәйкес келеді. Сырдарияның сол жағалауындағы Артық-ата қаласы қанырап қалғанымен, қасынан жаңа қала Бұзок бой көтереді, ал Шашпен шекарадагы Сұткентте адамдар әлі де өмір сүріп жатады. Шапқышылыққа қарамастан Сығанақ пен Ашиас қалаларында өмір қайтадан жалғасын табады, осы кезде Үзгент пен Баршынкент тіршілігімен белгілі болса, ал Ақкорған қаласы алқаптақ кеңінен танымал бола бастайды.

Қаратаудың солтүстік беткейіндегі қалалар жақсы жағдайда болды. Паркент (Беруект), Соғылкент, Құмкент, Үрсоган, Созақ қалалары дерек көздері бойынша да жақсы танымал.

Жалпы алғанда XIV ғ. ортасындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары белгілі дерек көздері бойынша төртке (бірқатар атаулар дерек көздері бетінде атаптайды, бірақ бірнеше жаңа атаулар пайда болады), ал XV ғ. ортасына қарай қалалар саны толыққанды суреттелінеді, олар екі есе қысқарған болатын.

Қалалардың саны ғана емес, осының алдында олар альп жатқан аумак та қыскарады. XIII-XV ғ. бірінші жартысындағы қалалар ауқымын дәл анықтау мүмкін емес, себебі бұл уақыттағы мәдени қабаттар кейінгі қатпарлармен жабылып қалған, бірақ көрсетілген уақытқа дейін өмір сүрген қалалардан мұндағы мәліметтер алынған. Мәселен, Құйрықтөбе 30-дан 8 га-ға, Бұзық-Шілік 17,7 га-дан 12,7 га-ға, Құмкент 11,3 га-дан 23,5 га-ға, Баба-Ата 20 га-дан 12,6 га-ға кішірейген. Қараашық көлемі екі есеге азайды. Сұткент ауданы да қысқара түседі.

Бірақ Масудбектің реформасынан кейін ақшамен саудаласу өркендердегі, Отырар, Қенжеде, Сайрам, Сығанақ қалаларының гүлдене бастағанын айғақтайтын фактілер де бар. Археологиялық мәліметтер бойынша Отырар XIII ғ. соңында монголдарға дейінгі кезеңдегі бұрынғы аумағының шегіне жеткен. Бұрынғы шекарасына Сығанақ та жетеді, жаңа Сауран аумағы 44 га жерді құрайды. Сойтіп, қалалық тұрмыс-салттың жалпы құлдырауына қарамастан,

ірі қалалар кайтадан қалпына келіп қана қоймай, ірі саяси (Сығанак, Сауран) және сауда-экономикалық (Отыrap, Кенжиде) орталықтарға айналды.

Оңтүстік-Батыс Жетісуда қалалық мәдениет үшін ауыр жағдай қалыптасқандығын жазба дерек көздері мен археологиялық материалдар айғақтаған отыр. XIII ғасырда мұнда шапқыншылық көрсөндиңде белгілі 27 қаланың 10-ы ғана, XIV ғасырда 7-үі, ал XV ғ. бас кезінде 5-үі қалды. Қалашықтар саны 40-тан 14-ке, кейін 10-нан 4-ке дейін азайды.

Қалалық өмірдің жалпылама аясында Тараз бен Жана-Талас (Янги-Талас) қалаларынан аздал өркендеу байқалды. Тараздағы мөнет сарайы Жана (Янги) мөнестін қарқынды түрде шығара бастайды.

XIII ғ. бірінші жартысы Солтүстік-Шығыс Жетісү қалалары үшін біршама жайлы болды. XIII ғ. ортасындағы дерек көздерінде төрт кала мен бір қоныс аталағы. Бұл уақыттарда дерек көздерінде Талхиз (Талхир) бен Лабан аталағанды. Рубруктің мәліметі бойынша Лепсі қаласымен салғастырылатын “несториандық қоныс” пен Қектума қаласымен сәйкестендірілетін “облыс орталығы” белгілі болған. Гайтон-1 жолында Ушарал қалашығымен салғастырылатын Иланбальқ қаласы аталаған.

Серіз қаладан XIII ғасырга жататын мәдени қабат анықталғанмен, олардың тек үшеуінде ғана XIV ғ. бас кезінде дейін тіршілік жалғасын тапқан-ды.

Сонымен, ең алдымен археологиялық материалдарға сүйеніп, XIV ғ. бас кезінде Солтүстік-Шығыс Жетісү қалалық мәдениет күйрекен деуге болады.

Қала құрылыштары, жаңа үлгідегі тұрғын үйлердің қалыптасуы. Қаладағы құрылыштар жоніндегі, қала махалласының сипаты, қоғамдық құрылыштар жоне де жаңа үлгідегі тұрғын үйлердің тұрғызылуы жайлы мәліметтерді Отыrap, ішінара Бұзық қала-жүрттарының қазба жұмыстары көрсетіп берді.

XIII-XV ғ. бірінші жартысындағы қазақстандық қалалардағы дестүрлі құрауыштар (компоненттер) қатарына бұрынғыдай моншалар да кірді. XIII ғ. соңғы ширегі мен XV ғ. бас кезінде жататын олардың бірі Отырардан қазылды. Ол оңтүстік қақпадан 200 м батыска қарай, су коймасының жағалауында, XI-XII ғасырлардағы моншаның орнына соғылған. Жоспардағы бағыттары бұрынғыдай солтүстік-батыс жақта емес; оған келушілер оңтүстік-шығыстан кірген.

Монша тік бұрышты құрылды, оның айқыш (крест) төрізді жоспары айқын аңғарылады. Оның екі кезеңде салынгандығы анықталды. Алғашқыда монша аумағы сыртқы қабыргасынан есептегенде  $13,5 \times 16,5$  м болған. Бұл кезде орталық залдың аумағы 22 шаршы метр еді, қалған беліктері суга арналған цистерна бөлмесін есептегендеге аумағы 7,2 шаршы метр болды.

Монша 10 бөлмеден тұрды, оған киім шешетін (лонгіхана), бу және массаж белмесі қызметін атқарған екі бенуарлы орталық зал, жуыннатын – ыстықхана мен суықхана бөлмелері кірді. Ол су қоймасынан жер асты галлерейсімен келген құбыр арқылы сумен камтамасыз етілді. Су құбыры суық және ыстық суга арналған цистерна түрган бөлмеге тартылған. Мұнда тәрт резервуар болған. Бірнеше бөлікке бөлінген олар өзара біріккен ұзын цистерна түрінде аршылып алғынды. Бұлардың неге арналғандығын ибн Синаның айтқан “адамдар шомылғанда бірнеше ерітінді пайдаланды” деген мәліметі көнінен түсінуге мүмкіндік береді. Ол кейбіріне өсімдік, күкірт, күл қайнатып салынды, басқаларына темір, тұз, кварц, тотияйын қосылды деп көрсеткен болатын.

Қала бекістітері. Жазбаша деректемелердің айтылуына карағанда, монголдар кез келген қаланы басып алған соң, бірінші кезекте оның бекінісін қиратып отырған. Отырадын дуалдары мен қамалының толық тасталқан етілгені анықталды, Сығанак пен Ашнастың да тағдыры осындағы болған. Монголдар қалалардың бекініс ретінде кайта өрлеуіне кедергі жасады. Марко Поло была деп жазған: монголдар кезінде “оскердің кіруіне кедергі жасай адмауы үциң қалалардың дуалдары мен қакқалары болуына рұксат етілмеген. Осылайша ауыздықтаған халықтар тұнышталады және теріс мінез көрсеттейді”. Сондыктan қалалар кейіннен біртіндеп кана дуалдармен коршала бастады.

Отырада қаланың жаңа дуалы XIII ғасырдың аяғы мен –XIV ғасырдың басында ғана салынды. Дуал түбінің ені 4,8 м, сыртындағы сакталған биіктігі 2 м, ішкі жағынан - 3,2 м. Қабырғаларының жалпы биіктігі 2 м-ден 3,5 м-ге дейін өзгеріп отырады. Дуалдың 400 метрге жуық тазартылған сыртқы көрінісі - қала жұртының бірде тебесіне көтеріліп, бірде төмөнгө қарай иретіле түскен сыйық болып табылады. Онтүстік-батыс және онтүстік-шығыс бұрыштарында шығыңқы сипаттағы мықты жартылай шенбер түріндегі мұнарадар болған. Дуалдың түбінен брустверіне дейінгі ең жоғарғы биіктігі – 6,1 м. Ол IX-XI ғасырлардағы дуал блоктары мен төсслеген құл-қоқыс қабатына негізделген. Отырадың айнала-

сүндеги дуалдың тұрғызылған уақытын, тегінде, Жошы және Шагатай үрпактарының арасында XIII ғасырдың аяғында Сырдария қалалары үшін күрестің күшесін көзөнімен байланыстырган жөн. Қалаларға бекініп алған Шагатай үрпактарының оларды қорғауды ойластырғаны сөзсіз және Отырармен, тегінде, басқа қалалардың да дуалдарын салуды нак осында Шагатай үрпактарының орнығымен байланыстыруға болады деген ой келеді. Уақыт жағынан бұл қаланың экономикалық өрлеу кезеңінде сәйкес келеді.

XIII ғасырдың екінші жартысы - XIV ғасырдың бірінші жартысында қалалық **тұрғын** үйдің жаңа үлгілері пайда болады. Біріншісіне бір орталыққа орналасқан шағын ауласы бар екі немесе үш камералы үйлер жатады. Үйлердің екінші үлгісіне қылышатын орталыққа орналасқан төрт жайдан тұратын тұрғын үй жатады. Бұл крест (айқыш) төрізді немесе төрт бөлікті схема, онда үй шаршы сияқты жоспарлы болады, ал қоймалар ауланың немесе тандыры бар тұрғын бөлменің сол және оң жақтарына орналасқан. Үшінші үлгісіне екі немесе одан да көп бөліктегі бар үйлер жатады. Үйдің әр бөлігі екі немесе үш жайдан тұрады, олардың біреуі міндетті түра тұрғын жай болады.

Тұрғын үйлер интерьерінде елеулі өзгерістер байқалады. Қабыргаларды жағалатып “г” немесе “п” төрізді етіп салынған еңсіз сымалардың (сөкілердің) орнына бөлменің көп бөлігін алғып тұратын сымалар пайда бола бастайды. Тандыр алдындағы әдетте кірпіш таселетін шағын алаңша еден деңгейін анықтайды. Бөлменің ортасында сыманың шетінде сыланған кеспелтек ағаштың, бөрененің, кіріш тағаниның, тас тұғырдың болуы үй төбесінің болме ортасында тұрған бір ағаш дінгекпен тіреліп қойылғанын көрсетеді. Оның алдындағы уақытта таралған төрт тіреуішпен жабу әдісі жойылады.

Тандыр өмбебап ошак міндеттін аткарады. Ол жылыту құралы және тамақ дайындалап, нан пісіруге арналған ошак болды.

Оларға сымадан қабыргаға дейін жалғасқан тұтін жүретін мұржа – “кан” салынды.

Сонымен, XIII-XV ғасырдың бірінші жартысында қалалық тұрғын үйдің жаңа үлгілері қалыптасатының олардың анфиладалық жөнде крест түрінде жоспарланған екеуінің алдыңғы уақытта үксас үлгілері болғанын атап өту керек. XI ғасырдың екінші жартысында тұрғын үйдің осы екі үлгісінің пайда болуы қалада отырықшыға айналған түрік этносымен байланыстырылғанына назар аударған жөн.

**Қалалар функциясы.** Жазбаша хабарламаларда Шыгыстың, Орта Азия мен Қазақстанның орта ғасырлардағы қалаларындағы қолонердің үйымдастырылуы туралы мәліметтер аз. Ұсақ тауарлы ондіріспен қатар, натуралдық өндіріс те сақталып, ол қазынаның шеберхана-қарқанды шоғырланды. Отырар шеберханалары бірінші кезекте дербес тауар өндіруші - үйінің жаңындағы өз шеберханасында жұмыс істейтін құмырашының жеке ондірісі туралы түсінік береді. Қаланың орталық болігінде де, құмырашлардың жеке коныстары мен махаллалары бар қала іргесінде де қолонердің шоғырланғаны байқалады. Шеберханалардың өздерінің орналасуында бірнеше ғасырлар бойындағы сабактастық аңғарылады, мұның өзі қолонер мен өндірістің өзіне өнімінен – керамикадан жақсы байқалатын дәстүрлі сипат берді. Қолонершілер арасындағы мұліктік белініс тә байқалып отырады. Бұл шеберхана көлсөмі, пештер саны, баспа на интерьере көлданылған күйдірілген кірпичтер сипаттын да көрінеді.

Қалада қолонершілердің цехтық үйымдарының болуы туралы әңгіме күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Орта Азиядағы цехтар туралы алғашқы айтылған сөздер XIV-XV ғасырлардағы деректемелерден кездестірілді. Алайда, А.Ю.Якубовскийдің пікірінше, Орта Азия қалаларының қолонершілері X ғасырдың өзінде-ақ цехтарға біріккен.

Отырар шеберханаларының қазба материалдары мұнда серік-тестіктер де, цехтық бірлестіктер де болған деп жорамалдауға негіз береді. Отырар шеберханаларында өндірілетін керамика өніміне, негізінен азғанда ақаулы және сынған керамика тоғтырылған шұнқырлардан алынған керамикаға, сондай-ақ бірқатар жағдайлар бойынша сапалы жағдайына жеткізіле күйдірілмеген; әшекейленген, бірақ күйдірілмеген; күйдіру құыстарындағы керамикаға жасалған талдау шеберлердің мамандануы туралы айтуға мүмкіндік береді. Зерттеушілердің пікірінше бұл монғол шиғыннышылығына дейін-ақ болған жайт.

Кірпіш күйдіретін пештер мен шеберханалар санының көп болуы құрылым жұмыстарының құлаш жайғанын дәлелдейді.

Монголдар кезі мен монголдардан кейінгі кезде кола айналар өндірудің едоуір ұлғайғаны байқалады. Айна жасайтын жаңа орталықтар Орта Азияда да пайда болады. Сондай орталыққа Отырар да айналған сияқты.

Суреттепіл отырған уақытта күмістен жасалған бүйімдар өндірісінің технологиясымен, әшекейлердің түр-түрімен және сипаты-

мен байланысты мәселелер үшін Отырадың XIII ғасырдың 60-жылдарында жасалған деп саналатын күміс заттардың көмбесі зор ынта-ықылас тұғызады. Көмбеден табылған зергерлік бүйымдардың бір болігін Оңтүстік Қазақстан қалаларының қолөнершілері жасаған. Бұлар - тұп иегізі XI ғасырдың өзінде-ақ Оңтүстік Қазақстан, Жетісу аудандары мен Орта Азияның солтүстік аудандарынан мәлім орама тәрізді білезіктер. Білезіктерді дайындаған кезде түрлі сипаттағы күміс шанышқылар мен ширатпалар пайдаланылған. Отырадың жылтыр білезіктері күміспен, бірақ неғұрлым жоғары сапалы күміспен қапталған дөңгелек күміс кесегінен жасалған.

Қалаларда бұрынғысыниша түрлі түске құбылып тұратын жасыл, кек, көгілдір, қызыл, сары және қою-қошқыл шыныдан ыстырап жасау дамыды. Бүйымдардың түр-түрі едәуір көп, олар - қаклактар, тостағандар, бокалдар, рюмкалар, графиндер. Бүйымдардың бір белгі қалыпқа келтіріліп ұрлеу кезінде жасалатын басу, шенберлер, ромбылар түрінде бедерлі өрнекпен әшекейленген, басқа біреулері пісірілген талшықтардың нақ өзіндей немесе басқа түсті шынышқтардың, қайырмалардың арқасында неғұрлым әдемі көрінеді. Шыныдан әшекей заттар - көз салып безендірілген білезіктер, түрлі-түсті шыны талшықтарынан жасалған білезіктер, моншактар, усақ моншактар дайындалған.

Қалаларда Қазақстан қалаларына тән дәстүрлі сүйек ою кәсібі дамыған. Олжалар арасында дөңгелек өрнекпен безендірілген пышақ салтары, түммелер мен қарсы ілгектер бар. Жылқы мен сиырдың үйн сан жілістерінің сүйектерінен - жүн өндеуге арналған жылтыратқыш, кой мен ешкінің жұқа сүйектерінен біз бен түйрегіш жасалған. Үй жануарлары мен жабайы хайуандар - күйктің, карақүйректың, бұғының мүйіздері шикізат ретінде пайдаланылған.

Тастан диірмен, әр түрлі шой балғалар, келсалтар, сүргілер, кайрақ тастар дайындалған. Өкінішке қарай, тоқыма кәсібін, кілем тоху ісін және басқа да қала коленерін дөлелдейтін айғақтар аз сакталған, бірақ олардың дамығаны даусызы. Мысалы, қала тұрғындарының үйлерінен табылған макта қаушақтарын, үршықbastардың тоқыма кәсібінің дамуын көрсететін дәлел ретінде пайдалануға болады.

**Сауда және керуен жолдары.** Монголдар жаулап алған кезде қалалардың талқандалуы, егіншілік алқаптары мен дала өнірінің қаныратылып тасталуы қала мен оның төңірегінің, қала мен дааланың саудасына теріс өсер етті. Алайда, халықаралық сауда жолдары жұмыс істей берді. Қытай мен Монголияны Орта Азиямен, Орта және Таяу Шығыспен, Еуропамен жалғастырып жатқан

Жетісу жолында бұрынғыдай жүргіншілер көп болды. Еуропаны Азиямен жалғастырып жатқан онтүстік орыс даласы, Еділ бойы арқылы Оралға, одан әрі Хорезмге, Сырдарияға және Жетісу арқын Алматық пен Монголияға ететін дипломатиялық және керуен жолы зор маңыз алды. Бұл жолмен Плано Карпини мен Вильгельм Рубрук жүріп өткен. Плано Карпини жолын кейінірек ішінәр Андре де Лонжюмо миссиясы қайталған.

Мөңке хан өлгеннен кейін өзара қырқысты соғыстар өршиді. Орта Азия мен Жетісу арқылы ететін жолмен жүру қауіпті болды. Тек XIV ғасырдың 20-30 жылдары гана монгол иелістеріндегі қайтадан халықаралық саудаға қолайлы жағдай орнаған. Көпестер мен миссионерлер бұрынғыша Кафадан Танға, Қоңе немесе Жап Сарайға, Ургенішке, Отырада, Алматық пен Ханбалыққа сапар шегіп отырды. Балдучи Пегалоттидің (1340 ж.) есептеуінше бұл жол 290 күнге созылды. Халықаралық сауда нәтижесінде Батысқа жібек, әшекей бұйымдары жеткізілді. Пегалоттидің көпестерге пологиматалар ала барып, оларды Ургеніште сатуға жөне татар елдеріндегі өтімді күміс жамбылар жинап алуға кеңес берген күөлігі сакталған.

Аталған тауарлар ішінәра Оңтүстік Қазақстанның қалаларында қалып отырды. Халықаралық сауданың кең көлемде жүргізілгендегі жоғарыда аталған күміс көмбे дәлелдей алады, онда Алматық, Еміл, Пулад, Жент, Қырым, Сивас тенгелері бар. Көмбे бұйымдарының бір белігі, мысалы, жоғарыда суреттелген құрама белдівтің белшектері мен үйғырша жазбасы бар қалақшалар Орта Азиядан. Шығыс Түркістаннан, кіші Азиядан шыққан.

Халықаралық саудамен қатар жергілікті, облыс ішіндегі саудада дами бастайды. Тауар-ақша қатынасына дала тайпалары да тартылды. Кошпелілер қабірлерінен, коймаларынан табылған мөнет олжалар көп.

Қазақстан аумағындағы ақша айналымы тарихын осы кезеңдең Орта Азия ақша өндірісінен боліп қарастыруға болмайды. Шагатайлықтар империясындағы ақша өндірісі дамуын үш кезеңге белуге болады.

Бірінші кезең монголдардың Орта Азияны жаулап алғанинан кейінгі ширек ғасырлық уақыт, шамамен XIII ғ. ортасына дейінгі аралық жатады. Екінші кезең шығарылған жеріне қарамай барлық Шагатай мемлекетінде жүрген сапасы төмен алтын мәнесттер шығарумен сипатталады. Аясы тар айналым үшін күміс жалатылған мыс дирхемдер шығарылды. Бұхара, Самарқанд, Ходжент пен Отырада мәнет сарайлары жұмыс істеді. Осы кездері ұсак ақша саудасы да

жанданды. Айтальық, Отырарда хижкраның 649 жылынан (1251-1252 ж.) 662 жылына (1263-1264 ж.) дейін тек қаладағана емес, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан, Ташкент, Фергана аудандарында күміс жалатылған мыс дирхемдер саудада жүрген.

Ушінші кезең хижкраның 670 жылында (1271-1272 ж.) басталған Масудбектің ақша реформасынан бастап есептелінеді. Реформа Орта Азия, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісұдың көптеген қалалары мен облыстарында бағалы күміс тенгелерді тұраты соғып тұратын етті. Қазір XIII ғ. соңғы ширегінде жұмыс істеген 15-тен астам теңге сарайлары белгілі болып отыр, олардың арасында Отырар, Тараз, Кенже (Кендже), Жент сарайлары бар. Нумизматикалық мәліметтерге қарағанда, Қазақстанның оңтүстігі мен Талас алқабы сауда-саттық үшін қолайлы жағдайда болып келген.

1321 ж. Кебек хан жаңа күміс тенгелер – “кебектерді” айналымға енгізді. Бұрынғысынша Отырар, Тараз бен Кенжеде монеттік онімдер көптеп шығарылды. XIV ғ. екінші жартысында Сығанакта да мәнеттер соғылды.

Оңтүстік Қазақстан қалаларында келесі экономикалық және мадени емірдегі өрлеу – бұл жерлердің Темір империясының құрамына кіруімен байланысты, мұны XIV ғ. соңы мен XV ғ. ортасында Самарқандта, Бұхарада соғылған көптеген мыс мәнеттер нақтылай түседі. Осы уақыттарда Улықбекте Отырарда мыс тенгелер соқтырды. Отырарда табылған Астрabad, Герат, Иезд, Кашан, Кум, Шираз қалаларында соғылған күміс мәнеттер қоймасы – Оңтүстік Қазақстанның сыртқы сауда байланыстарының нақты көрсеткіші.

**Егіншіліктің құлдырауы.** Монгол шапқыншылығы ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізді. Дегенмен Қазақстанның оңтүстігінде шаруашылық біртіндеп дами бастайды. XIII ғ. ортасы мен XV ғасырда Сығанакта, Сырдарияның сол жағалауында, Отырар төңірегінде суландыру жүйелері қалпына келтіріледі. XIII ғ. соңы – XVI ғасырда Арыстан тартылған магистраль каналдар арасында Отырар-Құйрықтебе-Алтынтөбе-Күйікмардан қалашықтарының арасында тертбұрышты егіншілік алқабы қалыптасады.

Түркістан, Сауран, Арқөк, Ақкорған, Созак қалаларының жаңындағы табиги аймақтарда да адамдар өмір сүре бастайды.

Жетісуда бұдан өзгеше жағдай қалыптасады. XIII ғ. ортасына қарай Іле алқабында егіншілік мәдениесті құйрекендігін археологиялық материалдар мен сол замандарда өмір сүрген авторлар да айғақтал отыр. Қоныстардың қиратылуы, егін еgetін жерлерді жайылымға айналдыру саясаты XIII ғ. соңына қарай Іле алқабында – оны көшпелі мал шаруашылығы ауданына айналдыруға алып келді.

Осындай жайт Оңтүстік-Батыс Жетісудан да байқалады. Өзара қырқыстар, билік үшін күрес, ауылдық қоныстар мен қалалардың киаратылуы XIII ғ. ортасына қарай егіншілік мәдениеттің (соның ішінде Таңас алқабында) күйреуіне алып келді.

Ал, Жетісуда сакталған егіншілік мәдениет ошактарының күйреуіне Темір жорыктары түпкілікті соққы берген болатын.

**Қала мәдениеті.** Монголдар шапқыншылығы күйзелткеніне қарамастан, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қала мәдениетінің дәстүрлі дамуы тоқтала койған жоқ. Мәдениетте XIII-XV ғасырларда пайда болған инновациялар алдыңғы кезеңдері мәдениет дамуындағы үзілісті немесе одан кол үзуді білдірмейді. Мұндай құбыльстар монголдар жаулап алған аймақтағы дамыған қалаларға да тән еді. Қазақстанның оңтүстігінде бұл соүлет өнері сектілді салалардан байқалды. XIV-XV ғасырлардағы архитектуралық нысанадарды зерттеушілер әлемдік соүлет өнерінің жарқын құбыльстарына жатқызды.

XV ғасырдың бас кезінде Ахмет Яссави кесенесі тұрғызылады. XV ғасырда салынған архитектуралық құрылыштар арасынан қазір қирап қалған Сығанақтағы Кеккесене белгілі. XIV ғ. соны мен XV ғ. бас кезінде Отырар маңындағы Арыстанбаб кесенесі салынған.

Мешіт, медресе, кесене құрылыштарының салынуы қала тұрғындары арасында мұсылмандық кеңінен тарағандығын білдіреді.

Қала тұрғындары арасында сопылтық ілім кеңінен таралды.

Үй құрылышында, оның жоспарында және баспаға интерьерінде көнтеген элементтер сакталды. Қын ыдыстарын өндіруде, дәлірек айтсақ тұрпаты мен ою-ернектерінде бір ізділік (мираскорлық) байқалады.

## XV ғ. екінші жартысы – XVIII ғ. бас кеәіндегі Қазақстанның қалалық мәдениесті

**Қалалар сини, кейінгі ортағасырлық қалалардың топографиясы мен типологиясы.** Қазақстан тарихында қарастырылып отырған кезең осының айдындағы кезеңмен салыстырганда жазбаша деректемелерде едәуір толық баяндаған. Жазбаша деректемелерде қалалар, бірінші кезекте Ясы-Түркістан, Отырар, Сығанақ, Сауран, Созак, Сайрам қалалары өмірінің кейбір жақтары туралы түсінік беріледі.

Осының алдындағы уақытпен салыстырғанда, деректемелерде айылатын қалалар саны (XIII ғасырдың екінші жартысы – XIV ғ.) 20-ға дейін, ал мезгілі XV ғасырдың екінші жартысы – XVIII ғасырдың басы деп белгіленетін қала жүрттары 23-ке дейін азайып кеткен. XV ғасырдың екінші жартысында жазбаша деректемелерде енді Солтүстік Қаратаяудың Үрысоган, Соғылкент, Құмкент қалаларының аттары кездеспейді. Осы қалалар деп саналатын қала жүрттары, археологиялық зерттеулердің көрсеткенідей, XV ғасырдың аяны – XVI ғасырдың басына қарай бос қалады. Сырдарияның теменгі ағысында – Жанқала, Қызықала қала жүрттары, Бөгенде – Бұрыктөбе (Шілік), Сырдарияның орта ағысында Құйрыктөбе мен Оксус (Оксыз) қала жүрттары тіршілігін тоқтатады.

XV ғ. ортасынан бастап Отырар төңірегі қаңырап қалды. XVI ғасырга қарай оның аумағы бір га-дан сәл-ақ асты, барлық қала тіршілігі орталық тәбешік маңына шоғырланды.

Сайрам, Сығанақ, Үзкент, Созақ қалаларының аумағы да тұрлады. Олардың рабадтары қаңырап, қалалық тіршілік мейлінше бекіністі орталыққа ауысады. Бұл тек археологиялық материалдар бойынша ғана анықталып қоймаған. Айтальық, П.П.Иванов Сайрам қарттарына жүргізген сауалдарының негізінде қаланың орталық болігіндегі, яғни қорғануга жеңіл бұрынғы штадель мен шахристан аумағында тұрғындар тығыз қоныстанғандығын жазады.

Өнірдің XVI–XVII ғасырлардағы саяси-экономикалық өмірінде Сырдарияның сол жағалауындағы Арқөк, Құжан, Аққорған, Үзгент қалалары маңызды рөл атқарды. Қаратаяудың солтүстік беткейіндегі Сайрамның маңызы артады. Ясы-Түркістан бүкіл Оңтүстік Қазақстанның дөрежесіне дейін тез арада көтеріледі.

Мұнда Темірдің бүйірі ғана бойынша Ахмет Яссави қабірінің үстінен кесене тұрғызылып, қала аймақтың реєсми идеологиялық орталығына айналғаннан кейін қаланың қауырт ескені байқалады. Сол кезден бастап қала өлкенің Темір үрпақтары, Шайбани үрпақтары әкімдерінің орталығына, ал соңан соң қазақ хандарының астанасына айналады.

Қаланың астаналық жағдайын XVI ғасырдың 60-жылдарында төннелер согуды қайта жаңғыртқан Түркістан тенге сарайының белсенді жұмысы да айқын көрсетеді.

Сонғы орта ғасырлар қалаларының топографиясында “хисар” – қаланың дуалмен қоршалған орталық болігі мен қала төңірегіндегі құдандар айқын анғарылады. Г.А.Пугаченкованың анықтауынша,

хисар – “қаланың халық тығыз тұратын, үкіметтік үйлер, казармалар, күмбезді мешіт, басты базарлар мен қолөнер шеберханалары, қаланың негізгі топтарының тұрғын үйлері шоғырланған бекіністі бөлігі”. Кейде хисардан қосымша бекінісі бар цитадель – қала айқын байқалады. Мұндай бекіністер Яссы-Түркістан, Сығанак, Қараспан, Сұткент, Ақкорған топографиясына да тән еді. Дуал, хисар сыртындағы құрылым іздері бар аумақ кала төңірегі, ауылдық өңір болған және кейінгі этнографиялық материалдардың дөлелдегеніндегі, оның өмірі хисардың өмірінен, қаланың өз өмірінен күрт ерекшеленген.

Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалаларына көбінесе дөңгелек сипаттагы, монголдарға дейінгі жоспарлау негізге алынып отырған. Ал дәстүр бойынша тік бұрышты етіп жоспарланған қалалар оны кейінгі кезде де сактап қалған; бұл мысалы Сайрамда сакталған.

Жазбаша деректемелердің авторлары парсыша “қала” деген “шаһар” терминін Қазақстан қалалары жөнінде сирек қолданады, ол термин уәляяттың әкімшілік орталығына, дуалмен қоршалған ірі елді мекенге қоса қолданылатын. Мұндай термин Сайрам мен Ясы-Түркістанға қатысты ғана қолданылған. Уәляйт орталықтары үшін Ясы, Сайрам, Отырар, Сауран, Сығанак, Созақ үшін “қала” термині пайдаланылған. Негұрлым шағын елді мекендер Арқөп пен Құжан да кейде нақ сол терминмен аталған. Барлық қалаларға “қалашық”, “шағын мекенді” білдіретін “балада”; “орын”, “егиншілік қонысты” білдіретін “маузи” терминдері де қолданылған.

Шығыс шығармалары авторларының белгілі бір елді мекендер жөнінде терминдерді құбылтып қолданғанына қарамастан, олар сол мекендердің сауда-саттық маңызын, қоленердің, мешіттердің болуын атап көрсетеді.

Қалалардың әрқайсысы әрбір тарихи-мәдени аудан үшін: Сайрам – Талас Алатауының етегі онірі үшін, Отырар – Арыстың төменгі ағысы үшін, Сауран – Сырдарияның орта ағысы үшін, Сығанақ – Сырдарияның төменгі ағысы үшін, ал Созақ – Қаратаудың теріскей беткейлері үшін дәстүрлі орталық болды. Басқалары қала статусын иемденді. Жазбаша дерек көздеріне қарағанда сол уақыттардағы қалалар да, қалашыктар да аграрлық сипатта болған. Сонымен бірге оларды ауылдық (селолық) қоныстар деп есептеу дұрыс емес, себебі оларға қолөнер мен сауда тән еді. Тіпті аумағы ең шағындары да көшпелілермен мәдени-экономикалық байланыстардың өзіндік орталығына айналған болатын.

**Қалалар құрылымы: кала махалласы, когамдық құрылымдар, бекіністер.** Қаланың сұлбасын қурайтын көшелер жүйесі едіур күрделі болған. Мысалы, Отырарда онтүстік және солтүстік киберістерді жалғастыратын орталық магистральдан басқа, меридин бағытта созылып жатқан, оны тағы да кесіп ететін 6 көшे болғандығы анықталды. Қейнігі орта ғасырлық қаланың махалласы бұрынғыдай негізгі қурауыш болып кала берді.

Отырар махалласы бір-біріне жапсарластырыла әрі тығыз салынған жоспары тік бұрышты, трапеция тәрізді және көп бұрышты түрғын үйлерден тұрды. Эдетте, үйдің есіті магистраль немесе махалла ішіндегі көшеге қарастылды, ал кіріс-шығыс шағын көшелер арқылы жүргізілді, қажет жағдайда ол үзкен қақналармен хабылса керек. Махалла 6-20 үйден тұрды және аумағы 1500 метрден аспада.

Каратаяудың теріскей беткейіндегі мерзімі XVI-XVIII ғасырлар деңгеленген Ран және Күлтебе қала жүрттарының құрылымна да осылайша махаллалар етіп салу тән, Саураннан, Қотаннан, бұныктан нақосындағы құрылым анғарылады.

Махалла қаланың аумактық жағынан бөлшегі гана емес, сонымен қатар әкімшілік бөлінісі де болатын, махаллалардың ақсақалдары арқылы жұмыс істеген қаланың билік орындары онымен іс жүргізіп отырды.

Махаллалардағы археологиялық материалдар негізінде жаңыртылған алеуметтік көрініс (негұрлым ерте кездер үшін де атап отілгендей) біртекtes болмаған. “Байлар” және “кедейлер” махаллаларды болып бөлінбеген. Әрбір махаллада көп бөлмелі екі-үш үзкен үй, бір, екі және үш бөлмелі бір-екі үй болды, калғандары - қалемі жағынан деңгейлес үйлер еді.

Махаллалардың, онда тұратын адамдардың қызметі бойынша мамандандырылуы туралы мәселе назар аударуға лайық дүние. Отырарда бір махалланы гана “қыш-құмырашылар махалласы” деп сипаттауга болады. Басқа махаллалардың бәрі тұрғындарының көзінде кұрамы жөнінен әртекtes. Оларда қыш-құмырашылардың, темір үсталарының, тас өңдеу мамандарының, тоқымашылардың үйлері де кездеседі.

Жазбаша дерек көздеріне қараганда Онтүстік Қазақстандық кейінгі ортагасырлық қалаларда күлттүк – мешіт, кесене, медресе, ханака секілді құрылымдар болған. XVI ғасырдағы Сауран медресесін аспептеп сипаттаған деректемелер бар. Қазіргі таңда олардың болғандығын археологиялық мәліметтер де растап отыр, мәселен,

алғаш рет зерттеулер нәтижесінде XVI ғасырдың соны мен XVII ғасырдағы Отырар мешіті аршылды.

Өз күрүлісі бойынша моншадың ерте кездердегі отырарлық моншадан еш айырмасы болмады, мұны да зерттеушілердің нақты зерттеулерге негізделген пікірі айқындан отыр.

Дала билеушілерінің Сырдария қалаларын иелену жолындағы киян-кескі күресі кезеңінің барысында бірінші кезекте қалалардың өздері зардап шекті, бұл кезеңде олардың өркайсысында күшті бекініс жүйесі болуға тиіс еді. Соңғы орта ғасырлар тарихшыларының шығармаларында кала қабырғаларының биіктігі мен беріктігінің, олар терендігінің мейлінше әдемі суреттелетіні тегін емес. XVI ғасырдың соңғы ширегіндегі Сауранның қалалық бекіністерінің сипаттамасын жасаған сол замандағы автордың бірі “кіретін және шығатын есіктері” бар бекіністі қорғандарды, бекіністі дуалды (баре), оларды (хандак) атайды. “Бекіністік ор жағасының сырт жағынан биік болғаны соңша, - деп жазады ол, - өзенге үксайтын... Осы ордан қорғаниның басына дейін елу гяздай болатын...”.

Сауранның бекініс күрүлістарының қалдықтары осы кезеңдеін керемет өсер қалдырады. Сауранның дуалы шикі кірпіш арапастырып қаланған күйдірілген балшық блоктармен салынған. Оның сакталып қалған биіктігі қазірдің өзінде 6 метрге жетеді.

**Қалалық тұрғын үй.** XVI-XVII ғасырлардағы тұрғын үйлер алдыңғы уақыттағы даму бағытын жалғастырды.

Бірақ, XVI ғасырдың екінші жартысы – XV ғасырдың бірінші жартысындағы тұрғын үймен салыстырғанда үй-жайлардың ішкі безендірілуінде кейбір жаңа элементтердің пайда болуын атап откен жөн. Тандыр түпкі бұрыштан есікке жақындағылады. Ташинауга арналған орын екінші кезектегі жайды, ауланы, не айуанды, не тұрғын жай мен койманы “жинақтайтын” тәрізді. Ташинаудың тек тұрғын жайларға қажетті болуы міндетті емес, олар коймалар мен аулаларда да болған. Орталық тұрғын үй белмессінің көп болігін алып тұратын сыпалар (сәкілдер) еденинен 30-40 см жоғары болған. Оған аузы сәкінің шетіне шығып тұратын тандыр орнатылған. Мұржа тандырдың қабырғасындағы дөңгелек тесіктен басталады, ол соқі астынан қабырғага немесе бұрышқа дейін ең қысқа жолмен салынған. Мұржа үйдің қабырғасындағы тік құысқа косылған.

Тандырдың тұсындағы сәкінің (сыпаның) бұрышына көлемі 0,5-1,0x0,5-1,0м болатын төрт бұрышты дөңгелектер орнатылған.

Оның мақсаты айқын, ол көмір шоктарына арналған жер. Үй-жайдан жатып безендірілуінде тандыр мен оның алдындағы ташнау аланшасы шаруашылық істері атқарылатын жер болып табылады. Мұнда сына үстінде, тандырдың жаңында әдетте қыштан жасалған ыдыс турады. Ташнаудың жиегінде немесе алаңшада дірмен тастары жатады. Тұракты пайдаланылатын дірмен тасы ретіндегі ариаулы деңгелек дөңбектер де кездеседі.

Тұргын жайлардың бұрыштарына ұралар жасалып, көзе, күмыра түріндегі ыдыстар көмілген. Ал кейде бөлменің ортасында, бұрашына жақын жерде сақылау төріздес үра болған. Бөлменің кабыргаларында керек-жақташтарды сактауға арналған сөрөлдер жасалған. Сәкілерге қамысташ алемен шиден токылған төсеништер төсөліп, олардың үстінен кіз, мақта салынған көрпе жайылған. Қазба жұмыстары кезінде шилдердің іздері мен шірінділері, сондай-ақ күйдер мен макта салынған көрпелердің қалдықтары табылды. Коймалар астық корларын, сүйек және үтітілмелі өнімдерді сактуға арналған.

Үйлердің бір болігінде шағын аулалардан басқа, махалла шаңдегі шағын қошеге қаратылған албар бар. Ол тегінде, мал үсталытын каша ретіндегі пайдаланылса керек. Сөті түсіп анықталғаныңдай, мал сонымен бірге үйлердің ариаулы орындарында немесе үйлер арасындағы қашаларда үсталған.

Тұргын үйлер тік бұрышты шикі кірпіштен түрғызылды. Шары төріздес, жан-жағы 24-26 см, қалыңдығы 4-6 см күйдірілген кірпіштер сденге, сына (сәкі) бұрыштарына, пештің аузына пайдаланылды. Сондай-ақ саз балшықтан өрілген кабыргалар мен замда (қалпақ) кездеседі. Құрылым ісінде каркас конструкциялары зақоданылады.

Сонғы орта ғасырлардағы тұргын үйлерге талдау жасау оның алдыңғы кездегі тұргын үйлермен байланысын көрсетеді. Мәселен, ортадағы жай, бұрынғысы сияқты, тұргын үй және шаруашылық миңдеттерін біріктірген. Онда әртүрлі орындар – бүкіл сына бетін алып жататын түрғызылтық жер, тандырмен қатар және бөлменің бұрыштарындағы ташнау аланы шегінде орналасқан шаруашылық белімі айқын аңғарылады.

Алайда, сонғы орта ғасырлардағы тұргын үйдің жоспарлануы мен түрғызылуында дәстүрлі сипаттардың сакталуымен қатар жаңа белгілер пайда болады. Үйлерде бөлмелердің саны (5-6 бөлмеге дейін) көбейеді, олардың неге арналғандығын барлық уақытта

бірдей анықтау кын. Жартылай жабық аулалардың жаңа үлгісі пайда болады.

Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалалық тұрғын үйі көршілес аймақтардағымен едәуір дөрежеде үқас болып келеді. Хорезмде, Ургеніште Отырардың орта ғасырлардағы үйлермен жақын үқастығы бар XV-XVII ғасырлардағы үйлер аризының алдында.

Соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйлердің XIX-XX ғасырдың басындағы қазақтардың тұрғын үйімен үқастық фактісі де озіне назар аудартады.

Қазақтардың тұрмысын зерттеу қыстауларда шикі кірпіштен жасалған қабырга-қалқа арқылы 2-3 белмеге: тұрғын жайға, ас үйге және коймага болынған біргұтас тұрғын үй болғанын көрсетті. Әдетте, биіктігі 1,5 метрге дейін жететін қалқалар белменің төбесіне дейін жетпеген. Олардың ерекшелігі мынада: олар үйдің ішін жылжыткан, өйткені қабырганың күсына орнатылған саз балшық пеш – “қазандыққа” текшелер ішінен өтіп, тұтінді сыртқа шығаратын тутіндікпен қамтамасыз етегін еді.

Сонымен бірге тұтін тұра шығатын әдептегі пеш – қазанды орнатылған. Олар жартылай жертөлелерде пайдаланылған, оларда мұржа сыртқа шағын саңылау арқылы шығарылған. Сір, мұржалары жөне тұтін шығаруға арналған арнаулы күйстары бар текшелерінің болуынан соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үй дөстүрлерінің белгілерін көруге болады.

Қазақ қыстауларындағы “коржын үй” үлгісіндегі ұзынша үйлердің жоспарлануы соңғы орта ғасырлардағы “линиялық” немесе “анфиладалық” деп аталатын тұрғын үйлердің жоспарлануына жақындейді. Қазақтардың қыскы тұрғын үйлерінің бұрыштарында дән қоймалары мен қамбалар, шаруашылық үралар жасалған. Қабыргаларында ыдыс-аяққа, ұсак-түйек күрал-саймандар мен шырағдандар коюға арналған ойықтарға болған.

Біршама жақын уақытта анықтаудың сәті түскендей, соның орта ғасырлардағы тұрғын үй Оңтүстік Қазақстанның қалалари мен қыстақтарында, нақ ортағасырлық қала мәдениеті болған аймақта қазіргі заманға дейін өзгеріссіз дерлік сақталған. Мұндай тұрғын үйлер анықталған елді-мекендердің тізімін көлтірудің ең жеткілікті, олар – Түркістан, Қарнак, Икан, Созак, Шымкент, Сайрам, Манкент, Қарағалак, Қарамұрт.

Соңғы орта ғасырлар кезеңінде әрбір елді мекендердегі және жалпы аймақтағы қала халқының санын анықтау кезінде XVI

ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың 80-жылдарындағы Отырар үшін исалған демографиялық есептеулер негізгі рөл атқарды.

Отырар тұрғындарының санын анықтауда неғұрлым ерте уақыттагы қала халқының санын анықтау үшін қолданылатын әдіс таңдаш алынды. Сан жағына алғанда оның реті мынандай: махалладағы үй иелерінің санын және махалла тұрғындарының санын анықтау; қаладағы махаллалар санын және бүкіл қала тұрғындарының санын анықтау. Отырардағы тұрғын үй махалласының көлемі 1200-1300 шаршы метр (орташа – 1500 шаршы метр) болады. Қаланың аумағы XVI-XVII ғасырларда 20 гектарға немесе 200 000 шаршы метрге тең. Фылымда жалпы қабылданған коэффициентке сәйкес, оның тортсын бір белгін жалпы жүрт пайдаланатын үйлер, аландар, үлкен қошелер алып жалған. Сейтін адам қоныстануға болатын қалған 150 000 шаршы метр аланға 100 тұрғынды махалла орналасқан.

Әрбір махаллада жеке отбасыға жататын 6-дан 12-ге дейін үй іеліктері болып, оның күрамы, жалпы қабылданған пікір бойынша, 5-7 адамнан тұрады. Қоғ секциялы үйлерге келетін болсақ, оларда жекелеген отбасылардың сектиялары айқын көрінеді және, олай болса, секцияларға қараганда олардағы адамдар саны 2-3 есе әдірек болады. Махаллада орта есеппен 45-тен 63-ке дейін адам тұрған, ал қаладағы барлық тұрғындар саны 4500-6300 адам немесе оған есеппен 5500 адам болған.

Сығанақ (20 га) пен Созакта (22 га) тұрғындар саны осындағы болған деп айтуда болады. Көлемі 35 га болатын Түркістанда 170 махалла болып, оларда 9180 адам тұрған. Көлемі жағынан Сауран Отырардан екі есе үлкен, демек онда 11 000 адам болуга тиіс. 28 гектар жерді алып жатқан Сайрам тұрғындарының саны 7560 адам болған, ал үләляттардың орталықтарында небірі 44 000 халықтан солғана жетек адам мекендеген.

Карасаманда (6 га), Икандада (6,7 га), Карнакта (4,5 га), Қараошакта (5 га), Сұткентте (6 га), Арқөктеге (7 га), Қотаңда (7 га), Үлкенде (9 га), Аққорғанда (8 га) 1500-ден 2000-га дейін тұрғындар тұрып, махаллалар саны 20-дан 40-қа дейін жеткен.

Жақанкентте, Суриде, Жұнкентте, Құржанда, Қарақұмда және Ран сияқты баламасы табылмаған, көлемі 1 гектардан 2 гектарға дейін жететін қалашықтарда 800-ден 1000-га дейін адам тұрған.

Сонымен, XVI-XVII ғасырдың алғашқы үш ширегі кезеңінде Қазақстандағы қала халқының саны 70 000 адамина аспаған.

Егер Қасым хан түсындагы (XVI ғ. бас кезі) халыктың саны 1 милион адам дең есептесек, онда кейінгі ортағасырлық қалалар тұрғындардың саны 7 пайыз болады.

**Қалалар функциясы.** Бұрынғы кезеңдердегідей қыш ыдыстар қалалардан көптең кездеседі. Өндіріске мамандану өріс алғандының байқалады. Ірі шеберханаларда су таситын күмбәлар, тоғыншының үстегінші ыдыстар мен хұмдар секілді бүйімдардың белгілі бір түрлері жасалды. Ашық аулаларда орналасқан пеші бар шаңы шеберханалардан да мамандандырылу сипаты байқалады. Олар үсақ және сирланбаған пиала, кесе, тостақша түріндегі ыдыстардың өндірілгенде.

Ұсталық және металлургия бұрынғыдан қалаларда кең тараған. Қала жүрттарынан табылған крицтер мен темір балқыттың пеш қалдықтары өте көп. Жер жырттатын күралдардың екі жалғыз темірден жасалған түріндегілер табылған. Соғылған күралдармен катарап құйма күралдары да үшырасқан.

Қолөнершілер шойыннан қазандар да құйып шыгарған Шойыннан дөңгелектердің төлкесі де жасалған, әдеттеге, олар құйып істелген. Бірнеше темір кетпен табылды. Темірден орактар мен балта – шоттар дайындалған.

Темірден орак, балта – шот, т.б. тұрмысқа қажетті ушар сымдар, шынжыр сакиналар, ілгектер, шегелер дайындалды.

Этнографиялық байқаулар темір өндіру мен одан бүйімдердің жасау ісінде мамандану болғанын дәлелдейді. Ең көп мамандану темір ұсталығында байқалды.

Мыс ісі қаланың қолөнер көсіпшілігінде бұрынғысы сияқты зор рөл атқарды. Ол жөнінде қола ыдыстың табылуы бойынша мәлім. Қоладан құйылған бүйімдардың саны көп тобы көлем үлкенді-кішілі әр түрлі қоңыраулардан құралады. Отырадағы қазба жұмыстары кезінде қоңыраулармен басқа да бүйімдар қынған арналған кішкене қалыптар табылды.

Білесіктердің сынық боліктері көп табылған, бірақ есімдік және нұқтелі қактаумен безендірілген бүтіндері де бар. Білесік үшін кейде жыланның басы тәрізді етіп жасалды.

Зергерлер көсіпшілікте түрлі-түсті тастарды: сердоликтің қызыл тасты, яшманы, көк тасты, жұзакты, агатты, серпентиндердің мөлдіртасты кең пайдаланған. Тастан моншактар, жүзіктердең көздерін дайындау үшін, сондай-ак жүзіктердің өздерін өндейтін материал ретінде колданылған.

Серпентиндерден, яшмадан, көк тас пен лагылдан жасалған ромб торзді алқалар тобы да ерекшеленеді. Сондай-ақ түрлі-түсті тастардан қарсы ілгіштер, қапсырмалар және басқа заттар жасалған.

Қазба жұмыстары кезінде табылған бүйымдардың долелден отырғанында, зергерлік өнер жогары даму деңгейінде болған. Шеберлер өр түрлі техникалық тәсілдерді: қактау, кую, соғу, қылыштау, оймалау, қантап ширату, алтын жалату, күміс ойын орнату әдістерін білген және қолданған. Олар күміс және қола сымдар дайындау, түрлі-түсті тастарды қырлау мен тегістеу, тессу асқан билген.

Жоғары дамыған зергерлік өнер дәстүрі Қазақстанда XIX-XX ғасырдың басында да сакталып, дами түсті. Зергерлер басқа да колөнершілер бүкарасынан ерекше болды. Олардың өнімдері сирттан акслінген бүйымдармен бәсекеге ойдағыдай төтеп берді. Қолтеген әшекейлердің өзіндік ерекшелігін, олардың пішімін, әркетердің үлгілерін атап өту маңызды, олардың аргы үлгілері Қазақстанның орта ғасырлардағы қалалары колөнершілерінің асерінде жатыр.

Қола күюшылар белбеулерге айылбастар мен қапсырмалар, кишиндерде зор сұраныска ие түймелер мен көзі жоқ сақиналар шыныдалды. Қүюмен қатар металл өндеудің басқа әдістерін: қалыштау, оймалау, т.б. пайдаланды. Сірө, мыс пен қоладан бүйімдар жасау техникасына мамандану орын алса керек.

Шыныдан ыдыс-аяқ пен әшекейлер (моншак, алқа) жасалған. Үйстар арасында саптаяқ, тостағандар, бокалдар, графиндер бар. Жасыл, сары, қызыл және қызығылт шыныдан жасалған маржан өзікken.

Сүйек өндеу Қазақстан қаласындағы дәстүрлі қолөнер болған. Жайыл аңдар мен үй жануарларының мүйізі мен жілік сүйектері өндеу материалы ретінде пайдаланылды. Жылқы мен сиырдың үмиша сан жіліктерінен жүн өндеуге арналған жылтыратқыштар, ғалалар бесігіне арналған жабдық (сувак) жасалған. Көрі жіліктен көп мәлшерде тексіштер мен біз жасалған.

Құмтас пен граниттен жасалған кол диірмендер казба жұмыстары кезінде ең жиі кездесетін олжалардың бірі болып табылады. Кол диірмендермен қатар диаметрі 1 метрден 1,5 метрге дейін жетеп диірмен тастарының қалдықтары табылды, олар жегілген науқашмен айналдырылған.

Тастан мейлінше алуан түрлі мақсаттағы, салмағы 5 күндерге үзіндігі 30 сантиметрге дейін болатын ірі келсаптардан үш келсаптарға дейін жасалды. Ірілері кенді ұсақтау үшін пайдалылған, олар одекте темір балқытылатын шұңқырлармен бірнешеседі. Үккіштер – құмтастан, кварциттен диаметрін өр түрткіштік жасаған тас ядролар көп кездесетініне қарағанда, шаруашылық пен тұрмыста кең қолданылған, мысалы, құйма компоненттерін жағу, төпірақты үту үшін пайдаланылған. Пішіні мен қолемінде түрлі қайрақ тастан олжалаудың ең көп тобы болып табылады. Тастан жасалған бүйімдардың ерте заманнан келе жатқан, бұрын ортағасырлар дәуірі бойы өз сипаттын сақтап қалғанын атап ету болады.

Өкініштісі, тоқымашылық, кілем тоқу, теріден бүйімдер жасау сияқты кең таралған қолөнер бүйімдары ете аз сакталған. Қалаларда мата тоқыған тоқымашылардың болғанын үршықтардың, сөкілерден маталар іздерінің, мақта керілелер қалдықтарының жаңын кеткен ірі мақта-мата кездемелер жыртындыларының табылуы дәлелдейді.

**Сауда.** Түркістан қалалары мен Қазақстан далалары арқында Орта Азия мен Ресейдің сауда қатынастарының қалыптасуы негізінде Қазақстан қалаларының экономикалық дамуы транзитті саудадағы жаңа кубылыш болды.

Орыс мемлекеті Орта Азиядан мақта-матада, мақта, жібек шілдесін, асыл тастан, Шығыс қаруын алды. Қытай тауарлары Ресейнде Орта Азия арқылы түсіп отырды. Қазақстан мен Орта Азия Ресейден шұға, атлас, айна, аң терілері, күміс әкелінді.

Сауда керуендері Қазақстанның Созак, Қарашок, Түркістан қалалары арқылы жүріп ететін еді. Рузбихан Сығанақтың Дешті Қыпшақтың сауда айлағы деп атайды. Сығанақты суреттей келді. Былай дең хабарлайды: бұл елге “...Дешті жағынан, Хами Тарханнан көптеген игіліктер, семіз қойлар және аң терісінен, шілдепен тиинен, яғни бұлғын мен тыын терісінен тігілген тондар, бері садақтар, ақ қайыннан жасалған жебелер, жібек маталар сияқта басқа да бағалы тауарлар және өзге де асыл бүйімдар жеткізіледі. Түркістан, Мауреннахр аймақтарының және Шығыстың көлесінде Қашғар, Хотан шегінен Сығанаққа сол елдердің тауарларын әкелді. Дешті адамдарымен сауда мөмілелерін және айырбас жасайды. “Яссы қаласына, - деп атап етеді сол автор, - тауарлар мен қымбат бағалы бүйімдар әкеліп, сол жерде сауда жасалады, ол (как-

жөнестердің тендерін шешетін жері және саякаттылардың топтаптып, саудеге аттанатын жері болып табылады”.

Шығыс деректемелерінің деректерін археологиялық олжалар да растал отыр. Отырадар, Түркістан, Сайрам қалаларының жүрттарынан XVI-XVII ғасырлардағы қытай селодоны мен фарфоры табылды.

Халықаралық саудамен қатар Сырдария қалаларының қошпелі дүнимен дәстүрлі саудасы және жергілікті сауда жүргізілді. Дала-да маң, тері, жұн, дайын бұйымдар әкелінген. Мәселен, Сефидің 1582 жылы жазылған шығармасында қазактардың саудасы туралы ылымсты хабар бар. Ол былай деп жазады: “Оларда қой, жылқы, мен түйе көп... Олардың шапандары қой терісінен тігілген, олар трау түске боялып, атласқа уксас болады, оларды Бухараға әкеліп, шаштан тігілтеп шапандардың бағасымен сатады, олар сондай шаш ері әдемі”. Сырдария қалаларынан далага астық, қала шерінін етімдері, мата апарылды.

Сауда-экономикалық байланыстың екі жаққа да зор маңызы болды, сондыктан қазактардың күш-куатын әлсіреткісі келген Шайбанидің қазактардың қалаларда сауда жасауына тыйым салуга тырысқаны кездейсок емес. Қазактардың қалалармен сауда байланыстың тұрғытылығын қамтамасыз етуге үмтүлұлы қазак және обек хандарының күресін тұғызған себептердің бірі болды.

Қалалар төңіректегі егінші және көшпелі халықты қажетті товарлармен базар арқылы жабдықтап отырды. Қалалардың базарлары қошпелілердің жабылған катарлары болатын. Дүкен-дунғіршелде әдетте колөнерші шебердің иелігінде еді және ол ері шеберша, ері сауда жасайтын орын болды.

Түркістан қаласында дүкендер болғанын Ахмет Яссави кесенесінде вакфтарына катысы бар жазбаша құжаттардың мәліметтері де растайды.

Халықаралық сауданың және қалалар мен өнердің арасындағы, иекелеген Сырдария қалаларының арасындағы сауданың мөлшері туралы негізінен Отырадары, Түркістанды қазу жұмыстарынан ынған нумизматикалық материал бойынша білуге болады. Отырадан мыс тенгелердің көптеген олжалары шықты, оларды екі топқа болуге болады. Біріншісіне Яссы (Түркістан) мен Ташиентге согылғандары жатады. Екінші топ Орта Азия қалаларының (Бухара, Самарқанд және басқалар) тенгелерін қамтиды. Усақ мыс шындардың да Түркістан ақша сарайының өнімі болуы мүмкін. Оларда жазбалардың орнына керамика ыдыста бейнеленген таңба-

ларға үқсайтын әр түрлі белгілердің салынуы жи кездеседі. Яссы қаласында Абдаллах II (1560-1583) әкесі Ескендір хан атынан күміс мөнеттер шығарылды. Бұл ханның екі мөнеті Раң қалашығын қазған кезде табылған.

XVI ғасырмен мерзімделінетін мыс тенгелердің басым болуы бұл кезеңде мыс кала рыногында маңызды рол атқарды деп пайымдау жасауга мүмкіндік береді. Бұл сол замандағы бүкіл Орта Азияға тән құбылыс еді.

XVII-XVIII ғасырлардағы мыс мөнеттердің айналымдағы сауалдары Орта Азиялық нумизматикадағы аз зерттелген мәселенің бірі болып табылады. Кейінгі ортағасырлық мыс тенгелердің нақты айқын белгісі жок. Ең көп тобын аниэпиграфтық тенгелер күрайды. Олардың бір жағында аң, екінші жағында күс бейнеленген, аң бейнеленген кейбір тенгелердің екінші жағы тегіс.

Мыс көмбелердің мерзімін анықтауга олардың біреуінде Алексей Михайлович патшаның есімі кездесетін 1655-1663 жылдары соғылған отыз орыс тынының болуы негіз береді.

Қалалардың аты қойылмай соғылуында іс жүзінде алдебір салын және фискалдық мақсаттар көзделмеген, қалалар өмірінде рол атқарған риностық сауданы қамтамасыз етуге ғана арналған.

XVII ғасырдың аяғынан басталатын уақыт Отырар, Сауран, Сығанак, Ақкорған, Узгент өмірінің бітуімен баланысты, бұл қалалардың жұрттарынан табылған нумизматикалық олжалардан да корініс табады.

**Егіншілік.** Орта ғасырлардағы кала тұрғындарының өмірінде қосалық егіншілікпен айналысу маңызды рол атқарды. Олардың қала сыртында өндөлетін жер телімі болып жазда соған көшіп барған. Бұл тұрмыс белгісі Қазақстанда бүкіл орта ғасырлар бойында сакталып қалды. Егіншілік пен мал шаруашылығы ауылдық коныс (село) тұрғындарының негізгі көсібі болды. Жазбаша деректемелерде, бірінші кезекте халықты сумен жабдықтаган және егістікті суаруга пайдаланылған арналар аталады.

Түркістан қаласы кең байтақ және бай егіншілік өнірінің орталығы болды. Уасифидің жазғанындей, Сауран төңірегінде XVI ғасырда суландырудың кәріздік жүйесі болып жұмыс істеген, оның қалдықтарын археология тапты. Отырар, Отырар жазырасы XV-XVII ғасырларда суды Темір арық жүйесінен алып отырған, оның басы қазіргі Шәуілдірден 10 км жоғарыдағы Арыстан басталған.

Ортағасырлық, дерек көздерінде түрлі суармалы арықтар аталаип отырады.

Осы деректердің бәрі қалалар мен ауылдар өміріндегі егіншілік зор рол атқарғатын дәлелдейді. Қала өмірін зерттеушілер Шығыс деректерінің мәліметтеріне сүйене келіп, қалалардың жартылай аттаралы сипатта болғанын тұра көрсетеді, олар қала халқына жер салығы – хараж салынғанын және егіншілік кесіппен байланысты альмадар: сұландыру жүйесін салу мен тортілті ұстau жеміндегі жумыстарға ариалған салық – “мардикар” және өскер үшін астық пен салт мінетін және жүк артатын көлікке ариалған жем түрінде берілетін азық-түлік – “тағар” толегенін ерекше атаң отелі.

Сонымен, соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан қалаларының иғаралануы арта түскенін жазбаша деректер мәліметтері де, археологиялық материалдар да дәлелден отыр, көшпелілерге астық пен мақта-мата сатуда делдалдық рол аткару ғана емес, сонымен катар осы өнімдерді – мақтанды да, астықты да, басқа егіншілік өнімдерді де өндіру олардың міндеттерінің біріне айналады. Егер қалалық қала емес отырықшы-егіншілік аймақ өнімінің күрт қыскаралының, көшпелілер рыногы ауқымының қыскармадығыны өскерсек, бұл жағдай туспанкіті де.

Қалалық мәдениеттің даму жолы. Бұл уақыттағы қалалық мәдениеттің маңызды белгісі оның дәстүрлілігі болып табылады. Қалаларда ертеректегі жоспарлар сакталды. Магистраль көшелерде тыныз торабындағы махалла ішіндегі кешелер түйінкі көшелер жүйесі өзгермейді. Махаллалар өз кескіні мен шекарасын сақтап қалды.

Интерьердің өзгеруі айқын байқалады. Күйдірілген кірпін көп көлемле пайдаланылған үйлерде бар; тандырдың аузын өрлендіру үшін артайы керамикалық плиткалар колданылды.

Қалға көрік беріп тұрған қоғамдық құрылыштар арасындағы мешіттер дәстүрлі түрде салынды. Моншалар жұмыс істеді.

Сонымен, XV ғасырдың екінші жартысы – XVIII ғасырлар мәдениетінің ерекшелігі оның дәстүрлілігі болып табылады. Бұл дәстүр казактардың өзіндік мәдениетінің дамуында ерекше маңызды. Орта ғасырлардагы қалада жасалынған сан алуан заттардың көбі қазақтар мәдениетінің етene белгі болып табылады.

## КОРЫТЫНДЫ

Көпжылдық археологиялық зерттеулер Қазақстан аумағындағы адамзат қогамының тарихи дамуының негізгі кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік берді. Оның өз кезеңдерін палеолит пен неолит дәуірлерінен бастайтындығы аныкталған. Ежелгі тайпалардың тарихи дамуындағы келесі кезең республиканың барлық аудандарынан ашылған қола дәүірінің жойқын мәдениеттерінен көрінеді. Бұл кезең тығыз қоныстанған және аз игерілген өзіндік мәдениеттің жетекші орталықтары айқындалып, бақташылық мал шаруашылығы дами түсті, Жезқазган, Қалба мен Нарым, Степняктағы көптеген мыс, қалайы, алтын кен орындары игеріле бастайды. Дәуірдің сонында мұлік тенсіздігінің алғашкы белгілері пайды болды, бұрынғы біртұтас рудан отбасылық жеке менишкітің бастауы – патриархалды отбасы белініп шығады.

Қола дәуіріндегі тайпалар мәдениеті көшпелі мал шаруашылығы мен темірді ондеуге көшудің алғы шарттарын қалыптастыруды.

Республика аумағындағы тайпалық одактардың қалыптасу тарихы мен отырықшы-егінші қала мәдениетінің дамуы жөнінд сақ, савромат, үйсін, сарматтар мен қаньлардың ескерткіштерінен алынған металл, тас пен сүйектен жасалған еңбек куралдарының, қару-жарактың мол жиынтығы көп жайтты баяндайды. Сан алуш әрі әркелкі қыш ыдыстары түрмистық мәдениет дамуын айғақтаса, көркемдік бүйімдары, асыл металдар мен жарқырауық тастардан жасалған әшекейлер қолданбалы жоне бейнелеу өнерінің жанданғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, бұл тайпалар Қазақстанның заттық және рухани мәдениетінде өзіндік ізін қалдырды.

Орта ғасырларда, шамамен VI-VIII ғасырлардан бастап Қазақстандағы жетекші мәдени орталық Оңтүстік Қазақстан болды, мұнда ерекше әрі әсем отырықшы мәдениет қалыптасын қала құрылышы өркендейді, қолонер өнеркәсібі дамиды, керуен саудасы жанданады. Сырдария, Шу, Талас өзендері алабында

Біркітіп отырықшы-егінші қоныстар мен қалалар пайда болады. Өзім өндіруде феодалдық тәсіл жетекшілік орынға шыққан X-XII ғасырларда қалалық мәдениет мейлінше өркендейді. Осы уақыттарда феодалдық дәуірге тән биік саз балшыкты қабыргалары, ұлдары мен күшеттілген қорғаныс мұнаралары бар қалалар толығымен қалыптасады. Талас өзені алабында “көпестер қаласы” Тарз, Сырдарияда Отырар, Сығанақ, Сауран, Жетісуда Суюб, Балшагұн, Алматы қалыптасады. Қалалық түрмис-салт XIII-XVIII ғасырларда да өз жалғасын тапты. Қалалар бүрінгідай Қазақ хандығы түсында да қолөнер мен сауда орталығы ретінде белгілі болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағындағы археологиялық жұмыстар өз жалғасын табуда, олар ғылымды жаңа ашылулармен толықтырып, ескілі Қазақстан тарихының беттеріне жаңа леп әкеледі деген сенімдеміз.

## ПЛЯДЛАЛЫҒАН ӘДЕВИЕТТЕР

### **«Қазақстанда археологиялық ескерткіштердің зерттеу тарихынан» бөлімі бойынша**

Агеева Е.И., Заднепровская Т.Н. Библиография по археологии и древней истории Сырдарьи и Семиречья // Труды Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР. - 1960. Т.7.

Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана: Обзор. Алма-Ата, 1989.

Археологические исследования в Южном Казахстане (1970 – 1980 гг.) Обзор. Алма-Ата, 1984.

Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966.

Оттар, Оттарский оазис и Южный Казахстан: Нумизматические исследования по денежному делу южноказахстанских городов. VII-XVII вв. Обзор. Алма-Ата, 1989.

Оттар, Оттарский оазис и Южный Казахстан: Проблемные исследования Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1971 – 1985 гг. Обзор. Алма-Ата, 1987.

Проблемы археологических исследований позднесредневековых городов Казахстана: Обзор. Алма-Ата, 1990.

Проблемы палеоэкономики Казахстана по археологическим данным. Алма-Ата, 1988.

Савельева Т.В. Обзор литературы по археологии Казахстана (1963 – 1972 гг.) // В глубь веков. Алма-Ата, 1974.

### **«Тас дәүір» бөлімі бойынша**

Алексеев В.П. От животных к человеку. М., 1969.

Алпысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. Алма-Ата, 1979.

Бажанов В.С., Костенко Н.Н. Атлас руководящих форм млекопитающих антропогена Казахстана. Алма-Ата, 1962.

- Борисовский П.И. Проблемы становления человеческого общества и археологические открытия последних десяти лет // Ленинские идеи в изучении первобытного общества. М., 1970.
- Волошин В.С. Стоянка Вишневка 1 // Археологические открытия 1981 г. М., 1983.
- Гахман И.И. Палеолитическая стоянка Пещера на Бухтурме // КСИИМК. 1957. Вып. 67. С.54 – 58.
- Дебец Г.Ф. Начальные этапы становления человека (древнейшие и поздние люди) // У истоков человечества. М., 1964.
- Дебец Г.Ф. Новые данные о соотношении галечной индустрии австралопитековых обезьян и древнейших людей // СЭ. 1964. №5. С.114 – 116.
- Кашчук М.Н. Галечные орудия местонахождения Музбель 1-2 в Центральном Казахстане // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970.
- Кашчук М.Н. К вопросу об археологических культурах Центрального Казахстана в верхнем плейстоцене // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата, 1969.
- Кашчук М.Н. Местонахождение галечных орудий Обалы-сай в Центральном Казахстане // СА. 1971. № 1. С. 193 – 195.
- Костенко Н.Н., Алтысбаев Х.А. Значение палеолита для расчленения иррегулярных отложений // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата, 1969.
- Костенко Н.Н. Основы стратиграфии антропогена Казахстана. Алма-Ата, 1963.
- Любин В.П. Нижний палеолит // Каменный век на территории СССР. М., 1970.
- Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Т.20.
- Медеев А.Г. Ареалы палеолитических культур Сары-Арки // По следам древних культур. Алма-Ата, 1970.
- Медеев А.Г. Радиальная система изготовления нуклеусов леваллуа в памятнике Сары-Арки и Мангышлака // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата, 1972.
- Медеев А.Г. Стоянка-мастерская у оз. Кудай科尔 // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата, 1968.
- Ранов В.А. Каменный век Таджикистана. Душанбе, 1965. Т.1.
- Таймагамбетов Ж.К. Палеолитические памятники Центрального Казахстана // Маргулановские чтения. Алма-Ата, 1989.
- Таймагамбетов Ж.К. Памятники каменного века // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987.
- Чупров Я.Н. Палеонтологический комплекс мусытерской стоянки Карасу 1 (район Арыстанды (Западный Тянь-Шань) // Материалы по истории фауны и флоры Казахстана. Алма-Ата, 1963. Т.4.

## «Қола ғасыры» бөлімі бойынша

Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987.

Зданович Г.Б. Феноменprotoцивилизации бронзового века урало-казахстанских степей: Культурная и социально-экономическая обусловленность. // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата, 1989.

Итииа М.А. История степных племен Южного Приаралья (II – начало I тыс. до н.э.) // Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. М., 1977. Т.10.

Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов в металлургов Сары-Арки. Алма-Ата, 1992.

Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Карагату. Алма-Ата, 1977.

Кузьмина Е.Е. Древнейшие скотоводы от Урала до Тянь-Шаня. Фрунзе, 1986.

Максимова А.Г. Эпоха бронзы Восточного Казахстана // Труды Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР. 1959 Т.7.

Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979.

Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979.

Оразбаев А.М. Северный Казахстан в эпоху бронзы // Труды Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР. Алма-Ата, 1958. Т.5.

Сорокин В.С. Могильник бронзовой эпохи Тасты-Бутак в Западном Казахстане // Материалы и исследования по археологии СССР. М. – Л., 1962. Т.120.

Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы // Материалы и исследования по археологии СССР. М. – Л., 1960. Т.88.

## «Ерте көшпенділер археологиясы» бөлімі бойынша

Акишев А.К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата, 1984.

Акишев К.А. Курган «Иссық». М., 1978.

Акишев К.А., Кумбаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины р. Или. Алма-Ата, 1963.

Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987.

Байпаков К.М., Подушкун А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Западного Казахстана. Алма-Ата, 1989.

Вищневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII – VIII вв. до н.э. М., 1973.

Кадырбаев М.К. Курганные некрополи верховьев р. Илек // Древности Евразии в скифо-сарматское время. М., 1984.

Левина Л.М. Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тысячелетии н.э. М., 1971.

Максимова А.Г., Мерзичев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чечери. Алма-Ата, 1968.

Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966.

Смирнов К.Ф. Сарматы и утверждение их политического господства в Скифии. М., 1984.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.

Черников С.С. Загадка золотого кургана. М., 1965.

### «Лейлік кеңпендеңдер археологиясы» бөлімі бойынша

Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987.

Азитжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1989.

Борштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алтая // Материалы по археологии СССР. М. – Л., 1952. Т.2б.

Надзор В.А., Кригер В.А. Курганы кыпчакского времени на Южном Урале (XII-XIV вв.). М., 1988.

Кадырбаев М.К., Бурнашева Р.З. Погребение кыпчака первой половины XII в. из могильника Тасмола // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970.

Маргулан А.Х. Раскопки погребения воина XVI в. в долине р. Нура // Труды Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР. 1959. Т.7.

Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. Алма-Ата, 1992.

Целиман М.З. Методологические проблемы типологии отношений общественности у кочевников. Алма-Ата, 1992.

Шер Я.А. Каменные изваяния Семиречья. М., 1966.

### «Ортағасырлық қалалар археологиясы» бөлімі бойынша

Агеев Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Ин-та истории, археологии и этнографии М.КазССР. 1958. Т.5.

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отран. Алма-Ата, 1972.


- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрап в XIII-XIV вв.  
Алма-Ата, 1987.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый  
Отрап. Алма-Ата, 1981.
- Археологические исследования на северных склонах Карагатай //  
Труды Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР. 1962. Т.14.
- Байпаков К.М., Нуржанов А. Улы жібек жолы және ортагасыры  
Қазақстан. Алматы, 1992.
- Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного  
Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1986.
- Бернштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального  
Тянь-Шаня и Памиро-Алтая // Материалы и исследования по археологии  
СССР. М. – Л., 1952. Т.26.
- Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской  
долины. Фрунзе, 1959.
- Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972.
- Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.

*Қосынталар*


**СҮРЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Шапқын күралдары. Қаратай жотасы
2. Назолит. Өзектастар. Шығым Қазақстан
3. Назолит. Левадиша-өзектасы
4. Назолит. Бифастар. Семізбұты тұрагы
5. Назолит. Бифастар. Семізбұты тұрагы
6. Назолит. Қырғыштар. Оңтүстік Қазақстан
7. Назолит. Призма тәрізді өзектастар. Орталық Қазақстан
8. Ниролит. Өзектастар. Орталық Қазақстан
9. Неролит. Қаратобе тұрагы
10. Неролит. Таң бұйымдары. Қызылсу тұрагы
11. Жылдыры корымындағы кабірлердің жоспары. Орталық Қазақстан
12. Ш. Уалиқанов атындағы палеолиттік тұрактын жоспары
13. Айронов мәдениеттің күш ыдыстары (срге кола). Солтүстік Қазақстан
14. Айронов мәдениеттің күш ыдыстары (ортанғы кола). Солтүстік Қазақстан
15. Кейіні кола күш ыдыстары. Оңтүстік Қазақстан
16. Айронов мәдениеттің кабірінен алынған олжалар. Орталық Қазақстан
17. Құрага жотасындағы жартас суреттері
18. Тымбыл тас жартас суреттері. Жетісу
19. Тымбыл тас жартас суреттері. Жетісу
20. «Мұртты» оба. Тасемола мәдениеті. Орталық Қазақстан
21. «Мұртты» оба. Реконструкция
22. Бесшатыр корымының жоспары. Жетісу
23. № 14 обаның кимасы. Бесшатыр корымы. Жетісу
24. № 3 обаның жоспары мен киындысы. Бесшатыр корымы. Жетісу
25. № 6 оба мен жерлеу күршысының киындысы. Бесшатыр корымы. Жетісу
26. Қызылауыз – 1 сак корымынан жоспары. Жетісу
27. Ол кабірінің жоспары. Қызылауыз – 1 корымы. Жетісу
28. Сактардан киаш ыдыстары
29. Сак заманындағы кару-жараптары
30. Сак заманындағы тұрмыстық заттар


32. Қанылардың бүйімдәрі
33. Түрік заманындағы белбесу мен әшкейлер. Шығыс Қазақстан
34. Кимактардың Белокаменка корымынан алғынан олжалар IX-X ғғ.
35. Қараашат – I корымындағы қабірлер саймандары. Шығыс Қазақстан
36. Қараашат – I корымындағы қабір күрілістарының жоспары, киындысы және алғынан курал-саймандар
37. Қоғалы – I корымындағы қабір күрілістарының жоспары, киындысы және алғынан курал-саймандар
38. Шага корымындағы наус қабірлер. VI-VIII ғғ. Оңтүстік Қазақстан
39. XIII-XIV ғғ. қышиқ қабірінен алғынан олжалар
40. Шалқар корымындағы корамсақтың сүйек капсырмалары. XIII-XIV ғғ. Батыс Қазақстан
41. VI-VII ғасырдың I жартысындағы Оңтүстік Қазақстан қалаларының картасы (орыс тілінде)
42. VI-VII ғасырдың I жартысындағы Оңтүстік Қазақстанның археологиялық кешендері
43. VII ғасырдың II жартысы – IX ғасырдың I жартысындағы Оңтүстік Қазақстанның археологиялық кешендері
44. VII-IX ғасырдың I жартысындағы Жетісу қалаларының картасы (орыс тілінде)
45. VII-IX ғасырдың I жартысындағы Оңтүстік-Батыс Жетісүудің археологиялық кешені
46. IX-XIII ғасырдың басындағы Оңтүстік Қазақстан қалаларының картасы (орыс тілінде)
47. IX-XIII ғасырдың басындағы Оңтүстік Қазақстанның археологиялық кешендері
48. IX-XIII ғасырдың басындағы Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларының картасы (орыс тілінде)
49. IX-XIII ғасырдың басындағы Оңтүстік-Батыс Жетісүудің археологиялық кешені
50. VIII-XIII ғасырдың басындағы Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларының картасы (орыс тілінде)
51. IX-X ғасырлардағы Солтүстік-Шығыс Жетісүудің археологиялық кешендері
52. XI-XIII ғасырдың басындағы Солтүстік-Шығыс Жетісүудің археологиялық кешендері
53. XIII-XV ғасырдың басындағы Оңтүстік Қазақстан қалаларының картасы (орыс тілінде)
54. XIII-XV ғасырдың I жартысындағы Оңтүстік Қазақстанның археологиялық кешендері
55. XIII-XV ғасырдың басындағы Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларының картасы (орыс тілінде)
56. XIII-XV ғасырдың I жартысындағы Оңтүстік-Батыс Жетісүудің археологиялық кешені
57. XVI ғасырдың II жартысындағы – XVIII ғасырдың басындағы Оңтүстік Қазақстан қалаларының картасы (орыс тілінде)
58. XVI ғасырдың II жартысындағы – XVIII ғасырдың басындағы Оңтүстік Қазақстанның археологиялық кешендері




1-cyper



2-cyper




3-сурт




4-cyper


238




5-cyper




6-сурет







8-cyper




9-cyper




10-cyper




11-cyper







13-сурет




14-cyper



15-cyper






17-cyper




18-cyper





19-cypet








21-cyper













260







28-cyper




29-cyper




30-сүрөт




31-сурет




32-cyper








34-cyper




35-cyper









38-cyper





39-сурет





274
























48-cypr













S2-cyper







54-cyper









## МІЛДИ СӘЗІ

МІЛДИ СӘЗІ.....	3
ҚАЗАҚСТАНДА АРХЕОЛОГИЯ РЫЛЫМЫНЫҢ ДАЛЖЫСІ.....	5
ҚАЗАҚСТАНДА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН.....	12
ТАС ДӘҮРІ.....	29
Ежелі палеолит .....	35
Кейінгі палеолит.....	50
Неолит .....	57
ҚОЛА ГАСЫРЫ.....	72
Тайпалардың қоныстануы .....	73
ЕПІШШІЛІК ЖӘНЕ МАЛ ШАРУЛШЫЛЫРЫ.....	81
Тау-кен ісі .....	82
Күміра кесіпшілігі .....	83
Коныстар мен тұрғын үйлер .....	85
Қоғамдық катынастар .....	87
Діни наиміндар .....	88
Жартас сүреттері .....	89
ЕРТЕ КӨШПЕНДДЕР АРХЕОЛОГИЯСЫ .....	92
Сак тайпалары .....	92
Савроматтар .....	103
Сак және савромат тайпаларының шаруашылығы .....	109
Сак және савроматтар тайпаларының қоғамдық кұрылышы .....	111
Сактар мен сарматтардың діни наиміндары мен мифологиясы .....	112
Усундер (Үйсіндер) .....	113
Қанлы (Кангюй) мемлекеті .....	120
Сюни .....	129
Сарматтар .....	132
КЕЙІНГІ КӨШПЕНДДЕР АРХЕОЛОГИЯСЫ .....	137
Этносаси тарихы .....	137
Түріктердің археологиялық ескерткіштері .....	143
Карлуктардың археологиялық ескерткіштері .....	149
Қимактардың археологиялық ескерткіштері .....	150
Сростин мәденині .....	153
Оғыз және неченег тайпаларының археологиялық ескерткіштері .....	155
Қыпшактардың археологиялық ескерткіштері .....	157
Монгол дауіріндегі археологиялық ескерткіштер .....	160

Кейінгі кошпенделер шаруашылығы .....	162
Кейінгі кошпенделердің көзмәдүк күрылсы .....	164
Кейінгі кошпенделердің діні мен мифологиясы .....	166
<b>ОРТАГСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР АРХЕОЛОГИЯСЫ.....</b>	<b>168</b>
Қалалардың ламұның саяси алғы шарттары .....	168
Қалалар мен ауылдық коныстар. VI-IX ғасырдан алғашкы жартысы .....	176
Қалалардың топографиясы мен типологиясы .....	181
IX ғ. - XIII ғ. бас кезіндегі қалалар .....	188
XIII-XV ғасырлардың бірінші жартысындағы қала мәдениеті .....	203
XV ғ. екінші жартысы – XVIII ғ. бас кезіндегі Қазақстанның қалалық мәдениеті .....	212
<b>ҚОРЫТЫНДЫР.....</b>	<b>226</b>
<b>ПЛІДДАЛНЫЛГАН ӘДЕВІЕСТЕР.....</b>	<b>228</b>
<b>СҮРЕТТЕР ТІЗМІ.....</b>	<b>223</b>

Оку басылымы

*Байтақов Карл Молдахметұлы  
Таймагамбетов Жәкен Қожахметұлы  
Жұмаганбетов Талгат*

## **ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ**

Оку күралы

Редакторы *А.Х.Шуриев*  
Компьютерде беттеген *Т.Е.Сапарова*  
Мұқабасын көркемдеген *Қ.С.Омірбекова*

**ИБ № 3738**

Басылуға 04, 12. 2006 жылы көл койылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 18,25 б т. Офсетті қалғаз. RISO басылыш. Тапсырыс № 21.  
Таралыммы 500 дана. Бағасы келісімді. Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы  
050038, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71  
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.